1 2008
613 к

Әдеби тағдырлар

Жан еді өлең үшін дара туған

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

Мұхтар Шаханов

Айбергенов шыңы

Бәйшешектің ғұмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр,
Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.
Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл.
Міне, содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жырың шекарада әлі күнге сапта тұр.

Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасың, мен бала,
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана.
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала.
Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты.
Толғандырған, таңқалдырған Махамбет пен Сен ғана.

Адамдықсыз ақындық жоқ, тырмыссаң да жан сала,
Жомарттықсыз тағы алысқа шабамын деп шаршама,
Батырлығың қанша болса ақындығың соншама.
Тіпті өзіңді сыйдырмаған даңқтың тар төріне
Мені бірге ап шыққың кеп арпалыстың қаншама.

Заманының ыңғайына жүрмей кеткен іңкәрім,
Саф өнерде қызғанышты білмей өткен іңкәрім,
Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен іңкәрім,
Жер астынан сәлем жолдап жатырсың сен күн сайын,
Қазағымның маңдайына сыймай кеткен сұңқарым.

Не жақсылық болса алдымен елге болсын дегенсің,
Сондықтан да сенің даңқың, сенің салтың көгерсін.
Сайын далаң жырыңды еске ап, күлкісін сәл шегерсін
Әр жүректе бұлтқа оранған қасиетті бір шың бар
Ол - ақындық мәрттік шыңы, Айбергенов деген шың.

Ұлт рухы қай кезде де
қанаттыға астана,
Айбергенов шыңын көрсең,
атыңнан түс, жас бала!

Әдеби естеліктер

ЖАН ЕДІ ӨЛЕҢ ҮШІН ДАРА ТУҒАН

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

Алматы "Білім" 2007

ББК 83.3
Ж 65

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр

*Құрастырған – **Салтанат Айбергенова***

Ж 65 **Жан еді өлең үшін дара туған.** (Төлеген Айбергенов туралы естеліктер). *Құрас.:* **Салтанат Айбергенова** – Алматы: "Білім" баспасы, 2007. — 272 бет. + 28 бет суреттер.

ISBN 9965-09-500-0

Әп дегеннен бізді таңқалдырып келіп, таңдандырып өткен Төлеген Айбергенов туралы қанша айтып, қанша мадақтасаңыз да оның қысқа ғұмырында артында қалдырған ғажайып өлеңдерінің өлшемін тауып, дәл бағасын бере қоюыңыз қиын-ақ.

Ұсынылып отырған жинақтың мақсаты – оқырманға Төлеген ақынның кісілігі, адамгершілігі, азаматтық болмысы, ақындық ерекшелігі жөнінде, жеке өмірі төңірегінде көбірек мағлұмат беру еді.

Бала-шағасы, дос-жарандары мен замандастары айтқан естеліктер мен алуан ой-пікірлер біздің Төкең туралы біліміміздің молайтып, бітімі бөлек ақынға деген ықылас-ілтипатымыз бен қошемет-құрметімізді еселей түсері хақ.

Ж **4702250201** **ББК 83.3**
412(05)-07

ISBN 9965-09-500-0

© Айбергенова С. (құраст.) 2007
© "Білім" баспасы, 2007

Алтын қанжар

Салтанат Айбергенова Төлегенқызы

Дарын иесі, әсіресе, ақын туралы сөз қозғағанда оқырманды қызықтыратыны – ақынға ақындық қасиеттің кімнен дарығандығы... Ал менің әкем Төлеген Айбергеновке ақындық қасиет – анасы Жібектен, танымдылығы, көрегендігі, алысты болжай алатындығы әкесі Айбергеннен дарыған болуы керек. Төлеген Айбергенов туралы аз жазылған жоқ. Бірақ көп деуге де болмас. Кейбір әдебиет жанашырларының мақалалары, тұстастарының естеліктері, ақын-жазушылардың еңбектерінде аты аталып, өзіндік даусы бар, арынды ақын екені мойындалғанымен, оның бүкіл шығармашылығы жан-жақты талданып, жете реттелген жоқ. Бұл мақала сол келер күндер еншісіне жүктелген істің бастамасы ғана. Сөз басын әжемнен бастағанды жөн көріп отырмын, себебін оқырман оқи келе түсінеді деп сенемін. Төлеген Айбергеновтің анасы – Жібек Қонарбайқызы. Мекені – Ақтөбе облысы, Табын ауданы. Руы – Ысық – Әжімбет – Шона. Келін болып түскен жері – Табын – Бәйбіше – Бесболат, соның ішінде – Тілеуі. Екі көзі күлімдеп тұратын, сопақ жүзді, бұйра шашты, қара торы кісі екен.

Әжемнің желкілдеп жаңа өсіп келе жатқан кезінде әкесі қайтыс болады да, төрт бала жетім қалады. Үлкені – Жібек, інісі – Құдайберген және екі сіңлісі бар. Ол кезде жесір әйелдің күні – күн бе, шешесі байғұс кісі есігінде, Қарағұл деген ауқатты жамағайынына жалданып жұмыс істеп жүреді. Сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығады, сондағы ойы – балаларын аштан қалдырмай, аман сақтап өсіру. Кейде көмек берсін деп Жібек әжемді де ерте кетеді екен. Ауқатты адамадар болған соң, үйінен қонақ үзілмейді ғой, күнде не күнара мал сойылады, малдың ішек-қарны, әрине әжелерімнің үлесіне тиеді. Сондықтан да болар, әжем ішек-қарын тазалағанда, жүн иіргенде алдына жан салмайды, өйткені байдың үйі күзем алса, жүн береді, қысқасы, соларға сүйеніп күн кешеді. Өздерінде де бірер қара болады, соның жалына жармасып, қиын күндерге жаратамыз деп айрылмайды, сонда да шиеттей бала-шаға болған соң, қалай көбейсін, өсімін алдын ала жеп қояды екен.

Әжемді енесі бауырына басқандықтан, анасы атын атамай, "Еркежан" деп атайды. Бірде шешесі есіктеп кіре: "Еркежан, аталарыңның үйіне қонақ келіп қалды, саған шай құйып берсін деп жатыр, үстіңе дұрыс киіміңді киіп бара ғой", – дейді. "Атаң" – деп отырғаны – өзі жалданып отырған үйдің отағасы Қарағұл. Жібек әжемде қайбір жөнді киім бола қойсын, сол бйдың қызы тұрмысқа шыққанда бірсыпыра киім беріп, "байытып" кеткен, соларды киіп, шашын түзеп шыққанда, өзі де бойшаң болғандықтан ба, жасы небәрі он алтыда болса да ересектей көрінеді. Қонақтар отырған бөлмеге кіріп, дастарханның аяқ жағына отырып, сызылып шай құяды. Қымызға бөрте тойып, жантайып жатқан кісілер өз беттерінше әңгіме-дүкен құрып отыр. Әжем әңгіме не жайында екеніне мән де бермейді Осы дастархан оның алдыңғы тағдырын шешетінінен мүлдем бейхабар болатын. Сөйтсе, бәрі де алдын ала жоспарланған дүние екен. Жібек әжем шай құюға текке шақырылмаған. Қырық сегіз жастағы Өтепберген деген бай Қарағұлдың үйіне, оны нағашысының асына шақыру үшін ат басын тіреген екен. Әңгімелесе келе Өтепберген қызы Қатшаның бой жетіп, айттырып келуге құдалары да асықтырып отырғанын, бірақ бұл кісіде шыр өткен орынбасар болмаған соң олар да бата алмай отырғандығы, ұрпақсыз қалайын деп тұрғаны жайында айтып, ауыр бір күрсініп алады. Қарағұл туысына жаны ашып, осында қызметші болып істейтін жесірдің бойжетіп келе жатқан өте ибалы, ақылды қызы бар екенін айтып, көрсетпекші мақсатпен Жібек әжемді шай құюға шақырған екен. Осы дастархан басында, әжемнің тағдыры ет пісірім сәтте шешіледі. Ойламаған жерден басталған бұл әңгіме қыздың асыл қиялы, талап-талантына білден балта шабатынын ол кезде кім білген? Араға көп уақыт салмай Өтепбергеннің туыстары "Қалыңсыз қыз болмайды" деп, бір қызға лайық қалың малды Қарағұлға беріп, қайта-қайта әуре болып, бір жұмысты екі етіп жүрмеу үшін, Жібек әжемді өздерімен бірге ала кетеді. Шешесінің жылағанына да, әжемнің қарсылығына да ешкім қарамайды. Осылай он алты жастағы Жібекті ауылдың ақсақалдары перзент үшін қырық сегіз жастағы Өтепбергенге беріп жібереді. Өтепберген өте бай кісі екен. Өзі шамалас әйелі, бой жетіп қалған Қатша деген қызы болады. Жібек әжемді алып барса, ауылдың ақсақалдарының бәрі көрші ауылда қайтыс болған бір ағайынды жерлеуге кетіп қалған екен. Сол себепті қайтқан кісінің жетісін беріп келгенше Жібек

әжемнің беті ашылмай жеті күн шымылдықта отырып қалады. Жас болғандықтан ба, әжем бара сала көтермейді. Бедеу ме деп қырын қараған елдің қабағынан ба, жоқ әлде, туа біткен намысшылдығынан ба, өзі бала бола тұра құдайдан жатса-тұрса бала сұрай береді екен. Бөтен ел, бөтен жер... Жылайын десе айналасындағы адамдардан қысылады, сондықтан әжем өзіне еншілеген бәсіресі — Астаубас түйесін жетелеп, ауылдан алыс шығып, дауысы естілмейді-ау дейтіндей жерге жеткенде, елін, жерін, анасын, бауырларын сағынып шығарған өленderін айтады екен. Бәсіресін жатса-тұрса қызғыштай қорып, түйекештерге де билетпей, өзі күтеді. Көкірегіндегі бүкіл сырын, назын тыңдайтын сол түйе ғана. Бір күні сол Астаубас нарды біреу шешіп алып жетектеп кетейін деп жатыр екен, әжем көріп қалады да, айқай салып үйге кіреді. "Астаубасты біреу ұрлап бара жатыр, әкетіп бара жатыр", — дейді. Ел дүрлігіп, жаңағы нарды жетектеп бара жатқан адамды ұстап алады. Сөйтсе ол әжемнің туған інісі Құдайберген болып шығады. Үш-төрт жыл көрмеген соң қараңғыда танымай қалыпты. Бірақ інісінің ісіне намыстанғаннан араға түсе алмайды. Өз бауыры екенін де ешкімге айтпайды. Артынша артынып-тартынып әжемді іздеп анасы да келіп қалады. Мән-жайды анасынан естиді, сөйтсе үлкендер ойнап: "Сенің апаңды бай қалың малсыз алып кеткен, сендерге ештеңе бермеді, саған тиісті Астаубас нар бар, соны желіден шешіп алып жетекте де кет" — деп түрткілесе, баламысың деген сол сөзге еріп істеп жүрген шаруасы екен. Бірақ бұл туралы ешкімге ауыздарын ашпайды. Содан кейін әжем шешесін де, бауырларын да өмірінің соңына дейін көрмепті. Алла жар болып, пірлер қолдап, арада үш-төрт жыл өткенде Жібек бала көтереді. Ай-күні жетіп босанар шақта әжем қатты қиналып, үш күн бойы толғатады, бірақ бала дүниеге келе қоймайды. Емшілер де, тәуіптер де — бәрі әжемнің қасында болады. Емшілер әжемді арқанға да асады, мылтық та атылады, даңғыра да қаққан болады... Әйтеуір төртінші тәулікке айналғанда, таң саз бере бастаған кезде, шашы маңдайна түскен өлі қыз табады. Күші кетіп төсекте әбден қансырап жатқанда бейпіл ауыз бір абысыны келіп: "Ойбай, байына шекесі торсықтай ұл тауып бергендей сенікі не жатыс, сенен басқа әйел бала таппап па, оның үстіне, жұрттың бәрін дәмелендіріп өлі қыз тапқанынды айтсайшы сен тоқалдың, тұр орныңнан шәнимей", — дейді. Сол-ақ екен ыза кернеген әжем орнынан тұрады. Зарығып көрген

баласы, ол да жарық күн көре алмады Өзегін өртеген күйіктен бе, жаны қатты қиналғандықтан ба, жаңағы әйелдің сөзін көтере алмай, белін тас қылып түйеді де, үйден шыға бір ізге түсіп алып, Ақтөбенің қақаған суығында басы ауған жаққа қарай көзінің жасы моншақтап отырып кете барады. Қайда, кімге кетіп бара жатыр – оны өзі де білмейді. Төркінді жоғалтқалы қашан? Қолынан келетіні – оларды жоқтау ғана. Үскірген аязды былай қойғанда, жаңа босанған әйел ғой, аяғындағы әміркен етігі қанға толып, мұз болып қатып қалады. Есі де кіресілі-шығасылы. Бәрінен де зіл қара тас сынды қайғы әжемнің бойын билеп, миын шырмап алса керек, ол біресе жас ұл баланы жетелеп: "Әкеңе жүгіріп барып мойнынан құшақта" – десе, біресе жаңа түскен келіншек болып: "Ойбай масқара, бетім ашық отыра беріппін ғой", – деп ұялғандай болады, біресе бауырларының ортасында өзінің іште бұғып жатқан сырын ақтарып отырғандай болады. Осылай бойын сандырақ билеп, әбден қансырап, құлауға шақ қалған кезде, артынан іздеушілер қуып жетіп тауып алады. Аяғындағы етігі өзіне шақтап тігілген өте әдемі, кезінде шалы бір етікшіге қыстық соғымын беріп тіктірткен екен, сол етігі аяздан мұз болып қатып қалғандықтан шешіп алу мүмкін болмайды, сонда әжем: "Аяғымды кессеңдер кесіңдер, етігімді кеспеңдерші", – деп жылайды екен. Осы оқиғадан соң, әжемнің бақайшақтары үсіп кетіп, түсіп қалады. Ауыл емшілері оны қарауға кірісіп, ем-домдарын істеп жатады. Жас адамның тындығы болуы керек, бас-аяғы бес-алты күнде есін жиып, бір айдан соң өзіне-өзі келеді. Күн – сәске түс, іргеге кішкене шуақ түсті, мен енді мына дүниені өз көзіммен көрейінші дегендей, іргедегі ораулы тулаққа отыра кетеді. Есіктің алдында ойнап жүрген ауылдың жас балаларының ойынын, айтқан сөздерін қызықтап отырса, баяғы абысыны келеді де: "Әй, балалар-ай, ана біздің үйдің қасына барып ойнаңдар, бұл жерде не бар сендерге?", – деп үйіне қарай оларды ығыстыра береді. Ішінде бір қара домалақ бала әжемнің айналасында айнала шауып ойнап, ана әйелдің айтқанына көнбесе, ол баланы ұстап алып, аямай сабайды. Араша түсуге әжемде хал жоқ. Баланың шыңғырып жылаған дауысын есітіп, үйден бәйбіше шығады. Сонда жаңағы әйел оған шағынып: "Жүгермектің тоқалды айналуын қара. Ал мынау неге сүйретіліп шықты деп едім, тұла бойындағы бәлесін балаларға аудармақшы екен ғой, қарашы өзінің сүлдерін", – дейді. Бәйбіше ол әйелге тоқтам айтып жатады... Ол

әйелмен тілдесуге, жауап қайтаруға да әл керек. Әжем бетіне бір қарайды да, ішінен тынып ауыр бір күрсінеді. "Күн жаманы кетеді, адам жаманы қалады" дегендей, қыс та өте шығады. Артынша көктем келіп, жер бусанып, жаз жайлауға көшкенде, Жібек әжем де қатарға қосылып кетеді. Өмір бір қалыпта тұра берсін бе?! Баяғы күн де ұмытыла бастайды. Енді келесі қыс қамына жан-жақты дайындаққа әжем де жанталаса кіріседі. Құрт, май, жент, ірімшіктерін дайындайды. Қазақтың үдере көшуі бар емес пе. Сол кездің қарбаласынан ба, немесе ыңғайсыз тиелгендіктен бе, іркіт артқан түйенің жүрісінің нашарлығынан ба, әйтеуір бұзау терісінен жасалған местегі сап-сары іркіт жерге салп етіп, қақ ортасынан айырылады. Ішіндегісі айналаға ақтарыла қалады. Иттердің аңдығаны да сол, түс-түстан қара төбет, көктөбет, байтөбеттер жарыса келіп, іркітті қызғанып, бір-біріне ырылдап, жалауға кіріседі. Не істерін білмей тұрған әжемнің ойына өз несібесін алып қалу түседі де, қолында даяр ыдысы да жоқ, жата қалып ит әлі тие коймады-ау деген жерден жалай бастайды. Сонда ол қылығын көріп тұрған бір қайнысының: "Тфу, бәлекет, несібең иттің ырысынан да күшті екен. Ұрпағың итше шұбырып, несібең бұл дүниеде кем болмас" дегенін әжем өзінің келіні – менің анама айтып берген екен. Араға екі жыл сала әжем тағы да жүкті болып, қыз босанады. Өтепберген қуанып, шілдехана жасайды, бірақ өзі артынша науқастанып қалады да, дүние салады. Қызы да отыруға енді жарай берген кезде шетінеп кетеді. Әжем жиырма бір жасында қызынан да, күйеуінен де айрылып, жесір қалады. Қара киіп, екеуін бірге жоқтап, екі жыл отырады. Өтепберген атадан қалған дүние де көп, мал да көп, осы ен дүниенің бәрі шетке кетпеу үшін, әрі жесірін қаңғыртпаған қазақ емес пе, әжем Жібекті әмеңгерлік салтымен Өтепберген атаның інісі Өтеген өзінің баласы Абдуллаға қосады. Абдулла өте жуас жан болады, бірақ әйелі – төркіні мықты, бар жердің қызы, мінезі де шәлкестеу. Келін болып түскенде аяғына алтынмен зерленген кәлөш-мәсі киіп келгені жайлы бүкіл ел шулап айтып отырады екен. Қай заманда бәйбіше тоқалды жақтыра қойған, күндесі әжемді отырса опақ, тұрса сопақ етіп, қызғаншақтық көрсетіп, орайы келсе, шашын жұлып, күн көрсетпейді. Әжем ұл табады, бірақ бала алты айлық болған кезде науқастанып, шетінен кетеді. Сол баланың қазасына жиналған ағайын: "Жесірді сабау үшін, жылату үшін ала ма екен, неге тоқалды қорлайсыңдар? Өтепбергеннің

талай жақсылығын көріп, көбіміз соның арқасында күн кешпеп пе едік?! Егер шаңырақты қимасаңдар, жесірді әйелдеріңмен келісіп алыңдар, немесе бұл әйелдің де төркіні бар, сыбағасын бөліп беріп, елін тауын қосыңдар", — деп жиналған ел мәселені тіке қояды. Содан бастап Жібек әжемнің басын босатып, малды, дүниені тәрекеге салады. Тәреке деген — бүкіл малды жетіге бөліп, ата-атаға, туыстарына бөлу екен. Сол жеті бөліктің бір бөлігі әжеме тиесілі болады. Тәрекеден екі келе түйе, бір үйір жылқы, үш отар қой-ешкі, үй жиһазы, алтыны бар, күмісі бар, біраз әшекейлік заттар,үйдің дәскені әжемнің еншісіне тиеді. Сол тәрекелде Өтепберген атаның немере інісі Түкті мен әйелі екеуі: "Жесірімізді жібермейміз, аламыз" — деп, елден бата сұрайды. Ауыл ақсақалдары баталарын беріп, әжемді Түктіге қосады. Бәйбіше мен әжем өте тату болады. Түкті үлкен ұлы Әлниязды еншілеп әжемнің қолына береді. Әжем сол баланың қалың малын өзі беріп, Аққенже деген келін алады. Түктіден әжем алты құрсақ көтереді., бірақ Мақпалша, Балқия деген екі қыз ғана тірі қалады, қалғандары шетінейді.

Бір күні әжем босанып отырғанда, Түкті атамыздың өз үйіне қонақ келіп қалады, соны жайғағаннан соң атамыз ойында ештеңе жоқ әжемнен хабар алуға келеді. Әжем атамды жейтін бір нәрсе ала келер деп дәметеді, ал ол кісі құр қол келеді. Сөйтсе, әжем ертесіне мазасызданып, көкірегі ісіп ауырып қалады. Түкті атамыздың бәйбішесі оны естіп: "Ой, миым құрсын, қонақпен абыр-сабыр болып жүргенде, ұмытып кетіппін ғой" — деп, айыбына тез бір қойды алдырып сойғызып, пісіріп жіберіп, әжеме: "Жас сорпа іш, сөйтіп, мына ырымды істе, сен дәметпе мен де дәметпеймін деп, біздің табалдырыққа — үш рет көкірегіңе үш рет ұрып қой" — дейді.

Бәйбішеден — үш ұл, екі қыз, Жібектен — Мақпалша, Балқия деген екі қыз өсіп келе жатады. Бірақ бұл бейбіт өмір де көпке бармайды, өкімет халықтың малын тартып алып, елде құғын-сүргін, колхоздастыру науқаны басталады. Саясаттан бейхабар, бар байлығы мал ғана болған қазақ сол малын аман сақтап қалу үшін жан-жаққа босып, бет-бетіне бытырайды. Түкті елден бұрынырақ Қарақалпақстанға қарай көшіп кеткен ағасы Айбергенді іздеуге бел буады, өйткені ұзын құлақтан: "Ол жақта Айберген үлкен бастық, бір ауыл жұрт бетіне қарап отыр екен" дегенді естиді. Сол Айбергенді маңайласақ, жаман болмаспыз деген оймен Түкті туған-туыскаңы, бала-шағасы, мал-жандары бар, қыскасы, тайлы тұяғымен жолға

шығады. Ол топқа басқалар да қосылады. Елдің дәстүрі бойынша мал жайылымы сүйыла бастаса болды, көшу басталады... Бірақ бұл көш — басқа көштен өзгеше, жер ауа көшу еді. Барлық адамның көңілі қобалжулы, артта қалып бара жатқан елге, атамекенге деген қимастық, кезек-кезек қош айтысу, кім не деп жатыр дейтін бір жан жоқ, әйтеуір, әркім өз білгенін айтып, теңселіп көшіп кетіп бара жатады. Қалып бара жатқан жердің әр шөбі, қыраты, белі, ой-шұңқыры еске түссе, соны өленге қосады. Сол кезден әжемнің есінде қалған шумақ:

“Қоныстан ауа көштік сарылып-ай,
Артыма қарай-қарай зарығып-ай.
Көзіме бір көрінсең, туған жерім,
Жүрегім кетер ме екен жарылып-ай?!”

Жолда көш демалысқа тоқтап, азаматтар әкеліп мал сояды, әйелдер жағы ет пісіреді, менікі-сенікі жоқ, барлығы бала-шағасымен отырып, тамақтанады.

Жол-жөнекейгі жаңалықтар: пәленше қайтыс болыпты...түгенше босаныпты... Жаңа туған баланың атын Көшерғали, Көшербай, т.б. деп көшке байланысты қойып жатады. Босанған әйелдің жағдайын жасау ешкімнің ойына да келмейді. Жолда біреулер бала үстінде қайтыс болады немесе жаңа туған нәресте шетінеп жатады. Оны да құдайдың әмірі деп қабылдап, “Көппен көрген ұлы той”, — деп, алға қарай жылжып отырады. Сол кездерде әжемнің қыздарының үлкені — он, кішісі үш жас шамасында болады екен. Бірнеше күн жол азабын тартады. Ол кезде әр көш артына, алдына жорықшылар жіберіп отырады екен. Бұлар бір кісіні ұры екен деп алдағы кетіп бара жатқан көштің жорықшысын ұстап алады. Мән-жайды түсінгеннен кейін, қол-аяғын шешіп босатады, ол кісі бұларға: “Сендердің бұлай жүрулеріңе болмайды, қолдарында қаруларың да жоқ, ойламаған жерден үкімет ұстап алуы мүмкін, одан да екі күндік жерде адайлар кетіп бара жатыр, сол топқа қосылыңдар. Оларға сендер қуып жеткенше жүрістерін баяулатсын деп хабар айту үшін, араларыңнан біреу маған ілесу керек”, — дейді. Жорықшымен бірге кетуге Түкті келіседі. Атпен шапқанда көкірегіне суық тимес үшін кеудесін қайыспен орап алады. Бұрынғы көрген азап — азап па, көресіні енді басталады... Екі күндік жолда кетіп бара жатқан адайлардың көшіне жеті үшін, еш жерде тоқтамай жүре беруге тура келеді. Енді жеттік-

ау деген кезде, қуанып та үлгермейді, бұларды біраз уақыт күтіп қалған адайлар әрі қарай жүріп кетеді. Сондағы Қырықмылтық адайларға жетеміз деп көрген азабын әжем айтып тауыса алмай отырады екен. Көш шапқыншылыққа да ұшырайды. Жау ма, қарақшы ма, жоқ әлде, өкімет адамдары ма түсініп жатқан ешкім жоқ. Әйтеуір түтқиылдан тап беріп, өздерін ұрып-соғып, малдарын айдап әкетіп жатады. Осы кезде әжемдер де біраз малынан айырылады. Оны ойлауға шама жоқ, әркім бала-шағасы мен қара бастарын аман алып қалудың жолын іздейді. Осындай аласапыранда Түкті ата ауырып қалады да, бәйбішесі мен балалары көштен қалып кідіре тұруға тура келеді. Сол кезде Түкті ата әжеме: "Сен қыздарыңды алып көштен қалмай кете бер, Мүмкіндік болса Айбергенді тауып ал да, соның елінде қоныстан. Ол кісі – сенің шалың, біздің ағамыз Өтепбергеннің ең жақын інісі, амандық болса, өзім тауып аламын", – дейді. Әжеме көштен қалмай, ере беруге тура келеді. Ендігі азап – Әмудариядан өту болады. Адамнан айла таусылған ба, мықты болу үшін аттың қылы қосылып есілген арқанды үлкен терекке байлап, ортасын суға тастап, екінші шетін аттың жалына байлап, жүзу білетін ер адам сол жылқыға жармасып, дарияның арғы бетіне өтеді. Ондағы мақсат – судың таяздығы қандай екенін шамалау болса, сонда жүзіп бара жатқан адамның басы бірде көрініп, бірде көрінбей қалады. Ана адам дарияның арғы жағына өткенде, арқанды қайтадан үлкен ағашқа байлап белгі береді. Артынша мықтылау деген екі жігіт сол арқанды бойлап жүзіп отырып қарсы бетке өтеді. Сонымен, мына бетте – екі-үш жігіт, ана бетте екі-үш жігіт арқанның үзіліп кетпеуін қадағалайды. Қалғандары судағы арқанды бойлай отырып, екінші арқанды алдын – үлкен малдарға, сосын оны тізбектей отырып кіші малдарға байлап, ара-арасына арқанды адамдардың белінe байлап, балаларды, кемпірлерді, ағаштан сал жасап, соған отырғызып, дариядан өткен екен. Әжемдер мұнда да біраз малдарынан айырылып, әйтеуір өздері аман-есен қалады. Сұрастыра келе Айбергенді де табады. Айберген ата, шынымен де, бір ауыл елді басқарып отырған, өзі іскер, есепке де, шаруаға да өте жүйрік, ауа райына дейін алдын ала болжап айта алатын адам екен. Сол ауылдағы барлық қойманың құлпы – қолында, сондықтан атын атай алмайтын келіндері "сегіз құлып" деп атайды екен. Әжем екі қызымен Айберген атаның ауылына келіп қоныстанады. Түкті ата аурудан басын көтергеннен соң,

інісі Сағиды тауып алады да, дариядан өтпей, Хожелідe қалады. Бірақ көп өтпей Тұкті ата мен бәйбішесі дүние салып, "Балалары Ақтөбеде тыныштық өмір орнапты, бұрынғыдан өмір жақсарыпты" дегенді естіп, қайта атамекенге кетуге бел байлайды. Елдеріне қайтып келгенде, оларды "кулак" атандырып, Жамбыл қаласына жер аударып жібереді. Әжем екі қызымен Қоңыратта қалады. Ал Айберген ата ашаршылық кезде алды отызға келген, арты он алтыдағы бес баласынан айрылып, Қолында жалғыз қызы Үміт қана қалады. Артында ұрпақ жоқ. Айберген атаның анасы бес немересін жоқтай берем деп соқыр болып қалады. Әжем Жібектің де көзінің алды мұнарланып, нашар көре бастайды. Сол кезде әжемді Жәмше деген әйел "Ырзаишан" деген жердегі бір көріпкел тәуіпке алып барады. Бұлар есіктен кіре бере тәуіп бірден: "Мына келіншектің ешқандай ауруы жоқ көзі шелдене бастаған, бірақ бір бала тапса, бәрі орнына келеді" – дейді. Ал көзінің тұмандануы әжемнің жанына қатты бата бастайды, бара-бара аяғының астындағы жолды көру де қиынға соғады. Әжем не істерін білмейді. Осы кезде тағдырдың ісі болар, Айберген ата түс көреді. Түсінде бір адам: "Айберген, сенің қасыңа келіп қонған күннің қалтасында алтын қанжар бар, соны неге алмайсың?" – дейді. Түсін қарындасы Теңгеге жорытады. Теңге: "Бұл түс емес, бұл – аян, сен Жібекті ал, әлі жас қой, бір ұл тауып берер", – дейді. Сөйтіп, әжемді шақырып алып, үшеуара отырып келіседі. Айберген ата әжеме: "Елге қазірше жарияламай қоя тұрайық, бір жағы бәйбіше не дейді, егер шынымен де бала көтеріп жатсаң, той қылып некемізді қиямыз, ал екіқабат болмасаң, атымызды былғамай-ақ қояйық", – дейді. Әжем бұған қарсы болмайды, бір жағы тәуіптің сөзі де есінде... Араға екі-үш ай салып, әжем жүкті болады. Ендігі қиындық – бәйбішенің келісімін алу. Бұл жағдайды қалай түсіндіруді қайтадан Теңгемен ақылдасады. Әуелі: "Үйлендік демей, үйленсек деп айту керек" – деп келіседі, Әңгіменің басын Айберген түс көруден бастайды. Түсінде не аян бергенін айтады. Жібекке үйлену керек екендігін айтқанда, бәйбіше бірден қарсы шығады: "Үйленсең, жастауына үйлен, өзім де осыны айта алмай жүрген едім – ертеңгі күні біздің ізімізді басар, мына үйдің иесі болтындай тұяқ керек қой. Сенің айтып отырған жесірің отыздың ортасына келген әйел, бала таба қоя ма, босқа өмірің өтіп кетеді", – дейді. Сол кезде шалы ағынан жарылып, барлық шындықты айтады. Бәйбішенің аты – Айсұлу, өте

ақылды, парасатты, байсалды, ақпейіл адам болған екен. Мән-жайды білгеннен соң Айсұлу: "Онда неден жасқанамыз? Қасыма көшіріп әкел. Шынында да құдай беріп жатса, баланы өзім бауырыма басамын, оған еміздірмеймін", – деп тікелей шаруаға кірісіп кетеді. Сол күннен бастап екіқабат Жібек әжемді қасына алдырып, қызғыштай қорып, жақсы қарап, не дәмді болса, соны аузына салып, өзінің үлкен келініндей күтеді. "Бірақ баланы емізбестен менің бауырыма салсын" деген талап қояды. Айберген елге жариялап, әжемді той беріп алады. Ай-күні жетіп, дүниеге ұл келеді. Атын Төлеген қояды. Бәйбіше бала туыла салысымен, анасының уызын да еміздірмей бауырына басады. Баланы ешкінің сүтімен асырауға тура келеді. Өзі бағады, Жібек әжеммен екеуі бір адамның әйелі болса да, бұрынғы жолды сақтап, бір-бірімен абысын ретінде қарым-қатынас жасайды. Айбергеннің анасы немерелері шетінен қайтыс болған кезде, су қараңғы болып қалған екен. Сол кісі кіші келінін үлкен келіні жоқта шақырып алып: "Балам, сен мына нәрестені уызға тойдырмасаң болмайды, Айсұлудың емізбе дегеніне қарамай, жасырып, ол жоқта емізіп, уызға, тым болмаса, үш-төрт рет тойғызып қой", – дейді. Жібек әжеме де керегі – сол, бірақ Айсұлумен арадағы сыйластық бұзылмау үшін мұны ашып айта алмайды екен. Енді аңдығаны – баланың оңаша қалуы болады. Қалай бала оңаша қалды болды, ала салады да, емізеді. Сол кезде сәбидің маңдайынан шып-шып тер шығады екен. Бірде сөйтіп, жасырынып емізіп жатқанында сырттан Айсұлудың даусын естіп, шошып кетіп, баланы қалай сылқ еткізіп тастай салғанын өзі де білмей қалады. Бала шыңғырып жылап қалады. Бір жерін ауыртып алдым ба деген ой көпке дейін әжеме маза бермейді...

Сөйтіп, бір үлкен босағаның тілеуімен дүниеге келген бала менің әкем – Төлеген болатын.

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

I бөлім

Амал бар ма, біз үш дарыннан ерте айырылдық. Олар — Абдолла, Баубек, Төлеген.

Ғабит Мүсірепов

Төлеген өмірінің де, оның ақындық шабытының да тым қысқа қайырылуы өте өкінішті. Бірақ бұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өлеңдері халқына, болашақ ұрпақтарға рухани күш, һәм ләззат беріп, мәңгі жасайды.

Ыбырайым Юсупов

Сырбай Мәуленов

ӨЛЕҢНЕН ЖАРАЛҒАН ЖАН

Жақында кітаптарымды жинастырып отырсам, Евгений Долматовскийдің Москвада шыққан "Өзіміз туралы өлеңдер" деп аталатын кітабы қолға ілікті. Кітаптың ішкі бірінші бетінен мынадай жазу ұшыраса кетті.

"Аса қадірменді ұстазға — Сырбай ағайға алыс Сарыағаштан шәкірттік, інілік ыстық жүректен, құрметтес көңілден естелікке!

Деніңіздің сау, үй-ішіңіздің аман, творчествоңыздың шабытты да шалқар болуына тілектеспін.

Аса құрметпен ақын ініңіз Төлеген Айбергенов.

12.06.1965 ж."

Осыны оқып өмірден, өлеңнен ерте кеткен ақын інім туралы күрсіне ойға баттым. Өткен жылдар көз алдымда тұрып алды.

1965 жылдың күзінде оңтүстікке жолым түсті. Қасымда жазушы Танаш Дәуренбеков бар, жолшыбай Сарыағашқа соғып, Төлегеннің үйіне түстік.

— Сенің маған осы жазда Долматовскийдің кітабын сыйлағаныңа қайран қалдым,— дедім мен Төлегенге амандық сұрасқаннан кейін.

— Сіз Алматыда өз үйіңізде болғанымызда Долматовский сөзіне жазылған әскери әндерді айтып едіңіз, Долматовский кітабын жіберуіме сол себеп болды, — деді ол.

Содан кейін біраз ойланып отырды да:

— Аға, мына Сарыағаштағы кешкі мектептің бірқалыпты прозалық өмірі жалықтырып барады. Осы прозаны поэзияға айналдырайын, мені бір аптаға сұрап алып, қасыңызға ертіп әкетіңізші. Бір серпіліп, бір блокнот өлең жазып қайтайын, — деп өтініш айтты.

Оқу бөлімімен келісіп, орнына бір жолдасын уақытша қалдыратын болдық та, Ташкентке беттедік. Мирмухсин мен Миртемир үйлерінде мейман болып, өзбек жазушыларымен кездесіп, Сырдария облысына сапар шектік.

Ол үнемі машинаның арт жағында отырады. Көк

блокнотын жан қалтасынан суырып алып, жол бойы жаза береді, жаза береді. Жазғанын жазғанынша оқып та үлгереді. Жол үстінде ол менен "Москва, Ленинград ақындарынан кімді жақсы көресіз? Кімдермен таныссыз?" — деп сұрайды.

Ақын деген жалындап жанып жүруі керек қой. Оның сонында әр түрлі аңыз еріп жүрсе, ақынды биіктете бермек. Қарапайым өмірдің қалыбынан шыға алмай, қарабайыр күн кешкен адамның несі ақын, — деп қояды сөздерін ерекше бір екпінмен өрекпи айтып.

Сырдария облысында үш-төрт кездесу өткізілді. Төлеген жолда жазылған махаббат өлеңдерін оқып жүрді. Оның өлеңдерінде Шығыс поэзиясының сарыны молырақ жатқан сияқты көрінеді. Соны бір ескерткенімде:

— Мен Қарақалпақстанда туып-өстім ғой. Қазақ ақындарымен енді-енді араласып келемін. Сіз Абдолла мен Қасым жайында айтыңызшы. Оларға сенімді серік болдыңыз ғой, — дейді Төлеген.

Абдолланың жанының тым нәзіктігін, Қасымның қажыр-қайратын, өршіл рухын айтқанда оның жас баладай жаны толқиды.

— Шіркін, екеуі де ерлікке емтихан тапсырған қаһарман ақындар емес пе? Өздері батыр, сөздері батыл, халықтың ойын дөп басып; елдің арманын шертетін өлеңдерді жазып кеткен ғой, — дейді. Жолшыбай Сарыағашқа қайта соғып, Төлегенмен үй алдында қоштастық:

Сіздермен бірге болған бір апта мына блокнотқа өлең болып түсті. Амандық болса келесі шығатын кітабыма кіреді ғой, — дейді.

Ол өлеңнен жаралған жалынды жас еді. Бұл менің Төлегенменен жүздеген кездесуімнің бірі ғана.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ

КӨКТЕМНІҢ ЖАЗҒА ҰЛАСАР ЖАЙСАҢ ШАҒЫ

Қазақстанның Халық жазушысы, ҚР Мемлекттік сыйлығының, ҚР Президентінің Бейбітшілік және келісім

сыйлығының, тәуелсіз "Тарлан" сыйлықтарының иегері. Мемлекет және қоғам қайраткері. Жазушының "Үркер" және "Елең-алаң" романдарында ұлтымыздың басынан өткен тарихи шежірелерді суреткерлікпен шебер сомдалады. Қаламгер есімі алыс, жақын шетел оқырмандарына кеңінен таныс.

Т. Айбергенов шығармашылығы туралы алғаш рет жоғары таныммен баға берген сыншылардың бірі де осы Әбекең.

Мен онда бұлай боларын білген жоқпын. Көктемнің жазға ұласар шағы еді. Алматының әсем бір таңында жазушылар үйінің алдында оған жолықтым. Қайқы төсін жасыл теректердің арасынан жасырынып ескен майда лепке тосып, алыстан менің келе жатқанымды көріп, амандасқалы тоқтаған екен. Бұрын ылғи жолыққан сайын, Жазушылар Одағының фойесіндегі шеттеу орындыққа жайғасып алып ол маған Қашағаннан жыр соғатын. Сол әдетіммен: "Қалай, Қашекеңді айтасың ба?" деп едім, ол: "Қызметке орналасатын болдым, бүгін-ертең бір-екі ақындарды ертіп Қарақалпақстанға жүрмекпін" деді.

Бұл біздің ақырғы жолығысымыз екенін онда екеуіміз де білген жоқпыз. Ол майса көктемнің табиғаттың пісіп-толар саршатамызға ұласар шағы еді.

"Құмдағы мұнараларды" оқып отырғанда сол біз ақырғы жолығысқан көктемнің жазға ұласар жайсаң шағы еске түседі. Бақсақ, Төлегеннен тек табиғаттың ғана емес, өз творчествосының да нағыз бабына келген келісті шағында айырылып қалыппыз.

Ол өз буыны өкілдерінің көбінен кейін келсе де, жедел ілгері шығып, көш басына оза бастап еді. Бұл, ең алдымен, Төлегеннің жер астынан бәрібір жарып шықпай тұрмайтын гейзер суындай қуатты да мол талантының арқасы. Сосын соңғы жылдардағы қазақ жырындағы қаулап өсу, қауырыт биіктеудің арқасы. Мұндай шынайы творчестволық бәсеке шын талантты шыратады. Кейінгі жылдары Қ.Мырзалиев, Ж.Нәжімеденов, М.Мақатаевтың кесек-кесек ақындық тұлғамен көрінуі жас қауымда орынсыз көбейіп кеткен өлеңшілер тобының қатарынан сараланқырап,

ақындықтан дәмелілерге өзінше бір еріксіз сұрыптау жасады. Сол сұрыптауда суырылып ілгері шыққандардың бірі — Төлеген Айбергенов.

Мұндай жүйрік көп, жүлде аз жыр бәйгесінде өзіңнің өнерпаздық құнынды, суреткерлік қасиетіңді, азаматтық абыройыңды сақтап қалу үшін шынайы талантпен қоса дамылсыз ізденіс те керек. Ізденістің де із шиырлай беретін әшейін әуре-сарсаңы бар да, көкіректегі дарын мен көңілдегі ой-сезімді фонтан суындай көкке бір-ақ шапшытып, өнерпаз мандайын айдай жарқырататын абыройлысы бар. Төлеген Айбергеновке сол абыройлы ізденіс тап болыпты.

Әдетте қалайда көш соңында салпақтап жүруді қаламай, өз шабысын көрсеткісі келген талабы биік жас суреткер я көштің басында кім кетіп бара жатса, соның соңынан салып қоя беретін соқыр шабысқа түседі, не тың сүрлеуге бұрылып, өзінше омбылайды.

Бұл жолдың алдыңғысы бір адамның көңілін я бірлеп; я бірлемейтін, бірақ әдебиет үшін еш пайдасы тимейтін әуегейлілік те, соңғысы нағыз өнер жолы, өнерпаз жолы. Оның өзі де екі ұдай. Жалпы,өнер атаулыда екі ұдай емес жол бар дейсің бе? Күн сайын қыл көпірден тірілей өтіп отыратын өнерпаз өмірінің қиын болатыны да сондықтан. Біреулер, әйтеуір өзгелерге ұқсамауды мұрат қылады, енді біреулер басқаларға ұқсамаудың сырын өз бойынан, өз талантының сипатынан табады. Төлегеннің өз бетін табуы, Борис Пастернактың Шопен творчествосы туралы айтқан: "насквозь оригинально не из несходства с соперниками, а из сходства с натурой, с которой он писал" деген пікірі еске оралды. Төлегеннің де ақындық беті өзінен бұрынғыларға ұқсамауға тырысудан ғана емес, өзі жазып отырған өмір құбылысына барынша ұқсаңқырау талабынан туған тәрізді.

Төлегеннің өз буынынан өзгеше өмірбаяны жоқ. Жұмекен, Қадыр; Мұқағалиға өзек болған өмір шындықтары оған да ортақ. Бірақ, Төлеген өзінің дарынды достары жеріне жеткізе жырлаған ұрпақ өмірбаянын қайтадан қозғап жатпайды, бірден Потебня айтқан формуланың екінші бунағына, "өз буынының

рухани шежіресін жасауға" атсалысады. Қиын балалық шақ, соғыс зардаптары мұнда Мұқағали; Қадыр, Жұмекендердегідей өмірлік нақтылығымен көрінбейді, жалпы өлең әуенінен, бояу әлемінен ғана аңғарылып отырады. Т. Айбергенов творчествосы — өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры.

Ақын өзі суреттеп отырған дәуірдің ең басты сипаты — қуаныш деп біледі, бірақ, әншейін желік көңілдің емес, жасампаздықтың қуанышы. Т.Айбергеновтың Маңғыстау сапарына, Семей сапарына, космос сапарына арналған жырларының ең басты пафосы да — сол жасампаздық. Мұнда өзге ақындардың жол-сапар жырларындағыдай не көріп, не қойғандарының жалаң фиксациясы емес, ең алдымен сол өлкедегі өмір үні, сол өмірдің адамдар жанындағы өзгеше көрінісі жырланған. Онда "жақсы болған екен, алақай" деп бөркін лақтырған жалаң қуаныш жоқ, адамның шынайы бақыты мен шынай қуанышын тану бар. Ол ең алдымен өзі барған өлкеден бейбіт өмірді, байбіт еңбекті, адамдар жанындағы жарастықты көріп қуанады.

Сөз жоқ, Төлеген жырлары — қуаныш жырлары. Бірақ, бұл гүлге елтіген, көбелек қуған серуеншінің қуанышы емес, қиынды көрген, қайғы мен қасіреттің де ащы дәмін татып байқаған азамат адамның жүзеге асқан мақсаты мен орындалған арманының қуанышы. Сондықтан, мұндай қуаныштың бояу әлемі, әуен әлемі бір ғана гаммадан тұрмайды. Онда сонау көкірек айырар күрсіністен бастап барша сезім түлегі бар, түгел көрінеді. Осындай сезім байлығы оған өмір байлығын танытады.

Әлгі Олдос Хаксли: "Индивидуум, так сказать, заключил сделку. Ибо индивидуум выходит из зародышевой плазмы, действует, живет в конце концов умирает ради жизни. Индивидуум это кусочек зародышей плазмы, который поднялся и оторвался от остальной массы для того, чтобы видеть и чувствовать жизнь, а не просто слепо и механически размножаться. Подобно Фаусту, он продал свое бессмертие, для того, чтобы жить более богато..." демеуші ме еді. Төлеген Айбергеновтің артында қалған аз ғана мұрасын оқи отыра, адам баласының осы бір ұлы заңына тағы да

қайран қаласың. Төлеген де қысқа ғұмырын тек сол көруге, өмірді түйсіну мен түсінуге ғана арнаған тәрізді. Ол осынша аз ғұмырының ішінде өмірдің пендені қашан ажал аузына апарғанша айтпайтын, танытпайтын сыры мен сипаттарын қалай түсініп, қалай түйсініп үлгерген! Оның өмірді білуі, адамды білуі, табиғатты білуі неткен терең! Бұл жерде өмірді білу, адамды білу деп, өмір мен адам жайлы фактілер мен факторларды көп білуді айтып отырған жоқпыз, кез келген жас адамның ой ауқымы, сезім қарымы жете бермейтін адам қадірін, өмір қадірін, туған ел, туған жер қадірін қалай тұңғиық түсінгенін айтып отырмыз.

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен,
Омырауын шерге толтырып,
Өмірде ұзақ жасауың үшін болғанымменен қайғың қас,
Туған жер, сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас.
О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен,
Қазығын таппай қайрылмас.
Әрқашан аңсап оралам саған тартпасын мені қай тарап,
Көгілдір көлге алқынып ұшқан аққудың даусын қайталап...

Қазір туған жер туралы толғансаң, тіліңе ең алдымен осы бір жолдар оралатын болады.

Төлеген лирикасының ең басты қаһарманы — сағыныш. Ол оқушысымен әр кездескен сайын сөзін сағыныштан бастайды.

Ей, адамдар, айналайын, туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңдар!
Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,
Қазір түгел көкірегім өрт менің!
Шартарапқа жүрегіммен жүз аттап,
Бұрын мұндай көрмеп едім ұзақтап.
Бір сағыныш мәңгі-бақи дос еткен,
Қазір мені жұлып алды төсектен...

Оның қай жырын оқысаңыз да осындай сағыныш

сазы еседі. Туған жерге деген сағыныш, достарға деген сағыныш, өлеңге деген сағыныш... Шындап келгенде, бұл сағыныштың бәрі де ақын көкірегін өртеп бара жатқан алай-дүлей махаббат.

"Құмдағы мұнараларда" өртеніп сүймей отырып жазылған бірде-бір өлең жоқ.

Қажет жерінде қатігездік пен қаталдық керек, десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте...
Сағынбай барсаң теңіз де сенің тебіренбес жастық
шағындай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың
бауларға кірсең сағынбай.
Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас
асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас
қаптап.

Бұл – ақынның суреткерлік кредосы. Сағынбай тұрып барма, сүймей тұрып жазба! Ол үшін қаншама ерлік, қаншама кендік, қаншама рухани байлық керек. Бірақ, ондай ерлік, кеңдік, байлығың болмаса ақын боп кімді жарылғайсың.

Төлеген Айбергеновтың өмірге деген, адамдарға деген, табиғатқа деген ұланғайыр махабаты оған өмірдің, адамдардың, табиғаттың ұланғайыр ақиқатын ашып берген. Махаббат – Төлегеннің болмыс құлпын ашатын жалғыз-ақ кілті. Бір ғана "Дала кешіндегі көріністер" атты поэтикалық картинаға зер салалықшы.

Жылқышы ағады белдерден,
Табынын шұрқыратып.
Мама қаз ұшады көлдерден
Мамығын бұрқыратып...
Қызғалдақ жазбаған қатарларын
Сиякты ту қаптаған.
Алыстан ақ орда отарлардың
Түтіні будақтаған.
Тұлпарлар ауыздығымен алыстырып
Сағымнан сүңгіп өтіп,
Бұлақтар шыны аяқ қағыстырып
Бұралып сыңғыр етіп.
Тұр кештің қиығында күндізгі бақ,

Бас шұлғып желге сирек.
Бағандар келеді жұлдыз құлақ
Аспанды жерге сүйреп...
Қанжардай қанға малған ұзынша қақ...
Батыс жақ нұр лаулатып.
Жер күнді қызылшақа
Батырды құмға аунатып...

Бір ғана өленнің өзінде қаншама тұнып тұрған сұлулық. Осыны өмірде талай көріп жүргенімізбен, өленде алғаш рет Төлегеннен кездестіріп отырмыз. Бір өленде қаншама соны образ, тек Төлеген байқаған соны деталь, соны штрихтар бар. Осының бәрі ақынның байқағыштығынан, тапқырлығынан ба? Әлде бұл тек ақынның аскан шеберлігінің ғана жемісі ме? Жоқ. Ең алдымен, дүниеге, өмірге енжар адам мұның еш бірін де көре, ұға, түсіне, түйсіге алмақшы емес. Екіншіден, көк жиекке көз жұмып қарайтын марғау тоғышарға мұншама тапқырлық, мұншама шеберлік қайдан бітеді? Бұл болмыспен сонау тұңғиық тереннен табысып жатқан махаббаттың әуені, ғашық көздің көргендері. Ендеше, шеберлік, тапқырлық ақын қағаз қажап, үстел бағып тауып алатын, аспаннан түскен батпан құйрық байлық емес: ол да — суреткердің азаматтық болмысының жемісі. Төлеген жырындағы әлгіндей соны сұлулық; соны образдар, өмірге деген ыстық махаббаты бір сәт суып көрмейтін, жаны алапат құштарлыққа толы азамат ақынның ғана көзіне ілігіп, көңіліне ұлайды. Даланың бір ғана кешінен осынша сұлулық, осынша өмір, осынша ұлылық көріп отырған ақын өленінің соңында:

Мен осы кеменгер кең далама
Айналып кетсем бе екен, —

десе, мұны артық мақтаныш, әсіреқызыл сөз деп емес, ақын адамның имандай сыры, асқақ рухтың шынайы шындығы деп қабылдайсыз.

Егер тап сол ақын:
Жолығар болсам қайта мен
Тағы бір мәрте сол шақпен,
Бәрін де саған айтар ем
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен, —

десе, оған да сенесіз.

Төлеген дүниеге асқақтап қарамайды, асқақ қып жырлайды. Ол табиғат алдында, өмір алдында өз кеудесін өзі ұрғылап желпіне сөйлемейді, адамдарды бауыры боп аймалап, табиғатты перзенті боп саялайды; олардың бойынан сезім серіппесін шиыршық атқызар шындықты тауып алып, серпіле жырлайды. Сондықтан да, оның жырлары көптен ұшыраспай сағынып көрген досыңның сырларындай шынайы естіледі, қанша өр, қанша жалынмен айтылса да, жалған ғой деп тіксінбейді.

Ақынның адамдарға, табиғатқа деген махаббаты әншейін абстракция емес, нақты, өміршең махаббат. Оның апаларына арналған өленін оқиықшы:

Мен ұл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуіміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын,
Өстік біз бір омыраудан таласа еміп.
Есейтті жетті күндер сыр ақтарып,
Қалдым мен қоштасарда бір-ақ танып,
Таралып шартарапқа жолдар шықты.
Сендердің бұрымдарың сияқтанып.
Кеттіңдер біздің үйден ұзатылып,
Қатыгез қимастықты қыз аты қып.
Сан түндер сағынышым көз ілдірмей
Жүгіріп сыртқа шықты жүз атылып,
Деді әкем: "қиын болды-ау, қарағым-ай",
Жан көкем, жадыратшы қабағыңды-ай.
Мен үйде жалғыз қалдым, мергендердің
Қосына тастап кеткен қарауылдай.

Жүректің өзінен үзіліп түскендей осы бір жұп-жұмыр өленді біздегі қаптап шығып жататын отбасы — ошақ қасы жырларының қатарына қайтіп қоярсың. Шыны майдай жүрегіңе шық ете қалар шын сыр. Мұны өзге отбасы жырларындай өз өмірінің күлді-көмеш шындығына қарай сүйрелеу жоқ, адамның асқақ болмысына, бауырға деген, адамға деген қаяусыз махаббатқа шақырады.

Гуманизм — махаббат; адамдық болмысты, адам сезімін, адам арын, адам еңбегін сыйлау. Т.Айбергеновтің Ғарифолла Құрманғалиевке арнаған циклі — қазіргі қазақ лирикасының азын-аулақ шедеврлерінің бірі. Атақты ағалардың шалғайына

оратылып, ағалап-көкелеп жатқан арнау өленderді күнде оқимыз. Мұнда бір асқақ өнерпаздың екінші асқақ өнерпазға деген асқақ махаббаты жырланған. Егер арнау өленде арналып отырған кісі құдай да, арнап отырған кісі құл болса, ол екі ортада махаббат қайдан жүреді, ол әншейін мәймөңкелік, жәреукелік болады да. Т.Айбергенов циклінде ондай етек жалар жалған құлшылық атымен жоқ.

Мұнда мадақ жоқ, асқақ мақтаныш бар:

Алуан өлкеде атып жүрсің-ау таңша алуан,
Аяулым менің, мен тумай жатып ән салған.

Мұнда — көлгірсу жоқ, адал махаббат бар:

Әлемді түгел әлдилеп салған әніңнен
Оянып кетсем керек мен!..
... Ғарекең бе екен деп қаламын кейде мен,
Көктемдегі қаңқылдап үшқан қаз даусын.

Мұнда әнші еңбегін түсіну, ұғып қадірлеу бар:

Мен отырмын "Әу...ң десем ару сазды
Құз басынан құлатып алатындай.
... Мен бейне көктемнің қырларында
Шалқамнан жатқандаймын тырна санап...

Мұнда — әннің өзі, оның өшпес әсері бар:

... Әсерлі ән көтерілгенде көз ұшына,
Төменде жүргім келмей кетті-ау менің.

Осынша көл-көсір махаббат, осынша адамгершілік....
Төлегеннің ойынша, поэзияның табиғаты да — сол-ақ.

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің,
қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық
жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл тоғыспас
жолдар торабын.
Нахақтап күйіп баратса нұрлы күн үшін
бір тұтқын,
Кес-кестеп барып кеуденді оғынан тосу
мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау
дүниені,
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық
жыртықтың.

Төлеген – сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант. Дара бітім адамның болмысына тән. Бір-біріне барлық жағынан аумай тартқан адам табиғатта жоқ. Табиғаттың сол қасиеті таланттар бойынан тіпті анығырақ көрінеді. Алайда, бір-біріне дәлме-дәл ұқсайтын таланттың атымен болмайтыны сияқты, ешкімге еш мінезімен ұқсамайтын дара талант та атымен болмайды. Әр талант – жеке индивидуум ғана емес, әрқайсысы бір-біріне әлеуметтік құбылыс; талант тақыр жерде өспейді. Т.Айбергеновтің барынша дара, барынша сара талантынан да қазақ өлеңінің арғы-бергіден бірталай кесек мінездерін көреміз. Оның ырғағының өзінде сонау көз ұшындағы көнемен астасып сіңісіп жатқан ертеңгілік бар; сонау тереңнен шыққан тебіріністің теңіз толқынындай әлденеше тербетіліп, әлденеше бүктетіліп барып айтылатын буын-буын, жота-жота ырғақтары Қашағанның қайсар жырын ("Мен – анау ақ айдында аршындап жүрген ақ пароход, сен – судағы жаман бүлк-бүлк еткен бударка, жайпармын да кетермін") еске салады. Ол жалғыз қазақ поэзиясының ғана емес, жастайынан мол сусындаған шығыс поэзиясының мелодикасын да шебер құбылта білген. Бірақ, бұның бәрі көнені жамап-көктеу емес, өз ұлгі, өз таңбасын табу харекеті. Т.Айбергенов творчествосы қазақ өлеңінің техникасына, мелодикасына өзіндік жаңалықтар енгізді. Ал, Т.Айбергеновті теңізді теңселтіп, шалқарды шайқалтардай қуатты екпін қазақ поэзиясына ежелден тән қасиеті, бірақ, соңғы жылдары қазақ топырағында әр алуан жақсы ақындар қанша көбейгенмен, осы бір қазақша айтқанда аруақты серпіп, арқалы өлең Қасымнан кейін көрінбей кетіп еді.

Біздің қолымызда қалған бір-екі жұқа кітап – Т.Айбергенов талантының шалқар дариясы емес, асау арнаның басы ғана еді. Оның көк телегей көл болып шалқуын көруді тағдыр біздің мандайымызға жазбапты.

Ыбырайым ЮСУПОВ,
Қарақалпақстан және Өзбекстан халық ақыны

АРМАН БҰЛАҒЫ

Мен саған салт ат мінген жолаушыдай,
Келемін Құс Жолынан нұр шаңғытып.

(Төлеген)

Көпшілік қарақалпақтар сияқты мен де қазақ әдебиетін сүйіп оқимын. Оның поэзиялық сын-сипатына қанықтығым, ықыласым ерекше, тіпті бір өлеңде "Сен Абайдың бірер сөзін ұмытсаң, Мен айтайын, кел де менен сұрап ал" деуге батылымды барғызған. Енді, міне, Төлеген туралы айтуға хақым барлығына сенерсіздер деп үміттенемін.

Алпысыншы жылдарда қазақта жүзден жүйрік шығып, дүбірлеткен тайбурыл ақындар деп мен өзім Қадыр Мырзалиевті, Мұқағали Мақатаев пен Төлеген Айбергеновті танимын. Бұлардың әрбірінің ақындық аруағы бар, жаланаяқ жүріп тікенекті тыңнан салған соқпағы бар. Бірақ, бұлардың үшеуінің де басын қосатын құдіретті қасиет, бұл — табиғилық, ақындық адалдық, биік адамгершілік. Бұлар — экологияға ұшырамаған, мөлдірі бүлінбеген бұлақтар. Әсіресе, Төлегеннің бұлағы өте таза, мөлдір, биіктен құлап ағады. Ондағы сұлулық назға, жанға жағымды сазға, аппақ армандарға жетелейді, әуесің келеді. Оның өлеңдерін оқығанда, ол басқаның емес, құдды өзінің жүрегіңді суреттеп, өзің айта алмай жүрген ойларды, көңілінде тыныш таппай жүрген армандарды айтып жатқандай сезінесің. Бұл өлеңдер бұлақтай сылдырлап, еркін құйылып келеді. Оны көзіңмен емес көңіліңмен оқисың.

Міне, Төлегеннің "Мен саған ғашық едім" деген жинағының кез келген бір бетін ашамын да, оқимын:

Шындықсың сен, бір туған
өзімменен,
Сен сөйлесең — ой да кең,
Сөзім де кең.
Ох, қандай жақсы болған
туылғаным,
Адамдарда жүрек бар

кезінде мен.
Немесе:
Өмірді үлкен домбыра деп
білем мен,
Егіз туған екі шектен
тұратын.
Бірі – қайғы, қабағында
түнерген,
Бірі – шаттық әлдилеген
мұратын.

Төлеген, менің тануымша, ой-пікірден гөрі жүрек сезімін, адамның арман-үмітін өз сұлулығына құбылтып, ғашық болып, ынтығып, шөлдеп жырлаған ақын. Оның бұл табиғатының отына тән ауруы май құйып, жас жанын өртеп жатқандығы сезіледі...

Төлеген Айбергеновтің туып-өскен жері – қарақалпақ топырағы, ол өмірінде де, өлеңінде де туған жерге оралумен өтті, енді міне, елінде де осы топырақ торқа болып, мәңгі ұйқыда жатыр...

Ақынның туған жерге арнаған өлеңдерінде онын сағынышты мұңдары өте күшті сезіммен жырланады, оқып отырып, сүйсінесің әрі іштен жылайсың...

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаным толқып тұр менің.
Бердақтың сүйген өлкесі,
Әжінияз айтқан жыр ма едің?!

Оның туған жерге жалынды махаббатының күшіне қарап, қарақалпақ қызына қарап ақын не дейді:

Қалайша арман саған
елтімесін,
Дауысын қазды аспанның
келтіресің,
Қайтпасам болмайды енді
Алматыма,
Сен мені өртей-өртей
өлтіресің.

Төлегеннің "Сағыныш толқындарында" жүзіп жүріп жазған "Бір тойым бар" деген өлеңі – ақынның өміріне де, ақындық өнеріне де – эпиграф десе болады. Бұл

құдіретті өлең — ақынның өмірге деген жалынды махаббатының жалындау, шарықтау шегі. Мен бұндай өлең оқып көрмедім. Бұны ақын сөзсіз жылап отырып жазған, жылауық емес, мәрт жүректі, таза ұжданды, өмірді сүю арманы көкірегін қарс айырып кеткен ақын ғана жаза алады бұндай өленді. "Мен өлемін өзімнің биігімде" дейді ғой ол бір өлеңінде. Бұл — сол биікте жазылған өлең.

Ол сондай той болмақшы:
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.
Қыз қуатын жігітке ат беремін,
Жанам деген жүрекке от беремін,
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін.

Төлеген өмірінің де, ақындық шабытының да "жиырма бесінде" қайтыс болды. Бірақ, бұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өленděрі халқына, ұрпақтарға рухани күш һәм ләззат беріп жасайды.

Егемендік-еркіндік алған еліне, біздің ортақ үйіміз болған Түркістанның жақсы келешегіне оның рухы сүйсініп:

Шығысқа қара,
Қарашы, мынау шығыстың
Шұғылаға мәңгі қанатын
малып жатысын!

деп қуанатын болды.

... Мен, өзімнің "Пошша торғай" (Жавронок) деген ертеректе жазған бір өленімде мынадай бір оқиға айтылар еді: зеңгір көк аспанға өз жүрегін шегелеп, туған жерін есі кеткенше шырылдап жырлап, сайрап тұрған торғайды аспаннан жауған бұршақ қағып құлатады.

Өлді ол. Біракта, оленінің
Күшін
Көз жетпес биікке шығарып
өлді. —

деп бітер еді ол өлең.

Міне, туған жерін поэзияның зеңгір көгінде тұрып асқақтата жырлаған Төлеген де, біз түсінетін түркі тілдес поэзияда дүниеге өте сирек келетін ақын ретінде жасайды. Оның жыр-тойы, өзі айтқандай "Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның".

Әзиза НҰРМАХАНОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ОҚЫМАЙТЫН... ӨЛЕҢІН ЖАТҚА АЙТАТЫН

1956 жылдың тамыз айы болатын. Төлегенмен кездесудің сәті түсе кетті. Қанша сөйлессем де, біраз өлеңдерін тыңдасам да, аңғарғаным – оның өлеңге деген шексіз махаббаты! Қайсы өлеңін тыңдасам да тілінің байлығы, ойының терендігі, өлеңнің терендігі жұрт айтқандай, мені бір таңғалдырды. Төлегеннің тағы бір өзгешелігі – қайсы өлеңі туралы сөз болса да, "оқып берді" деген тіркесті қолдануға болмайды екен. Оған тән қасиет – ол өз өлеңін тек қана жатқа айтып береді.

Төлеген Қарақалпақстанда туып өсті, оның ақын болып қалыптасуына гүл жайнаған кең дала, шалқып кемерінен асып жатқан Арал мен Әмудария шабытын шарықтата түсті, жырларына арқау болды...

Елдің айтуынша, Төлеген өленді жас кезінде шығара бастапты. Оның табан астында шығарған өлеңдерін жатқа айтып жүрген үлкенді-кішілі кісілерді көп кездестірдім.

Төлегенмен кездескен кейбір жастар "Ақын болғым келеді. Ол үшін қандай болу керек?" – деген сұрақты қоятын көрінеді. Мен Төлегеннен "Сен оған қандай жауап бердің" – деп сұрадым. Сонда ақынның берген жауабы былай екен:

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл – тоғыспас жолдар торабын.

Осыдан-ақ Төлегеннің "ақын" деген киелі атты аса қастерлеп, үлкен жауапкершілікпен қарайтынын сездім. Маған ақын деген халықтың жүрегін, жан дүниесін өзгеден бұрын түсінетін барометр сияқты болып көрінді. Латынның мына бір мақалы "Поэтами рождаются, ораторами делаются" (Мен былай аударды м – "Ақын іштен туады, шешен жаттығудан болады") деген Төлегенге дәл айтылған сияқты.Тап осы екі үлкен қасиет Төлегеннің тал бойынан табылатындығын онымен сөйлескен, пікір алысқан кім болса да күмәнданбайды. Ойлана оқысаң, оның қандай өлеңі болсын – тұнып тұрған ой.

Тілші-әдебитші ретінде байқағаным – ол өз туындысының тіл шеберлігіне аса көңіл бөледі екен. Сөз байлығы мол, шығыс әдебиетімен де, түркі халықтарының шайырларымен де, соның ішінде қазақтың асқақ ақындарын өзіне пір, үлгі тұтатындығы бірден байқалады. Ол бір өлеңінде былай дейді:

Оқысам тарау "Абайдан",
Хабардар болам талайдан.
Тілімнің өңі бұзылса,
Сияқты қарар шар айнам.

Қарақалпақтың бір шетінде, Қоңырат деген ауданында туып өскен қазақтың қаршадай қара баласы "Тілімнің өңі бұзылса, Сияқты қарар шар айнам" деп ұлы Абай атасына әрі еліктеп, әрі пір тұтып жатқандығы менің де жүрегімді қозғап жіберді.

Ол кезде Төлегеннің өмірі еш жерде жазылмаған болатын. Нағыз жырау да, ақын да өзін таныстырмай кетпейтін үрдіс бар ғой, Төлеген де сол жолды қайталады. Бұл өлеңі "Апаларым" деп аталатын еді.

Төлегеннің өлеңдері аудандық газеттерде басылып жүрді. Қоңыратшылар мен мойнақшылардың аузынан ақынның өлеңдері түспеуге айналды. Бұл уақ Төлегеннің Ташкенттегі Низами атындағы педагогтік институттың тарих-филология факультетін бітіріп, мұғалім болып жұмыс істеп жатқан кезі болатын. Мен Қарақалпақ обкомының үгіт-насихат бөлімін басқаратынмын. Төлегеннің өлеңдерін барлық

Қарақалпақ халқы тындасын деген оймен сол кездегі республикалық радиокомитетінің бастығы Мырзек Қалымбетовке телефон соқтым.

– Төлеген Айбергенов деген Қоңыратта тұратын жас ақын бар. Сол адамға эфирден 30-40 минөт уақыт бөлсеңіз, өленін оқысын, – дедім. Ол бірден-ақ:

– Жарайды, бірақ айтқан уақытыңыз көптік етпей ме, тыңдаушыларымызды жалықтырып алмаймыз ба, – деді.

Мен оның даусынан бұрын-соңды естімеген жас ақын туралы сенімінен гөрі күдігі мен күмәні басым екендігін аңғардым. Осыны сездім де:

– Мырзек Қалымбетұлы, ол уақыт көптік етпейді. Жас ақынның жазған шығармалары көп. Бір шерін тарқатсын! – дегеннен басқа аузыма сөз түспеді.

Ол біраз ойланып тұрды да:

– Қай тілде оқиды? – деді.

Мен таңқалғандай болдым: "Ол жағын Төлегеннен сұрамаппын да, екі тілдің айырмасы шамалы ғой" – дедім де, сөзімді аяқтадым.

Таңертеңгі бағдарламада кешкі сағат 7-ден 20 минөт өткенде "Жас ақын Төлеген Айбергеновтің өлендер циклы" оқылатындығы туралы хабарланды. Жұмысқа келдім де, Қарақалпақтың дарынды ақындары Жолмырза Аймырзаұлына, Тілеуберген ағаға, Ыбырайым Юсуповке, Тәжетдин Сейтжановқа қоңырау шалуды ойладым. Бұндағы ойым – ақындар ақынды қалай бағалайтынын, Төлегеннің өленderіне қандай пікір білдіретінін білгім келді.

Хабар алдында Мырзек Қалымбетов Төлегенге:

– Радиодан оқуға дайындаған өленderіннің текстерін көріп шығуым керек, – депті. Төлеген: "Жазылған өленderім үйде қалды. Бәрібір мен оларды оқып отыра алмаймын ғой", – деп жауап беріпті. Мырзек Қалымбетов таңғалып:

– Қалай оқымайсың? – десе,

– Мен жатқа айтамын, ол өленderді шығарған өзім ғой, – дейді Төлеген.

Мырзек Қалымбетов қандай ақын болса да, текспен келетіні, сол арқылы уақытты да, идеялық жақтарын

да қарап шығудың қажеттігін түсіндіре бастайды... Оған Төлеген: "Берілген уақытыңызға қарап айтатын өлеңдерімді белгіледім, идеялық жағынан қорықпаңыз, ешкімді ұятқа қалдырмаймын" – деп сенімді түрде жауап беріпті.

Тағы да: "Қай тілде оқисыз?" деген сұраққа:

– Ең бірінші өлеңімді шығарған тілімде айтайын. Бұл екі тіл де өз ана тілім, – деп жауап беріпті де, бірнеше қарақалпақ шайырларының өлеңдерін жатқа айтып береді.

Осы диологтан менің бір түсінгенім, Төлеген қазақ, өзбек, түрікмен, орыс ақындарының өлеңдерін жатқа білумен қатар, өз өлеңін бәз-баяғы ойдан шығарған күйінде жадында сақтаған. Керек жерінде ойдың орайына қарай жырды төгіп-төгіп жіберіп, кейіннен сол айтқан өлеңдерін ойлана отырып, қағаз бетіне түсірген.

Қысқасы, Мырзек Қалымбетовтен естігенім – өлеңді оқыды деген сөзді өзіне де, өзгеге де қолданбайды екен.

Кешке белгіленген уақытта Төлегеннің өлеңдері берілді.

Ол алғашқы өлеңін "Кегейлі дәптерінен" бастады:

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаным толқып тұр менің.
Бердақтың туған өлкесі,
Әжінияз айтқан жыр ма едің?!

***

... Әмудың арғы бетінен,
Аркалап келдім көп ойды.
Жүректің ыстық отымен,
Мархаббат, қарсы ал, Кегейлі!

Қазір тек осы екі шумақты ғана еске түсірдім. Ал, Төлеген ол уақытта бір-біріне ұқсамайтын, бір-бірінен өткен әдемі, көркемдігі мазмұнымен қиысып жатқан оннан артық өлең оқыды.

Оқығандағы дауыс ырғағы ақынның өзіне сенімділігімен жұптасып, ертеден қалыптасқан ірі тұлға,

үлкен ақын өлеңдері оқылғаннан кейін радиоға үстіүстіне хаттар келіп, тағы да оқысын деп тілек білдіріп жатты.

***

Төлеген Қазақстанға кетуге белін мықтап байлаған екен... Қимастық білдіріп, кетпеуін өтіндім. Мен бұл кезде Қарақалпақ Республикасының Оқу министрі болып қызмет атқаратынмын. Төлеген туралы, оның қызметі мен шығармашылығына мүмкіндік туғызу жөнінде біраз ойларым бар-тын. Күні бүгінгідей есімде:

– Төлеген, кіндік қаның тамған жеріңді, кіршіксіз мөлдір жырларыңа арқау болған Аралды, Әмуды, Қарауымбетті, құрбы-құрдастарыңды, Мойнақ пен Қоңыраттың ақ жарқын адамдарын қалай қиып тастап кетесің? – дедім. Ақын үндемей отырды да, терең бір күрсінді. Шынында да, өзі туған өлкеде небір қаймағы бұзылмаған, төкпе өлеңдері ел аузында болатын. Оның бас-аяғын жинап алу да қиын шығар деп ойладым ішімнен. Біраз үнсіздіктен кейін, "тума дарын ғой, атажұртына барып, құлашын бұдан да бетер кең жайып, қанатын еркін сермегісі келген шығар" деген ой түйдім.

Екеуіміз де ойға шомып, біраз отырып қалсақ керек, сол тыныштықты бірінші болып Төлеген бұзды: – Апа, Шымкентте кімді білесіз? – деп сұрады. Мен Шымкент облаткомы төреағасының орынбасары болып істейтін Жұмабек Тәшенов ағайды танитындығымды айтып, оған сол жерде-ақ телефон соқтым. Жұмабек ағай ақ жарқын, қазақтың адал перзенті ғой, "Мен өз еліне келемін деген дарынды қазақты құшақ жая қарсы аламын", – деді де, Төлегеннің аты-жөнін жазып алды.

Кейінірек бір кездескенімізде Төлеген Жұмабек Ахметұлы Тәшеновтің қалай қарсы алғандығын, сөзбен айтып жеткізе алмаған еді.

Төлеген аңсап арман еткен атажұртына келіп, дұрыс баспанасы болмаса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Асқақ ойлы ақынның Қазақстанда аз жасаса да, артына қалдырған өлеңдері көл-көсір. Ол өз алдына бөлек әңгіме.

Төлеген атажұртына даңғазасыз "Мен ақынмын" деп кеуде көтермей, сыпайы келді де, елеусіз кетті.

Ол Сарыағашта тұрған кезінде араласып тұрдық. Салтанаттан кейінгі екінші қызының атын Махаббат деп өзім қойдым. Төлегеннің анасы Жібек жалғызының қос перзентіне шексіз қуанды.

Сарыағашта, Шымкентте Төлегеннің тілектес достары өте көп-тін. Бәрі жас ақынның өлеңдерін жатқа айтатын. Ол Ташкенттегі біздің үйге жиі келіп тұратын. Өзбектің халық әртісі Батыр Закировпен көрші тұрдық. Батыр Төлегенді өте сүюші еді, көптеген өзбек ақындарымен, әріптестерімен Төлегенді таныстырып жүретін.

Төлеген өмірмен ерте қоштасты. Денсаулығының нашарлығын сезіп, туған жеріне кетті. Нөкісте емханада жатқанда оның көңілін сұрауға жұрт ағылыпты. Қаржау деген бір жолдасы мені көргенде:

– Оған тағдыр бір апта, әрі кеткенде бір ай берсе ғой, шіркін. Қаншама ойлы өлең-жырлар дүниеге келер еді. Төлеген өзімен бірге айтылмаған сырын, жазылмаған дастандарын, өзі мен өзгелер туралы терең мазмұнды, көркем жырларын ала кетті, – деді ол терең қайғырып. Есіме қазақтың мына бір мақалы түсті: "Жаман кісі өлсе, дүние кеңіп қалғандай болады. Жақсы кісі өлсе, дүние кеміп қалғандай болады". Бұл – өмір шындығы . Опасыз, қайырсыз кісілер канша көп жасаса, жанындағыларға сонша зәбір көрсетеді. Ал, Төлеген сияқты дарынды ақынның, жақсы ағаның, аяулы жардың, аскар таудай әкенің көз жұмуы қандай өкініште!

Төлеген Қасым, Мұқағали, Жұмекендермен үзеңгілес. Бірақ бұлардан Төлегеннің бір ерекшілігі – ол қарақалпақтың да сүйікті ақыны. Таразының басын тең басып, туған еліне де, жұртына да қылдай киянат жасаған жоқ. Оның қай өлеңі болсын кісіге ой салады, адамгершілікке, адалдылыққа, әділдікке тәрбиелейді.

Әлбетте, Төлеген өз алдына бір төбе.

Нөкіс әуежайының маңында Сорша деген мазар бар. Менің әке-шешем сонда жерленген. Жылда басына барып, зиярат етеміз. Төлеген де осы мазарда жатыр.

Ақын Төлеген өмірден өткен жылынан көп жылын жер астында өткізсе де, мәңгілік мұрасы тірі, ақын Төлеген бізбен бірге жасап жатыр.

Саттар СЕЙТХАЗИН

ҚАРАЛЫ САПАР

1966 жылдың жазы болатын. Кімнің тойы екені есімде жоқ, әйтеуір бір әдебиетке жақында ғана келген бір жас ақынның үйлену тойына шақырылдым. Той екінші мөлтек аудандағы "Шағала" мейрамханасында өтіп жатты. Тойға ол кезде сол төңіректе тұратын ақын інім Оспанхан Әбәкіров те шақырылған екен. Оспанхан екеуіміз телефон мен хабарластық та мейрамханаға тарттық.

Есіктен кіре бере саңқылдаған ақын даусын естідік. Бір қаз дауысты қара бала жүрегіңді тебірентердей тамаша жыр жолдарын төпеп тұрды. Біз ақынның ширақ та шымыр жолдарына сүйсініп қозғалмай есікте тұрып қалдық. Ақын төгіле берді, төгіле берді.

О, менің байтақ мекенім,
Жанымның қаршығасы сен,
Шырқағым келіп кетеді
Жазбаған ән шығарсың сен.

Қызығың тербеуде мені,
Тарқамас той шығарсың сен,
Тулаған тар кеудедегі,
Тумаған ой шығарсың сен...

Әлемдегі жыр жолдарына ұйып қалған мейрамханадағы зал толы көпшілік үнсіз қалған. Сыбдыр еткен масаның ызыңы да жоқ. Қарлығаштай қомданып алған ақын екі қолын аспан әлеміне көтеріп самғап бара жатқан сияқты. Туған жерге деген шексіз махаббат, адалдық, сүйіспендік, елге деген абзал ұлдың ерек сезімі зал ішін күңірентіп тұрды.

Бақыт па ең қонған басыма,
Қиялды ойнатасың сен,
Құмар ғып ұйықтатасың да,
Қуантып оятасың сен...

Не деген сүйіспендік, не деген махаббат, адал да абзал сенім. Еліндегі не бір езді, басбұзарды туған жерді сыйлауға, құрметтеуге тәнті етеді. Бойында адамгершілік пен ардың нышаны бар адам бұл өлең жолдарына бас иетіні белгілі ғой.

Өлең аяқталарда ақын, үнін сәл саябырлатты да іркіліп қалды:

— Ағайларымыз келіп қалыпты ғой, той бастаушы қайда? Қабылдамайсыңдар ма қонақтарыңызды, шақырыңдар, төрге шақырыңдар, — деп реніш білдірген нышан көрсетті.

— Біз сіздің ... өлең оқып тұрған соң...

— Тоқтат, немене мені Сәкең мен Оспанханнан ардақты санағандарың ба? Қызық екенсіздер өздерің, — деп тұрған жерінен жылжып бізге беттеді.

— Ә, Төлегенбісің, әй, өзің бүгін тым қанаттанып кетіпсің, келші бері өзіңді бір еркін аймалайын, — деп Оспанханым да гүж етті. Маған қарай сәлемдесуге ыңғай берген қарлығаштай нәзік ақыным Оспанханымның алып құшағына барып гүмп етті. Не істерімді білмей жан-жағыма жалтақтап мен тұрмын.

— Жүріңіз, Сәке, төрлетіңіз, — деп құбылмалы қу даяшы жанымды жеп барады.

Ақындықтың адуын киесі баурап алған мен орнымда қатып қалдым. Оспанхан ақын інісін босатар емес.

— Жарайды Оспан аға, осы сүйгенің де жетер, мені қылымсыған қыз, деп пе едіңіз? Сәкеңе сәлем берейін, — деп Оспанханынан құтылып келіп, аға, — деп мойнымнан құшақтайды.

— Аманбысың, ақыным, — деп мен сыпайы баурыма бастым. Мен оны бетпе-бет тұңғыш көруім еді...

Мен күнде көріп жүрген көп ақын-інілерімнен ерекше бір еркелікпен "Сәкелеп" ертіп дастархан басына келіп қасына отырғызды. Отырғандарға, — бұл біздің ағамыз Саттар Сейтхазин болады, — деп өзі таныстырды.

Сол күнгі кеш өз өмірімдегі ұмтылыс бір қазына боп сіңді менің бойыма. Жайраңдаған жарқын мінез асыл жырымен де сырымен де мені өзіне тартып баурап алған еді.

— Сәке, сіз мені бұрын білуші ме едіңіз? — деп сұрады ол тұтқұйылдан.

—Неге білмеймін, білемін "Арман сапарын" оқып сусындағаным бар, бірақ өзіңді көріп отырғаным осы, — дедім мен де шынымды айтып.

– Қызық екенсіз, мен сізді Жазушылар одағында күнде көремін ғой, сәлемімді алмай мені менсінбегендей өте шығасыз, – деп өзімді бір тұқыртып алды. Ол кезде менің тыңдағаным, оқығаным ұмтылмай жадымда қалатын кез, мен Төлегеннің "Жиырма бес" атты топтама өлеңдерінен бір шумақты есіме түсірдім-ау әйтеуір.

... Жиырма бес әр асуға бір шығып,
Кең әлемге көз жіберу құлшынып,
Жиырма бес қашықтыққа ғашықтық,
Қашықтыққа ғашықтық қой – тіршілік.

Ой-дөйт те, жеңілдім, аға, жеңілдім. Мен сізді өз өлеңін ғана қастерлеп, басқаның жазғанын оқымай-ақ сырғыта салатын ақын екен десем; қателесіппін. Мұқағали деген керемет ақын досым бар. Ол да өзіңіздей қайдағы әдемі жыр жолдарымды ұмытпай кездескен сайын кейде қалжың, кейде мақтаныш қылып айтады да, ақынсың ғой, "қызталақ" дейтіні бар. Ақынсың дегеніне марқайып, "Қызталақ" дегеніне бұртиып қаламын, – деп қарқылдап тұрып күлді. Оның бұл сөзіне мен де мәз болып: "жарайсың, Тәкең, жарайсың", – деп жатырмын.

– Мен сізден тағы да көз жазып қалуым мүмкін, координатыңызды айтыңызшы?!

– Мен осы мына іргедегі бесінші мөлтек ауданда тұрамын. Той соңынан соға кетуіңе болады.

– Жоқ, ағасы, бұл жолы емес; оны келесіге сақтайық. Өзіңіз біздің Хоромаға қонаққа келіңіз.

– Хороман қай жерде еді? – деп сұрадым мен қуақыланып.

– Біз аға, анау-мынау көшеде тұрмаймыз. Әйгілі Ленин көшесінде...

– Ehe, ана жаңадан салған жаңа үйлердің бірінде екен ғой, қай үйде, нешінші пәтер?

– Өй, аға, қайдағы пәтерді айтасың, өзім сатып алған кәдімгі пятиэтажный үй.

Мен оның сөзіне сеніп, бір керемет үйдің бау-бақшасында дем алып сайрандайтын болдық қой деп түйдім өзімше.

– Жарайды, жаз әдірісіңді. Осы жетінің ішінде кіріп шығамын.

—Келіңіз, келіңіз. Үрниса деген "коммунист" келіңіңіз бәрін де табады. Бас қосып бір шертейік...

— Коммунисі несі, соншалық қатаң ба? — дедім жұлып алғандай көзіне бақырая қарап.

Ол да сөзінен қайта қоймай, — шын айтамын, сенбесеңіз өзінен сұрарсыз. Ол Қарақалпақстанның комсомол комитетінің секретары болған, — деп бір-ақ түйген-ді.

Содан кейін көп ұзамай Төлегеннің "Пятиэтажный" үйінде болғаным бар. Төбесі құлағалы тұрған жапырайған жатаған үйшік. Жиһаз дегеннен жұрдай. Үйдің іші-сыртын мұнтаздай етіп әктеп қойыпты. Әйтеуір ыдыс-аяқ, сүлгі, төсек-орны тап-таза, жинақы. Мен арман еткен бау-бақшаның иісі де жоқ. Әйтеуір не керек, шығары да, кірері де бір есік.

"Коммунистка" келініміз төріне көрпе төсеп, шынтағымызға жастық салып аянбай барын төгіп күтіп алғаны бар.

— Қазақша кең жайылып отырғанға не жетсін, отырғышқа отыра-отыра құйрығымыз тесілетін болды ғой, — деп қояды ақыным. Сол бір кішкене үйде талай бір жыр маржаны ақтарылды. Талай сыр да шертілді. Бағлан ақын балалық шақтың бал шежіресін айтудан бір тынған жоқ. Мен Төлегенмен өткізген осы кездесуді ешқашан да ұмытпақ емеспін...

Бұл естеліктің "Қаралы сапар" аталуының да қайғылы мәні бар. Өмірімде, көрген ең бір қаралы қасіретті шақ осы болар. Сұм ажал суық қабірге кімдерді апарып адамзат баласына қаншалық қара жаптырмаған. Өмірінен өнер күтіп нұрлы болашақтан жарық етер бір шағын да қимапты, Төлегенге қысқа ғұмыр. Бұл жайлы естелік жазудың өзі де құрсаулы тұтқын секілді. Ажалға тойымсыз қара жер қызғалдақтай қыз мінезді ақын інімді — Төлегенді, Төлешімді де шімірікпей жұта салған-ды. Қайтерсің, қайран дүние, жалған дүние...

"... Жігіт болдым күй толы көкірегі,
Ықыластардың тербейді оты мені,
Мен сендердің жалғыз тал қауырсының

Көп тағдырдың көтерген ауыр сынын.
Рахмет, адамдар, жасарыңдар,
Бауырың ем, жүрек қып жасадыңдар!"–

деп ақын өз ғұмырының аздығын аза тұтпай адамдарға жақсылық, жас өмір тіледі емес пе? Иә, ол өмірдегі адамдардың бауыры да, жүрегі де еді. Тіршілік иесі қыршын ақынның солай айтқанына сеніңдер, әр уақыт ақын жүрегіне тәжім етіп дұға қылыңдар!

Ақынның өмірге берешегі мол боп өткенін түсінгендер оның әр жолы мен әр өлең шумақтарынан аңғара алады. Қайран жүрек, халқымның жан жүрегінен асар не бар. Иә, ол жүрегіміз еді, өнердің ұлылығын түсініп, бар тағдырын соның асқар шыңына шығуға арнаса да, шегіне жетпей үзіліп кетті, қайтеміз

1967 жылдың 29-тамызы еді. Таңғы сағат алтыда телефоным салдырлап қоя берді. "Бұл кім екен, таң атпай безілдеткен, түнде де тыныштық бермейді бұлар," – деп азын-аулақ киіндім де, кірер бөлмеде тұрған телефон трубкасын көтердім:

– Бұл кім екен?

– Мен, Қабдікәрім ғой, Сәке, бір ауыр жағдай болып қалды. Қазір такси ал да Одаққа тез жет, мен сонда боламын.

– Әй, бастық не болып қалды, жөніңді айтсаңшы алдымен.

– Нөкісте, Төлеген Айбергенов қайтыс болыпты, тез жет, қалғанын келген соң естірсің. – Жүрегім дір етті де, телефон трубкасы қолымнан салдырлап жерге түсті...

Қабдікәрім Ыдырысов сол кездегі Жазушылар одағының секретарьларының бірі болатын. Мен сол кезде көшенің қарсы бетінде қаптап тұратын көп таксидің алдыңғы біреуіне отырдым да тартып бердім...

Жазушылар одағының екінші қатарына көтерілсем, ботадай боздап жүрген Мұқағали марқұмды кездестірдім. Екінші қатарға көтерілгенім сол екен еңіреп келіп Мұқағали алып құшағына қаусырып алып еңкілдемесі бар ма, босатар емес. Өзім ентелей басып келген бетте ентігімді баса алмай мең-зең қалыпқа

түстім. Оның құшағынан әрең құтылып, Қабдікәрімнің кабинетіне қалай кіріп барғанымды сезбей де қалдым.

— Е, Сәке, келіп қалдың ба? Міне қазір жиырма минутсыз жеті. Қазір менің машинама отыр да екі билет ал. Самолет Ташкентке сағат 10-30-да ұшады, тездет.

— Өй, өзі не болды, жөн-жобаңды айтшы, — деп дегбірін алып тұрып алдым.

Жазушылар одағының әдебиетті насихаттау бюросы жазушылар Дихан Әбілев, Сағынғали Сейітов, Нұрфолла Шәкеновты Қарақалпақстанға командировкаға жібереді. Осы ақындардың Қарақалпақстан жұртшылығымен кездесуін Нөкіске ертерек барып ұйымдастырған Төлеген Нөкіс қаласына жеткен күннің ертеңіне бригаданың басқа мүшелері Шымбай ауданына жүріп кетеді де, Төлеген сырқаттанып Нөкісте қалып қалады. Сол күні аяқ астынан ақын мәңгілікке көз жұмады. Қ.Ыдырысовтың бар білетіні осы ғана болды. Мұндай сұмдық хабарға әбден қанықкан соң мен аэропортқа тарттым. Нөкістіктердің жіберген жеделхатын ұстап аэропорт бастығының (қазір фамилиясы есімде жоқ) тұра өзіне кірдім.

Аэровокзал кассаларына қайта-қайта телефон шалып отырып Ташкентке екі билет тапты-ау бастық. Енді ұшқалы тұрған ұшаққа жеттік-ау, әйтеуір. Үрнисаға Төлегеннің қайтыс болғаны туралы Қабдікәрім де, біз де ештеңе сездірмеуге тырыстық. Тек Төлеген қатты ауырып жатыр, дәрігерлер бір емін табар, — деп қана қоямыз. Онымызға сеніп отырған Үрниса жоқ, тек көзін мөлдіретіп бізге жаутаңдай қарай береді. Үрнисадан гөрі маған Нөкіске жеткізуге ауыр тигені Мұқағали болды. "Ой бауырым-ай, ой ақыным-ай, серігім-ай, егізім-ай, не болдың, не болдың", — дейді де зілдей ауыр денесімен үстіме қиран етіп құлай кетеді. Мен, — "Мұқаш, Үрниса оның қайтыс болғанын сезіп қояды, шыдашы енді, шыдашы", — деп жалынамын. Ол аз-маз қалпына келеді де, әрі-беріден соң баяғысына қайта басады. Мен байғұс оны қайтадан уатып әлекпін. Үшеуіміз де таңғы оразамызды ашқанымыз жоқ. Ұшақта бір-бір рюмкемен минерал суын беріп еді. Үрниса татып алмады. Әйтеуір Ташкентке қарай ұшып келеміз. Орнымыз да жайлы.

"Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің" дегендей қияметтің әкесін Ташкент аэропортында көрдім, тіпті өзбектерден таяқ жеп те қала жаздадым. Мұқағали мен Үрнисаны ұшақтан түскен соң екеуін екі қолтығыма қысып алып аэровокзалға беттедім. Қолымда қаралы телеграмма бар, енді Ташкенттен Нөкіске билет алуым керек. Ұшып келген ұшақ Ташкенттен сапарын аяқтайды екен. Нөкіске басқа ұшақ ұшады. Ол ұшақтың ұшуына біржарым сағаттай уақыт қалыпты. Асығуым керек. Мұқағали мен Үрнисаны вокзал алдындағы бір жолаушылар орындығына отырғызып, орындарынан тұрса адасып қалармын деп екеуіне де: "— Осы арадан қозғалмаңдар, мен билетке барамын, айналдым, тілімді алыңдаршы, мен бәрін де реттеймін" — деп жалынып, артыма жалтақтай қарап вокзалға еніп кеттім.

Кассалардың алды толған адам. Қаздай тізіліп тұр. Бірін итеріп, бірін лақтырып ұрыс керіс жасап касса тесігіне өңмеңдеп ұмтылған жетпегірлердің көбін қайтерсің. Олар билетті өшіретсіз алып шығады да жалма-жан біреулерге жоғары бағасына өткізеді де әлгі тесікке қайта ұмтылады. Не істеуім керек, аз тұрдым да әлгі жетпегірлердің бір-екеуін алдыма салып касса тесігіне де жеттім-ау. Екі жүгірмек билеттерін алған соң, мен де құжаттарымды ұсындым. Арлан төс, еңгезердей бір өзбек билет сатып отыр.

— Маған Нөкіске ұшатын ұшаққа үш билет беріңіз, міне телеграмма, — деп қаралы хабарламаны ұсындым.

— Бұл нәмә кирәк, билет йок... Сар, бар, кет...

— Бүгін мына ақынды жерлеуіміз керек, телеграмманы оқыңызшы! Жалынып тұра бердім. — Жиырма бес сом пұл қосып берсең болады, — деп сыбырлады артымнан біреу. Мен оның сөзіне пайым бермей, "үш билет табыңыз" деп кассирге тағы жалбарындым.

— О, анаң, — деп кассир өзбегім кассадан шықты да мені жағамнан алып лақтырып жіберді. Мен шалқамнан барып құладым...

Мені бір орыс жігіті мен қараторы қыз екі қолтығымнан сүйеп көтеріп алды. Орнымнан тұрып

касса терезесіне қарасам әлгі өзбегім маған қарап жұдырығын көрсетеді. "Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқтың" керін киіп, не болса да бастығына барайын деп екінші қабатқа көтерілдім. Қабылдау бөлімінде отырған қылшиған өзбек қызы.

— Бастық ешкімді де қабылдамайды, — деп өзбекшеледі. Мен қыздың жанына еркін басып бардым да, өзімнің жазушылық куәлігіммен әлгі телеграмманы көрсеттім де, бастықтың есігін еліре ашып кіріп кеттім. Ұзыннан ұзақ жарық, кең кабинеттің төрінде екі қолын үстелдің үстіне салып алақ-жұлақ етіп, отыз бес, қырықтар шамасында бұғағы салбыраған, жып- жылтыр өзбек отыр. Мен еркіндей басып бастықтың алдында тұрған қабылдау үстелінің қасындағы жұмсақ былғары креслоға күп беріп, отыра кеттім. Бұл кім өзі, неге еркінсиді дегендей, менің сәлеміме де құлақ түрмей саусақтарын сыртылдатып аз-маз отырды да,

— Сізге не керек еді? — деп дүңк етті. Мен жағдайымды айта бастап едім, ол тыңдамай қолымдағы құжаттарыма қолын созды. Ол телеграмманы көз жүгіртіп қарап шықты да:

— Мен ештеңе істей алмаймын, кассаға барыңыз, — деп құжаттырмды маған қарай сырғыта салды. Мұның да мені жетістіре қоймайтынына көзім жетті де оған:

— Онда мені мына телефонның біріне қосыңыз.

— Жоқ, бұл арадан ешкіммен де сөйлесуге болмайды, — деп шірене қалды. Енді не істедім, мен кассаға кеткелі жарым сағаттан асып кетті. Үрнисалар не болды екен, бір амалын қайтсем де табуым керек шығар деп аз ойландым да, ойыма кілт шығарда Қабдікәрім жазып берген Өзбекстан ЦК Комсомолының бірінші хатшысының телефоны есіме түсіп кетті де бастыққа:

— Сіздің телефондарыңыз көп-ақ екен, соның біреуі правительственный шығар, мына телефонды қосып жіберіңізші, — дедім. Бастығым әлгі телефон номеріне көрді де, асып-сасып, — Сейттас ака, Сейтас акаға басып аппараттарының ішінен бір көк аппараттың трубкасын жұлып алды. Телефон Өзбекстан комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Орталық партия

комитетінің бюро мүшелігіне кандитат Сабиров дегендікі екен. Жол болғанда, ол да орнынан табыла кетті. Бастық асып-сасып телефон трубкасын маған ұсынды. Секретарь менімен ағайыншылықпен амандасып күй-жағдайымды сұрады да, — Алматыдан Ыдырысов жолдас хабарласқан еді. Сіздерді Нөкісте де асыға күтіп отыр, мен қазір Сіздерге жетемін. Трубканы вокзал бастығына беріңіз...

Бастыққа оның телефонмен не айтқанын білмедім. Әйтеуір бастығым "акалап, көкелеп" жік-жапар болып жатыр. Сәлден соң трубканы тастай салып секретарь қызды шақырды. Иіле басып секретарь кіре беріп еді бастық.

— Маған тез кассадағы Исмаил аканы шақыр, — деп өктем бұйрық берді. Әлгіндей болған жоқ, қолын кеудесіне салып, басы жерге жеткеше иіліп Исмаил, манағы мені итеріп тастап, жұдырық көрсеткен сабазым да кірді. Ол кіре бере ақырған бастық оны боқтап өзбекше сыбап та жатыр. Менің түсінгенім:

— Мехманды неге жәбірлейсің, қолындағы телеграммасын көрдің ғой. Сонау Қазақстаннан Нөкіске бара жатыр. Енді үш билетті өз ақшаңа алып кел де, мына мехмандардың аяғына жығылып кешірім сұра, — дегені ғана. Анау "Құп болады, құп болады", — дегеннен басқа ештеңе айта алмайды. Селк-селк етіп, діріл қағып тұр. Сырттан Өзбекстан комсомол комитетінің адамдары да кіріп келді.Мені құшақтап бәрі де көңіл айтып,ізгі ниеттерін білдіріп жатыр. Исмаил ака сүмірейіп манағы орнында әлі тұр.

— Сен неге кетпей тұрсың? — деді бастық көзін алартып. Исмаил ака, — паспорт, паспорт, — деп маған қолын созды. Мен түсіне қойдым да, паспортты және үш билеттің ақшасын ұсындым.

— Пұл керек емес, керек емес, — деп Исмаил ақшаны қайта ұсынып еді. Мен тіксініп.

— Алыңыз, — дедім де қолын қағып жібердім...

Билет қолға тиген соң бәріміз сыртқа шықтық. Аэровокзал бастығы да сөмпеңдеп бірге жүр. Үрниса ман Мұқағали да дегбірі кетіп күтіп тұр екен. Оларды да комсомолым аялап, көңіл айтып қолтықтап әкеп

бар құрметін көрсетіп жатыр. Біраз кешіккен ұшақ та көтеріліп Нөкіске бет алды.

***

Нөкіс аэропорты ығы-жығы. Ұшақ тоқтар жерде қара костюм киген өңкей Қарақалпақтың ығай-сығайы қатарласып тұрып алыпты. Ұшақ терезесінен қарап отырған Мұқағали екеуіміз Үрнисаға ештеңе сездіргеніміз жоқ.

Ұшақ терезесінен қарағанымда менің алғаш көзіме түскендері маған бұрыннан таныс Қарақалпақ облыстық партия комитетінің бөлім бастығы ақын ардақты азамат Бабаш Исмаилов, Қарақалпақ Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ибрагим Юсупов, ақын, жазушылар Жолмырза Аймырзаев, Хожабек Сейітов, Жолдас Сейтназаров, Ғалым Сейтназаров, Қармыс Досанов, Тәжеддин Сейтжановтар еді.

Төлеген келгенде түскен бір туысының үйіне аэропорттан тізбектеліп ондаған машина келіп жеткенде бізді күтіп тұрған халықтың шегі жоқ. Бүкіл Нөкіс тұрғындары түгел жиналған дерсің. Машиналар өтер жер таппай бұраланданып Қаралы үй қорасына әрең жетті. Төлегенді таза арулап жуып, мәйітті аулаға шығарып қойыпты. Енді бір кішкене кешіккенде жерлеуге де алып кетпек екен. Бізді күткендер кезек-кезек көрісіп, жылап-сықтап амандасты. Үйге кірместен соңынан Нөкістегі қалалық зиратқа бет алдық.

Қалалық партия комитеті мен Нөкіс атқару комитеті өткізген қаралы митингтен кейін зират басы күңіреніп кетті. Әр тұрғын Төлегеніне деген сүйіспеншілігін танытып жыласып-сықтасып жатты.

Төлегенге еріп барған аға жазушыларымыз Дихан Әбілов, Сағынғали Сейітов, Нұрфолла Шәкенов және Мұқағали екеуімізді Қарақалпақтың белді де белгілі азаматтары қолтығымыздан сүйеп жүрді. Қарақалпақ елі қанаттас қазақ халқына деген туысқандығын танытып, бауырмалдық елдіктің, тілегі мен жүрегі бір екендігін Төлегеніміздің мәңгілік сапарында айғақ етті.

Қарақалпақтың ардагер ақыны Ибрагим Юсуповтың мына бір шумақтары Қарақалпақ пен Қазақ халқының емшектес туыстығының айғағы ғой деп түсінемін.

Тегіміз бір түйір дәмді бөліскен,
Мейірім сүтін бір емшектен еміскен,
Тар күрсақта тай-құлындай тебіскен,
Аспанында жарқырасын жарық күн
Мен Абайды аға тұтқан халықпын, –

дегені ақиқат емес пе?!

Мұқағали екеуіміз Төлешіміздің үйінде болып, соңымызда жүрегімізді, қазақ-қарақалпақ халықтарының жұлдызы болар деген тілегімізді амалсыз қара жерге беріп, шарасыздан Алматыға оралуға ұйғардық. Артымызда Нөкістің қалың зиратының ішінде бір кішкене ғана төмпешік болып, халқымыздың алып жүректерінің бірі қалды. Амал не, топырағы торқа болсын!..

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ, ақын

ЖҮРЕК ТАЗА БОЛСЫН

Мен Төлеген Айбергеновтың өлеңдері туралы өз пікірімді әр жерде жазып та, айтып та жүрмін. Қазақ поэзиясында сондай бір ақын келу керек еді, ол келді де, әттең... ұзақ тұрмады. Бізге мәлім бірақ Төлеген ғой бұл. Шын мәнінде, Алтай мен Атырау арасында қаншама Төлегендер болды. Олар әлі де бар. Айбергеновтың өмірі де, өлеңі де жаңа өспірім жас таланттарға қамқорлықпен, сеніммен қарау керек деген ақиқатты одан сайын ұқтыра түседі.

Оның тіл сындырып, әліп таныған мектебі домбыраның бауырынан өрбіген өлең-жырлар әлемі еді. Қазір қазақ жырына домбырадан келетін ақындар аз,ендігі жерде оңдайлар тіпті азая бермек. Мұның жақсылығы да, жамандығы да бар. Лайым, жақсылығы басым болғай. Бірақ бұл тілек қана. Тілек жүзеге асу үшін күресу керек. Бардың наркын, жоқтың паркын білмеумен күресу керек. Басбұзарлыққа қарсы жұмыс жасалынып жатса, тілбұзарлыққа қарсы сонша жұмыс атқарылуы тиіс.

Айбергеновтың самалдың желі секілді ақпа-төкпе, ақжарма өлеңдерін оқып отырғанда осындай ойлар келеді.

"Пайғамбар сынды қарттардан" тәлім-тәрбие алып өскен ол өнерге үлкен құрметпен қарайтын. Сыпыра жыраудан бастап, бергі Қашағанға дейінгі халық ақын-жырауларын түгел жатқа білетін. Соңғы жазған "Космонавт монологы" оның творчествосындағы жаңа бетбұрыстың басы еді. Жақсы ақындар өмір бойы ізденіп өтеді. Осы орайда Әбіш Кекілбаевтың Төлеген туралы мақаласын "Көктемнің жазға ұласар жайсаң шағы" деп атауы зерделілік пен әділқазылықпен айтылған сөз болды деп ойлаймын.

Менің архивімде талай ақын-жазушылардың хаттары бар. Солардың бір парасы Төлегеннің сәлемдері. Ол қай жерде жүрсе де, әдеби ортада жүретін. Оның бүкіл бітім-болмысы, арман-тілегі өлең еді. Мына хат соның айғағы:

"Құрметті Қадеке!

Денсаулық, көңіл-хош, жүріп жатқан боларсыз. Үй-іші аман ба? Мен Алматыдан келгелі дем алып жатырмын. Бүгін Шымкентке келіп, "Казкниготорг" мекемесімен сөйлесіп, сіздің жұмысыңызды жарым-жарты бітіріп отырмын. Мен 10 000 дана сұраттым. Өз кітабыма да сондай. Бірақ әзірше жарым-жарты дейтінім әлгі жоспардан (баспа жоспарының) текст әлі келмепті. Тамыздың аяғына келеді екен. Бұлар бірақ сөзсіз істейтін боп отыр. Демек, мақсат орындалды деген сөз. Өйткені, өзім басы-қасында болам ғой.

Ал, Қадеке, мен сізге Алматыда Мұхтар Шаханов деген жас ақын жайлы айтқан едім ғой. Сол жігіт сізге де, маған да інішек қой. Ары-берісі бір аптаның ішінде сізге жинағының екі-үш данасын жөнелтеді. Соған ағалық үшін, мен үшін қамқорлықпен көңіл аударып, секцияда талқылап, баспаға ұсынсаңыз. Ең болмаса "үстіміздегі жылдың резервіне кіріп кетуі мүмкін ғой. Егер сіз ертерек істеп, баспаға ұсына алсаңыз, біз баспаның шығаруы үшін өлкеден сенімхат жасатар едік. Не дегенмен сізге жолдап отырмыз. (Жақында). Егер бұны орындасаңыз тез (өзінің) атына хат саларсыз.

Асығыспен күтеміз.
Сәлеммен Төлеген Айбергенов.
10.12.64."

Өзі қамқорлықты керек ететін жас ақын өзгеге қамқор болып жүрсе, оның азаматтық болмысы туралы мақтау айтудың өзі артық. Оны сөзбен емес, жүрекпен ұғу керек. Ал, ол үшін жүрегіңіз таза болсын. Иә, жүрек таза болсын.

Зәкір АСАБАЕВ, жазушы

АЛЫСТА ҚАЛДЫ-АУ СОЛ КҮНДЕР

"Достық бітті..."

1954 жылы Ташкент Пединститутының қазақ тілі мен әдебиет факультетіне жол жабылып, есесіне, Бұқара, Самаркан, Хорезм, Қаракалпақстан арнайы жолдамамен келгендер жеңілдікпен қабылданды. Әйтсе де, қазақстандық 4-5 бала (біреуі мен) стипендия, жатақхана алмауға құмбыл боп, "резерв" ретінде тұяқ іліктіріп (кейін институтты үздік дипломмен бітіріп, белгілі ғалым, ұстаз болғандар да солар-тын). Өз басым Алматыда аспирантура оқып, ғылыммен айналысуға мүмкіндік бола тұра, қаламгерлікті қаладым.

1954 жылы қыркүйекте — бір жыл бұрын оқуға түскендер — екінші курстың сабағын бастадық. Ізімізді басқан бірінші курстың студенттерімен жатырқамастан лезде бауырласып алдық. Оның үстіне, сол жылы қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне қоса, физика-математика факультеті ашылып, қатарымыз едәуір көбейе түскен еді.

Сабақ басталғанына екі-үш күн өтер-өтпестен қысыңқылау көздері күлім қаққан, бүйра шаш, қалқан құлақ, шидей арық, қара торы қағылез бозбала үзіліс кезінде маған келіп амандасты да: "Кәне, екеуіміз жора болайық", — деді әй-шәй жоқ. Бұған дейін көрмеген оның "жора" деуінен қаракалпақстандық екенін біле қойдым. "Болсақ болайық", — деп қол алыстық. Қызу қанды бозбала біраз сырын жайып та тастады. "Қаракалпақстанның Қоңырат ауданынанмын, әкем жоқ, үш әпкем тұрмыста". Қаракалпақ елінен келіп түскен 17-

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

18 жас шамасындағы студент Төлеген Айбергенов ашық-жарқын, отты мінезімен өзгелерден бөлектеу көрініп жүрді. Әдебиет пен өнер, арғы-бергі тарихтан хабары мол. Ертеректегі әнші, күйші, шешен, жыраулар туралы майын тамыза сөйлейді. Қазақ, қарақалпақ әндерін келістіре шырқайды. Институтта жаңадан танысқан жігіттер мен қыздардың ешбірін жатсынбай, бірден бауырға тартып, жақын жолдас, дос болуға талпынады.

Құрбылас жігіттермен жаңадан дос болғанның белгісі ретінде күндіз шайханадан бірге шай ішіп, кешке кино, не театрға барамыз. Төлегенде әр күнгі сабақ біткен бойда басқалар құсап төсекте созылып жату жоқ. Тынымсыз. Дос, жолдастармен бас қосуға, әңгіме-дүкен құруға ынтық. Тіпті кейде өзге факультет, курстарда оқитын, маған шала таныстау жігіттер туралы: "Пәленше біздің досымыз, бұдан былай сәлемдесіп жүр", – деп тапсырады. Ләж жоқ, әлгі шала таныс жолыққанда сәлемдесуге тура келеді. Кейде ондай достық күтпеген жерден шорт үзілетіні бар. Бір мысал.

Бірде Төлеген басқа факультетте оқитын Мейрам деген студент туралы: "Бүгіннен бастап онымен доспыз, амандасып жүр", – дедеі. Бұған дейін жөнді білмегенмен, көргеннен кеудемді ашып, жалпылдай амандасамын. Ол да өліп-өшіп қалады. Шайды бірге ішеміз.

Бір күні Төлеген әй-шәй жоқ: "Мейраммен достық бітті. Көрсең сөйлеспе, амандаспа!" – деді. Себебін айтқан жоқ, мен сұрамадым. Сол сәттен бастап Мейрамның төбесі көрінгеннен теріс бұрылып кететін болдым. Әрине, менде жазық жоқ. Тапсырма солай. Төлеген: "Дос бол" деді, болдым. "Болма" деді, болмай қоя салдым...

Әйтеуір ойламаған жерден тұтанатын әсіресе достықтың соңы көбінше солайша аяқталып жататын-ды. Ой, жастық-ай!..

Бір сомдық өлең

Төлегеннің Сарыағашта кешкі орта мектепте директор кезі (1962 жыл). Жаздың ортасы. Бір күні әйелі – Үрниса екеуі шаңқай түске жақын аудандық редакцияға келді де, маған бір жапырақ бүктеулі қағаз ұсынды.

– Бұл не?

– Ашсайшы!

Аштым. Асығыс жазылған екі-үш шумақ өлең екен. Оқыдым:

Көтер депті иекті,
Шаштаразшы бір епті.
Сумаңдапты суық қол,
Қалқан етіп білекті.
Отырса да Үрниса
Көзін тігіп қырғиша,
Жоқ болыпты бес сомы,
Төлегенді тұрғызса, –

дейді.

Ал, оқыдық!

Төлеген екі иығы селкілдеп, мырс-мырс күледі. Үрниса сәл ашулы ма, қалай, даусын көтеріңкіреп:

– Өй, оңбаған! Қандай арсыз, ә? Мынаның шашын алдырайық деп әлгі шаштаразға келгенбіз. Төс қалтасында өз қолыммен бес сом салғанмын. Соны шаштараз білдірмей алып қойыпты. Сенесің бе, сенбейсің бе? – дейді.

– Ойбай, сенемін!

Деген себебім, кавказ нәсілді сол шаштараздың сұғанақтығын күллі сарыағаштықтар білетін.

– Бір сом берші, төлеп келейік. Сағатымды қалдырып кетіп ем, – деді Төлеген.

Ол уақытта бір сом үлкен ақша. Оған бір шөлмек минералды су, бір лағман, екі тілім нан, бір кесе шай, бір стакан қызыл шарап келеді.

Үрниса екеуі бір сом алып есіктен шыға бергенде, Төлеген маған бұрылып:

– Өлең сенде қала берсін, бір сомға татитын шығар, – деді көздерін сығырайта күлімдеп.

Сөйтіп, сұғанақ шаштараз туралы өлең лезде ауыздан-ауызға тарап кетті. Оны құны бір сомдық өлең дейтінбіз.

Полковник Төлегеннің қалжыңы

Аудандық редакцияда әдебиет үйірмесі бар. Жетекші – Төлеген Айбергенов. Жырсүйер жұрт жиі келеді. Төлегенді насихаттаудан шаршамайтын газет қызметкері

Бердуәлі Тұрмағамбетовтің бәріне ұйтқы боп, кейде қалтасы қалыңдау біреулерді базардағы асханаға меңзейтіні боп тұратын.

Бір күні бірі қылшылдаған жап-жас, бірі ұзын бойлы, ірі денелі, қоңқақ мұрынды, егделеу әсем киінген екі жігіт келсін. Аудан іргесіндегі "Қапланбек" техникумының жанында болашақ совхоз директорларын әзірлейтін екі жылдық курс бар-тын. Әлгілер соның тыңдаушылары екен. Оларға бізден бұрын жолыққан Бердәулінің айтуынша, екеуі де газетіміздің тұрақты оқушысы, әрі өлең жазатын пақырлар көрінеді.

— Неғыламыз, бұл жігіттер Төлегенмен жолықсақ дейді. Өлеңімізді көрсетсек дейді. Төлегенге адам жібереміз бе, әлде... — дей бергенше Төлегеннің өзі кіріп келе жатты есіктен.

Бір қызығы, келгендердің екеуінің аты да Төлеген боп шығып, біздің Төлегенмен үшеу болсын.

Екеуінің жасырағы папкасынан дереу бір дәптер өленін шығарып, апыл-ғұпыл көрсете бастады.

— Мен Алматы түбіндегі Талғар ауданынанмын, — деп қояды сөз арасында. — Фамилиям Әубәкіров.

Мен әскери адаммын. Шенім полковник. Өленді енді жазамын. Шүкір, оған мүмкіндік жетеді. Ең қажеті талаптану ғой. Талаптанса жеңбейтін не бар? Солай емес пе? Туған жерім Солтүстік Қазақстан обылсындағы Преснов ауданы, — дейді егделеуі. — Шынымды айтсам, әскерде өлең жазуға қол тимеді.

— Ештеңе емес, "Қапланбектегі" оқуды бітірген соң, аулыңа барып совхоз директоры болғанда уақыт табылады, — деп әзілдейді Бердуәлі.

Жаңа танысқан екі Төлегенмен Бердуәлі алдын-ала келісіп қойған ба, немене, көп ұзамай:

— Қалған әңгімені базардағы асханаға барып жалғастырмаймыз ба? — деді.

— Сөйтейік, — деп елп етті екі жігіт те.

... Отырыс қызу. Біздің Төлеген әлсін-әлсін өленderін оқиды. Бір дәптер өлені бар Төлегенге ақыл-насихат айтып тастайды. Обалы не, полковник Төлеген аузын ашса, көмейі көрінетін аққөңіл, мейлінше адал адам екен. Әбден сағынған ба қалай, елдегі орыс әйелін қайта-қайта айтып қалып отырды. Бәрінен де әзіл-қалжынды

айта да, қабылдай да білетіні ғажап екен. Бірде ол көңілі көкке шарлап, еліріп отырған (біздің) Төлегенге:

– Әй, інім, нағыз ақын болсаң, көрейік. Тап осы арада біздің дәл осы отырысымыз туралы бір ауыз өлең шығаршы! – десін.

"Жарайды" деп төс қалтадан қаламын шығарып, қомдана бастаған Төлегенге қапелімде жазатын қағаз табылмай қалды.

– Мә! – деп "Беломор" темекісінің бос қорабын ұсына қойды полковник.

Қорапты екі айырып тізесіне қойған Төлеген шұқшия жазып жатты да, қалғандарымыз сәкәкуді жалғастыра бердік.

– Ал тыңдаңдар! – деді Төлеген арада бес-алты минут өтер-өтпесте.

Бір Бекен, Зәкірменен үш Төлеген,
Бесеуі қан базарда ішкен екен.
Біреуі Төлегеннің ақын екен,
Біреуі жана жазып жатыр екен,
Ал енді біреуінің...
Ортан қолдай бір орыс қатыны екен!

– Молодец! – деді полковник Төлеген. – Мен жай қалжыңдай салып ем. Тіл-көз тасқа, мен бірденеңе білсем, сен алысқа шапқалы тұр екенсің. Рахмет, інім. Кәне, нағыз ақын үшін түрегеп тұрып бір алып тастамаймыз ба.

Бәріміз орнымыздан көтерілдік...

"Қолдан адам жасаған Құдай құсап..."

Жас шамасы өзімізбен қарайлас Шахимардан деген дәрігер досымыздың әйелі кешкі сағат он бір шамасында босанып, ұл тапқанын естідік те, Бердуәлі, Төлеген үшеуіміз барып құттықтадық. Келетінімізді біліп, тағатсыздана күтіп отырған Шахимардан бір жәшік – сапасы жоғары – қызыл шарап әзірлеп қойыпты. У-ду түн жарымына дейін жалғасты.

Таңертең сағат тоғыздарда тағы келсек, Шахимардан әлі төсекте жатыр екен. Жазғанның басы ауырып қалған ба, ыңқылдап қояды.

— Әй, бұл не? — дейді Төлеген. — Тұрмайсың ба?

Керіліп-созылған Шахимарданның тұратын түрі жоқ. Қайта теріс айналып, көзін жұмып алған.

— Бәке, — деді селк-селк күлген Төлеген Бердуәліге бұрылып. — Мына қолдан адам жасаған Құдайға ұқсап жатқанын қарасаңызшы! Ой, пәлі-ай!

Алыста қалды-ау сол күндер...

БОЗБАЛА ШАҚ – БАЛ ДӘУРЕН

Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен өлемін өзімнің биігімде.

Ұлы баба Төле биден бастап, басқа да белгілі қандастарымыз ғасырлар бойы билік құрған, айналасындағы жерсу, елді-мекен атаулары (қазір де) түгелге жуық қазақша аталатын Ташкент қаласында Қазан төңкерісінен кейін көптеген жоғары және орта дәрежелі оқу орындарында қазақ тілінде дәріс жүргенмен, уақыт өте келе барлығы жабылып, өзбек және орыс тілдері үстемдік құрды. Алайда, Өзбекстан Республикасындағы мыңдаған қазақ меткептерінде сабақ беретін мұғалімдер күрт азаюы салдарынан қиындық туған соң, Ташкенттегі Низами атындағы Педагогикалық институт жанынан "1953 жылы қазақ тілі мен әдебиеті факультеті ашылып, (15 ер бала, 15 қыз) 30 талапкер қабылданды. Қабылдау емтиханы басталарда құжат өткізгендер 300-ге жуық болды, көбі қазақстандықтар еді. Бірақ жаңа факультет өзбекстандық мектептер үшін ашылғандықтан, қазақстандық қыз-жігіттерге жол жабылып, есесіне, Бұқара, Самарқанд, Хорезм, Қарақалпақстаннан арнайы жодамамен келгендер жеңілдікпен қабылданды.

Шынымды айтсам, осы институтқа түскенге дейін жалпақ әлемнің әлдебір түкпірінде Қарақалпақ деген ел, онда халқының жартысынан астамын құрайтын қазақтар барынан бейхабар едім. Өзіммен бірге оқитын ұл-қыздардан естуімше, Түркменстанмен шекаралас, Амударияны бойлай қонған жұрт көрінеді. Хожелі, Кегейлі, Қоңырат дейтін аудандарды құлағым шалатын. Мына менімен жора болғысы кеп тұрған бозбала

Қоңыраттан екен. Сол күннен бастап жарық дүниеден өткенше – өзі айтпақшы – "жоралығымыз" үзілмей, достық қарым-қатынасымыз бала-шаға, үрім-бұтағымызбен жалғасып келе жатқан, қазақ поэзиясына тың леп, соны серпін, жалт-жұлт алмастай жарқырап көрінген ол жігіт – Төлеген Айбергенов еді.

Төлеген Айбергенов. Мандайына жазылған отыз жылдық ғұмырында үш-төрт қана өлең кітабын қалдырған, кез-келген қазақ отбасының жиын-тойында өлеңдері оқылмай қалмайтын ғазиз жан, қайран дос, танымал тұлға.

Сол жолы – алғаш танысқанда – "жора болайық" дегенді оның аузына Құдай салды деп ойлаймын.

Арадан тағы төрт-бес күн өткенде: "Жүретін қызың бар ма?" – деді түйеден түскендей қойып қалып. Санам тұрмақ ойыма кірмейтін нәрсе, он жетідегі бозбаланың мына сауалы біртүрлі естілді. "Не айтып тұрсың?" дей жаздап барып, әрең іркілдім.

– Менің қызым бар, қасында құрбысы бар, сенбі күнгі сабақтан кейін, киноға шақырдым, соған бірге барайық, жарай ма?

– Қайда оқитын қыздар? – дедім оқуға келмей жатып жігіттікке бой алдырған бозбалаға.

– Қайда оқысын, бірге оқимыз, – деді саңқ етіп.

Е, – деппін енді ғана еленделеп. – Сұлу ма?

– Енді былай... көрген шығарсың... қара торының әдемісі. Мінезі ашық. Күнде сөйлесеміз, сырласамыз. Киноға баруға көнді. Бірақ залда бөлек отырамыз дейді.

– Бөлек отырамызы несі? Бірге барып, әркім әр жерде отыра ма?

– Олай емес, мәселен, олардың екі билетті алдыңғы қатардан, өзімізге олардан желке тұсынан алып, екеуіміз сонда отырамыз.

– Әй, бірге барған соң, бірге отыру керек емес пе?

– Оған көнбейді. Мен келісіп қойдым. Барасың ба, жоқ па, соны айт.

– Барамыз, бірақ қорғаушы болады екенбіз де.

– Болсақ боламыз, әзір не айтса да мақұл дей беру керек, кейінгісін көреміз.

Мен Төлегеннің әлгінде "көрген шығарсың" дегеніне орай көп қыздың қайсысы болды екен деп ойланып тұрғанымда, ол тағы да:

– Әй, неге үндемейсің? Оу, жүр кеттік, – деп әлдеқайда бастай жөнелді.

Жүріп келеміз. Ол алда, мен артта. Қатты жүреді екен. Ілесу мұң. Біраз ұзап барып, мені күтіп тұрады. Мен жеткен соң тағы сол (осы әдетін кейін де тастамады, баратын жеріміз бір ғой, қатар жүрмейсің ғой, неге асығасың дегеніме, сақ-сақ күлетін де қоятын).

Дүкенге бардық. Бір шиша қызыл портвейн алды да, екі қырлы стаканға қақ бөліп құйды. "Достық үшін" деп қағып салды. Лаж жоқ, мен де сөйттім (бұл әдетін де тастамады, бір шиша арақты үшке бөліп құятын да, бірден қылғытқанбыз).

Сенбі күні киноға бардық. Екі қызбен сол жерде таныстық. Орта бойлы, қалың шашы беліне түскен нәркес көзді қыздың аты Үрниса екен, сұңғақ бойлы ақсары қыздың аты-жөні есте жоқ. Үрнисаның есте қалуының себебі, олардың сол күннен басталған достықтары лаулаған махаббатқа ұласып, институт бітірген соң отау құрды (бұл өзінше хикая. Алда тағы да тоқталамыз).

Кино жүріп жатыр. Өздері қойған шарт бойынша, екі қыз алда, біз артта – дәл желке тұстарында – отырмыз. Мен ара-тұра бұрымдарын тартып, бірдеңе айтамын. Қара торы қыз жалт бұрылады да, наздана күледі. Ашу шақырып, шамданбайды. Ақсары қыз да солай. Төлеген байқай ма, жоқ па, белгісіз. Қыздарға тисетін – мен. Төлеген сыр білдірмейді.

Кинодан шыққан соң қыздар бес-алты адым алда, біз соңдарында жүрдік. Бұл сол кездегі үрдіске сай сыртқа сыр бермеудің амалы. Сол шақтарда әлдебір жігіттің ұнатқан қызын кино не театрға төрт-бес құрбысымен бірге шақырып, жалғыз өзі алыстау жүргенін де көргеніміз бар.

Қыздарды жатақханаға апарып, Төлеген екеуіміз мен жалдап тұратын пәтерге бардық.

– Қалай, қыздар ұнады ма? – деді есіктен кіріп-кірместен Төлеген.

– Жақсы, жақсы, – дей бердім.

– Домбыра тартасың ба? – деді тағы да.

– Аздап. Мандолинді жақсы тартамын.

– Онда тартшы, – деп ілулі тұрған мандолинді алып маған ұсынды.

Ойнай бастағанда құлағына жақпағандай құлықсыздау тыңдады.

– Үйінде домбыраң бар ма? – деді кенет.

– Бар, бірақ әкем тартады.

– Онда домбыра іздеу керек. Осы төңіректе домбыра жасайтын адам бар ма екен, білмейсің бе?

– Білмеймін, – дедім.

– Іздеу керек, болмауы мүмкін емес, сен де сұрастыра жүр.

Шынақтай болса да даусы өткір, сөздері мірдің оғындай бозбаланың әлі толық танысып үлгермесек де әнеукүні бір стакан виноны қағып салғаны, қыздарды киноға шақырғаны анау. Міне, енді домбыра керек деп тықыршуы – бәрі біртүрлі тосын сияқтанды. Үлкен адамдай сөздері де кесе, салдарлы. Жан-тәнімен ақтарыла сықылықтайтын күлкісі де өзгеше.

Ертеңіне – демалыс күні – "Шыңғыс хан", "Батый" дейтін қалың кітаптарды кешке дейін бас алмай оқып, одан Қасым Аманжоловтың бірінші томына кірісті. "Мұндай кітаптар біздің жақта жоқ", – деп бір қойды. "Бірақ Қасымның кейбір өленderінен хабардармын. Әбділда Тәжібаевты оқығанмын. Екеуі де тамаша ақын. Сен өлең жазасың ба? Мен жазамын. Бір дәптер өленім бар. Кейін оқисың", – деді және тыныш тұрмай.

Мұнысы да қызық көрінді. "Сонда бұл кім болғаны? Домбыра тартады, өлең жазады, тума талант па, қалай" деп бір ойлаймын. Өлең жазу таңсық емес, мектепте жүргенде мен де шимақтағанмын. Қазір қойып кеттім. Не керек, осылайша жұбымыз жазылмай, бір-бірімізді көрмесек тұра алмастай дәрежеге жеттік. Үрнисаның да мінезі ашық, жайдары, адамгершілігі жоғары, тәрбиелі қыз екен. Екі сөзінің бірінде "біздің Төлеген" дейді. Арагідік киноға, кейде өзбектің Хамза атындағы драма театрына барамыз. "Отелло", "Гамлет" секілді әлемдік туындыларды өзбек тілінде көреміз. Актерлер – сол уақыттың үрдісімен айтқанда – КСРО Халық артистері Аброр Хидоятов, Шүкір Бұрқанов, Сара Ишантұраева секілді кіл мықтылар.

Төлеген өзбекшеге шорқақтау. Онша еліге қоймайтыны байқалып тұрады. Үрниса бұл ағайындардың тіліне қиналмайды. Бірінші курста-ақ мен де толық ден қойып, үйреніп алғанмын.

Ташкенттен жиырма-отыз шақырым қашықтықтағы ауылыма барып, дүйсенбі күні сабаққа таңертең жетсем:

– Әй, сен қайда жоғалып кеттің, а? Мен сенбі күні Үрнисаның үйіне барып, ата-анасымен танысып келдім. Бөрібек дейтін інісін көрдім. Осындағы бір техникумда оқиды екен, – деді Төлеген тағы бір жаңалықты дүңк еткізіп. – Бөрібек Үрнисадан екі жас кіші екен. Жақында келеді. Жора боп жүреміз. Айтпақшы, сол жақтағы бір адам Черняев дейтін жерде домбыра жасайтын ұста бар деді. Келесі сенбіде соған барамын, уақытың болса, сен де жүресің, – деп иығымнан нұқып-нұқып қойды.

– Бармаймын, – дедім бірден. – Сабақ оқуым керек.

– Бармасаң, өзім барамын, – деді сәл ренжігендей. – Домбыра жасатамын. Мені сонда көресің.

Енді бұған елп етіп неғылайын. Жасатса, жасата берсін. Көрсек көрерміз. Домбыра таңсық емес қой деп онша мән бермеймін.

Оқу басталған соң бір ай өткенде институтта оқитын барша студент Ташкент маңындағы Жаңа жол ауданында мақта теруге аттандық. Филология факультетінде оқитын өзбек-қазақ жастарының бастары бір колхозға түйісті. Таңертеңгі және кешкі асты бір қазаннан ішеміз. Түскі тамақ жұмыс басында беріледі. Мақта теруді өлердей жек көретін мен оқытушыларға айтып, студент өзбектерден жасақталған аспаздар тобына кіргенмін. Картоп, пияз тазалап, қолдан келгенше көмектесемін. Бірінші, екінші курста оқитын қазақ тобына бригада басына қажетті азық-түлікті көтеріп барып, түскі тамақ әзірлеймін. Қазан-ошақ, отын-су дайын. Ас пісірудің түк қиындығы жоқ. Ас мәзірі – картоп, күріші мол майлы көже. Піскен етті күнілгері сүзіп алып, бір адамға қажетті мөлшерде кесек-кесек етіп тураймын. Кезекке тұрған студенттердің қолындағы табаққа әуелі ет, онан соң көже құйылады. Шай мен нан өз алдына. Жасырары жоқ, көңілі жақын студенттерге еттің семіз, сүбелі бөлігі, қалғандарына сүйек-саяқ, сіңір т.б. бұйырады. Мақта теруге қыры аз Төлеген мен Үрниса жарқылдай күліп келгенде, ыдыстың шет жағына күнілгері жасырып қойған майлы ет беріледі де, олармен бірге оқитын аяқ-қолы арбиған Халима дейтін дарақылау қыздың табағына қас қылғандай, үнемі

сіңірі көптеу ет түсіп кетеді. Оған бұлқан-талқан болған Халима бар даусымен баркылдап: "Мынау Төлеген мен Үрниса секілді достарына еттің жұмсағын беріп, бізді шөміштен қысады", – дейді бажылдаған күйі. "Олай емес, бәрің бірдейсің", – деп бой бермейтін.

Төлегенге қараймын. Миығынан күлімсірейді. Үрнисаға қараймын, ол да мәз. Осындайда достарыма пайдам тигеніне мен де ризамын. Кешкі астан кейін қашан үйқыға жатып көз ілгенше әңгіме сол төңіректе.

– Мә, – деді Төлеген бір жолы түскі астан кейін қолыма үш сом қыстырып. – Бізден бұрын барасың ғой, бір жарты алып қойшы, бүгін кешке бір ащылайық.

Айтқаны орындалды. Кешкі тамақтан соң екеулеп оңаша жерге барып ащыладық (арақ ішуді ащылайық дейтін, кейін де үнемі еститінмін).

Октябрь, ноябрь айларында мақта теріп, оқуға декабрьдің басында кірістік. Бір күні пәтеріме екі беті бал-бұл жанған Төлеген ойда-жоқта кіріп келді. Кірген беттен.

– Міне, көр қалай екен, – деді шолақтау қызғыш домбыраны қойнынан шығарып.

Сөйтті де, отыра қалып, қолы-қолына жұқпай тартып кеп берсін. Жер-термелер кезек-кезегімен айтылды. Патефоннан талай естіген "Сәулем-ай", "Беу-беу", "Үлкен айдай", "Айнамкөз" әндерін біледі екен, бәрін айтып шықты. Бұрын естімеген "Екі құсқ атты ғажайып (шіркін, қазіргі әншілер назарынан тыс қалып жүр ғой) әнді тұңғыш рет Төлеген аузынан тыңдадым. Қарақалпақ қазақтарына кең тараған "Күлпән" атты ән қандай еді, шіркін. Кейін де Төлеген:

Ей, Күлпән, мен қайтейін, малға кеттің,
Көңілің сүймесе де шалға кеттің, –

деп, көз жасын төгіп-төгіп жібергенде, басқалардың да қосылып егілгеніне сан рет куә болған жайымыз бар.

"Әмудария" дейтін аса мұңды қарақалпақ әнін нақышына келтіріп, басын оңды-солды шайқай отырып шырқағанда, тамсанбайтын жан болмайтын.

Бір жолы (олар үйленген соң) Үрниса:

– Мен бұл әнді Төлеген екеуіміз оқуға түскен соң бір аптадан кейін тыңдадым. Оңашада өзіме ғана айтып берді, оны содан бастап жақсы көрдім, көңіл суысатын

анау-мынаудың ешқайсысына қарамастан, бәрін кешірдім, оған жар болғаныма ризамын, — деген еді.

Алғаш танысқан жылғы жаңа жыл кешін бірге қарсы алдық. Әлдебір өзбектің үйін жалдап, ас-су қамдап, біраз дос-жараннның басын қосқан — бірінші курстың студенттері Төлеген мен Үрниса болды. Таңды таңға ұрып жыр, терме, ән айтқан баяғы Төлеген-тін.

Ал Төлегеннің мұндай қырын бұл күнде көп адам біле бермейді, бірлі-жарымы болса әлдеқашан ұмытқан шығар. Сауық-сайранды ұнататыны соншалық, көңілді кеш өткізуге себеп-сылтау табуға шебердің шебері еді. Бір өзінің туған күнін жылына үш-төрт рет өткізіп, солардың бәрі думанға толы болып көңілді желпінтіп тастайтын.

* * *

Мен институтты төрт жылда бітіріп, Төлеген мен Үрниса оқыған екінші курс бес жылға ұзарғандықтан, олар менен екі жыл кеш тәмамдады. Төлеген институтта оқыған жылдарда ұдайы өлең жазды, құрбы-құрдастарының альбом дәптерлеріне қолма-қол жаза салған өлең шумақтары қаншама еді. Даралығы кейінірек білінді. Жарыса өлең жазатын замандастары оның мойны өздерінен озық екенін байқай да, сезе де бермейтін не жорта білмегенситін.

Институтта жүргенде бір жолы — мен соңғы курстамын — бір топ жас пері өздері әлі көріп-білмей, сыртынан ғашық боп жүрген қазақ астанасы Алматы жайлы жарыса өлең жазды. Сонда Иса Әділов, Ілияс Айынов, Дарап Дәрменов, Айтбай Айғабылов жазған өлеңдер арасында Төлегеннің:

Қызық қой шіркін, сенде өмір,
Сүйікті қалам Алматым
Алыста жүрген мен де бір,
Жасөспірім солдатың.
Көз тіккен көктен еңкейіп,
Бәйтерек болса Алатау,
Саясында сәулетті,
Тігілген сен бір ақ отау, —

деген өлең жолдары оның бүр жарғалы тұрған болашақ дарын қуатын әңгімелегендей еді.

Институтта оқуын оқыды, үлгерім жағына топ жарып, көштен озбаса да, кейін де қалған жоқ. Есіл-дерті поэзия, аңсаған арманы — Алматыны бір көру. Ол тілегі 1958 жылы октябрь айында орындалды. О бастан ұнатпайтын мақта теруден сытылып, құпия түрде келіпті. "Лениншіл жас" газетінде істейтін менің пәтерімде он күндей жатты. Әбділда Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Шәміл Мұқаметжанов, Тұрсынхан Әбдірахманова, Қосжан Мүсірепов, Тұманбай Молдағалиевпен танысты. Қосжан мен Тұмабайды ресторанда қонақ етті. "Қазақ әдебиеті" газетінде редактор боп істейтін Әбділда Тәжібаев оның бір топ өлеңін жариялап, үйіне қонаққа шақырды.

— Кешікпе, тезірек қайт, — дедім кетерінде.

Кешіккен жоқ... Қатты көңілденіп, толқып оралысымен:

— Дастарқан басында екеуіміз ғана отырдық. Әбекең "бүкіл әлемдегі барша қазақтың денсаулығы үшін" деп тост көтерді. Кетерде мынау киген шапанын деп бір уыс ақша ұстатты. Алмасыма қоймады, — деді көңілді тіл қатып. 1959 жылы Институтты бітірген бойда Үрнисаның әке-шешесінен үйленуге рұқсат алды. Оларды Ташкенттің вокзалынан Үрнисаның інісі (қазір зейнеткер, Алматыда тұрады) Бөрібек екеуіміз Қарақалпақстанға шығарып салдық. Вокзал басында төртеуміз тойғанша қызыл шарап ішіп, жылап-сықтап айырылыстық.

Төлеген 1961 жылғы декабрьдің 20-ларында туған жерінен Сарыағашқа көшіп келіп, бір шаңырақ астында тұрдық. Мен 1964 жылғы апрельде Алматыға қоныс аудардым. 1965 жылдың ортасында Сарыағаштан олар да келді. Өмірдің қиын-қыстауын бір адамдай бастан кешті. 1967 жылы августе Нөкіс қаласында бақиға аттанды.

Қайран Үрниса өткен жылы жазда өмірден өтті. Бала-шаға, немере-шөберелері өсіп-өніп, өркен жаюда.

Бұл жолы Төлегеннің балауса шақ — бал дәурені жайлы аз-кем сыр шертуді жөн көрдік. Жоғарыда оның "Ақ жаңбырлар тоздырған тау сиякты, мен өлемін өзімнің биігімде" деген өлең жолдарын келтірдік.

Иә, ол рас, Төлеген өз биігіне шыға білген ірі тұлға, ақиық ақын еді. Оның да, аяулы жары, менің қимас

бауыр-замандасым Үрнисаның да топырағы торқа, имандары саламат болсын. Әумин! Аллаһу әкбар!

Мұхтар ШАХАНОВ, ақын

ОНЫҢ ТОЙЫ ТАРҚАМАЙДЫ

Ол сәуірдің санаулы күндеріндей қысқа ғұмыр кешті. Біздер оның достары:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ, бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын, –

деген жырың билеп жүріп айттық. Бірақ ақын тойы шегі, шеті көрінбейтін, бітпейтін, тарқамайтын той іспетті көрінеді. Бәлкім өнер бақыты дегеніміздің өзі де осы шығар.

Осы орайда ақынның:

Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,
Нысанға ап қуаныш тоқталмауын.
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,
Қазанымда бір асым ет қалмауын.
Мен сөйтіп, баршаңнан бір сілкінемін
Мен сөйтіп, рахаттанып бір күлемін.
Кім білсін, талай түнгі тілегім ед.
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның –

деуі де содан болар ма?!

Төлеген поэзиясы өз бойына лаулаған жігер мен алғыр сезімді, сәулелі парасат пен зымыран ойларды қатар сіңірген толыққанды поэзия. Сондықтан да оны таңдайына әсемдіктің тұзы тати білетін адамның тебіренбей, толқымай оқуы мүмкін емес.

Достық деген таусылмайтын қазына,
Көктемде солып қалар гүл емес.
Қарамайды ол сыйдың көп пен азына,
Нағыз достар тіпті сый да тілемес.
Сырлас болсаң есігімді кір қақпай,
Шын дос болсаң шақырмай кел, тілегім.
Шын шақырсам саған ұқсап тіл қатпай,
Жауымның да келетінін білемін.

Асылы, адамды, адами қарым-қатынасты жазудан қиын ештеңе болмаса керек. Алда — пенделіктің тарам-тарам гүжбан өзені. Пенделік бар жерде иірім бар. Алда — мұрат пен мақсат таулары. Мұрат бар жерде арман бар. Кім қай жолмен жүреді? Жер бетінде қанша түрлі адам болса, сонша түрлі көз, сонша түрлі мінез болатыны заңды. Кімге қай жолмен баруға болады?

Әне мәселе!

Кейде қонаққа бес адам шақырсаң бесеуі бес түрлі пікірде кетуі мүмкін. Біреуіне тамағың, біреуіне шарабың, біреуіне әйеліңнің қызметі ұнамаса, біреуіне бәлкім, өзің ұнамассың.

Ал ақын болдың екен, алдында бес адам емес, бес миллион адам бар. Жұрт көңілінен шыға алмасаң, өз сезімің өзіңнен ыдыраса — ұяттың көкесі сол. Онда шимайыңмен жұрттың басын ауыртып, көз майыңды тауыспа. Төлеген поэзиясының құдіреті ә дегеннен-ақ шетке теуіп, жалпыға ортақ, әрі қажетті симфонияның жолынан жаңылыспай ұстай білуінде еді.

Мен саған жер сияқты тілектеспін,
Жарыққа бола алмайды түнек тоскын.
Кейде күл тасығанмен күнің үшін,
Әмірін жүргізе алмас жүрекке ешкім.
Тау бұзып, тас қаласып, гүл егісіп,
Саулығын бір-бірінің тілеп ұшып.
Тіреусіз аспан жердің арасында,
Адамдар күн көреді сүйенісіп.

Яки:

Біреулермен есім шығып таласам,
Таласам да өкпелесіп жарасам.
Достық үшін дауласамын біреумен,
Біреулермен шын достыққа жол ашам.
Ұнатпасын тұрсамдағы сезіне,
Ұнамасын тура айтамын көзіне.
Бәрін соның алғанымды өзінен,
Қайта апарып беру үшін өзіне.

Ақынның бүкіл азаматтық болмысы мен мінезі осы шумақтарға түгел сиып тұр. Бір ғажабы, Айбергенов өз поэзисында қандай өр, әрі қызба, жомарт, меймандос болса, өмірде де сондай болатын. Егер біреудің мінін

көрсе бетің бар, жүзің бар демей тіке айтып салатын. Бірақ тірлігінде (өкінішке орай) осы бір беткейлігінің залалын көп тартты.

Ол сырлас достары Зәкір, Бердәулі, Қалаубек, Еркінбайларды ерекше қадірлейтін. Ал, Әбділда Тәжібаев дегенде ішкен асын жерге қояр еді. Оны өзіне ұстаз, әрі қамқор әке санайтын. Төлеген өз тұстастары Тұманбай, Қадыр, Жұмекең, Әбіштердің кей жырларын жатқа соғар еді. Оның аспаны пенделіктің ұсақ шаңдық желінен мейлінше таза болатын. Әрдайым кісіден жақсылық іздеуге бейім тұратын. Тіпті өзі дарынсыз деп есептейтін ақындардың да бүкіл жинағын ерінбей-жалықпай сүзіп шығып, жылт еткен бір жолы болса да жатқа айтып отыратын.

Ақынның еске тұту қабілеті таңқаларлық-тын. Өзінің бүкіл өлеңдерін, тіпті анда-санда жазған мақалаларына дейін жатқа білетін. Ал дауыс пен оқу мақамы жайлы әңгіме қозғап керегі жоқ. Өз басым қазақтың қазіргі жас ақындарының ішінен өленді Төлегендей шеберлікпен оқи алатын ақынды әлі көре алмай келемін.

Айбергенов сәулесі өз басынан артылмайтын, қайырымы қаңтарулы жандарды ұнатпайтын. Өзі ылғи да қабілетті жастарды іздеп тауып, топ-тобымен ертіп жүрер еді. Оның жадағай, жұпыны үйі салауатты ақынның мекен-жайынан гөрі жатақханаға көбірек ұқсайтын. Кейбір қаламдастары Төлегеннің осы мінезін орынсыз даңғазалыққа теліп әжуалап та жүреді.

Ол тұрмыстың алуан тауқыметін бастан кешірсе де мойымай, өле-өлгенше езуінен күлкі үзбей өтті.

Оның ағалық ыстық ықыласы өзінен кейінгі інілеріне бір сәт те суыған емес.

Болашағын алдында әлі жас інім!
Қазір сенде қуат та бар, от та бар,
Қандай дарын жиырма бесте тоқталар.
Қызығумен қызда саған көп қарар,
Шараппенен сыйлайтын да көп болар,
Баяны жоқ бақыт та бар кеп қонар,
Жауында бар бір сілтесең жоқ болар...

"Саналы іні бола алмаған, паналы аға да бола алмайды" дер еді ол.

"Сені іні тұту арқылы өзімді ағалыққа тәрбиелеп жүрмін", – дер еді тағы да.

Үндемейтінмін. Бірақ ризалығымда шек болмайтын. Ол да бір дәурен екен-ау.

Бір күні есіктен кіре бере өзім талай рет майлап, жылтыратып берген қара туфлиге көзім түсті. "Ә, Төкең келген екен ғой", – дедім қуанып. Айтқандай-ақ Төлеген ішкі үйде апам екеуі шай ішіп отыр. Құшақтаса кеттік. Одан-бұдан әңгіме шертіп, түн ортасын аудара төсекке жаттық. Бірақ ұйықтай алар емеспіз. Қайтадан шам жағуға тура келді.

– Айтпақшы ұмытып барады екем, мына кітаптардан оқығаның бар ма? – деп Төкең сумкасынан "Іле Алатауының құстары" және "Хайуанаттар әлемінде" деген екі кітап шығарды. – Жолай орталық дүкенге соғып ем, жаңа түскен екен. Саған да бір-бір данасын алдым.

– Сонда қалай, енді бар жұмысты жинап қойып құс яки хайуанаттар шаруашылығымен шұғылданып кетеміз бе? – деп әзілге басып ем, ол ренжіген сыңай танытты.

– Бізге бәрін білген жөн. Әйтпесе жөнді ақын бола алмаймыз. Егер қолыңа ең әрісі құрбақа жайлы кітап түссе де оқып шық. (Ондай кітап та бар). Мұның бәрі пайдаға аспай тұрмайды. Жуырда мен газеттен мынадай хабар оқыдым. Кәдімгі тиін бар ғой? Орманда ағаштан-ағашқа секіріп жүретін тиін ше? Соның тісі қатты затты кемірген сайын қайрала түседі екен. Бір ғалым сол тиіннің тісін тыңғылықты зерттеудің арқасында өндіріске тамаша құнды жаңалық енгізген. Дельфиндер мен иттердің адамға адалдығы, сондай-ақ аққу мен тырнаның, қыран мен қаршығаның тек өзіне тән мінездері мен заңдылықтарын білу ақын қиялын қаншалықты байытатынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өйткені мына жалпақ әлемде бізге бейтаныс ештеңе болмауға тиіс.

Төлеген дүние салардан бірнеше ай бұрын жаңа поэма жазып жүрді. Бір кеште Үрниса (ақынның жары) екеуімізге поэманың дайын болған алғашқы бөлімінің отыз-қырық шумағын жатқа айтқаны бар. Бұл шығарма сөз жоқ ақынның зор табысы болар еді. Бірақ қағазға түспеген күйі өзімен бірге кетті.

Алматыда болып өткен Азия-Африка жазушыларының V конференциясында Вьетнамның аса көрнекті ақыны, Лотос сыйлығының лауреаты Тху Бонға мен Төлеген Айбергеновтың "Құмдағы мұнаралар" атты жинағын ескерткіш ретінде сыйладым. Ол кітаптың бірінші бетіндегі Төлегеннің суретіне біраз үнсіз қарап тұрды да:

– Менің соғыста қаза болған бір досыма өте ұқсас екен, – деді күрсініп. – Енді маған бұл ақынның бір өлеңін аударып бермес пе екенсіз?

Оған сөз бар ма!

Айтуын айтсам да қай өлеңге тоқталарымды білмей едәуір ойланып қалдым. Ақыры ақынның әлі ешбір жинағына еңбеген "Сот алдындағы сөз" деген ұзақ жырының мағынасын шамам жеткенше орысшалап шықтым. Аудармашы оны Вьетнам тіліне тәржімалады.

Кенет Тху Бонның жүзіне шаттық ойнап шыға келді. Құрметпен орнынан тұрып бас бармағын көрсетті де кітапты кеудесіне басты...

Өле берсін күншілер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сиякты,
Мен өлемін өзімнің биігімде, –

деп жазып еді ақын өмірінің соңғы кезеңдерінде.

Ол төбеге қонуды ар санайтын құс ұясын биікке салып, биікте қалды.

Ал, биікті қадірлеу баршаның борышы.

Сейфолла ОСПАН, ақын

ҚҰЙМА ЖЫРДЫҢ КИЕСІНДЕЙ АҚЫН
немесе Айбергенов жыр-көшімен сырласу

Арғы тегі Ақтөбе өңірін жайлап, кейінгі кер заманда бірсыпырасы әрі кетіп, бірсыпырасы бері кетіп, яғни Кеңес үкіметінің қолдан жасаған аштық топалаңынан әркім ауған жаққа жол кезіп кеткен ұрпақтың ата-аналарының елімен қайта тоғысып, енді-енді ес жия бастаған сынайлы. Соның кепілдігі болар жан-жаққа шашырап кеткен жандардың сәулелі санасы, ізгілікті

істердің өз атамекеніне ойыса бастағаны. Біз де соған куә бола бастадық, әйтеуір. Осы жайдың бір куәгеріндей туған жері мен жүрген жерін, қала берді, ата-бабаларының атамекенін аңсап, сол өңірдің барша құнарын аталарының қанымен, аналарының ақ сүтімен бойына сіңірген Төлеген Айбергенов сиякты дүниеден жастай кеткен ұлы ақындарымыздың жөні бір бөлек еді. Мен білетін Төлеген сонау ертеректе Арал теңізінің солтүстігіне көзі жәудірей қарағанымен, оңтүстігінде дүниеге келген сағынышы қай елдімекенді болмасын көгертіп-көктетіп, әлсін-әлі жыр арқауына өзгене өрнек төктіріп отырғандығы барша қазаққа аян.

Олай болса бұл кісінің де өзінің түп-тамырындағы ұлы ағынға қайта оралып қауышып жатқандығы содан болар. Өз заманында қолы жетпей-ақ кеткен ақын арманының орындалуы ғажап десе болғандай, үлкен қуаныш екендігіндігінде сөз жоқ. Сол үшін де ол барша қазақ еліне өзінің дән ырзалығын айтып, сәулелі сөз қанатымен қара бұлтты қақ жарып дегендей, көктегі күннің әппақ нұрын жыр арқауына қондырып, сол кездегі астанамыз Алматыға келген еді. Ақындық жүрегін қолына ұстап, алып-ұшып келгендігі тап кешегідей көз алдымызда. Және жай келмей өзінің бойына жаратылысымен біткен үш қасиетімен жүрегі жарыла келіп еді. Ол өзінің ата-бабаларының мәңгілік ірге тепкен "Атамекен" және бұған қоса "Адамған деген сүйіспеншілігін "Ақындық" жоралғысымен ала келгендей. Енді біз сол жырларға құлақ түрейік:

Көл-дария көкірегімен бір түнба ашып,
Мен тұрмын ата-баба жұртын басып.
Жаутаңдап қазір менің жанарымда
Түп-тұтас жиырма жеті жыл тұр ғашық.

Түп-түгел төрт құбыламды түстік етіп,
Туған жер, мен сен салған құс түлетіп,
Дүние-ай, қандай жақсы ед табаныңа
Тұрғаны өз топырағыңның ыстығы өтіп.

О, менің мәңгі басар нық тұрағым,
Қалайша махабаттымды ұқтырамын?

Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте
Көленкем түспесін деп тік тұрамын!

— дей келіп, ақын өз ойын былай тұжырымдайды.

... Қайғы да, мұң да менен көп табылар,
Бәрі де жалғыз сен деп ақтарылар.
Баурайы мәңгі көктем заңғарлардың
Басында мәңгі жатқан ақ қары бар.

Бұл жерде ақынның айтпағы көсегені көгертер көктемнің ұшар биік басында атамекеннің топырағының ыстық табы мен сабат ауасына шертер өзіндік сыры бар екендігін паш етіп отыр. Олай болса ол қасиетті топырақтың құнарындай адамдардың өзі де қандай ардақты десеңші. Және одан ақын өзін бөліп алып кете алмайды. Болмаса ақын лебізіне құлақ қояйық:

О, адамдар, біргемін мен сендермен,
Ықыласына ешнәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы
Сендер менің дарыныма жел берген...

Гүлстанға айналдырған тақырды,
Болат қолдар, алғыр милар ақылды.
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді
Алар демім қалғанынша ақырғы.

Не кездессе өздеріңмен көрмекпін,
Қарапайым адамдары еңбектің!
Барлығын да бағыштар ем сендерге,
Махаббатын маған берсе жер-көктің.

Ғажап емес пе?! Нағыз ақындық құдірет! Барша әлемді бауырына басып, өзінің көл-көсір мейіріміне бөлемек. Мұндай мәрттік, мұндай ықылас пейіл ақынның басына қалай келіп қонақтағанына қайран қаласың. Егерде әлемдегі барша халықтың бір-біріне деген мейірімі дәл осындай болса, жалпы адамзат көзбояушылықпен жүрген көлгірліктің неше қилы тамыр-тұмырлары қиылып мәңгіге кетер еді, әрине. Бірақ адамзат әлемі олай емес, ол өмірдің құлы десе болғандай:

Өмір деген – көк мұхиттың толқыны,
Бір-бірімен жатқан шулап жалғасып,
Бір-бірімен жатқан тулап арбасып,
О, Толқындар, арпалысып, алға шық?

Өмір деген – мәңгі гүлдеп жататын;
Құштарлықтың толғағы мен көктемі.
Ешкім оған қоя алмайды нүктені,
Өмір деген сөйлем емес өйткені, –

деп өз ой өрнегіндегі табиғи құйылған жан дүниесінің қуатын білдіреді. Жалпы бұл Төлеген ақынның жан дүниесінде жанашырлық пен оған ажарландыра құйған нұрдан басқа ештеңе де жоқ сияқты. Болмаса таза ақындыққа мынадай мінездеме берер ме еді.

Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның...

Осындай жан-дүниесін ақтара келген ақынның қарапайым тұлғасы сол кездегі астанамыз Алматыға жаңа жол, соны тыныс ашқандай болғаны ақиқат. Ол кезде ар жағына бармай-ақ бер жағынан қайтар болсақ, біздегі поэзияның ұраншылдығы басым табиғатын, адамгершіліктің ыстық ошағына біржолата құлату дәуірі басталғандығын бірден ұқтық. Бұған дейін жан-дүние шертпесін иін қағылдыра келген Өтежан ақын, адуындап келіп, аулына тартып кеткен Еркін ақын, дүлей қуатын дүрілдете келген Тұрсынзада ақын, "Сипай білген алақан, соғуды да біледі. Ұша білген балапан, қонуды да біледі" – деп келген Құдаш ақындар да бұзып-жарып, алға шықпай тұрғанда қалың елін шулатып келген Өтежандардың қызу қарқынын сәл де болса ысыңқырап, Төлеген ақынның төрге шығуы бірден басталып кетті. Бұл кешегі алпысыншы жылдардың бергі бетіндегі белес еді. Осының алдында ғана студент жастардың әр таңды Өтежанның жырымен қарсы алып, қол қағысып жүргендігін талай көз көрген. Бұл тұста Жұмекен, Мұқағали бастаған көп ақындардың әлі сара жолға түсе қоймаған шағы еді. Бұл уақытта заманымыздың ұлы ақыны Әбділда Тәжібаевтың тілімен айтқанда "...Біз поэзиямыздың тағы бір алтын тұтқасын аштық. Аштық та, Төлеген

дүниесін көрдік". – дегізген және тағы бір классик майталман ақынымыз Қуандық Шаңғытбаевтың "...Ақынның асқақ жырын ғажайып ғұлама жылдардың шежірелі беттерінде сөйлеп тұрған сырға балап, осынау сыр жылдар парағы аударылғанда жабылып кетуі мүмкін екенін тыңнан тауып айту арқылы өлімнің өзін сылқым образға айналдырған Айбергенов өленделіндегі су жаңа нұсқалылықты эпитет көлегейлеп, көрсетпей тұрған жоқ, қайта айқындап, аша түсіп тұр", – дегізген сөздеріне куә болдық. Шындығы керек, сол кездегі кендір жіптей өрілген бір жағы ұранды сөздің ұңғысын танытатын жырлардың қабатына бұл ақынның жыр жолдары жібектей елдің жүрегін жібітіп жібергені ақиқат. Ә дегеннен елдің аузына іліккен Төлегеннің тұтастай тұнба жырлары елдің арасына бейне аңыздай тез тарады. Оның үстіне өзінің аңсап келген атамекенінің астанасына жай келмегендігін тағы білдірді. Оған дәлел алдыңғы толқын аға ақындары мен өз қатарларының сәтті шыққан ой жүйесі мен сөз кестелерін өзінің бар жанымен оқитын күркіреген үнімен жатқа сорғалатып отырса, оған жібімейтін ақын бола ма. Біреулердің жыры тұрмақ, өз жырларын қағазға қарап қана үндейтін ақындарға бұл да болса бір сабақ болғандай. Сол кездегі бір аңыздай әңгімеде Төлеген ақын сонау арқанның төрінде жатқан Еркеш Ибрахим ағасымен тосын кездесіп, амандасып болғаннан кейін Еркеш ағамыздың жырын жатқа оқи жөнелді. Бұған таң қалған арқа ақынының күдері жалы көтеріліп, "Қанша өлеңімді жатқа білесі?" дегенде, жаңа танысқан інісі өз-өзінен масаттана, мақтана, "жинақтарыңызды тұтас білем және сол жырларыңызды керісінше де оқып беруге де бармын" – деп оны да тоқтаусыз жосылта жөнелтіп өзін дәлелдеп берген екен дейді. Осындай ортада ол жібектей болмай не болсын? Бірақ бір өкініштісі сонау Қарақалпақстаннан Қазақстанға қоныс аударып келгенде қызмет табылмай, сонымен бірге баспана мәселесі де қатты қинағаны елдің есіне жиі түседі. Бірақ осындағы көңіл жақын ағайындардың арқасында көп ұзамай ел қатарына тиген ғажап жырларын оған қоса өздері ұсыныс жасаған тақырыптарына жедел дайындап

берген жырларын тоқтатпай басып, азын-аулақ қаламақыларын беріп отырады. Ақын көкірегіндегі "өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болдың" қанағатын көкірегіне темірқазақтай қағида тұтып, сонау туған топырағына әр барған сайын, өзін ол жақта яғни ата-бабалық атамекенінде хан көтеріп алып, "қабырғалы азамат ретінде ардақтап төрінде жүрмін" — деп өзін-өзі алдап-сулап, жалған сөздің желпуішіне жел байлатып сыр білдірмейді. Аласұрған ақынның алпауыт жүрегінен онды-солды төгілген жырлары, ел аузына қанат бітіргендей жайлап жүре береді. Өзінің жұмыссыздығына қарамастан, жыр топшасын жыл өткен сайын емес, күн өткен сайын қатайтып, Алатаудың асқақ шыңдарының біріндей өлең оқыған үні бәсеңдеудің орнына алып қыранның шаңқылындай өрлей береді.

Осы тұста Төлеген жырларына баға берген, әдебиетке өзінің соңын ала келген атақты ақын қарындасы Фариза "...әртүрлі гүлзарларымен, даланың самалымен, жусанның иісі, таудың бұлағымен — өзімен өзі тыныш жатқан поэзиясының қалғымалы тірлігіне кенет көтерілген мұхиттың жал-жал толқындарындай асау ағысты екпінімен әсер еткен Айбергенов поэзиясы қазақ өлеңінің өресін биікке көтерді" десе, ал бүгінгі таңдағы заманымыздың заңғар жазушысы дәрежесіне көтерілген Әбіш Кекілбаев "...Төлеген, сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант... Т.Айбергенов творчествосы — өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры" — депті. Міне нағыз баға, оған бұл ақынның қай жырын алмайық, толық жауап бере алады. Кеше ғана яғни 60 жылдардың бергі тұсында өзі аңсап келген Алматысына:

Жүрегіме жақын сенің есімің,
Әкем десем, анам десем, несі мін.
Жарқыраған көк тасында көшеңнің
Ізі қалған Сәкен бәтеңкесінің...
Жасыл барқыт жапырағы бақтардың,
Саяңда жүр құрбылары Саттардың.
Осындағы талай залдар куәсі
Иса еліне жыр тындатқан шақтардың.

Беу, Алматым, тұра алам ба сүйе алмай
Келемін мен, келемін мен қиялдай.
Жас қаламым дірілдейді қиналып,
Сен жайлы жыр ақ қағазға құя алмай... –

деп өзінің өр қиялын өзгеде жоқ тұңғиық тәңірісінен іздейтіндігіне таң қаласың. Біз осы ақынның ойдағыдай құя алмаған жырының өзінен қаншама шежірелі қасиет тауып жатқанымызда есеп жоқ. Ақын жүрегіндегі тылсым Алматының тыныш-тіршілігін білдіретін құдіретін әлі іздеп жүрген сияқты. Ал ақынның жоғарғы айтқан қиыншылықтарына қарамастан, барша елге деген жүрегінің кеңдігі һәм мәрттігі сонша, және барша халқының аңқылдаған азаматтарының мінезіндей тұлғалы жырының бірегейіне жататын "Бір тойым бардың" ауқымында не құдірет бар десеңізші. Былай алып қарағанда бұл өлең әлемдегі мәрттіктің баға жетпес ән ұранындай десек, оған таласар жан да бола қоймас.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ, бірақ ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай.
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін...
Мен сөйтіп баршаңнан бір сілкінемін,
Мен сөйтіп рахаттанып бір күлемін.
Кім білсін талай түнгі тілегім ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.

Ақынның осы бір ғажап жыры, қандай бір той болмасын, оның ажарын келтірмеген кезі болған емес. Және бүкіл тойда айтар қағидалар да осы ақынның сөзінен мәңгілік нәр алып жататындай. Яғни әрбір мен қазақпын деген жанның аузынан жатқа айтылып шыққанда, олардың жан-дүниесін тебірентіп, бір сәтке болса да өзінің кедейлігінен серпіліп, сезімнің тәтті қиялына еріксіз шомылдыратындай да бір ғажап қасиет бар сияқты.

Екінші жағынан айтар болсақ, ақын жарының оңтүстік өңірден болуының өзі, Алла Тағаланың әдейі әлдилеп әкелгеніндей әсер тастайды Бұл жерде біз дәл Төлегендей құдіретті ақынға үлгі-өнегелік жасап, өзіне берік сүрлеу салып беріп, қолтығынан демеп, ұстаздық дәрежеге дейін қанағаттандырған Өмірзақ Қожабергенов сияқты асыл ағасының жыр өлкесіндегі кеңістігі, сол өлкедегі кімге болса да мәңгілік қағида болып қалғаны айдан анық. Олай болса да бір өңірді бір өзі жыр алқабына айналдыра білген үлкен тәлім-тәрбие ошағы дәрежесіне дейін көтерген Өмірзақ ақынның өз құдіреті өзінде екендігі тағы ақиқат.

Институттан кейін еңбек еткен өлкесі оңтүстік аймақ, мұндай асқақ ақынды ыстық құшағына бірден алып, қайта түлеткені ақиқат. Бұған себепші болған өзімен бірге оқып һәм өлең өрнегіне де шын берілген Зәкір Асабаев, одан келе-келе Сабырхан Асанов сияқты құрдас-достары, Шәмші сияқты аға-достары мен соңынан ерген Мұхтар Шахановтар бұл Төлеген ақынның тасуына басу болмай қайта жасындыққа көтергендей қалып танытады. Сол достары өлгенше қасында болып, қасында бола алмаса сырттай жанашыр болып, небір жүрекке қадалатын қаңқу сөздердің уытын заматында жуып-шайып ыдыратып жүрген жандар болды десем, оның түк те өтірігі жоқ.

Тіпті әр бірден соң шәкірт – досы болған Мұхтар ақын Төлеген ағасының не қиыншылық тартқан кезінде болмасын, үнемі қасынан табылып, қолдан келген жақсылығын аямаған жан біреу болса өзі, екеу болса бірі деуге әбден болады. Ал екінші қанатында үнемі өзінің сүйген жары – жеңгеміз Үрниса жүретіні айдан анық. Мұхтардың ақын көз жұмғаннан кейінде қасынан табылып отырғандығы елге аңыз. Ақын көз жұмғаннан кейін кей сәттерде Үрнисаның өжеттігі жетпей жатқан жерде Мұхтарға жүгінуі, және сол жүгінгенін қабыл алып сол замат, қандай бір жағдайда болмасын жанашырының жанынан табылуы шынымен де нағыз достың биік өресін көрсетсе керек. Болмаса осы Мұхтар інісіне көзі тірісінде-ақ танып өзінің ырзалық пейілімен жазған жырлары да ақынның өз үмітін ақтағандай болып шығуы да көп жайдан хабар бергендей десек артық болмас. Бұған куә "Сағыныш" жыры .

Сағындым, жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып,
Мендей ме екен бар ағаң,
Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным,
Өсек-ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатігездік пен қаталдық
керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен
есепте...

Дей келіп ақын өз ықыласын әрі қарай жалпы адамзатқа қажетті пәлсапаға ұластырып жібереді.

Үмітке толы, арманға толы әр жерде бір түп қарағай,
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға да
жарамай,
Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан
оянған.
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар
иығын.
Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,
Алдында тұрған қыраттың сағын көрінбей жатқан ар
жағын.
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса сағынышыңмен
көктеп өт.
Мен бұны саған жазып отырмын арманымды орап
сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген
кезімде.—

дейді ақын. Негізінде інісіне "Сағынышң деген бір тақырыппен төрт өленділк топтама арнаған екен, соның біріншісі жоғарғыдай сағыныш әлемін берсе, қалғандары да одан қалыспайды. Болмаса әр қайсысынан бір-бір шумақ алып көрейік. Екінші өленнен:

...Қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар әлем,
қыз-өмір,
Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп...
Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып
барамын,
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай,

Сағынып көрген қарағым,
Жалғасын сен айт асқақ әннің
жабылып кетсем егер мен
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын...

Ал үшінші өленде:

...Жүрегімнің лапылдаған отымен
Сан жолдардан өтіп ем,
Сан орманның ұшар басын идіріп,
Сан тұлпардың құйрығын шарт түйдіріп,
Сан жарыққа өз шұғыласын сүйдіріп,
Бірақ менің мына мөлдір өз дертім
Бара жатыр тиген жерін күйдіріп... –

деп құдіреті мен өмір құдіретінің жан алып, жан берісіп жатқан арпалысын, сағыныш ауқымына жинап-теріп сиғызып жіберген. Ертегілердегі небір алып жынның бір бөтелкеге сиғанында, небір алып ойдың қуатты жыр өрнегін өзінің сағыныш жырына сиғызып жібергені көрініп-ақ тұр. Ал төртінші өленінде:

...Сөйлейді сенің тілінде барлық құс біткен.
Күйдіріп те ала жаздадым кейде мен сені
Жүрегімдегі ыстықпен... –

деп те жіберді. Осы төрт өленнен тұратын дос-ініге деген толғаныс Мұхтардай қуатты ақынның өмір-бақи жолына тағылы биік болып қалғандай. Сол бір ақын ағасының өнеге жолымен беттен қайтпай көктей өтіп келе жатқандай. Біз де тілектеспіз.

Былтыр ғана көз жұмған Үрнисаның өзінің ақын жарын бір үзіліссіз еске түсіру дағдысы әрқашанда ұмытылмайтын. Сол сүйген жарының арқасында, әрине, бір жағынан бүкіл халқының сүйіспеншілігі де солай істестпеске қоймайтын шығар. Дей тұрғанмен жалғыз ұлы мен төрт қызынан өрген ұрпақтардың басын қосып, Төлегеннің туған күні мен дүниеден өткен күні үнемі ұмытылмай аталып жататын.Әр бірден соң жолдасын сағынып кеткеннен де болар, ойда жоқта, туған күн деген сылтауды шығарып, жеңгеміз үйдегі бар тұз-дәмімен ақынды әлсін-әлі еске алдыртып отыратындығы тағы бар еді. Оның үстіне бір күйеу баласы ақын Бауыржан Жақып атты қазақтың өз

қатарындағы бетке ұстар ақындарының бірі екендігі тағы бар.

Елінің де, сол елінің арасындағы есті азаматтарының да Төлеген жырларына деген ыстық ықыласы ешқашанда суыған емес. Сондай ниеттің де нәтижесі болар осы бірер жыл көлемінде жаңа астанамыз Астанадағы бір орта мектептің атын да бергізгені елге мәлім. Осының бәрінің басы-қасында жүрген небір ақынжанды азаматтардың арқасы екендігіне көзіміз жеткенде бір марқайып қаламыз. Бұл деген ақынды қастер тұтатын халықтың бойындағы ұлығаттылық десе де болғандай.

Осы жайлардың бәрін де Төлеген ақынның бауырмалдығының арқасы деп білеміз. Өзінің төрт қызы мен бір ұлы сияқты, өзі де әкеден үш апалы бір ұл болған екен, соған жазған "Апаларым" атты жырын еске алайық:

Мен ұл ем. Сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуіміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын
Өстік біз бір омыраудан таласа еміп...

Жігерін жетті жылдар қайрап маған,
Сонда да амалым жоқ; ойлап қалам!
Төрде үлкен шарайна тұр, айдынында
Бір кезде алты бұрым ойнақтаған... –

дей келіп, Төлеген ақын өз ойын былай тұжырымдайды:

...Бар болған кездеріңе сүйінемін,
Жоқ болған күндеріңе күйінемін.
Мен жалпы ақ перзенті болсам керек.
Үміті үзілмейтін дүниенің.

Кешегі ел санасына, қала берді, барша аналардың, әжелердің, қарындастардың қағылез сезіміне селкеусіз сіңіп, көңілдеріндегі шер-тұмасын босатып, көз жанарынан еріксіз ытқып кеткен ыстық жастың құдіретті сағынышын ақын тағы да көз алдына әкеп күрсінбей қабылдай алмайтындай етіп тастай салғанына ырза боласың. Бұл деген жалпы адамзат баласының төрт құбылысы түгел болса да дүниенің төрт бұрышын

ұстатқызатын ғажайып сезімге бөлейтініне шырылдап шырқасаң үн жетпейтін, айтсаң тіл жетпейтін сағынышқа небір жүректерді суарып шығатындығы айдан анық.

Тағы сағыныш, бірақ бұл өзіңе өмір берген анаңнан бастап, барша әлемдегі аналардың бірін қуаныш сағынышына, бірін қасыретті сағынышына, тағы бірін тәңірлік сағынышына алып шығып, небір аңызға жанды арқау беріп, берік жанның бойына ұлан-асыр қуат құятын сағынышына ұластыратын жүрек тебіренісі еді.

Әрине, бұл ақынның ойлап жазғанынан гөрі, көкірегіндегі әлде бір ой тасқыны мен сөз тасқынынан бір Алланың құдіретімен құйыла салғанынан хабардар ететіндей. Бұл да ақынның өзінің де табиғат перзенті екендігін және тек қана табиғат перзенті ғана емес, барша жартылысына жырдың тұнбасын құйып, соның сыртқа шығу әсемдігіне өзгеше өрнек шеккізген жаратылыс болса керек.

Болмаса ақынның бір тартар жырларына көңіл бөлсек те осындай сезімнің ғана өресінен шыға келеріміз ақиқат. Оқиық:

...Күзетіп құба таңдарды
Көзіне күміс шық тосқан;
Сүйем мен талмай талдарды
Табанын жерге нық басқан.

Немесе:

... Белестен қосты ән құрақ-тал
Тел өскен қатар құрбыдай.
Бұлқынып жатқан бұлақтар
Бұралып жатқан бұрғыдай...

Немесе:

... Емес еді дүние қайғы, үй қайғы,
Бірақ та өзің түсінбедің күй-жайды.
Амалым не, ауызға да алмас ем,
Естен еш бір кетпейтінің қинайды.

Немесе:

Ырғалса, бірге өзімен ырғалады
Қыз талдың күміс мұздан сырғалары.
Ағы бар ақша бұлттан көк көз аспан
Шолады кірпік қақпай қыр, даланы...

Немесе:

...Әлемнің барлық жұлдызы
Қалса да енді сөніп-ақ,
Жасаймыз түннен күндізді,
Өзіміз жұлдыз болып ап, –

деген қысқа да нұсқа жырларының өзі асыл тастан мөлдіретіп құйылған моншақтай көздің жауын алатынын қайтерсің. Тек тастан жасалған моншақта жан жоқ қой, ал Төлеген ақын керісінше жансыз дүниеден жанды әлемді мегзеп, өз оқырмандарының көңілін соған еріксіз аударып, жан дауасына айналдырып жібергеніне таңданамыз. Бұл да ақын жаратылысының елден еректігін білдірсе керек. Осыған орай болса керек, сонау Қарақалпақ елінің бетке ұстар ардақты ақындарының бірегейі – Ыбырайым Юсуповтың аузына жараткан ием: "Төлеген өмірінің де, оның ақындық шабытының да тым қысқа қайырылуы өте өкінішті. Бірақ бұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өлеңдері халқына, болашақ ұрпақтарға рухани күш һәм ләззат беріп, мәңгі жасайды", – деген сөз салыпты. Оның өзі де бүгінгі таңда жастарымыздың жүрегіне ұялап, алдыңғы толқын өз құрдастарының көкірегінде де мәңгі жасап жатқандығын паш етеді.

Қағаз бетіне түскен бір сөзінде асқан лирик ағамыз Қуандық Шаңғытбаев: "...Меніңше, Төлегеннің нағыз ақындық дарынын танытқан кезі "Маңғыстау саздары" деп аталатын жырларын жазған тұсы тәрізді. "Сырласу", "Шевченко – мұнай ордасың, "Мұнаралар", "Төстегі жаңғырықтар", "Күйлер", "Ей, менің ақын бауырым" деген романтикалық пафоска толы өлеңдердің әркайсысы қазіргі қазақ поэзиясының ең таңдаулы нұсқалары десек, асырып айтқан болмас еді", – деген екен. Енді біз сол топтамаға аздап зер салып өтпесек болмас.

Бұл жерде біз Төлеген ақынның бүгінгі таңда әуенінің бірі еліміздің әнұранына айналып отырған ұлы композитор замандасына наз ретінде "Маңғыстау саздарына"ұластырып төккен "Сырласуына" жол берейік.

Көрсең ғой шіркін, бәрін де көзбен көрсең ғой,
Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей.
Осынша сазбен ынтызар қылған аймаққа
Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей.

Қуаты керек мендегі асқақ арынның,
Құдыреті керек Әбділдадағы дарынның.
Қара орман керек, қап-қара орман, түп орман
Көзіндей менің жарымның...

Қойнына сұқсыр жасырған шалғай
Көл жағасындағы желкендей.
Бұл өзі ынтызар қылған мекен ғой.
Табанын мынау мұнайға басқан
Мұнараларға қарашы,
Аспан дегенің қашық та емес екен ғой...—

дей келеді де ақын жырының ең соңында:

Ақын боп туып өз бақытымды
жасырар болсам дүниеден,
Тілімді кесіп тастауым керек онда мен!

Осы бір бейнелі өленнің ішінде өлкенің бүкіл ажары да, арманы, оның бойындағы қуаты да тұтасып кеткен. Сонымен бірге ұлы сазгер Шәмші мен өзі сиякты құдіретті ақынның еркелік көкжиегін қойындарындағы асыл жарларының бірінің жанарын жер жанарындай, екіншісінің бұрымын жердің айдарындай жел естіріп, өздерімен бірге қуанып жатқандай әсер тастайды. Және бұған қоса құйылып келген сөздің өмірі, сол жердің құнарлы құбылысын аударып-төңкеріп жатқандай еркіндікке ентігін басады. Бұл деген бір тұтас сол өңірдің демалыс тынысын беріп жатқандай. Келесі жырында ақын осы ғажайып көріністі былай көрсетеді:

... Ақ ерке осы қалаға
Айырмай көзін көк төгіп,
Тұрады екен көкірегін түгел өрт қылып.
Құс Жолы мұнда аңдамай келіп
шашылып қалған сиякты.
Мұнаралардың заңғар басына сокгығып... —

десе ақын өзінің "Шевченко — мұнай ордасы" жырында.

Ал "Мұнаралар" жырында сөзден найзағай отын шашқандай сезімге бөлейді:

Көзім менің!
Жатырсың жырақты ашып,
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып.
Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда
Мұнаралар басына шырақ тасып...
Қалайша мен жаным-ау, тұра аламын,
Жүрегімнің сыңсытпай шынар әнін.
Табанымның астында қара дария,
Тас төбемде тайгасы Мұнараның... –

дей келіп, өзінің көкірегінен көл-көсір ағындаған жырын, былай түйіндейді:

...Білмедім мен кеудемнен ашты ма кен
Омырауы осынау тасқын әлем.
Күн көтеріп барады Маңғыстауда
Мұнаралар аспанның астыменен...

Ақын ойын сөз-кірпіші сықыршының құдіретіндей өрнектеп-ақ жіберген. Сүйексіз тілдің табиғи шырынынша әр сөзді тастай бекітіп, өрнекті үні жаураған жердің үстіне мақпал шапан боп құйылып жатқандай. Соның әсерінен жаңа ғана жаурап жатқан дүниенің, ішкі дәйегінен от өріп, айналаның барша құнарын адам танымастай етіп көтеріп, көңілділіктің көгілдір күмбезін тұрғызып, жасауураған өмірді жасандыра жайнатып тастағандай әсерге малындырады. Дала көркін қайта жаңғыртып, жайнатып, жұмысшы қолының құдіреті қуанта ерекше жан бітіргендей сөйлетіп жатқандығында мін жоқ. Жиырмасыншы ғасырдың өзін құлша жұмыс істетіп қойған соң оған не дауа. Осынша жұмақ өлкенің енді күмбірлеген үнін естіп көріңіз:

Қателессең тартып отырған күйіңнен,
Керілдесіп қалады екен Адайлар.
Шақыртып алып ару қыздарын сонан соң
Бармағында от ойнар,
Күй сұрайды екен атойлар.
Тарттырады екен сен тартқан күйді қайтадан,
(Саусақ дегенің айтады ән)

Жігітім, енді шыдамың жетсе төзіп бақ,
Өлгенің жақсы, қайта одан.
"Қонақ баланы ұялтпа" дейді құдағи,
Ал анау қыздың жанарындағы от қандай!
Жүректен емес; мына күй
Саусақтан шығып жатқандай, –

деп ақын "Күйлер" деген өлеңімен өзінің көркем тілмен өрнектеген күмбезіне, даланың самал сәулесін арқалаған үн құдіретін күмбірлетіп көкке көтереді. Бұл деген шыныда да майталман лирик ақынымыз Қуандық ағамыздың айтқанындай күдері жалдың көтеріліп жасыл жоталана дөңбекшіген бір сиқыршы әлем сияқты тосын пайда болған жайға көзің әбден жеткендей қуанарына қайтерсің. Осы жерде біз, қазіргі шашасына шаң жұқтырмай жүрген ақындарымыздың бірегейі Есенбай лебізіне жүгінсек: "XX ғасырдағы қазақ лирикасына тұтас бір өрлеу дәуіріндей ықпал еткен Төлеген Айбергенов өлендерін көк пен жерді рахман нұрына бөлеп өте шыққан көктемгі ақ жауынға теңеген жөн болады. Ол нұрдың аты – адамзат баласына деген ғашықтық асыл сезім, ғажайып сағыныш сазы. Мұның терең бастауына телегей жыраулар дәстүрі мен халықтық һәм әлемдік поэзия қайнарының тегурінді қуаты бар", – депті бар ішкі сырын ақтарып. Бұл сөздің өте тауып айтылғанында сөз жоқ.

Осыған қоса айтар едім, сонау бір заманда осы Жетісу өңірінде барша қазақтың атынан көл-көсір теңіздей толқып, мұхиттай ыңыранып айтқан ұлылардың ұлысы Сүйінбай бабамыздың тарихи жырына, қай заман болмасын тендесі болмаған десек оған ешкім де таласа қоймас. Ол кісінің сөз теңізіндегі барша қазағымен мақтанған сара жолына ештеңе де жетпегені жалғыз тәңірге аян. Ал біздің Төлегеннің де өзінің қазағына деген көл-көсір сағынышының ауқымына сыймаған жүрекжарды жыры да қалмағандай. Жалпы ақын атаулымыздың бәрі де алдымен өз ұлтын, содан кейін барып барша әлемді құшағына алғысы-ақ келетіндігі елге аян. Бірақ Төлегеннің жырындағы айтылған сағыныштың сағымды әлеміне теңеу табылмас та әрине. Қысқасы, бұл ақын құйма жырдың киесіндей жер бетіне бір соғып өткен құбылыс десек болғандай. Содан да болар ол өз жырының сағыныш отына өртеніп кеткендей, және оның

сол бір жансыз мүрдесінің айналасында Мұқағалидай ұлы ақынымыздың өзінің үлкен жүрегін қолына алып ажалға араша түсердей шыр-пыр қағуында да үлкен мән жатса керек. Бұл деген алыпты-алып аңсап барып құшағына басқандай әлем тауқыметін білдірсе керек. Сөз соңымызда тағы да біздің заманымыздың ғұлама тұлғасы Әбіш Кекілбаевтың "... Т.Айбергенов творчествосы – өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры", – деген сөзін еріксіз қайталағымыз келеді. Және оның өлімді жеңгенінің бір куәсі, оның әруағының өз сөзімен барша қазақ топырағындағы бауырларының көкірегінен орын алып, жүрек сөзі боп төгілуінде болса керек. Оған қоса Арғы ата-бабаларына атамекен болған Ақтөбе Өңіріндегі елдің ардақты ұланына айналуы, тағы да бір үлкен қасиет деуге болғандай. Ақтөбе мен Айбергеновтың айы оңынан туып жатса, одан артық ақынға не керек.

Жастай кеткен жасын ұлдарына жаны ашып, қатты күйзелген жанның бірі, барша әдебиетіміздің айдарындай, айбарындай болған ғасырда бір туар ақсақал жазушымыздың бірі – Ғабит Мүсірепов ағамыздың өзі, Төлеген көз жұмған да жан дүниесі қинала тұрып: "...Амал бар ма, біз, қазақ әдебиеті, екі-үш дарыннан ерте айрылдық. Олар – Абдолла, Баубек, Төлеген", – деген екен. Бұл ұлы жанның аузынан жай шыққан сөз болмаса керек.

Өйткені Төлеген ақын нағыз жігіт шағында кеткенмен қазақ жыр тұлғасының бірі де, ірі де, асыл да ардақты бейнесі боп кеткенін дәлелдейді.

Ағайын, бізде осындай ұлы перзенттерімізді төбемізге көтеріп өтсек, кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөз жоқ ақиқат десек артық болмас.

Бекен ӘБДІРАЗАҚОВ

ЖҮРЕГІ ТОЛЫ САҒЫНЫШ

Ақынды ақын сағынар еді. Сөйткен екеуі де бүгінде өмірден өткен. Бірақ өлмес өлеңдері қалған. Екеуі деп отырганымыз Төлеген Айбергенов пен Бекен Әбдіразақов. Олардың алдыңғысы дүниеден ерте өтсе, соңғысы оған қарағанда ұзақтау ғұмыр кешті. Ол бүгінде тірі болганда 70-ке толар еді. Әрине ол Алланың ісі. Сөйткен Бекен Әбдіразақовтың архивінен жақында ақиық ақын Төлеген Айбергенов туралы жазылған естелігін тауып алдық. Ол

ақынның көзі тірісінде еш жерде жарық көрмеген. Соны бүгін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Ол әрқашан да жойқын дария жағасынан (Әмудария) жүрегі әлгі бір сағынышқа толы сезіммен келетін еді. Алматы ол үшін ақындардың Меккесіндей көрінетін. "Лениншіл жас" газетінде істеп жүргенімде сылыңғыр қара, бұйра шашты жігіт кіріп келді.

– Маған Бекен Әбдіразақов керек, – деді. Студент жастар бөлімінің меңгерушісі Сейдахмет Бердіқұлов көкем "Бекен мынау", – деп мені нұсқады. Тура келді де, "Бекен сенбісің", – деп құшақтай алды.

Мен де бір түрлі қысылып қалдым. Ол: "Мен Төлеген Айбергеновпін", – деді. Алдында сонау Қарақалпақстаннан жіберген бір-екі өлеңін жариялағаным бар. Содан білетінім де рас.

Түс кезі болып қалған шақ еді.

– Бекен, жүр түстенейік, достарыңды ертіп жүр, – деді. Сонымен қазіргі "Жетісу" қонақүйіндегі ресторанға барып тамақтандық.

Елден келген ақындардың бір қызығы өлеңдерін оқуға құмар болатын. Менің ақсулық досым Құдаш Мұқашев та сондай жан еді. Ресторанда отырғанда Төлеген де өлеңдерін оқыды.Сейдахмет аға "Нағыз ақын ғой, өлеңін жатқа оқиды", – деп риза болды. Бәріміз сыртқа шықтық. Төлеген: "Қонақүйге орналасқан жоқпын", – деп еді, мен: "Несі бар, үйге барамыз", – дедім, әдемі бір күлкісі бар еді.

– Үйдегі бәйбішең қарсы болмай ма? – деді.

– Оның өзі әдебиетші ғой, – дедім.

– Солай ма? – деп миығынан күлді. Ол кезде мен Тәшкент даңғылының бойында тұратын едім. Қайбір жетісіп жүрген кезіміз. Бүкіл ақындар: Сағи, Ізтай, Әнуар, Шәміл, Ғафу Тастақ ықшамауданында тұратын. Кімнің шығарғанын білмеймін, әйтеуір, екі-үш жол өлең бар еді.

Тастаққа барсаң, тастақ бар,
Ақшаң болса қалтанда.
Содан кейін талтаңда.

Бұл шумақты Төлеген қайдан естігенін білмеймін. "Тастақ деген ақындардың ауылы ғой", – деді күлімсіреп.

Керекті нәрсені қалтаға салып біз де бардық. Содан не керек, достығымыз жалғасып кетті. Жыл құсындай

келесі келгенінде мен пәтер алған едім. Бетімнен сүйіп, құшақтап, құтты болсын айтты. Бұл 1962 жыл еді. Құдай берген несібе ғой деп қуанды ол шын жүректен. Аққөңілдігі соншалық, менің үйімде өзінің үйіндей еркін жүретін еді. Мен әдеби қызметкерліктен бөлім меңгерушісі дәрежесіне көтерілген кезде, ол кісі қызметке өзі орналасқандай сезінді. Бір күні маған:

– Сен Қалжан Нұрмахановтың күйеу баласы екенсің ғой, – деді.

– Онда тұрған не бар?

– Ондай адамнан көп нәрсені үйренуге болады. Институтта естімеген нәрсені естуге болады. Сен иттің білімділігің сонда, – деді. Мен үнсіз қалдым. Шынында да мен университетті бітіргеніммен көп нәрсені жете ұға білмейтінімді Қалжан ағамен араласқаннан кейін білдім. Қалекең 1962 жылы Шыңғыс Айтматовтың "Жәмилә" повесі бойынша "Аңсаған менің әнімсің" деген пьеса жазды. Ол 1962 жылдың 22 желтоқсанда бірінші рет режиссердің қойылымымен сахнаға шықты. Спектакль аншлагпен өтті. Төлеген келесі бір келісінде:

– Бекен-ау, мені сол спектакльге алып барсайшы, – деп өтінді.

Театр демалысқа шықпаған кез еді. Екеуіміз театрға келдік. Билетті алғанымыз жоқ, театрға оңай кірдік. Бірінші қатарға отырдық. Әртістер тамаша ойнады. Үйге қайтып келе жатқан кезде Төлеген: "Бекен, бұл пьеса емес, поэма ғой. Қалай жазған Қалекең, ойпырмай, ол да дүниеден кетіп қалды ма?" – деді. Менің жүрегім де қобалжыды. Содан үйге келдік. Ол ылғи толқып жүретін. Бір күні бір ғажайып сырын айтты: "Бекен, мен ана жақта сабақ беріп тұрған кезімде ылғи көз алдымнан сендер кетпейсіңдер, осы тоқсан қай кезде бітер екен деп аңсап жүрем. Достарсыз мен жалғызбын ғой, ол жақта. Өлеңімді тындайтын адам таппаймын. Сондықтан Алматыны аңсаймын да тұрамын. Өмір бақи сендерді сағынып жүремін ғой", – деді. Ол кезде мен оған онша мән бермейтін едім.

Бір күні тағы да бір жазғы демалысында келіп: "Саға Жиенбаев менің туысқаным екенін білмеппін, ал ол сенің досың ғой, таныстыршы", – деді. Шыныда да Саға ағаммен көзімді ашқалы дос едім. Жамбыл көшесіндегі

Қуандық Шаңғытбаевтың босаған үйіне көшкен кезі болатын. Не керек, ағасымен таныстырдым. Сөйтсем, Сағи екеуінің руы бір екен. Одан кейін екеуінің арасында ағалы-інілі қатынас орнады. Төлеген өте бауырмал болатын. Келген сайын үйіне барып сәлем беріп жүрді.

Әлі есімде, аққөңілдігі соншалық, әзілді шын көретін. Бір күні Әйелің кім болып істейді? – деп сұрадым.

– Райком комсомолдың екінші хатшысы, – деді ол мақтанышпен. Мен оған қалжыңдап бірер сөз айттым. Төлегенім барғаннан кейін әйелін екінші хатшылықтан босатып алыпты. Үрниса

– Осы уақытқа дейін жолымды кескен сенсің, – деп мені кінәлайды.

Төлеген Қазақстанға келуге ынтықты. Содан Сарыағаштың бір мектебіне орналасты. Сонда ол "Ортаға келді өз балаң" деген өлең жазды.

Жансын деп жақсы орталарында маздап ән,
Қалсын деп жақсы көңілдер ойды қозғаған,
Тік тұрып қарсы ал, о, туған елім тілектес,
Тілектестікпен қойнына кірді өз балаң!

Қазақстанға келгеннен кейін оның аласұрған жүрегі достар іздеді. Сол кезде Шымкентте жүрген өзі сияқты аққөңіл Шәмші Қалдаяқов кездесті. Мұхтар інісін тапты. Кейіннен жүрегінің тазалығы соншалық, Мұхтарға арнап керемет өлең жазды.

Сағындым жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып мендей ме екен бар ағаң,
Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек – ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатігездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.

Бұл Төлегеннің алыста жүрген кездегі жан сезімін, көңіл-күйін түсінетін жас інісіне жазған жан сыры еді.

Төлегеннің ең бір ғажайып көрегендігі талантты, дарынды тани білетіндігі. Қазір Мұхтар Шаханов Төлегенге адалдығын күн сайын көрсетіп жүр. Мен шәкіртінің ұстазға деген берілгендігіне ризамын.

Өмірде талай өзгерістер болады. Соның біразын мен де басымнан кешірген адаммын. Сарыағашта жүргенде Шәмшімен таныстым, екеуінің достығы сол жерде қалыптасып, екеуінің таланты да, дарыны да көкке қалықтады. Шәмші Төлегенді Атырауға ерте кеткен. Сол сапарда Төлеген ғажайып өлеңдер жазып қайтты. Соның бірі облыстық халық оркестрінің дирижері Сейілхан Құсайыновқа арналған өлеңі. Оның "Мереке" атты күйі Құрманғазының күйлерінен кем болмай қабылданды.

Шығарып салып тұрғанда тәмам бір шың,
Айтпай кетсем тағы да маған бұл сын.
Көп шайлыққан осынау жүрегіммен.
Хаттарының қанаты талып жеткен.
Алыстағы азамат аман жүрсін.
Талайлардың өмірге күле кірген.
Тағдырын да білемін тірі егілген.
Тоймай қарап келем мен дидарларға,
Көп шайлыққан осынау жүрегіммен.

Сол сапарда оның толқып келгенін білемін. Келгеннен кейін Шәмші екеуі "Ақ ерке – Ақ Жайық" әнін дүниеге әкелді. Ән күні бүгінге дейін шырқалып келеді. Өлең мен әннің бір үндестігін сонда байқадым. Олардың бұл шығармашылық достығы өле-өлгенше ажырамады.

Төлеген барынша адал, барынша жақсы жігіт болатын. Бір күні "Өмірге саяхат" деген Төлегеннің кітабы шығар кезде ол тағы да Алматыға келді. Сырбай Мәуленов бастаған ақындарды қыздар институты шақырды. Бәріміз бардық. Бәріміз де өлеңдерімізді оқыдық. Төлеген өзінің өлеңін тебірене оқыды. Далаға шықтық. Сырбай ағам Төлегенге. "Өз өлеңіңді әдемі оқисың, басқа өлеңдерді жөнді оқи алмайсың", – деп айтып еді. "Сыр-аға өз өлеңімді өзім әдемі оқымасам, онда ол өлең болмайды", – деді. Бәріміз ду күлдік. Сырбай ағамыз өленді әдемі оқитын еді. Төлегеннің әлгі сөзінен кейін үндемеді.

Бір күні Жайсаңбек Молдағалиев досым екеуімізді Әли Ырзабаев деген жергілікті ақын түстенуге "Алматы" ресторанына алып барды. Сонда Төлеген де екі жігітпен отыр екен. Сәл томпақтау мінезі бар болатын, маған жақындап келіп: "Құрып қалғыр-ау, менің поэмам қайда, бір апта болды ғой апарып бергеніме", – деді.

Шынында маған бір апта бұрын "Космонавт монологы" деген поэмасын әкеліп берген болатын. Жайсаңбек қарғып тұрып: – Мынау кім? – деді. Мен: "Төлеген Айбергенов деген ақын досым ғой" дедім. Еркелеп тұрғанын екеуі де білді.

Сонда ол Қарақалпақстанға біреудің жылын беруге бара жатқанын, ертең самолетпен ұшатынын айтып еді. Содан ол қайтып оралмады. "Космонавт монологы" деген лирикалық поэмасы шыққанын көре алмай кетті. Сол кезде ол 30 жасқа аяқ басқан еді.

1968 жыл-ау деймін. Оны Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына Сырбай Мәуленов ұсынып еді. Төлегенмен бірге бір ақын досымыз қоса ұсынылды. Екеуінің біреуі сыйлық алуы керек. Саған екеуіміз замандасымызға: "Сенің көзің тірі ғой, әлі талай сыйлық аласың", – деп үгіттедік. Ол тілегіміз іске аспады.

Смағұл ЕЛУБАЙ

"МЕН МАРТТАҒЫ НАЙЗАҒАЙ КҮРКІРІМІН..."

Сағындым, жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып,
мендей ме екен бар ағаң,
Шын інім болсаң, бас бұрма жаным
өсек-ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатігездік пен қаталдық
керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен
сағынышымен есепте...
Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң,
қосыла алмаймың қатарға
Әуелі әбден сағынып алмай шығушы
болма сапарға.
Сағынбай барсаң, теңіз де сенің
тебіренбес жастық шағындай,
Бұлбұлдың дауысын есіте алмайсың,
бауларға кірсеңі сағынбай.
Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан
шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен
екен деп тас қаптап...

Айтулы толғауды осы бір жерден үзеріміз үзіп алып, әрі-сәрі күйге түстік. Көз жауын алардай жауһарды сындырып алғандай, соның сіздерге тек бөлшегін ұсынғандай пұшайман болдық. Осы бір жырдағы алабұртқан екпін, тау суындай күркіреген қарқын, бірінен-бірі туындап, сытыла шапшыған бұла сөз толқын, буырқана бұлықсып атқыған сезім серпіні үзуге, іркуге келер емес еді, көнер емес еді. Жыр жүйрік. Апшы қуырған асау ағыс. Аяғына дейін жіберіп, ат басын ағытқан осынау бір тұлпар шабысты тек тамашалай бергің келеді. Тамсана бергің келеді. Ақын үніне үн қосып, сөз шығындап жатқың келмейді. Мың құбылған шұғылалы жыр жауһарларын назарларыңызға бірінен-кейін бірін ұсынып, айберен толғауға үнсіз ден қойып отыра бергің келеді, осынау сұңғыла шабысқа қосыла қол шапаттап отыра бергің келеді. Төрт аяғы тең жорға Төлеген жырларын, шашасына шаң жұқпас ақпа жырларға қара сөзбен түсініктер жазып сипаттап, суреттеп жату — бір әурешілік. Қазақтың арнасы кең жыр дариясына сонау алпысыншы жылдар аяғында бір бүйірден апшып келіп, бір ақжал толқын ұрғаны есте. Төлеген — толқын. Арқырап ақжалданып шиыршық атып келген толқын. Суы тұнық тұмадан бастау алған бұлқыған бұла толқын.

Жазира белдер қуанышынды болмасын мәңгі
шектемек,
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса сағынышыңмен
көктеп өт.
Мен бұны саған жазып отырмын арманымды орап
сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып
жүрген кезімде.

Ақын інісі Мұхтар Шахановқа арнаған бұл толғау, сөз жоқ, қазақ жыр көгіне шырқай көтеріліп барып, лап жанған өмірзая шайырдың ғана емес, жалпы өлең өнеріміздің тамаша бір соны өрнекпен оқыс өріс ашқан самғауы, шарықтауы болды. Бұл толғау, сөз жоқ, алпысыншы-жетпісінші жылдар поэзиясының шырқап бір салған әні, шауып бір шыққан шырқауы.

Өмірде мынау сағынбағандар
бақытсыз, бақсыз талайсыз,
Қазақтың жыры Абайсыз.

"Сағыныш"! Ақын соншама неге сағынышты ұлы сезімге балап сомдаған? Бұл жерде ол "Махаббатсыз дүние бос" деп түйген ұлы Абаймен үндеседі. Өмірге деген махаббат жалын кеудесін өртегендер ғана сағына алмақ. Сағынған, сүйген жандар ғана тірлікті тазара алмақ. Сондай жандардың ғана өкшесі жерден бір елі көтеріліп, періште қанат әулие сезімге бөленбек. Сондай жандар ғана өмірге шапағат нұр, жарық шашпақ. Сондай ақынжандылар арқасында ғана "мына дүние тас қаптап кетпей" "аруана – бауыр" қалпына асқақтай бермек. Төлеген кейде шабыт қысқанда көкке парлай, самғай көтеріліп дүниенің тас төбесіне шығып алып, қиядан жүзіктей жұмыр жер, жалпақ әлемге назар салатын қыран көз, періште-қанат ақын. Ол ата жұрт – қазақ еліне қиырдан сағынып келді. Өле-өлгенше сол сағынышын баса алмай кетті. Алмағайып жылдарда айырылып қалған ата жұрттың әрбір тау мен тасына, көл мен шөліне шөліркеп, алыс тарихи сапардан оралған аруана-бауыр жанның іңкәр көзімен қарады. Кешегі кеңестік аласапыран жылдарда артта қалған ата жұртқа деген сағыныш шеттегі қазақтардың бойына ана құрсағында жатқанда-ақ қанмен, зармен бірге дарыды. Дүниеге қарақалпақ жерінде келген Төлеген тал бесікте тербеліп жатып-ақ, алыста қалған ата жұртқа деген құтаймас сағыныш мұңына суарылған бесік жырымен көз ашты. Балалық шағы шығыс шайырлары шарлаған шайырлы, құнарлы топырақ Хорезмде өтті. Жас Төлеген Науаи, Мақтымқұлы, Бердақтардың рухы тұнған, ізі қалған қасиетті өлкені шарлады. Балаң санасын қашан қалыптасқанша үздіксіз де үзіліссіз күмбірлеген бабалар үні, жыраулар сарыны тербетіп тұрды. Ғасырлардан ғасырларға көшкен жыр дәстүр осылайша бала құлағына, санасына ұя салды. Мектеп табалдырығын аттасымен Абай, Жамбыл, Махамбеттермен қауышты. Сөйтіп, бала сана, бұла сана өлең сөздің тұма бұлақ, тұнбасынан жүзіп жүріп ішті, сімірді. Тереңге тамыр салды. Ата-салт, тіл, дін, діл қаймағы бұзылмаған қазақы орта, ұлы Тұран төрі оның бойына елдік пен ерлікке толы мыңдаған жылдық

ұлы бабалар өсиетін, қасиетін екті. Жаратқан ие елпең-елпең жүгірген қағылез қара баланың мандайына ақын болуды жазды. Бұғанасы қата келе жас дарын күмбірлеген әулие бабалар әуезіне әуейленіп, өзі де күбірлеп тақпақ жаза бастады. Осылайша, тарихи жады шытынамаған Тұран топырағының төсін тесіп тағы бір қайнардың көзі ашылды. Төлеген ақын, тамыр салған топырақ араб, парсы, түрік өркениеті әлімсақтан біте қайнасқан рухани шайыры шүйгін топырақ болды, оған далалық еркін ер қазақтың азаттық рухы атойлаған жыр, саз сарыны қосылып, бала санасында соны рухани элементтер құрап ию-қию араласты. Сана тұңғиығында болашаққа атылар жанарту – жыр негізі, жасушалары түзілді.

Қанша құнарлы десек те Қазақстаннан шет өлке қазақы өршіл рухы көкірегіне симаған Айбергеновтей арқалы ақынға өсе келе тарлық ете бастады. Анау бір қиырда толықсып аламан бәйгелер мекені ұлан-байтақ Қазақстан жатыр. Қазақтың қалың елі тербетілген тал бесік. Шетте, жат елде жүрген қазақтың көз салар құбылысы, мәңгілік Меккесі, мәңгілік сағынышы.

Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап
өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге
келтіріп.
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы
боздаумен,
Омырауын шерге толтырып.
Апталап-айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер
құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен
мәңгілік тіпті Күн батсын.
Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана-бауыр дүние,
Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың.
Кеудемде жүрген, зердемде жүрген ынтызар ықылас
от өріп,
Сен мұны менен бетер үк!
Түкпірімдегі дір ете қалғыш осынау құйттай
жүрекпен
Келем мен бүгін қасиетті байтақ
Қазақстанды көтеріп!

Төлеген толғауларындағы сағыныш сазына, сағыныш сырына терең бойлаған жан бұл жерде тек қана ақынның жеке бас тағдырға тайдай таңба басқан кешегі ел айырылған жылдардағы зар заман жаңғырығын аңғарған болар еді. Сол "балапан – басына, тұрымтай – тұсына "кеткен кер заман дауылында қақпақыл болған қазақты" бір ботасының боздауын естігендей болар еді. "Боздаумен жасы моншақтапң туған жерге тартып отырған аруана – жүрек ақын бейнесі көз алдыңызда көлбеңдер еді. Ақынның Мұхтар інісіне деген сағынышы, бақсақ, ел мен жерге сағына қауышқан ақынның күллі қазақ ұлына деген жүрек жарды тарихи сағыныш екеніне көзіңіз жетер еді. "Ботасын шайнап өлтіріп туған жеріне тартып отыратын аруана – бауыр дүние" ел мен жерден алыс кеткен алаштың ата жұртқа сыңсып ағылған сағыныш көші екеніне көз жеткізер еді. Егер, ақынның ата-бабалары тоталитарлық тепкінге шыдамай, Ақтөбе жерінен Қарақалпақстанға жер аумағында, балауса ақын ата-жұрттан алыста жүріп қалыптасқанда, жүрегін алыс ата-жұртқа деген құтаймас сағыныш сормағанда, кім біледі, мүмкін сағыныш туралы қазақ поэзиясының мәртебесін асырған осынау Төлеген толғаулары өмірге келер ме еді, келмес пе еді, кім білсін...

Өмірде ұзақ жасауың үшін болғанымменен қайғың қас,
Туған жер, сен деп қайғыра алмасам,тағдыр да мені
бай қылмас.
О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен
Қазығын таппай қайырылмас.

Жас ақын шынында да қазығын таппай қайырылмады. Бір қолтығында Ташкент педагогикалық институтының дипломы, екінші қолтығында болашақ жары Үрниса, Төлеген ақын Қазақстанға бет түзеді. **Алғашқы орын тепкен жері – Оңтүстік Қазақстан, рухани ұлт ордасы.** Әлі елге белгісіз Төкеңнің отбасының досы, жазушы, журналист Зәкір Асабаев құшақ жая қарсы алды. Зәкеңнің өзге де достарының арқасында жас ақын Сарыағашта кешкі мектеп директоры болып жұмысқа орналасты. Бірақ, ақын аңсары Алматыға ауды да тұрды. Ақыры дегеніне жетпей қоймады. Жұмысың мынау деп отырған астана жоқ болса да, бала-шағаңмен

кіре қояр баспана жоқ болса да, ақын алған бетінен қайтпай, бәрібір көшіп келді. Алматының Ташкент даңғылының бойынан бір бөлмелі жер үй жалдады. Бірінші курсты оқып жүрген кезіміз, сол үйдің табалдырығын алғаш аттадық. Ең алдымен көзге ұрғаны – үй толған шүпірлеген шиеттей бала еді. Қара торының әдемісі Үрниса жеңге күліп жүріп, дастархан қамымен зыр қағып жүр. Тіптен таң қалдым. Бозөкпе бала қонаққа мұнша ықылас көрсеткеніне қысылғаным есте. Төлеген аға мен Үрниса жеңгей отбасында қазақы қонақжай дәстүр қаймағы бұзылмай тұрғанын аңғардық. Бұл дәстүр Алматыда сұйылып кеткенін аңғарып жүрген кезіміз еді. Сөйтсек, бұл ата дәстүрге Төлеген отбасында әлі сызат түспеген. Төкеңнің "Болады менің кейде жүз қонағым, соның бәрін күтпесең сызданамын!" дейтіні де содан болса керек, жарына арнап. Жерге төселген қарапайым дастархан, сол дастарханға сирек қонақтаған қарапайым дәмдер. Бірақ, ағамыз бен жеңгеміздің көңілі неткен дархан, неткен көл-көсір! Бір бөлмелі жатаған үйдің төрі мен босағасы мен үшін, бірінші курс студенті үшін хан сарайдай кең көрінді. Не айтса да күліп айтатын, не айтса да күлдіріп айтатын **мына жағасы жайлау ақжарқын үй иелерінің жанында жоқшылық, таршылық деген сұғанақ ұғымдар орын таба алмай, өз-өзінен тоз-тозы шығып кеткендей.** Төрт қабырға даладай далдиып кеткендей. Маған, студент балаға, сол сәтте Алматыдағы ең кең үй, ықылас, пейілге толы үй тәрізденді. Төлеген ақын әлі сиясы кеппеген, түнде жазған өлеңдерін оқыды. Өлең оқысы бөлек. Жатқа оқиды және тура шаршы топқа шапқалы тұрған революция дауылпазы Маяковскийше екпіндетеді. Әрбір өлең жолының аяқталуы балғамен ұрғандай салмақты. Дүңкілдеп дабыл соғылғандай, жорық дабылы ұрылғандай. Оқыс қуат-қайрат сізді де баурап, арқаңыз қозып, күреске, ерлікке шыңдалып, ширағып бара жатқандаймыз.

Революция!
Қашан да маған қасіретті шақтан, тар шақтан
Қол создың, ару армандар болып қарсы аққан...
Жетеді сен боп дүңкілдеп маған қаққанда
Самала мына таулардан
Саркырамалар барабан.

Ташкент даңғылының бойындағы жұпыны ғана жатаған ақын үйі көп ұзамай сол кездегі әдебиет есігін жаңа аша бастаған, бірақ та үйсіз, күйсіз Жұматай бастаған жас ақындардың тұрақты шұбыратын Меккесіне айналды. Үй иесінің жұмыссыз, қаржысыз қысылып жүргеніне қарамастан, бұл үйде күнде сауық, күнде той. Үрниса жеңгей қабақ шытуды білмейді. Нағыз Құдай қосқан ақынның жары. Үйге топ-тобымен келіп жатқан отқанат жас ақын қонақтарға Төкең қалай қуанса, Үрниса жеңгей де солай қуанады. Бұндай пейілді аңғарғыш ақындар бір емес, бірнеше келеді. Тіпті қона-жастана дүрілдетіп өлең оқып, керілдесіп әдебиет мәселесін осы үйде шешіп жатады. Үй иелеріне осының бәрі қызық. Бәрі той. Қабақ шытпайды. Олар үшін дүниеге бір жақсы өлең келсе нағыз мереке сол тәрізді. Бұл үйден Төкендер көп ұзамай кетіп, қарызданып жүріп, Алматының тау жағынан бір арзан үй сатып алды. Ұмытпасам, бұл да бір бөлмелі. Жас ақындар тобы енді Алматының тау жағына қарай шұбыратын болды. Келушілер қатары молая түсті. Әйгілі Шәмші бастаған композитор, әнші, журналистер күн демей, түн демей осы үйде жиналады. Жаңа ән, жаңа өлеңдер осы үйде үздіксіз туып жатады.

Араға 40 жыл салып сол күндерге, жер бетіндегі Төлеген ақынның соңғы жыл, соңғы күндеріне ой көзін қыдыртқанымызда, пайғамбар жүрек қыршын жас жер бетіндегі сапарының келте боларын сезді ме екен деген ой келеді. Бауыры ауыратынын айтатын. Сондықтан да, түнді-түнге ұрып, таңды-таңға ұрып, тірлік шуағын ұзартуға талпынды ма екен деген ой келеді. Жанын паршалап, санасын сабылтып, сергелдеңге салған сезім өртінен өлең өруге асықты ма екен деген ой келеді.

Төкең жайшылықта ет пен сүйектен жаралған пенде көрінгенімен өлең оқығанда мүлдем өзгеріп кететін, арқаланып лапылдап жанатын. Оның себебін ақын былай түсіндіреді:

Сен менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің.
Ал меңдегі ғаламат сезімді көрсең,
Шошыр едің!..

Шаршы топқа шыққанда ақын найзағайша жарқылдап, күн болып күркірейтін. Бұндай ақындарды

ол кезде "трибун ақын" деуші еді ғой. Төкең туа біткен трибун ақын еді. Төлеген сахнада жарқылдау үшін туған талант еді. Төлеген ақынның қалғып-мұлгіп отырған аудиторияға жаны қас болатын. Оны қағып-сілкіп дүрілдетіп, дуылдатып жібергенше асығатын. Пышақтың қырындай сылыңғыр, ұзын бойлы, қыр мұрын, бұйра толқын шашты отқанат ақын сахнада қырандай саңқылдап өлең оқығанда, залда отырған қыз-келіншектердің жанарлары шырадай жанып, шоқтай маздайтын. Сондай бір кездесу өлерінің алдында Алатау бөктеріндегі бір демалыс үйінде өтті. Төкең айтқан мына бір әсерлі әңгіме хатқа жазылғандай есімде қалыпты. Жаздың ғажайып бір кешінде демалыс үйдің залына жұрт лық толды дейді Төкең. Алдымен бір-екі ақынды алға жібердім. Байқаймын, зал әлі керенау, керсоқы қалпында. Анау екінші қатарда отырған қарақат көзді, жұмыртқадай бір аққербез тіптен керсолқы. Сахнаға шыққанша ол кербез біз тарапқа тіпті көз қиығын да салған жоқ. Сөйтіп, намысты шабақтады. Кезек маған келді. Өзім де тықыршып әрең отыр едім. Сахнаның қақ ортасына шығып, алшайып тұрдым. Өлең сөзге берілмей отырған керенау зал, керсолқы кербезбен жекпе-жекке шыққандаймын. Ақындық аруағымды шақырдым. Зал назары қадала қалды. Бірақ, керсолқы кербездің жанары әлі ұшқындаған жоқ. Сонысымен ала сайтанымды шапқа түртті. Оң қолды жоғары сілтеп жіберіп, көктегі шатырлаған найзағадан шап беріп ұстай алғандай болдым. Зал дүр ете түсті. Содан дүңкілдеттім. Қадалған жүздеген жанарларда лапылдап от жана бастады.

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған,
Шатырлап жатқан найзағайлы аспан босағам.
Мен жарық Жермін, жаңғырықтарға үн қосқан...
Мен қара төспін, соқсаң да қанша шаршаман,
Қып-қызыл шоқ боп үскіріктерге қарсы ағам.

Шеге боп енем үйлердің
Қабырғасына қаусаған.
Шаңғытып қалам жолыңнан
Самала болып самсаған...

Осылай дүрілдеткенде зал дүрлігіп кетті. Зал дуылдап кетті. Бората қол соқты. Кербез келіншектің қарақат

жанарында тұтанып, маздап тұрған алауды көрдім. Көңілім орнықты, іштей жеңісімді тойладым. Алма бақ арасында кең дастархан жайылған айлы кеш еді. Бақыт кеші еді. Төңірек тұнған алма бақ. Бұрқыраған апорт исі танауды жарады. Алматының апорты-ай! Дәмі таңдайдан кетер ме!"

Сол кештен кейін өз үйіме бармай, біздің студенттік пәтерде екі-үш күн қонып қалған ақын осы бір әдемі оқиғаны осылай әңгімелеп бергені есте. Бұл біздің соңғы кездесуіміз екен. Көп ұзамай ақын туған жері Қарақалпақстанға іс сапармен кетіп, ол жердегі жора-жолдастарының арасында бауыр сырқатынан дүние салды. Сүйегі Нөкіс қаласының зиратына қойылды.

Жер бетіндегі сапары небәрі 30-ақ жылға созылған айберен ақын Айбергеновті қазақ баспасөзі жыл он екі ай жоқтады. Бұл қаза жақын-жуық, жора-жолдастарына қатты батты. Төкең төбесіне көтере дәріптеген сол кездегі жас ақын, бүгінгі бас ақындарымыздың бірі Мұхтар Шаханов былай деп толғады:

Бәйшешектің ғұмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр,
Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.
Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл.
Міне, содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,
Сенің жырың шекарада әлі күнге сапта тұр.
Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасың, мен — бала,
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана.
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала.
Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты
Толғандырған, таң қалдырған Махамбет пен Сен ғана.
Заманының ыңғайына жүрмей кеткен іңкәрім,
Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен іңкәрім,
Жер астынан сәлем жолдап жатарсың сен күн сайын,
Қазағымның маңдайына сыймай кеткен сұңқарым.

Айбергенов ақын жайлы бұдан асырып айту қиын. **Асылдардың артын күту — азаматтық белгісі. Ерте кеткен ерлерді ескеру — елдік белгісі. Айбергенов ақын қазақ жырындағы жалпы ұлттық құбылыс болса да оның соңын күту, осынау жұлдызды жыр жампозын ұлықтау осы күнге шейін жалпыұлттық сипат ала алмай келеді.** Алайда, алтынды жылтырауықтан ажырата білетін азаматтар

Төлеген мұрасын дәріптеуді доғарған емес. Солардың бірі Төлеген ақынның өмірі мен поэзиясы туралы деректі фильм түсірген кинорежиссер Доқтырхан Тұрлыбек, екіншісі ақтөбелік кәсіпкер Базаркелді Ертуған. Бұл азамат өз қаржысына ақынның ата-жұрты Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы Шұбаркұдық ауылдық мектебінің үздік оқушыларына соңғы 7 жылдан бері "Төлеген Айбергенов" атындағы ақшалай стипендия беріп келеді. Бұл оның ақын аруағын ұлықтаудағы атқарып жүрген іс-шарасының тек бір парасы ғана. Төлеген ақын: "Бұл қазақта, жігіттер, бар нар қасқа" дегенде осындай азаматтарды есте ұстаса керек. Егер жыр жұлдызы бүгінде тірі болғанда 70 жасын тойлар еді. "Бір тойым болары сөзсіз менің" деп басталатын алты алашқа мәшһүр өлеңінде арман еткен айтулы күнге ақын жете алмай кетті. Алайда өзінің өлең өлкесіндегі салтанатының "мәңгілік тарқамауы мүмкін оның" дегені шындыққа айналды. Жер бетінде қазақ деген ел бар да, қазақ тілі мен жыры бар да жыр жұлдызы Төлеген Айбергеновтің өлең тойы мәңгілік тарқамасы анық.

Тұтқабай ИМАНБЕКОВ

САҒЫНЫП КЕЛІП, САҒЫНТЫП КЕТКЕН ЕР ЕДІ...

Бұған да үш жылдың жүзі ауып барады екен-ау. Туысқан қарақалпақ жерін аралаудың сәті түскен-ді. Жыры мен сыры жатқан, тілі мен дәстүрі егіз дархан елдің ықылас-пейілі, ыждаһат ерекше жан тербегендей еді. Қай жерге барсаң да өз үйіңе түскендей мамыражай күй кешіп жүргенбіз. Әрбір кездесу әдемі сырға ұласты. Қарақалпақ бауырларымыздың қазақ әдебиетін көп оқитын, қазақ жазушыларына деген ілтипаттарын терең сезінген сайын тебірінісіміз молая берді. КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Төлепберген Қайыпбергенов: Қарақалпақ АССР-інің Бердақ атындағы сыйлығының лауреаты ақын Кеңесбай Рахманов, талантты прозаик Әбдімұрат Атажанов, жазушылар Толыбай Қабулов, Марат Қарабаев, т.б. бас қосқан қаламгерлер қазақ әріптестерінің әр табысына

сүйсініп отыратындарын да аңғартты.

Ходжейлідегі педучилищеде болған кездесуде жастар:

– Ағай, сіз Төлеген Айбергеновты танитын ба едіңіз? – деп сұрақ қойған... Осы сәт әңгімені әуелден-ақ Төлегеннен бастамағаныма, оның балаң да балауса жырларының осы Қарақалпақ жерінде туғанын ақын айрықша еске алатынын айтпағаныма өкінген едім.

Бауырлас Қарақалпақ елі Төлегеннің жырына қанықтығын танытты, ықыласы бөлек екенін аңғартты. Біз соған сүйсіндік.

Осынау ықыласты Төлеген өзінің сыршыл өлеңдерімен, айрықша достық жүрегімен, сағынышымен жаулап алған ғой. Нөкістегі Қарақалпақ университетінде Төлегенге еліктеп жыр жазатын, Төлегенше елтіп өлең оқитын, Төлегенше әр жырды жатқа соғатын жастарды көргенде жаңаша сергіп едік.

Жатқа оқу дегеннен шығады. Тегінде Төлеген жырын қағаздан шұқылап оқуға қатты қынжылатын. Ал өзі бүкіл өлеңін басынан аяғына дейін дауылдатып оқып шығып, ол аз болғандай бәрін аяғынан басына қарай түгел кері оқып, қатты қызықтыратын-ды. Мұның өзі жұртқа әрлеме әсер тудырайын деген әуейеліктен емес, кеудесіне сыймаған жұмыр жырлардың жұтынған сәттері екен-ау, шіркін.

Төлегеннің бойындағы тамаша қасиеттердің бірі өзгенің қуанышын өз қуанышындай қабылдайтындығы еді. Жақсы бір өлеңі шыққа жаны шаттанып, желпіне оқитын. Ол менің 1967 жылы жарық көрген "Ақ қайың" атты алғашқы жыр жинағыма өзімнен кем толқымаған сияқты көрінген. Көп ұзамай "Лениншіл жас" газетіне рецензия да жазып үлгеріпті. Міне, шынайы қуана білудің өзі өрелі азаматқа біткен өнер іспетті болса керек.

Ақынның сағынышты саздары өлмес жыр боп өмір сүріп жатыр. Әр жолындағы ынтызар ықылас, нәзік наз, майда мұң замандасқа, заманға, өмірге деген құштарлықты, өнерге деген сағынышты жаңғырта беретін сияқты. Сағынып келіп, сағынып кеткен азамат, ақын Төлеген жыл өткен сайын жырымен дос-жаранға, халқына жақындай түсетіні осыдан болса керек.

ҚалдыбекСЕЙДАНОВ,
Өзбекстан жазушылар Одағы жанындағы
Қазақ әдебиеті Кеңесі төрағасы

ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН ЖАС ҒҰМЫР...

(Төлеген Айбергенов жайлы мөлтек сыр)

Әлі есімде, елуінші жылдың соңы мен алпысыншы жылдың орта шені менің өмірімдегі қызығы мол ұмытылмас жылдар Тәшкенттегі Низами атындағы педагогикалық институттың қабырғасында өтті. Және ол кезде ер балаларға қарағанда қыздар жағы кемшіндеу соғатындықтан көпшілік жақтың өкілдері сол үшін жаға жыртысып жататын. Оның үстіне ол кездегі студенттік өмір бұл кездегіден анағұрлым өзгешелеу еді. Екеу-екеу, кейде төртеу болып сабақты бірге дайындайтынбыз.

1963 жыл, қыркүйектің алғашқы жартысы болатын. Ұстазымыз Артық Қаюмов шет ел әдебиетінен сабақ беріп жатыр еді. Есік қағылды. Артық ағай аса бір сабырлылықпен аяғын маң-маң басып, есік алдына барды да, есік ашып:

– Қош келинг, ким кирақ сизга? – деп байсалды дауыспен аспай-саспай үн қатты. Сонда, есік сыртынан:

– Маған Сейданов керек еді, Сейданов, – деген үн естілді. Сол сәт Артық ағай аудиторияға бұрылып:

– Кім Сейданов? Бір ағаниси сураяпты, әне шикинг, баринг – деді. Мен орнымнан тұрдым да есік жаққа беттедім. Сыртта мені терезенің жақтауына сүйеніп тұрған ат жақты, орта бойлыға биіктеу, қалың қара шашты, әдемі сылыңғыр жігіт күтіп тұр екен. Шыға сәлем бердім де, қол создым. Сонда ол:

– Ау, сен өзім сияқты екенсің ғой. Сені менің інім десе сенеді екен. Қалай, қалың жақсы ма? Дамулланнан сұрадым, жүр кеттік. Бір жерге барып, әңгімелесейік. Мен Төлеген Айбергенов деген ағаң болам, – деді де қолтығымнан ұстап, демей бастады. Мен де оншалық қарсылық білдірмей жүре бастадым.

Үшінші қабаттың коридорында қолтықтаса жүріп келеміз. Ол әңгіме тиегін ағыта түсіп:

– Мен мынау көршілес Сарыағаш ауданында тұрамын. Сондағы кешкі мектептің директорымын, – деді, онан соң:

— Ай, сен менің кітапшама рецензия жазыпсың. "Лениншіл жас" газетінен оқып, қуанып қалдым. Сені іздеп, әдейі, арнайы келдім, — деді сөзін бөліп-бөліп.

Ол рас. Сол жылы, яғни 1963 жылы Төлегеннің тұңғыш кітабы, тұнық ойлы "Арман сапары" атты өлеңдер жинағы жарық көрген болатын. Соған мен алғаш рецензия жазған ем. Ол 1963 жылы "Лениншіл жас" газетінің 8 тамыз күнгі санында басылып шыққан болатын. Оны жазуыма бірден-бір себепші болған Бұхаралық ақын Өмірзақ Қожамұратов болатын. Ол жаздың шыжыған шілдесінде Алматыдан Тәшкентке келіп, біздерге жолықты да, "Мынау Төлегеннің өлеңдер жинағы екен. Алматыдан әдейі ала келдім. Мен Бұхарға асығыс жүріп барамын. Қаламың төселе берсін!" — деді де бірнеше студенттердің арасында тұрған маған кітапты ұсынды. Мен кітапты қолыма алдым да ол жақ бұл жағына қарап, парақтап "Жарайды, оқып шығайын. Несі бар, жазсам, жазайын" — дедім.

Содан ол асығыс еліне жүріп кетті де, мен пәтеріме бара кітапты шұқшия оқып шықтым. "Құлағына күн көрінген" жұп-жұқа кітапша болғанымен, өлең өрнектері мені иіре түсіп, салған жерден-ақ ынтықтыра бастады. Дереу қолыма қалам алып, кәдімгідей-ақ сыншылық танытайын деген ниетпен, өзімше талдаулар жасаған болып, жетістіктері мен кемшіліктерін де көрсеттім. Ешбір өзгеріссіз сол күйінде жарық көрді.

Міне, соны оқыған Төкең, әдейі іздеп келген беті екен. Оның үстіне бұл мақала менің әдебиет әлеміндегі ең алғашқы ізденістерім болуымен бірге, газет бетінде жарияланған екінші рецензиям еді. Бұған дейін, сол жылдары екі сериялы "Орыс кереметі" деген кинофильм кинотеатрларда үздіксіз жүріп жататын. Сол жайлы "Оңтүстік Қазақстан" газетінде рецензия жазғам ем, ол да шыққан болатын. Сөйтіп бұл, екінші мақалам еді.

Төкең екеуіміз қатарласа жүріп келеміз. Аңқылдаған аққөңіл, бүкпесі жоқ жігіт екен, сөйлеп келеді. Соңыра ол:

— Мақаланды оқып бұл қандай жігіт екен деп, әдейі іздеп келдім. Жүр, қалқам, Бесағашқа барып, біраз сыра ішіп, сырласып қайтайық, — деп өтіне түсті.

Мен де теріс көргем жоқ. Айтқанына көніп, қатарласа жүріп келемін. Елгезек, аңқылдаған, бала

мінез, жарқын да жайдары жан екен. ғ 2 троллейбустың аялдамасына барғанша талай әңгіме айтып тастады. Мен де іштей қандай тамаша, сыршыл жан, өте көп біледі екен деп дән риза болып келем.

Қойшы, содан Бесағашқа да барып жеттік. Бара парк ішіне ендік те, асханаға тұмсықты тіредік. Өйткені, сағат тілі он бірді көрсетіп қалған болатын. Сонда Төкең:

— Қалдыбек, айтшы!.. Не ішесің, не жейсің?.. Анандайға қандайсың? Аздап ішейік — деп қалды.

Студент не ішіп жарыта қойсын. Даяшы да келіп, бәйек болып жүр. Әйтеуір бірінші, екіншісін жеп, бір шөлмек босаттық та, тәп-тәуір көңілдене пәтерге бет түзедік. Анда-санда сөз арасында өз өлеңдерін кейбір ақындардың өлең-жырларын оқып та қояды. Жүріп келеміз, жүріп келеміз.

Ол кезде мен пединститутттың жанындағы, қазіргі Бабур көшесінің ғ36 үйінде, Ысман деген ақсақалдың үйінде тұратынмын. Менімен бірге ол кезде шарапханалық Молдабай Жақипов пен Ғаппар Елеусізов деген бірге оқитын екі жігіт тұратын. Сонда Төлеген екеуіміз ептеп қызулау күйде үйге барсақ, үйде Әбдірахман мен Молдабай бар екен. Екеуі де құшақ жая қарсы алды. Біраздан соң Ғаппар да келді. Бәріміз мәре-сәре болып қалдық. Мен оларға Төлегенді таныстырып, ақындығын айтып, ағымнан жарыла бастадым. Үйдің төрінде домбыра ілулі тұратын. Оны көрген Төлеген музыкалық аспапты қолына алды да, тарта бастады. Аздап айтатын бір қақпайлары бар екен.

Қойшы, не керек сол түні Төлеген бізде қонып кетті. Түні бойы өлең оқып, ән шырқап, домбыра тартып, мәре-сәре болып қалдық. Домбыраны мен де, Ғаппар да тартып, әйтеуір бәріміз өз өнерлерімізді көрсеттік. Арагідік Молдабай өлең оқыса, мен әңгімелерімнен үзінді оқып, әңгіме-дүкен құрып, үлкен бір серпіліске түстік. Сөйтіп, сол күні бесеуіміз өрелі таңды көз ілмей атырдық-ау деймін.

Таңертең Төкең жуынып-шайынып болған соң, шай үстінде маған бұрыла қарап:

— Қалқам! Қаламың қарымды, тәуір екен. Түбінде жаман болмассың. Менің бір өтінішім бар. Бірақ жоқ деме. Ол сенің қолыңнан келеді, — деді тігіле түсіп. Мен де жай ғана жымиып:

– Қолдан келсе, аянбаспын, – дедім. Ол маған бар денесімен бұрыла түсіп:

– Қолыңнан келеді. Сен прозаиксің ғой. Әңгіме жазыпсың. Түнде оқыдық. "Перизатың" қандай тамаша. Сөз саптауың, суреттеулерің кәдімгідей-ақ, жетіле түскен жазушылардайсың, – деп мені қолпаштай түсіп бір папка қолжазбаны ұсынды:

Мынау осы Тәшкентте тұратын Әзиза Нұрмаханова деген ғалым апаларың. Өзі казашка. Соның "Қыздар" деп аталатын қарақалпақ тілінде жазылған повесінің қолжазбасы. Міне, осыны қазақ тіліне аударсаң, қандай жақсы болар еді. Ол апаң көп жыл қарақалпақ елінде оқу-ағарту министрі болып істеген, аса қажырлы әйел. Мұнда өздерінің тағдыры, ауыртпалықтары жайлы сыр шерткен. Оқырмандар сүйіп оқитын шығарма болары анық, – деп сөзін аяқтады.

Мен қолжазбаны қолыма алдым да, парақтай бастадым. Сонда Төкен:

– Сен көп ойланба. Апаң қазір осындағы Өзбекстан Ғылым академиясындағы Тіл және әдебиет институтында істейді. Еңбек ер атандырады емес пе? Мұнан қашсаң қалай жазушы болмақсың? Сен көп оқып, көп ізденіп, көп үйренуің керек. Әрі бұл саған тәжірибе мектебі де болар, – деп қалды.

Мен қолжазбаны жаптым да, жастығымның астына қойдым. Сонда ол:

– Мұның дұрыс! Қаламгер осылай болуы керек, – деп, қолымды қатты қысты.

Сол күні Төкең бізді келесі сенбіге, Сарыағашқа үйіне қонаққа шақырып кетті. Бірақ біз ол айтқан күнге бара алмадық та, араға бір апта салып, екінші сенбісіне Молдабай екеуіміз бардық.

Барсақ, үйде өзі ғана бар екен. Бізге көк дарбазалы есікті айқара ашқан Төкең күле қарап, жайдары жүзбен:

– Ой, айналайындар-ай, келдіңдер ме? Басқаларың қайда? – құшақ жая қарсы алды. Сөйтсек, жеңгеміз төркіндеп кеткен екен. Үлкен аула үш бірдей ер азаматқа тиген соң, емін-еркін әңгіменің қызығына түсіп кеттік. Төкеңнің жүзінде қуаныш, бізге бәйек болып жүр.

– Әй, жігіттер! Бағымыз жанып-ақ тұр. Жеңгелерің жоқ, төркіндеп кеткен. Мен сендерге өз қолыммен бастаңғы жасаймын. Қазан өзімізде. Ет асайын ба? Жоқ

әлде қолбала "аш" қылайын ба? Кәне, айтыңдаршы? — деп, тігіле қарады.

Сонда Молдабай басын көтеріп, кеңк-кеңк күліп:

— Ау, Төке, қиналып қаласыз ғой! Ештеңе керек емес. Жай, шай-пай ішіп жата саламыз, — деп жатты. Мен де:

— Әуре боласыз ғой, шай-пай ішсек жеткілікті, — дегенді айттым. Ол бой бермей:

— Жоқ, олай дементдер. Сендер сонау Тәшкеннен келсеңдер мен дымнан дымсыз, дәм татқызбай, аш жатқызам ба? Жеңгелерің қазанды арқалап кеткен жоқ. Жас, сіп-свежи қойдың еті бар. Давайте, қуырдақ жасаймыз. Біз сендерді кешегі аптада күтіп едік. Оған өздерің кінәлісіңдер. Жеңгелерің де түске таяу кеткен еді. Қап!..

Но, жарайды, сен картошка аршы, сен пияз тура, мен етке кірісем, — деді де, құлшына іске кірісіп кетті. Үшеуіміз де есік алдында, қазан басындамыз. Кәдімгідей-ақ іске кірісіп кеттік.

Не шара, мен шорқақтық таныттым. Сонда Төкең:

— Ау, сен тіп-тік өскен екенсің. Әлі онды іс бітірмепсің. Әйел деген қандай құдірет. Осы үшеуіміздің ісімізді бір өзі-ақ істеп тастар еді. Әйтеуір, құдай абырой бергей, тұз-пұзы кем болмай, қатты қуырылып кетпей, дұрыс піссін де, — деп жатты.

Мен де маңдайымнан шыққан жылымшы терді сүрткілеп, қолғабыс тигізген болып пияз арши түстім. Оның ащысы сондай екі көзімнен пырт-пырт жас шығарып, берекемді алып барады. Әй, әйтеуір сыр бермеуге тырысып бақсам да, оны байқаған Төкең:

— Ай, айналайын, әйелдер-ай! Қазан, ошақтың, тамақтың пірі ғой. Бабына келтіріп, бәйек боп, үйдің сәнін келтіреді емес пе? Жеңгеңнің қадірі нақ қазір өтті. Үшеуіміз күйбеңдеп маңдыта алмай жатырмыз, — деп, көз қиығын қадап қояды.

Амал не, сол күні әйтеуір жабыла жүріп, қуырдақты да пісірдік-ау. Алдымызға әкеліп, біріміз нан турап, біріміз шай құйып дегендей, асып-сасып жатқанда Төкең:

— Қарашы! Осының бәрін әйелдің өзі тындырар еді. Біз болсақ бәріміз әуреміз. Ал олай болса, алыңдар жігіттер! Қандай, тәтті болған-ау деймін, — деп бәйек бола түсті.

Ау, айтқандай "ақмағамбеттен" де біраз көрейік, деп орнынан тұрды да, сервanттың есігін ашып,

рюмкалар алды да, орыс арағын ашып, бізге ұсынды. Сонда Төкең ерекше бір күйде:

– Мен де сол Низамидың түлегімін. Сендер үшін, сендердің әдебиет әлемінде өз орындарыңды иемденулерің үшін, – деді де тартып жіберді. Біз де іле тост көтеріп, бір-бірімізді мадақтап, марапаттап жатырмыз. Өлең оқып, домбыра тартып, ән де айттық.

Түн ауа, төсек салып орнымызға жатқан кезде басын жастықтан көтере:

– Ай, осы сендер 60-жылдары қазақ поэзиясында кімдер мықты орын алады деп ойлайсыңдар? – демесі бар ма?

Біз сәл ойланқырап:

– Әрине, Тұманбай, Қадір, Жұмекең, Мұқағали және Сіз, – деп көңілін көтергендей сынай таныттық. Сонда ол:

– Оларың дұрыс-ау! Бірақ жазғаныңның бағы жанып, шыға бермеген соң әжептеуір шегіншектеп қалады екенсің. Кейде таң қаламын. Не бәлесінің бар екенін, жіберген дүниең жатып қалады. Сол үшін Алматыға барып қайтпасам болар емес. Ондағы жігіттер келсін дей ме, әйтеуір... деп барып, сөзін доғарды да, артынша:

– Туасы ақын болам, қаламгер болам деген жан, сол қайнап жатқан қазанның ортасында жүруі керек екен. Мүмкіндік болса, Алматыға көшіп кетпекпін. Кім білсін, үй-жай мәселесі қиын ғой, – деп барып тынды да, көрпенің үстінде отыра қап, домбырасын тартып, өлең айта бастады. Біз ұйқымыз кеп, маужырап барамыз. Сонда ол:

Әй, жігіттер! Өмірдің бәрі ұйқымен өтіп барады емес пе? Мені тыңдасаңдаршы!.. деп, өлең айтып, домбыра тартып, өлең оқып, түні бойы өрелі таңды көзімен аткыздырды. Біз де ұйықтамадық.

Міне, сол түн бойы Төкең өзгеше бір зарланып, толғанып, өзінің серпімділігін, шоқтығының биіктігін әр тұста-ақ аңғарта түсті. Сөйтсек, Төкең бұл өмірге, фәни жалғанға симай, табиғи талантымен таласып, биіктеп бара жатқан тұсы екен ғой. Не шара! Сондай абзал жан, арынды ақын, ардақты азамат небәрі 30 жас қана ғұмыр кешіп, 1967 жылы арамыздан тым ерте

кетті. Бірақ оның соңында қалған жыр шумақтары мен абзал бауырмал қасиеті біздің мәңгі есімізде қалып қойды. Ұлылықтың өзі де осында болса керек.

Баян СЕМБИНА

Айладыр Өтәлиевтің Төлеген жайлы естеліктері

Поэзия дейтін құдіретті әлемнің құрметті ақынына айналған Төлегеннің ғумыры қысқа болса да, өлеңі мәңгілік. Төлеген жырын жаттап өскен ұрпақ үшін, ақын жүрегінен сағыныш пен асқақ рухты аңғармау мүмкін емес... Сегізінші наурыз ақынның туған күні. Бізде осынау ақынның бірге жүрген жолдасы белгілі драматург ұзақ жылдар бойы Нөкістегі "Бес қала" деп аталатын қазақ мәдени орталығының және қазақ театрының бас режиссері болып істеген. Қарақалпақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері. Айладыр Өтәлиевті әңгімеге тарттық...

Ол өзін Ақтөбелікпін дейтін еді...

Менің саналы өмірімнің он жылы Төлегенмен бірге өтті. Өзім Төлегенге ағайынмын. Жеті ру Табынбыз, оның ішінде Шөміш, Шөміштің ішінде Қаражонбыз. Төлегеннің ата-бабасы Ақтөбелік. Баяғы 32 жылғы аштықта жер ауып көшіп кеткен ғой. Ол Қарақалпақстанда туып Өзбекстанда оқып ер жетсе де өзін Ақтөбелікпін дейтін. Мен Төлегенмен Ташкентте 1957 жылы таныстым. Онда да сыртынан көрдім. Сол жылы Қарақалпақстанның өнер және әдебиеттен бірінші декадасы Ташкентте өтті. Сол жақта оқып жатқан Қарақалпақстандық студенттер, жазушылар және драматургтермен кездесу өткізді. Бір кезде шағын денелі, шапшаң жігіт қайратты шашын артқы серпіп тастап, лып етіп тұрды да, "Ауылды еске түсірейік, нағашыларыма арнап жазылған өлең еді", – деп "Кегейлі" деген өленін бастап кетті. Бұл Төлеген еді. Сол кезде Төлеген 20 жаста, Низами пединституты филология факультетінің үшінші курсында окиды. Сөйтіп, Төлегеннің кескін-келбетін бірінші рет көрдім. Кім ойлаған, оны керемет акын болады деп! Қағазға карамай оқиды екен, өленді бастан аяк жатка окыды.

Мен ең алғаш Ізтай ақын туралы Төлегеннен естідім. Төлеген қанша өлең жазса да соның біреуін де қағазға қарамай оқитын еді. 1959 жылы Ташкентке С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Т.Жароков келді. Низами атындағы институтта солармен үлкен кездесу өтті. Сол жерде Төлеген тағы да өлең оқыды. Ізбасар Балманов деген жігіт Төлегеннің маған ағайын екенін айтқан. Қазір сол Ізбасардың есімін ешбір жерден көрмеймін. 1960 жылы қыста І.Балманов, М.Қойшыбаев, С.Сағымбаев Т.Айбергенов және әйелі Үрниса түнде менің пәтеріме келіп тұр. Төлеген төркіндеп келген екен. Себебі, Төлегеннің әйелі Тәшкент шаһарының қызы болатын. Олар Нөкіс қаласына түнгі сағат екіде ұшады екен. Содан біздің үйде демала отырып шай іштік, өлең оқыдық. Бір кезде Төлеген:

– Ай, Айладыр! Сен Ақтөбеден бе едің?-деді.

– Иә, ата-бабам 28-жылдары Ақтөбеден жер аударылған. Кәмпеске! Әкем төрт мәрте түрмеге қамалған..., – дедім мен.

– Менің әкем 32-де Жем бойынан көшкен, – деді Төлеген. Содан баяу қоңыр дауысымен "Ойыл қайда, Жем қайда..." деп басталатын ән бар ғой, соны айтты. Отырған жерінде ылғи соны айтатын. Елді сағынады екен ғой. "Қарақалпақстанда тусам да, Ақтөбені ешуақытта ұмытқан жоқпын!" – деді...

Төлеген ол уақытта Қоңырат ауданында мұғалім екенін айтты. Бір уақытта мен мына өленді оқыдым. Әнге қосып домбырамен айттым.

Жасымда, жас шағымда жақын бардым
Бірақ мен бақыт бол деп шақырмадым.
Ер жеттім сені іздедім таба алмадым
Қайтейін, қапы қалдым қапы қалдым.

Арадан айлар өтті, жылдар өтті
Сені ойлап жүрегімде мұң зар өтті.
Жеті рет қақап келген қыстар кетіп
Жеті рет көктем күліп қырлар кепті.
Тағы айтам ер жеттім де сені іздедім
Барым да, бақытым да сол қыз менің.
Қайтейін мезгілінен кеш іздеппін
Сонда да күдерімді жоқ үзгенім, –

деген. Төлеген ұшып тұрды да, кайдан білесің муны деді. Демалыста "Актобеге барып, сонда жаттап едім" дедім, ол "Істай ағаның өлеңі ғой" деді. Мен Істай Мәмбетовты сонда естідім. Содан Төлегенді жұбайымен түнгі сағат екіде шығарып салдық. Төлегенің ең жақсы көретін әні, "Ойыл кайда, Жем кайда", және Естайдың "Қорлан" әніне құмар екен. Ол осы әуенді махабаббаттың гимні дейтін. Төлегеннің үйренішкі әдеті ең жақсы көрген өлеңін гимн деп айтатын.

Төлеген суырып салма ақын еді...

Кейін Төлеген екеуіміз Нөкісте екі күн бірге болғанымыз бар. Сонда "Әмудария" деген қарақалпақ әнін Төлеген шалқып тұрып бастап жіберетін. Ол суырып салма еді ғой, табан астында өлең шығара салатын.

Ассалаумағалейкүм Азияның еркесі
Жотасындай Памирдің толқынының оркеші –

деп басталатын өлеңін айта жөнелді. Соңғы уақытта жарияланбай қалған өлеңдерінің топтамасынан да көп шығармаларын таба алмадым. Ол жазып тастап кете береді. Кейде қыздардың дәптерлеріне де өлеңдерін жазып кете беретін.

Сөйтіп, Нөкісте жүргенде бірде көшеден Әбіш Панабергенов деген тарих ғылымының кандидаты, профессор ағамызды кездестірдік. Өзі аққөңіл жігіт еді. Амандасқаннан кейін Әбіш аға "мына бала, қай балаң деді. Осы кезде Төлеген ашуланып кетті, ашуланғанда немесе өлең оқырда астыңғы ерні жыбырлап кететін. Ол екі-үш күн бұрын Әбіш ағаның үйінде болған екен. Жеңгеміздің ұлты қарақалпақ болатын. Ол: "қайсы Қаражонның келген-кеткендерін күтіп алам" деп ашуланып, Төлегенді дұрыс қарсы алмаған екен. Төлеген соған ренжулі түрде Әбіш ағаға қарап тұрды да:

Сен, менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің,
Ал, мендегі ғаламат сезімді көрсең
Шошыр едің!...
Сен мендегі достықты көрсең,
Қалтқысыз сенетұғын
Қайғынды көтеруге
Қайғысыз көнетұғын.

Тек қана сол болар еді
Түсіңе енетұғын.
Сен, мендегі бауырмалдықты көрсең
Баурайынан бар таудың сел күреген.
Жел өтіңнен желкен боп желбіреген... –

деп өз өкпесін өлеңмен төгіп-төгіп жіберді.

Осы өлеңнің кейбір шумақтарын басылымдарда өзгертіп жіберген немесе көп кітаптарда жоқ. Мен Төлегеннің өз аузынан естігендерін ғана жатқа білемін. Ал, Төлегеннің өзі басқа ақындардың да өлеңдерін жатқа білетін. Көп ақындар өзге емес, өздерінің өлеңін оқи алмайды. Бұл да бір ақынға құдайдың берген кереметі шығар. 1963 жылы біздің үйде "Жиырма бес" деген өлеңін жазғаны бар. Көп өлеңдерінің тарихын мен жақсы білемін. Ол қайғыға емес қуанғанда жылайтын еді. Оның өлеңдерінде жыладым деп айтпайтын, бірақ "шашылып жатыр моншақтай" дейтін. Мысалы оның "Қызғалдақ дәуренінде",

Жолығар болсам қайта мен
Тағы да мәрте сол шақпен
Бәрін де саған айтар ем
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен, –

дейді.

Төлеген туралы айтар әңгіме көп. Оның өмірінің соңғы жылдарына дейін бірге болдым. Ол өте турашыл жан еді.

Маған бірде режиссер Сапар Қожаниязов. "Қарағым, пединститутқа көп болса, мұғалім болып шығасың. Одан да сен театр институтына ауыс" деді. Сөйтіп, Нөкіс пединститутының 2-курсын тастап, 1958 жылы Ташкент мемлекеттік театр және көркемөнер институтының I-курсына, актерлік мамандық бойынша оқуға түстім.

... Төлегеннің қоңыр ғана даусы бар еді. Әнші болмаса да, әннің жанашыры еді. Ән айтылған жерде Төкең отыра алмайды. Естайдың "Қорланын" ылғи тастамай айтатын. Мен ән де айтам, күй де тартам. Осы ән, домбыра мен әдебиет Төкең екеумізді жақындастырды.

1965 жылы Ташкент телевизиясында қазақ тілінде "Замандас" бағдарламасы болып, мені режиссерлікке шақырды. "Замандастың" тұңғыш эфирге шыққан күні

– 5 мамыр. Қарбалас. Тікелей эфир уақыты жақындап қалды. Студия екінші қабатта. Жоғары фойеде тұрмыз, әйнек қабырғадан төменнің бәрі көрінеді. Бір кезде, бірінші қабаттан у-шу естілді. Қарасам Төлеген! Алыстан мені көрді де, шашын кері серпіп жіберіп, екінші қабатқа жүгіре басып шықты. Төлеген, жалпы лыпылып етіп, жылдам жүреді. Қасында келе жатқанда, оған ілесе алмайсың. "Ассалаумағалейкум" дей бергенімде, қолымды қағып жіберіп, құшақтап бетімнен сүйді. "Замандастың" тұсаукесеріне Сарыағаштан арнайы келіпті. Эфирге кіріп бара жатып, маған " Кетіп қалма, мынадан кейін бір жерге барамыз" деді. Осы жерде атақты "Жиырма бесін" оқыды.

Бұдан соң Әзиза Нұрмаханованың үйіне бардық. Апай күтіп отыр екен. "Әлия-Мәншүк" повесін жазатын Әзиза апайдың дәл өзі. Алматыдағы Қыздар институтының профессоры, Ташкенттің докторантурасында оқып жатқан кезі. Үйі де осында. Бұхаралық ақын Өмірзақ Қожамұратов бізбен бірге болды. Әзиза апайдың үйінен түнгі екіде шықтық. Аржағында менің пәтерім. Бір Бұқар еврейдің үйін жалдап тұрамын. Жақсы адам еді, қай қонағым келсе де, қабақ шытпайды. Таңертең тұрып шай қойдым. Спиральды плиткаға. Төлеген ояу екен. Мен шығып бара жатыр едім, ол менен "Қайда барасың?" – деп сұрады. "Дүкенге", – дедім. Жалма-жан атып тұрып, бір қызыл ондықты берді де, "бір шөлмек арақ ала кел" деді. Арақ – 2 сом 87 тиын. "Қалғанын қайда жұмсаймын?" "Қайда жұмсасаң да өзің біл!". Сөйтті де менен қағаз, қалам сұрады. Түнімен ұйықтамаған болуы керек. Отыз-қырық минутта айналып келсем, "Жиырма бестің" жалғасын жазып тастапты.

"Жиырма бес – станоктардың
Зырылдап жатқан үршығы.
Бәйгеге қоскан аттардың
Тұяқтарының дүрсілін, –

деп басталатын шумақтар 1963 жылдың 6 мамырында Ташкентте, Шпальковский көшесіндегі үйде өмірге жолдама алды.

... Төлеген қолындағысын жақын жолдастарынан аямайтын. "Қайғыңды көтеруге, қайғысыз көнстүгын" деп өзі айтқандай, ер көнілді жігіт ол. 1965 жылы күзгің

қара суығында Атырауға келген сапарында Шәмшіге құндыз тұмақ сатып алып берді. Шәмші бас киімсіз жүр еді. Сол уақытта Төлегеннің өзі де жұмыссыз. Комсомолдың іссапарға берген қаражатын сол тұмаққа жұмсады. Сонда маған айтқаны: "Шәке" қасымда жаңарып, жарқырап жүрсін. Дос басқа, дұшпан аяққа қарайды".

Төкең Сарыағашына кетті. Ол сондағы кешкі мектептің директоры. Көпке дейін хабар болмады. Бір күні Өмірзақ Қожамұратов Төкеңе барып келейік деп ұсыныс тастады. Емтихан аяқталуын күттім. Өмірзақ – Бұхараның ақыны, кітаптары шыққан, танымал. Өзі Төкеңнен бір жас үлкендігі бар. Сол 63-тің 2 маусымында Сарыағашқа келдік. Төкең қонақ қылды. Көршілерін, бір-екі мұғалімді шақырды. Мен домбырамен біраз ән салдым. Төкең мен Өмірзақ лепіріп сөйлеп отыр. Төлеген: "Өзіңнен кейінгі ақындарды жақсы танисың ғой. Қазақ поэзисының келешегі кімде? – деп сұрады. Өмірзақ: "Қазақ поэзисының келешегі – Тұрсынзада Есімжановта" деді. Төлеген шап ете қалды: "Ол емес.Оның өлеңдерінің бәрі – лозунг. "Жаса, партиядан" басқаны білмейді. Маяковский болғысы келеді. Маяковскийдің үш қайнаса сорпасы қосылмайды қазаққа!". Төлегеннің тілі ащы еді. Содан Өмірзақ кетті. "Сеніңше, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы кім?". Төкең: "Мұхтар Шаханов!" – деді. "Анау, тракторшы комбайнер ме? Сол комбайн айдаумен қалады ол...". "Сен мынаны біл! Оның газетке шыққан өлеңдерін оқы! Ой бар, ұйқас бар, поэзия дертi бар", – дейді Төкең де ерегісіп. Бір кезде: "Онда мен кеттім" деп, Өмірзақ жинала бастады. Түнгі сағат бір. Автобус жоқ. Айтқанынан қайтпайтын еді Өмірзақ. Шығып кетті. 10 минут өтті, 20 минут өтті. Жоқ. Мазасыдана бастадық. Шыдай алмай, Төлеген екеуіміз киініп, көшеге шықтық. Аялдамаға барып, Сарыағашты күңірентіп "Өмірзақ! Өмірзақ!" деп айқай салдық. Жоқ. Екі сағат сабылып таба алмаған соң, қайттық. Таңертеңгісін қора жақтан Үрниса ойбайды салып жүгіріп келеді: "Жын-перi!" Жүгіре шықтық. Барсақ, Өмірзақ! Үсті-басы тұтастай ақ мамық. Жылтыраған екі көзі ғана. Сөйтсе, түнде бізден жасырынам деп, тауық қораға кіріп кеткен. Біз Өмірзақты іздеп жүргенімізде, ол байқатпастан үйге кіріп, стол

үстіндегі екі шиша арақтың біреуін қойнына жасырып, тауық қораға қайта жасырынған. Бір рөмкесін қағып салғасын, арақ буынына түсіп, ұйықтап қалса керек. Таңертең мең-зең болып, сыртқа шыққан беті. Сиыр саууға шыққан Үрнисаны сөйтіп шошытқан. Өмірзақтың есін жиғызып, сол күні Ташкентке жүріп кеттік.

“Өмірзақ қашты кетем деп,
Айладыр куды жетем деп.
Айласы аскан ақыным
Тауық қораны алған мекендеп, –

деп Төлеген табан астынан өлең шығарып еді. Өмірзақ іліп алып: “Сынап едім сендерді, Мені іздер ме екен деп”, – деп жауап қайтарды. Төлеген шек-сілесі қатып күлді. Ол күлсе, шын күлетін. Жыласа, шын жылайтын. Өтірігі жоқ шынайы жан еді. Адамның тазасы еді.

Төлегенге ақындықты Құдай берді. Төлегеннің тағы бір ғажабы: қара сөздері де түйдектеліп өлең боп шыға береді ғой! Онысын өзі аңғара бермейді. Төлеген – Қазтуған, Доспамбеттердің тұяғы. Махамбет те төкпе ақын. Төлеген де төкпе. Бірден бастап кетеді.

Төлеген айтысқа түсіп көрмеді. Бірақ айтысқа түсер болса, бәрінің тас-талқанын шығарар еді! Ақыл тоқтататын мына жасқа жеткенімде, тірі классиктің қасында жүргенімді енді аңғардым ғой...

...Жаратқан ием Төлегенді қазаққа дайын ақын етіп лақтырып жіберген ғой. Біз оның қадірін білген жоқпыз. Біз сондай халықпыз, айналайын. Тірісінде қадірін білмейміз. Төлегенді де сөйттік. Төлеген өлген соң, ұлы ақыннан айрылдық деп айқай салдық. Онда да Мұхтар Шахановтың арқасында. Мұхтар үндемегенде, Төлегенді ұмытып кетер едік.

Қазіргі өлең жазып жүргендер Мұқағалидың, Төлегеннің толарсағынан келмейді. Поэзия жеңілтектенді.

2001 жыл. Нөкіс. Театрға жұмыска бара жатқанда Халмұрат Сапаров деген ағамызды жолда ылғи кездестірем. Ол – қарақалпақтың белгілі балалар ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Бір күні ол маған ұзақ қарап:

– “Әй, Айладыр! Төлеген Айбергенов классик екен ғой. Мен оның алдында күнәһармын!” – деп салды.

– Е, не бопты, классик екенін жаңа біліп отырсыз ба?

— Кезінде "өленінің ұйқасы жоқ, мазмұны төмен, идеясы біздің заманымызға қарсы" деп Төлегеннің өленderін жамандап, арыз-хат жазғандардың бірі мен едім. Жоғарыдағылар осылай жаз деп тапсырды.

Қарақалпақтың үлкен жазушыларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, "Әжнияз", "Ақдария" романдарының авторы Кәрімәддин Сұлтанов та бір тосын әңгіменің шетін шығарды: "Төлеген қайтарылған өленderін маған әкеп беріп, аға не істейін?.. деп қатты ренжитін. "Қарағым, сен түгілі бұл қарақалпақ мені де сыйғызбай жүр. Кет Алматыңа!" — дедім...

... Қарақалпақта Төлегенге дұрыс жұмыс бермеді. Мектептен жұмыс берсе де, тіл-әдебиет емес, басқа пәндерден... Көрмеген азабы жоқ. Қазақстанға барып еді, онда да ығыстырды. Бір сөзім жалған болса, әне Халмұрат Сапаровтың көзі тірі. Сол айтсын! Төлеген 1960-62 жылдары Қоңыратта тұрып, әлгілердің азабына шыдамаған соң, Сарыағашқа көшіп кетті ғой.

1965 жылдың басында Ақтөбеге келіп едік, ұзақ аялдамай, Гурьевке тарттық. Себебі, бұл жер үй бермеді. Қолымда шешем, бала-шаға жас. Гурьевте ескілеу бір бөлмелі пәтер берді. Қысылып-қымтарылып тұрып жатырмыз. Мен Гурьевтің облыстық театрында режиссермін. Оған да шүкір. Елге оралдық деп мәзбіз. Кешкілік жұмыстан оралсам, үйге қонақ келді деп Хадиша алдымнан шығып. Төргі бөлмеде үш-төрт адам отыр екен. Ортасында Төлеген! Тілім байланып қалды. Ол ұшып тұрып:

Қайда да жүрсің, аппағым,
Ташкенттен кеттің, таппадым.
Қиналсам, сені жоқтадым,
Талай да жерге тоқтадым
Қайда сен жүрсің аппағым.

Екі көзімнен жас парлап кетті. Бір-бірімізді көрмегенімізге екі жыл. Қонақтарын таныстырды. Біреуі — Гурьевтің милиция бастығы, екіншісі институт оқытушысы. Ортада жымпиған сары. Дауысы да шықпайды. "Мына кісі 20-ғасырдың данышпаны — Шәмші Қалдаяқов, — деді Төлеген. — Қолынан сүй!" Шәкең домбыра тартпайды, мандолинада ойнайды. Атырауда домбыра, мандолина табу оңай, екі үйдің бірінде

бар. Шәмші мандолинаның құлағын бұрап-бұрап жіберді. Өмірімде мандолина тартқыш адамды бірінші рет көруім. Шәмші айтты: "Мен 18 минутта ән шығардым. Ал Айбергенов соған екі шумақ өленді екі күн жазды". Сондағысы — "Ақ ерке — Ақ Жайық". Ән Атырауда, екі күн бұрын дүниеге келті. Бәріміз қосылып, шырқадық түнімен. Төлеген 3-4 сағат бойы өлеңдерін жатқа оқыды. Екі күн бойы жұмысты тастап, Шәмші мен Төлегеннің шашбауын көтеріп, шығарып салдық.

1967 жылдың тамызында Төлеген қайтыс болды. Хабарын естідік.

Төлеген Нөкіс ауруханасында қайтыс болғанда, сүйегі Нөкістегі Үсен ағайдың үйіне әкелінді. Сол үйдегі жеңгеміз — Ақпатша Таубаева қазір Ақтөбеде тұрады. Төлегенді өз қолынан ақтық сапарға шығарып салған. Ақпатша жеңгеміз Төлеген қайтыс болғаннан 3-4 жылдан соң Ақтөбеге көшіп келді.

...Төлеген жыр мен күйдің ортасында өсті. 30-дың ойранында атажұрттан амалсыз ауған ағайындар тұтаса барып, қарақалпақтың Қоңыратын қоныс етті. Қоңыратты жайлаған табындардың өз жырауы бар еді. Ол атақты Таңжарбайдың шәкірті — Жақсылық жырау (Жақсылық Мауытов; 1900 жылы туған). Төлеген оған арнап өлең де жазды. 5-сыныпта оқып жүргенімде Жақсылық жыраудың Мұхиттың әндерін керемет шырқағанын өз көзіммен көрдім. "Айнамкөзді" айтқанда, зор дауысы аспан астын күңірентетін. Қысқасы, Төлегенді ән мен жырға тәрбилеген — Жақсылық жырау! Қай жерде той, сән-салтанат болса, Төлеген соңынан еріп жүрген. Жақсылық жырау "Қыз Жібекті", "Қарасай Қазиды" бастан аяқ жырлады. Әжниязынан үйренді, "Қырық қызын" жаттап өсті деп сандыратайды. Ол тек қазақтың жырын оқыды. "Қыз Жібектегі" Төлегеннің қоштасуын жақсы айтатын:

Әуелеп ұшқан алты қаз,
Атайын десем оғым аз,
Қонар да болсаң, жануар,
Міне де, майдан, міне саз, — деп

"Қарасай-Қазида" Орақтан өлер кезінде не арманы" бар деп сұрайтыны бар ғой. Сондағы:

Орал да, Орал, Орал тау,
Орал таудың бауырында,
Шұбырып өскен бес тұлпар!
Бес тұлпардың ішінде,
Ешкі де тұяқ қызыл ат,
Ер Көкшенің аты еді,
Бір міне алмай барамын... –

деген жолдарын үнемі айтатын. Ол жырындағы қазақтың рухын, табиғатын, болмысын, жүрек тынысын сол күйінде сезінді.

... Төлеген Нөкістің ортасындағы Шорша қорымына жерленген. Басына бұрын "Көрмеймін деген жоқ ем мен, Жеткізбей кетті-ау сан қырлар" деп жазылған ақ мәрмәр тас қойылды. 1997 жылы ақынның 60 жылдығында, аумағы үлкен граниттен суреті басылған құлпытас қойдық. Оған өз сөзін жаздырдым:

"Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты
Мен өлемін өзімнің биігімде".

Тынышбай РАХИМ, ақын

САҒЫНЫШ

Ол – Біз мәңгі Сағынып жүретін Жыр перзенті,
Ол бар болғаны отыз-ақ жыл Ғұмыр кешті.
Ол бас-аяғы он жылдан аса өлең жазды.
Ол келте ғұмырының екі-үш-ақ жылын Алматыда өткізді.

Ол жарық дүниемен қоштасқалы бері зымырап біраз жыл өтіпті.

Ол тірі болғанда биыл аға жасына келер еді...

ОЛ деп отырғаным – Төлеген Айбергенов есімді қазақ өлеңінің пірлі перзенті, асқақ үнді ақын, біртума талант.

Менің есіме жайсаң жаздың жомарт күзге ұласар шағы түседі... Ауыл мұғалімі болып жүріп, мектеп ұстаздарының дәстүрлі тамыз конференциясы күндері

өткен соң газет бетінен ақын Төлеген Айбергеновтің қайтыс болғаны жайлы қаралы хабар оқыдым. Шынымды айтсам, бұрын жаным сезбеген бір суық ызғар ішкі жан дүниемді тосын қарып өткендей болды. Дәл сол көңіл-күй әлі де есімде.

Осы эссені жазу үстінде, қанша айтқанмен арада табаны күректей Отыз жыл өтті ғой, жылын білгенмен, ай-күнін анықтап алайын деген оймен Төлеген Айбергеновтің туған күйеу баласы, өзі ұстаздық, ғылым саласында жүрген ақын інім Бауыржан Жақыптың үйіне телефон соқтым. Трубканы Бауыржан інімнің жары, Төлеш ағамның қызы Махаббат көтерді. Бауыржан Жақып тәжірибе алмасу мақсатындағы жолсапармен Америкада жүр екен. Менің анықтағалы тұрған мәселемді Махаббат айтып берді. Мен де жобалаған екем – 1967 жылғы тамыз айының 29-ы күні болып шықты. Ол күн, әрине, әкеден айырылған Махаббат үшін де, қазақ поэзиясы үшін де, оның алыс ауылда жүрген тілеулес інісі мен үшін де орны толмас өкініш күні еді ғой...

Иә, 1967 жыл. Тамыз айының соңғы күні. Әлгі суық хабарды газеттен оқыған соң көңіл құлазып, іргесі енді қалана бастаған тым кішкентай кітапханамнан Төлеген 1965 жылы "Жазушы" баспасынан шыққан жыр жинағы "Өмірге саяхатты" жылдам тауып алдым да, оның алғашқы бетін асығыс ашып қалдым. Маңдайы кең, жанары ойлы, қалың қара толқын шашты, қыр мұрынды келген, сол қолына қарындаш ұстап орындық арқалығына бір қырымен сүйене түскен суретіне ұзақ, зерттей қарадым. Тірішілікте бір кездесуді Алла жазбаған марқұм ақын ағам өңді, қараторы, өткір жігіт боп елестеді. Өленděрі екпінді, отты, өзі болса жап-жас, орда бұзар Отыздағы ақынның кенеттен үзілген өмірі мен өлімі ол кезде маған жұмбақ еді. Әлгі жинақтың келесі бетінде: "Жас ақын Төлеген Айбергенов оқушыға 1963 жылы шыққан "Арман сапары" атты тұңғыш кітабы арқылы таныс болатын" деп басталған шағын аннотация оның қысқа ғұмырынан тағы бір үлкен мәлімет беріп тұрғандай еді...

Алайда басты мәлімет – осы жинақтың басындағы "Туған жер" атты өлеңі еді ғой:

О, менің байтақ мекенім,
Жанымның қаршығасы сен.
Шырқағым келіп кетеді,
Жазбаған ән шығарсың сен.

Қызығын тербеуде мені,
Таркамас той шығарсың сен.
Тулаған тар кеудедегі,
Тумаған ой шығарсың сен.

Ай маңдай алуан дарынның,
Тері боп тамшылайсың сен.
Сан жүйрік армандарымның
Тұлпарын қамшылайсың сен!..

Өлең осылай өз еркімен асып, төгіліп, еркіндеп барып, соңғы шумағы перзенттік жүрекпен:

Жауынды кескілермін де,
Қас етпен ешкімді ешкіммен.
Бағың боп естілермін де,
Сорың боп естілмеспін мен! –

деп берік түйінделген, ұқтырары мол жеке туынды боп әсер еткен-ді.Сөйтсем, кейіннен байқадым, бұл тақырып Төлеген ақынның бүкіл шығармашылығының өн бойында үзілмей жүріп отыратын жібек желі немесе алтын арқау екен! Туған жерге деген перзенттік адал сезім – махаббат пен сағыныш алауымен үнемі жалаулатып тұратын ақынның болмысына тән төл қасиеті екен.

1962 жылы Шымкент қаласында өткен жас ақындардың өлкелік кеңесіне Төлеген Айбергеновпен бірге жүріп өмір жайлы, өлең жайлы көп сырласқан қазіргі белгілі ақын Нармахан Бегалиев арада он жыл өткен соң (1972 жыл) тағы да Шымкентте республика жас ақындарының басын қосқан II фестивальда танысып, өткен-кеткенді әңгіме еткенде Төлеген Айбергеновтің әлгі жырының үшінші шумағы түп нұсқада, ақынның өзі бізге оқығанда:

Құлагер армандарымның
Құлағын қайшылайсың сен, –

еді деп, мәңгі жас ақынды сол жолы да сағына еске алғанымыз есімде. Шынында, "Тұлпарды қамшыламайды ғой", өйткені, ол – Тұлпар! Ал;

"Құлағын қайшылау" – таза ұлттық, қазақы, табылған образ еді ғой. Жарайды дейік, редакциялық мәселе – бөлек әңгіме.

Жалпы, Төлеген Айбергенов шығармашылығындағы ең арналы тақырып – кең мағынадағы Туған жер, Атамекен мәселесі, соған деген перзенттік ұлы Сағыныш сезімі!.. Ақынның көз-көлеміне байтақ Қазақ жері тұтас болмысымен түгел сыйып кеткен еді. Қасиетті Атамекеннің талай-талай түкпірлеріне аяғы жетпей кетсе де ол шексіз Қазақстанды бірегей қалпында барша даусымен, асқақ рухты шабытпен жырлай бастаған-ды...

Алдымен, Төлеген Айбергеновтің балғын жырлары республика жас ақындарының "Жас дәурен" деп аталатын ұжымдық жинағында басылды. 1961 жыл. Балғын қауырсын іздері... Сол іздер келе-келе жеке-дара айқын жолға айнала бастап еді-ау... 1961, 1963, 1965... "Жас дәурен", "Арман сапары", "Өмірге саяхат"... Сосын... 1967!.. "Құмдағы мұнаралар...ң. Бұны, яғни, соңғы жинағын ақын өз қолымен құрастырып, "Жазушы" баспасына тапсырып үлгерген-ді.... Кітаптың басылып шығуына соңғы аптасында қол қойылыпты. Редакторы – маркұм ақын Шәміл Мұхамеджанов.

Шәміл аға маркұм "Құмдағы мұнаралардың" редакторы болғандықтан да жақсы хабардар ғой, жинақтың Жастар сыйлығына ұсынылуы кезінде кезекке жанын салып таласқан, қазір ортамызда жүрген бір ағамыз жайлы қатты ренішпен маған жасырмай айтқаны да жадымда. Кейіннен мен бір өлеңімнің ішінде:

"Қарасам кінәсіздер бейнесіне –
салады өткен күндер ойды есіме:
Біреулер...
Жас сәйгүлік Төлегеннің
өлген соң да таласқан бәйгесіне. –

деген шумағы қысқартылып жыр шолтиып шыққаны бар. Сөйтсем, өмір дегенің...

Ай мандай тұлпар еншілегендей. Маңғыстау сапарының ұлы жемісі – "Құмдағы мұнаралар" дүниеге келді. Ақындық арқаның шын қозуы, шабыттың арнадан шалқуы, көкірек көрігінде балқыған ой-сезімдердің кесек-кесек жыр-толғауларға, циклдарға айналуы шын

мәнінде қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс секілді болды. Тың образдар, соны теңеулер, тосын ырғақтар, бірде ерке, бірде адуын келетін саздар, сарындар толқыны. Мұның барлығы ақын Төлеген Айбергеновтің Атажұртқа деген лапылдап жанған Сағынышынан, шын перзенттік аңсаудан туған телегей теңіздей терең сезімдері болатын.

Көрсең ғой шіркін, бәрін де көзбен көрсең ғой,
Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей,
Осынша сазбен ынтызар қылған аймаққа
Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей!

Қуаты керек мендегі асқақ арынның,
Құдыреті керек Әбділдадағы дарынның.
Қара орман керек, қап-қара орман, түп орман,
Көзіндей менің жарымның.

Өр ағыс керек теңізді тентек тербеген,
Құс Жолы керек омырауы толған зерменен.
Бәрін де тастап осылай қарай ағар едім-ау,әттең-ай,
Дария болып жаралған болсам Жерге мен!..

Жандарға біздей шаңырағында дастаркан да кең, қол да кең,
Мұнаралардан басталар болар жол деген.
Ақын боп туып өз бақытымды жасырар болсам дүниеден,
Тілімді кесіп тастауым керек онда мен!..

Сапарлас ағасы композитор Шәмші Қалдаяқовқа арнаған "Сырласу" дейтін өлеңінде осылайша сілтейді. Мұнайлы Маңғыстау тіршілігіне шабытты жыр арқылы тіл біткендей, қимыл-қозғалыстың бәрі ақынның ішкі сезім ағысы қуатымен қанат қатайтып, шырқауға самғаған сұңқардай, әйтеуір, айрықша шеберлікпен өрнектелген поэтикалық панорама көз алдымызға келетіні сөзсіз.

Шәмші есімі аталып өтті ғой, – бірі әннің, бірі жырдың сыршыл сазын төккен екі дарынның бұл сапарының бірегей айдарлы ажары – атақты "Ақ ерке – Ақ жайық", әні ғой, шіркін!.. Сөз қандай, саз қандай!.. Немесе, әуен қандай, өлең қандай!.. Жүректері табысқан, армандары жарасқан қос ғашықтай-ау, шіркін!..

"Құмдағы мұнаралардағы" төрт өлеңнен тұратын "Сағыныш" циклы Төлеген Айбергеновтің қазақ поэзиясы қорына мәңгілікке қалдырған асыл гауһары деп ұққанымыз жөн. Жалпақ жәмиғатқа жақсы таныс жырды жұлмалап, мысал келтіріп жату артық секілді. Оны тұтас оқып шығу абзал. Сонда ғана киелі жырдың барша қасиетін жаныңмен ұғынып, сезгендей боласың. Ондағы философиялық ой терендігі, адамгершілік парасатты толғаған сезім шалқарлығы, тынысы кең ырғақ еркіндігі, ең бастысы, ақындық асқақ болмыс, шынын айту керек, бұған дейін қазақ жыр өлкесінде бой көрсете қоймаған тың құбылыс еді десек — артық бола қоймас.

Ал, "Аруана бауыр дүние" — тумыс-бітімі мүлде бөлек, астары қалың, рухы биік туынды. Және исі қазақы, ұлттық бояуы қанық, ежелде жыраулар толғаған түйдек-түйдек ой көркемдігін бойына сіңірген сүбейлі сыйы.

Адамзат баласы бойындағы асыл қасиеттің бірі Сағыныш екені рас. Соның барша қадірін жеріне жеткізе жырлаған Төлеген Айбергенов Сарыағаштан Алматыға сол өзінен өзге ешкім көтере алмайтын болатын ұлы жүк — Сағынышын арқалып жеткен болатын. Алда асқақ армандар шыңы тұрды. Ішкі ақындық сенім мен жігер соған ұмтылдырады.

Екі жинағы жарық көріп, үшіншісі — "Құмдағы мұнараларды" жазып баспаға тапсырар жылы жиырма жеті жастағы жас ақын Төлеген:

О, менің мәңгі басар нық тұрағым,
Қалайша махаббатымды ұқтырамын?
Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте
Көлеңкем түспесін деп тік тұрамын, —

деп астанаға аңсау жырын айта келген-ді...

Төлегеннің құрдасы, марқұм ақын құрбысы Рза Қунақованың марқасқа ағасы Мұқағали туралы естелігінде мынадай бір қызық деталь бар:

"1965 жылы Мұқағали қасында бұйра бас, сіріңке қара, арықша бір жігіт бар, редакцияға келді. Әлгі жігітті "Сарыағаштық Төлеген Айбергенов" деп таныстырды да, Төлегенге:

— Бір өлең оқып жіберші, — деп өтініш білдірді. Төлеген орнынан тұрып, "Әнші Ғарекеңе" деген ұзақ

өленін жатқа оқыды. Менің таң қалғаным: өз өленін жатқа оқыған ақынды алғаш рет көруім. Мұқағали тұрып: – Бұл бір болайын деп тұрған ақын. Бұл да Алматыға келгісі келіп, пәтер, жұмыс іздеп жүр. Төкеңнің бір ғажабы өз өленін басынан аяғына, аяғынан басына қарай жатқа оқи береді. Мұның анау бұйра шашының астында Сократтың басы жатыр", – деді (Мұқағали. Естеліктер. "Жалын", 1995 ж., 129-бет).

Алматыға отбасымен қоныс аударып, бар-жоғы Астананың екі-үш жыл ғана дәмін татқан Төлеген Айбергенов жорта алмай, аңсап жеткенде Сағыныш мауқын баса алмай кетті.

1961 жылы шыққан "Жас дәуренде" балауса жырлары бірге басылған, бүгінде қабырғалы қаламгер, ҚР мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбай өзінің "Дәуірмен бетпе-бет" (1972 жыл, "Жазушы") атты кітабында Төлеген жайында былай дейді:

"Бұрын ылғи жолыққан сайын Жазушылар одағының фойесіндегі шеттеу орындыққа жайғасып алып, ол маған Қашағаннан жыр соғатын. Сол әдетімен: "Қалай, Қашекенді айтасың ба?" деп едім, ол: "Қызметке орналасатын болдым, бүгін-ертең бір-екі ақынды ертіп Қарақалпақстанға жүрмекпін", – деді.

Бұл біздің ақырғы жолығуымыздың екенін онда екеуіміз де білген жоқпыз. Ол жайсаң жаздың, табиғаттың пісіп-толар, саршатамызға ұласар шағы еді... Бақсақ, тек табиғаттың ғана емес, Төлегеннің өз творчествосының да нағыз бабына келген келісті шағында айрылып қалыппыз..." (116 бет).

Төлеген Айбергенов шығармашылығының биігі "Құмдағы мұнараларды" тамсана, талдай оқып шыққан Әбіш аға ақын бауырының бүкіл талант болмысын тап басып, қопара сөз еткенін көреміз. Қазіргі қазақ поэзиясында атақты Қасымнан кейін мұндай аруақты серпін, қуатты екпін көрінбей кеткенін, сол дәстүрдің жаңаша көрініс бергенін қапысыз дәлелдейді.

Өмір дегенің, тағдыр дегенің кейде қызық-ау дейсің. Тіпті, ойламасаң да ойдағыдай боп "бір-екі ақынды ертіп, бүгін-ертең Қарақалпақстанға жүрмекпін" – дегені бар еді ғой... Бұрыннан науқастылау боп жүрген Төлеген Нөкісте қатты ауырып,

ауруханаға түскен. Ақыры үлкен қайғымен біткен!.. Қазақтың аймандай ақын перзенті Төлеген Айбергенов Нүкіс қаласында Мұқағалидың қолында мәңгілікке көз жұмған...Нағыз трагедия!.. Мұқағалидың бар қолынан келгені, бізге айтқаны:

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты,
Аузында ажал дейтін сұрапылдың...

Ол өз көзімен көргенді айтудан басқаға шарасы болмады.

Қаралы хабар, сөз жоқ, одақтағылар үшін төбеден жай түскендей әсер еткен болуы керек... Төлегеннің өлеңдегі сол кезде ширығып, шымыр өсіп келе жатқан інісі Жарасқан Әбдірашев жайсыз хабарды естігенде жүрегі оқыс солқ ете қап, сосын барып бойын жинап ала қойғандай болып:

Мінбеден сені көргенмін,
Кей сөздеріңнен қорыққам...
Аққусың тағдыр — мергеннің
оғына ерте жолыққан.
... Жарасын таңып нүрменен,
алдында көштің, қара әне, —
сұңқылдап ұшып барады..., —

деуден басқа амалы қалмады... ("Найзағайлы жаз", 1971 ж.)

Үні-жыры жадымызда, бейнесі көз алдымызда. Тірі жүрсе жарқылдап мерей тойларын ортамызда отырып, тойлар еді-ау, дейсің... әрине. Тойлар еді... Төлеген тектес пірлі перзенттің әр өлеңін бір той ғып, әрбір еске алуды бір той ғып өткізуге лайық-ақ.

Қалай деген күнде де Ол өз өмірінің түбінде дүбірлі тойға ұласарын білген, сенген, бірақ дәл қай күні екенін білмеген. Сол себепеті өзі де ағынан жарылып:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын, —

деп еді ғой. Сол үшін бақытты деп ойлаймын!

Бәрібір Күні анықталды. Тойы баяғыда-ақ басталып кеткен...Бір ғана өкініштісі Төлегеннің ортамызда жоқтығы. Оны біз толқып, тебіреніп еске аламыз. Ал еске алу — Сағыныштың жетіліп піскен мәуесі. Нағыз

Ақын ғана Елдің Сағыну бақытына ие бола алған. Төлегеннің өлмес рухы соған риза, сол үшін бақытты деп ойлаймын!

Қали СӘРСЕНБАЕВ, жазушы

"САҒЫНДЫМ СІЗДІ "САҒЫНЫШ"

немесе Айбергенов жырларынан алған әсер

Нағыз... Табиғат мезгілінің ішіндегі ғажайып сурешісі – көгілдір көктемнің осы бір шуаққа іңкәр шағына көз тоқтатып, ой бөліп қарау кейде қандай ғажап, кейде қандай азап еді. Өмір дегеніңіздің өзі домбыраның қос ішегіндей, ақынша айтқанда, "сағыну мен аңсаудан" қысқасы бір-бірімен үнемі кереғар, Адай күйлеріндегідей шекісіп, бекісіп қалатын арда қасиеттерінің молдығымен, соның бәрін жинақтап әкеліп алдыңа жайып салатын түрлі эстетикалық категориялардың жиынтығынан тұратынын біле бермейді екенбіз ғой, кейде. Олай емей немене, қараңызшы! Ынтыға қараңызшы, сұлулыққа бір сәт сұқтаныңызшы?! Көз жетпейтін, көңіл арбаған көгілдір кеңістік, бұрымы тарқап аққан сағымды белдер, айдын көлдер сағымдар ішінен бейнебір арулардай құлпырған қыр гүлдері сұлулықтың асқақ жыршысындай болып көңілге қадау-қадау ойлар, қып-қызыл шоқтар тастап кетеді- ау, жазған!? Осынау өзіне ерекше ынтызар етер көрініс ойыңа әр нәрсені салады. Кеудемді сырлы сағыныш сазы сыздатып кернеп барады. Абайламасаңыз шайқап төгіп алардай наурыздың осынау сырбаз сұлулығын ақын бар кеудесіне сыйғызып алып көтеріп келе жатқандай. Тұра жүгірсем алдымен Әмудің толқындарындай буырқанып жолыға кетердей. Осынау сезім селін кешіп тұрып ойлайтынын: көктемнің наурызы салған суреттер көңілі көктем ақынның қиялын тербеп, дәл қазір қолына сол бір "рахымсыз" кезде мезгілсіз сусып түсіп кеткен қауырсын қаламын қайта ұстағандай. Амал қанша, дәл қазір табиғаттың кенебіне ойып жазылған наурыз суреттерін көргенде көңілі дауыл, сезімі желкен ақын тыншып отыра алмас еді. Кеудесіне бір алапат, жойқын күш бітіп, шабыт

оты қайта тұтанып алаулар еді-ай, арман ай! Әне, менің санамда да ақын сол қауырсын қаламын аялай ұстап, жыр теңізін үрлеп отыр. Ал, мендегі мақсат сол терендегі маржанды сүзе алсам, сезіне алсам деу.

Өле берсін күншілер күйігінде,
Өз ғасырым өзімнің иінімде
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сиякты
Мен өлемін өзімнің биігімде.

Ел сүйген Төлеген ақын бірде осылай жазыпты. Осыны оқып отырып өзіңді бір сәт "азырақ" бақытсыздау сезінгендей боласың. Өмірге өлмес өлең жазып, жапанды жасын жырмен жаңғыртып, сарша тамызда бір сеуіп өткен жауындай талай дарындар келеді. Артынша құйрықты жұлдыздай ағып кетіп жок болады. Талант тағдырының көбіне осындай формада боп келетініне күйінесің-дағы. Өкінбейтінің сол — ақын қыран қалықтап өз биігінде өлді. Оның ғажайып сезімге құрылған нәзік, өршіл лирикаларын бүгінде кім сағынбайды, таңдайының суын жұтып тамсанып оқуға кімнің аңсары аумайды дейсің. Оның бір ғана "Сағынышының" өзі неге тұрады.

Сағына білген қандай жақсы. Сағынғанда ақынша сағыну. Туған жерге, ата-анаға, доска, сүйген жарға, дүние атаулының бәріне деген адам баласынын керуен-керуен, түйдек-түйдек сағынышының болуы қандай керемет. Төлегенді оқып отырған адамның, тек ақындар ғана сағына алады екен ғой деп біржақты ойлауы да орынсыз емес, кейде. Осы қасиет кейде біздің бойымызда болса өзінің өміршеңдік сипатын ақтай алар ма еді. Себебі, ақындық рух жок. Ал, Төлеген сағынғанда ештеңеге де қарамайды екен.

Төлеген ағаның сағынышы тек Мұхтар Шахановқа емес; жыр сүйетін, жырдағы жалғандыққа жаны жылайтын, қауырсын қаламды қасиетті қару санайтын дарынды інілеріне арнап кеткен өсиет-сағынышы екен ғой. Көкіректе сағынышы жок,сарғайып сағынбайтын адам қандай бақытсыз. Адам бойындағы ең асыл қасиет-сезімнің бірі сағыныш селдеткенде алдыңа ештеңе тоскауыл бола алмай қалады екен ғой. Сағыну деген неткен бақыт.

....Өмірде мынау сағынбағандар бақытсыз, бақсыз талайсыз
Қазақтың жыры Абайсыз.

Көрдіңіз бе, осы қасиетті бойына серік ете алмағандар бақытсыз, бақсыз екен. Әрине бұл жолдарды тура мағынасында түсіну таяздық болар. Сіз өмірді қалай сүйесіз? Ақынша ма, жоқ әлде басқаша ма? Ақынша болса, онда рухани мүгедектіктен арылып, жан дүниеңіз саф алтындай тазарған екен. Ал, басқаша болса, бақытсыз, бақсыз екенсіз. Нағыз ақынға тән қасиет — шуаққа деген іңкәрлік, өмірге деген құштарлық. Осы сықылды адам жаның тынымсыз тербеп, өмір сүруге деген құмарлығыңды сәт сайын арттыра беретін қасиеттерге сағынышыңызды қоссаңыз бойыңыздағы қабілеттің, дарынның арнасы дүниеге сыймастай екен. Тағы бір ынтығып оқыңызшы!

Мен мынау ыстық жүрегіммен қара тасты да
сағындым
Қаланып қалса тәртіппен, —

дейді ақын. Тиген жерін күйдіріп, балқытып өр кеудеге сыймай бара жатқан неткен сағыныш бұл. Мынау жалпақ дүниенің көкірегі қандай ыстық. Сағыну мен аңсаудан тұрады екен ғой. Бір сүйсінетінің осынау ордалы ойлардың ақын бойында еш жасандылықсыз көрінуі. Өзіне ғана тән қасиетпен шынайы өрілуі. Ішкі, сыртқы психологиялық, моральдық тұрғыдан терең кірігуі. Әрі адамгершілік биіктен өр, батыл көрінуі.

Ей, адамдар, айналайын жыр кені
Менің осы қайнарымнан қанып іш
Әкем өлген кезінде де бұл мені
Өртемеген сағыныш!

Барша жанға өз сағынышыңды осылай, өзекті өртердей жеткізе алсаң қандай ғанибет. Шіркін-ай, жазуды мақсат еткен жан алған табырыбын осылай шөлдеп, еміреніп жазса, нетті. Кейде ындынын кеуіп отырғанда осындай жырларды оқығанда бұлақ суын ішкендей боласың. Сондайда жазуға ынтық жастардың бойында өмірге, өнерге деген осындай сағыныштың кенде жатқанын ойлағанда іштей мүжіліп отырып қаласың. Елдің бәрі осындай сағынып оқитын дүние

жазсам ғой деп армандайсың. Ақындықтың, жастықтың не екеніне жастар Төлеген сынды ақындарды оқып көз жеткізсе. "Сағынышты" қанша оқысаң да жалықпайтының сол — ақындық таланттың өмір сынынан өтіп, өз бойындағы асыл қасиеттерімен кіріге байланысып, жанындағы самал желдей тынымсыз тербеуінде. Әрине, творчество адамына шын сағыныш тән. Онсыз шынайы өнер туындысы жоқ. Бірақ сол — солғын, сезімсіз сағыныш болса ше? Ал, Төлеген болса әлгі циклдан бөлек жеке өлеңінің өзінде:

... Сағынған көздің моншағы
Шашылып жатыр төсекте, —

дейді. Бітті.

Поэзиядағы портрет, парасаттылық деген осы емес пе? Міне, шынайы, сыршыл лиризм қайда жатыр.

Ол жұлдызы жарқырап, қанатын кең жайып келе жатқанда дүниеден өтті-ау. Тай құлындай тебісіп, балалықтың бал дәуренін өткізген туған жердің ой-қыраттарында, сай-салаларында, сан жеңгейдің сыңғыр қаққан күлкілерінде, қарақат көзді қарындастардың сыр тұнған жанарларында, дария кеуде қарттардың ақ шалған самайларында, жол бойында айғыздалып қалған тентек інішектердің ізінде мәңгі арман боп, асыл мұраның кені болып ақын жыры қалды.

Қолыма қыса ұстаған кітап парақтары наурыздың әнтек желімен судыр-судыр етіп ашылады. Оқыған сайын санама сыналап еніп, шымырлап шығып жатқан көп ойлар жанымды мазалай берді. Осы бір күні ой деген қараша үйден шыға алмай қойдым. Сонда арман, бақыт, махаббат, достық туралы, осы ұғымның бәрі кеудесіне пәк болып тұнып, теңіз болып шайқалған, арнасынан асып-тасып буырқанып, бұлқынып аққан ақын туралы алғаш рет ұзақ ойланып, бірін-бірі қуысып, жолшыбай ойнап бара жатқан ерке толқындардың қылығына іштей сүйсініп, "Шабақтымның" бойын жағалап кеттім.

Ғаламат ақынның жырларын оқыған сайын кеудең күмбірлеген күйге толып кетеді. Ақ арманға, қанатты қиялға жетелейді. Қолдан келері жырдан алған әсерді ақ қағаз бетіне түсіре бергенім, түсіре бергенім...

О,менің байтақ мекенім
Жанымның қаршығасысың сен.
Шырқағым келіп кетеді,
Жазбаған ән шығарсың сен.

Оқушы дос, бір сәт ойланып, зер салшы! Тұнып тұрған тіршіліктің ғазиз әніне, шексіз байтақ далаға көз жіберші. Ақынның туған жерге деген ыстық махабаттын, шексіз сүйіспеншілігін айғақтайтын мөлдір сезімге, асқақ пафоска толы көркем тілмен жазылған живопись емес пен бұл! Әйгілі суретші Қастеевтің тау мен дала жайлы пейзаждарын талай тамашалаған боларсың. Міне, бұл сол сурет, сол сезім. Төлеген ақынның поэзиясында өнердің бар саласының қасиеттері синтезделіп жатуы қазақтың сол бір қоңыр шалын да еріксіз еске салады. Тап қазір Төлеген ақын дүниеге қайта келіп, өзін Әмудің жағасында тұрғандай сезініп әлгі бір ғажап жырларын оқи жөнелсе мүлгіп жатқан ел селт етіп, ақынның поэзия, тіл құдіретінің алдында еріксіз бас игендей болар еді-ау.

Ай маңдай дарынның ғаламат жырларын тебіренбей оқи алмайсың. "Омырауымнан самал жел шайқап ескенң ақын туралы ойласаң, оның өмірін ерте тәрк еткен сұм ажалға іштей лағынет айтып, мүжілесің.

Кейде адамды қинайтыны да сол — не айтайын дегеніңді жеткізе алдың ба, жоқ па деген шегедей сауал ғой. Осындайда кейбір ойлардың кеудеңе кербез қонақтап, ұша алмай қалатыны бар, әрі қашаннан болмасын ірілердің алдында тіл қауқарының ештеңені қармай алмай, қарусыз қалатын әдеті тағы бар ғой. Осындайда іштегі сырды, айтпақ ойынды сыртқа шығарсаң реңінен айрылған гүлдей солып жататын тәрізді. Сондықтан да ақын жырларынан алған әсеріңді өзінше қанша әрлеп, әдемілеп айттым десең де оның жырларының рухы басып кете беретіндей.

Қазақ қашанда болмасын өнер деп туған шын дарынға еш кенде болмаған. Соның бірі ерте кетсе де еліне жырымен еркелей алған, қазақ поэзиясын өрелі шыңға көтеріп кеткендердің бірі Төлеген Айбергенов екендігі даусыз. Оның артында асыл жырдың кені қалды.

Шалқамнан жатып көгілдір аспанға көз жіберемін. Аспан шайдай ашық. Тек әр жерде мұнартып жөңкіген

ақша бұлттар ғана көрінеді. Кеңістікте "Жақсылықтың атын жазып" ұзына бойы із тастап бір топ тырна ұшып барады. Па, па, шіркін, ғажап қой мынау дүние! Не болып кетті көз алдым деймін. Мынау сұлулыққа іңкәр, тойымсыз дүние тұла бойымдағы "әруақтың жырдан алып, бар әсерімді сол мезетте қомағайлана жұтып алып, дүниенің бар бұрышына там-тұмдап таратып жатқан сияқты. Анау көгілдір кеңістікке барлай көз тастаңызшы, осы болмысында неге ұқсайды. Рыловтың өз картинасы "Көгілдір кеңістік" емес пе? Рылов пен Айбергенов те бір рухани ұқсастық, туыстық жатқандай. Ірілер бірін-бірі қайталайды деген осы-ау. Осынау түрлі сезім құшағында тұрғанымда ойыма толқып жатқан жырлары көз алдымнан телегей теңіздей болып, буырқанып барады. Мен соны кешіп бара жатқандаймын. Мен бүгін ақынмын. Төлеген жырларын оқығаным үшін өзімді ақын сезінемін. Көз ұшында ақын аға жырының поэзия теңізімен қалқып бара жатқан ақжелкенді кемесіне құмарта көз салып еліне қараумен болдым.

Алыс арман, ақ арман қол бұлғап шақырады. Көсіліп жатқан көк теңіз наурызда туған ақынын емірене еркелеткісі келетіндей. Анау бір тұста Рыловтың "алты аққуы" даланы әнге бөлеп, талмай ұшып келеді. Туған жерге сол аққулар қанатымен көктемені сағынып, оның жырлары ұшып келеді. Олар бұл көктем Айбергеновтей ақынды дүниеге әкелген көктем екендігін паш еткендей...

Оразбек СӘРСЕНБАЕВ, жазушы

ЖЫРЫҢА ҮҢІЛ, ЖАС АҚЫН

Соңғы жылдары қазақ лирикасының аршынды-аршынды жасағанына куәгерміз. Әсіресе, азаматтық лирикамыздың ауыз тұшынарлық табыстары бар екені даусыз.

Біз бұл мақалада жұртшылық құрметіне бөленіп, поэзиямызға әрқайсысы өзінше елеулі үлес қосқан, аға, орта буын ақындарымыз жайлы сөз қозғауды мақсат етпей-ақ, кейінгі толқын інілердің қаламынан туған жырлардың поэтикалық қасиеттері жайлы бірер пікір ғана айтпақпыз.

Алпысыншы жылдардағы қазақтың ақын жастарының ішінде өзіндік, ой-толғанысымен, тіл

образдылығымен көзге түскендердің бірі — кешегі қыршын кеткен Төлеген Айбергенов. Оның асқақ, арманды жырларының өмір-жасы ұзақ болар деп сенеміз. Төлеген — анық ақындық шабыттың, ақтарылма ашық сырдың, бейнешісі еді. Оның жыры — ақынның азаматтық сезімінен, заманы, замандастары алдындағы борышкер сезімінен туындап жатады. Ұраншыл, даңғаза шу емес, көңілді көтеретін, еліктіретін екпінді дауыс, Айбергенов әсте қызыл сөзге, қазымыр ақылгөйлікке, дидактиға ұрынбайды.

Құмда жүрсең құмарсың жағаға сен,
Бақ тілейсің бақтарға айбат, әсем.
Талқан қылып таулардың босағасын,
Көкірегінді қақ жарып ағады өзен
Құлағыңа сатырлап жаңбыр әні,
Құмар таңдар ұйқыңды қандырады.
Жеті қат аспан мұхитын жерге сүйреп,
Адамзаттың өмірі жаңғырады!..

Пафос, сірә, азаматтық лириканың жаны ғой. Кеуде кернеген сезімді, шалқыған қуанышты, буырқанған ашу-кекті естірте, есілте айту үшін пафос тілі керек-ті. Ол ақындық мінездің ғана емес, харакеттің де көрінісіне айналуы мүмкін нәрсе. Бұған Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтың, Қасым Аманжоловтың поэзиясы айғақ. Олардың жырлары пафоска, қимылға, ішкі ұмтылыс жігерлеріне кенде емес.

Ақындық өнер, ең алдымен, халыққа, адамгершілік мұраттарына,оқушының көркемдік сезім, түйсігін тәрбиелеуге, сұлулықты, саф әсемдікті, жан тазалығын, албырт жүрек пен асқақ қиялдың ұшқырлығына баулуға тиіс.

Бақыт САРБАЛАЕВ, жазушы

ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ

Әдебиеттегі бетбұрыс деген не ?

...Жасы енді ғана отызға іліне бергенде өмірден өте қыршын кеткен, бірақ наурыздағы найзағайдай жарқ еткен сол қас-қағым өмірінде соңына көп ақын, көбең ақындар үш отыз ғұмырында да жаза алмас жалын жырлар қалдырған ақын Төлеген Айбергенов — ақиық ақын болатын. Рас, ол әдебиетке келіп, әдебиеттен

кеткен 1960 жылдардың басы мен ортасында өмірімізде тоқырау бар делінбейтін. Бірақ талай-талай дарыннан мақұрымдар, өлең құрастырғыштар, халық қамынан гөрі қарақан басы қамын қатты ойлайтындар, тамыр-танысшылар мен тоғышарлар сол кезде-ақ 1970-1980 жылдар кезеңінен іргетасын қалай бастаған-ды. Сондай-ақ ақын Төлеген Айбергенов тірі болып – бүгінгі күндері бізбен бірге жүрер болса, бұған сеніміміз кәміл, сөзі мен ісі кереғар, не аға бола алмай, екіжүзді, рушыл, жерлесшіл көп замандастарынша күн кешпей, өмірде Бекежан Тілегеновтен қағажу көріп, өнерде Жаппар Өмірбектен кем бағаналар болса да, адалдықтан таймай, шынайы шығармалар жазып жүрер еді. Өйткені, ол – шын, шыншыл ақын болып туған-ды. Оның болмысы солай. Әрине, ол осы болмысынан бас тартар болса, сәл ауытқыса, айныса – нақ сол сәттен бастап ақын Айбергеновтен айрылармыз анық. Сұмдығы сол – қазіргі кезде жас шағында анық ақын болған талай таланттардан айрылсақ та, оларды амалсыздықтан ба, инерцияға бағып, жалғандыққа жол беріп, ақын деп жүрген жоқпыз ба? Әділетсіздікті әшкерлеуге жарамаған, болашағы – баласының бетіне тура қарай алмаған, мансабы үшін туған халқын сатуға да баратын бастықтың бетін тіле алмаған неғылған ақын ол! Иә, біздің бүгінгі әдебиетімізде ақсақал шамалы, Айтматов жоқ, ақындар аз.

Шын, шынайы "суреткердің ғұмырнамасында екі күн – туған күні мен өлген күні – болмайды, бір-ақ күн – тек туған күні ғана болады", – деп пайымдайды орыстың көрнекті жазушысы Алексей Толстой. Айдай анық ақиқатты айтып отыр ол. Демек, өнерде тірілер мен өлілер жоқ. Өйткені, өлгендер, өлетіндер – суреткер емес. Демек, көптеген тірілерден марқұм Айбергенов тірірек те, марқұм Айбергеновтен талай тірі Айбергенов еместер өлірек. Ендеше ақын үшін қашанда ең басты қасиет-сипат – адалдық, шыншылдық, адамгершілік, азаматтық, яғни әрқашан бетбұрыс бітімде, жаңашылдық жаратылыста, қайта құру шебінде болушылық. Міне, осы себептен де Расул Гамзатов: "Наш письменный стол является токой трибуной, с которыми мы говорим миллионами. Малейшая трусость, лжесвидетельство о событиях и делах нашего времени вредно, а для настоящего поэта смерти

подобно, ибо цельность – главное мерило ценности художника", – деген болса керек.

Рас, көзі тірісінде ақын Айбергенов миллиондармен тілдесіп үлгере алған жоқ. Өмірден тым ерте өткені өз алдына, жұп-жұқа екі-ақ кітап шығарды. Атап айтқанда, 1963 жылы жарық көрген тұңғышы – "Арман сапары" мен 1965 жылы жарық көрген екіншісі – "Өмірге саяхат". Ал, өз қолымен әзірлеген үшінші жыр жинағы – "Құмдағы мұнаралар" 1968 жылы шыққанда ақын арамызда жоқ еді. Алайда алғашқы жинағымыен-ақ Абайы, Сұлтанмахмұты, Ілиясы, Аманжолы бар қасиетті қазақ поэзиясы табалдырығын ақын болып аттаған Төлеген Айбергенов "Өмірге саяхатынан" кейін-ақ қалың жұртшылыққа өзгеше бітімді ақын болып танылып, өзіндік үнімен, басқа шайырларға ұқсамас ерекшеліктерімен, қайталанбас төл қолтаңбасымен айрықша көзге түскен-ді. Ал, "Құмдағы мұнараларң Айбергеновтің үлкен ақынға – суреткер, күрескер ақынға айналғанын әйгіледі. Ол бұдан кейін күллі қазақ халқына мәлім болып, миллиондармен тілдесе бастаған болатын...

Соның бір белгісіндей – ақынға 1974 жылы республика Ленин комсомолының сыйлығы берілді. Соның тағы бір белгісіндей – ақын шығармашылығының неғұрлым толық, қайта басылымдары "Мен саған ғашық едім" (1970 ж.), "Аманат" (1975 ж.), "Бір тойым бар..." (1981 ж.) деген аттармен жарық көрді. Әрине, бұл Айбергенов мұрасын ұмытпауға жатады. Алайда оны қатты қастерлейтінімізді, лайықты бағалайтынымызды және көрсетпесе керек.

Иә, қандай да бір ақын шығармалары – жиі басылып, халықпен үздіксіз жүздесіп отырса ғана тірі. Оған қоса әдебиеттанушылар мен сыншылар назарына үнемі ілініп, жақсылығы айтылып, жазылып-зерттеліп отырса өміршең. Өйткені, жыл сайын жарық дүниеге ондаған, жүздеген мың сәбилер келіп, балалар өсіп, оқырман жаңарып, ұрпақтар алмасып отырса, кейінгі жас буын, жаңа оқырмандар аты аталып, кітаптары басылмаған ақынды қайдан білмекші?! Осы арада реті келіп тұрғанда айтсам, Қазақстан Жазушылар одағы Т.Айбергеновтің 50 жылдығына орай туған күні – 8 март қарсаңында поэзиялық кеш өткізгенде менде халық

жиналар ма екен деген қатты қауіптену болды. Оның негізгі себебі — ақын шығармашылығының 1981 жылдан кейін бірде-бір рет жарық көрмеуі еді. Ақынды тікелей тыңдаған, білген ересек оқырмандар хабарланып, келе қойса жақсы. Мектеп оқулығына кіргізілмеген, жоғары оқу орнында оқытылмайтын ақынды, тіпті ердің жасы елуге толған мүшелтойы жылында да кітабы жарық көрмеген ақынды жастар білмей жатса, онда қандай айып бар? Бірақ, қуанышқа қарай, Төлеген Айбергеновті орта буын оқырмандары ғана емес, кейінгі кілкіндей жастар да жақсы білетін болып шықты. Жазушылар одағының мәжіліс залы лық толып қана қоймай, орын жетпегендер түрегеп тұрды. Мұның өзі бүгінгі күні де ақын Төлеген Айбергеновтің көппен, халықпен, миллиондармен тілдесіп отырғанының дәлелі секілді.

Сонымен, ақын Т. Айбергеновтің басты сипат-қасиеті — ағынан жарылған сыршылдық, көзімен көрген, көңілімен сезген, басынан өткерген барша оқиғалар мен құбылыстарға қатысты шыншылдық, тек ақиқатты айтатын жүректілік. Өзіне-өзі сенген, туған жерді шексіз сүйген перзент ақын ғана былай деп айта алса керек:

О, менің байтақ мекенім,
Жанымның қаршығасы сен!
Шырқағым келіп кетеді,
Жазбаған ән шығарсың сен.

Құстарың мәңгі ән салсын деп,
Жат қолға ілгізбедім мен.
Қызарып мәңгі қалсын деп,
Қырыңнан гүл де үзбедім мен.

Даланың тербеп өскені,
Қызғыштай шыр айналдым кеп.
Толқып бір көл де кешпедім мен,
Тұнығын лайлармын деп...

Келемін таласа гүлдеп,
Алдында кіршіксіз едім.
Бір сенің болашағың деп,
Мың ойға кірпік сүземін...

Жауынды кескілермін де,
Қас етпен ешкімді ешкіммен.

Бағың боп естілермін де,
Сорың боп естілмеспін мен!

Әрине, адалдан ақтарылу, жазып отырған жайтқа, нысана — өмір өзегіне деген жалынды сезім оқыған адамды бей-жай қалдырмай баурап, жылумен қыздырып, жарығымен тарта жөнелері хақ. "Туған жер" деп аталатын бұл өлеңдегі автор-ақынның кіндік кесіп, кір жуған өлке-өңірге деген махаббаты қандай ыстық, таза және шексіз десеңізші. Лирикалық кейіпкердің "мәңгі қызарып қалсын деп қырдан гүл үзбегеніне", "тұнығын лайлармын деп көл де кешпегеніне" қалтықсыз сенесің. Ақын Лермонтов жұмбақ жырлаған, Қасым тебірене толғаған туған жерді Төлеген Айбергенов өзінше суреттеп, оның "тарқамас тойдай", "шамшырақ жолақтардай" портретін де береді. Тіпті ол осынау байтақ мекенді жанының қаршығасынша қанаттандырып, оның көкке қара түтін үрлеген уытының қара мұржаларында ақ сүңгілерге айналдырып жібереді. Ақындықтың құдіреті деген осы.

Төлеген Айбергенов туған жердің бағы боп естілді де, соры боп естілген жоқ.

Көп адамдар, ақындар жыр деген — тек сөз, сондықтан да онда өтірік айтса да ештеңе етпейді деп ойлап қатты қателесіп жүр. Рас, жаман жыр — құр сөз болса да болар. Ал, жақсы жыр да — іс, нақты ой, сурет, сезім, жанды шындық — өмір. Міне, сондықтан да өлең мен өмірде, сөз бен авторда ешқандай айырма, алшақтық болмауы керек дейсіз бе. Сондай егіздіктен, бірліктен жаралған жырлар ғана материалдық күшке айналып, жүзеге асады; оқырманды жамандықтан жиреңдіріп, зұлымдыққа, аярлыққа қарсы тұрғызады, сұлулықпен табыстырып, ізгілікке жетектеп, жақсылық үшін жалғастырады. Төлеген Айбергенов, міне, тек осындай іс-өлеңдер, өмір-жырлар жазды.

Біз енді осындай өнер-өмір, өмір — ақындықтың мазмұндық тақырыптық аясына, суреткерлік — көркемдік кесте ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, Төлеген Айбергенов творчествосына ең алдымен тынымсыз қозғалыс, үздіксіз ілгері басу, өзін үнемі жол үстінде деп ұғыну, сапар сезімі тән екенін байқар едік. Тіпті бұл ақын кітаптарының аттарынан бастап әрбір өлең,

Төлеген ақынның бозбала шағы

Т. Айбергенов

Т. Айбергенов, студенттік шақ

Т. Айбергенов

Т. Айбергенов,
студенттік шағы

Толеген

Т. Айбергенов

1. Салтанат; 2. Үрниса;
3. Дәурен

1967 жылдың күзі Т. Айбергенов дүниеден өткенде балалары осы жаста еді.
Солдан оңға қарай: 1. Салтанат – 7 жаста; 2. Хорлан-Хұсни – сегіз 8 айлық; 4. Дәурен – 3 жаста.
Суретте Махаббат жоқ, ол 5-те болатын. Ортада ақынның жары Үрниса – 30 жаста.

Толеген, Шәмші

Солдан оңға: Ақберді
Ғайбұллаев
Шәмші Қалдаяқов

Солдан оңға қарай:
Әлдеш және
Т. Айбергенов

Солдан оңға:
Т. Айбергенов

Солдан оңға қарай:
Т.Айбергенов, Үрниса, Елтай Қарабаев

Солдан оңға қарай:
Ізбасар (Төлегеннің жерлес туысы), Үрниса, Төлеген.
Ташкент 1955 ж.

Т. Айбергенов, Осерхан Жаппарханов

Төлеген, қайнысы
Борібек, досы Асыл

Ақынның жары Үрниса, інісі Борібек пен келіні
Кәмилә

Ташкент, Низами пединститутының алды. Солдан оңға қарай: бірінші тұрған Т. Айбергенов

Үрниса Айбергенова

Солдан оңға: 2-ші Тынышбай Рахимов, 3-ші Үрниса, келіні Алимамен

Толеген, жолдасы

Солдан оңға қарай: Осерхан Жаппарханов
(Маркұм), Төлеген.
Алматы. Горький паркі. 1958 жыл. Қазан.

Солдан оңға қарай: бірінші Т. Айбергенов

Гурьев сапарында. Солдан оңға қарай: екінші, облыстық газет қызметкері, болашақ корнекті ақын Меңдекеш Сатыбалдиев, тортінші — Шәмші, Төлеген

"Акерке — Ақ жайықты" орындап жатқан сәттері
3. Шәмші Қалдаяқов; 4. Т. Айбергенов

Жоғарыда: (солдан оңға қарай) Айбергеновтің
туған жиені Бағымбай жырау,
екінші Т. Айбергенов

Т. Айбергенов

Т. Айбергенов жолдасы
Ізбасармен

Солдан оңға қарай: Шәмші, үшінші отырған Толеген

Толегеннің достары

Жазушылардың 1 өлкелік мәжілісі
Жоғарыдан (солға қарай): бесінші Сапархан Әбжақов, екінші қатар (солдан оңға қарай): Аян Нысаналин, Мұхтар Шаханов, Нармахан Бегалиев, Надежда Лушникова, Шырын Мамасерікова, жетінші: Мейірбек Ақынбеков алдыңғы қатарда (солдан оңға қарай): екінші Сабырхан Асанов, Күлән Шілдебаева, Төлеген, Орынкүл Тәжиева

Шымкент қаласында өткен ақындар айтысы. Жоғарыдан (солға қарай): М. Қаратаев, Б. Момышұлы, Ә. Тәжібаев, Намет Сүлейменов. Төменгі қатарда (оң жақтан бірінші): Сарыағаш ауданы атынан қатысқан Төлеген Айбергенов.
Екінші "Оңтүстік Қазақстан" газетінің бөлім меңгерушісі Уалихан Темірбеков

Солдан оңға қарай: екінші
Тоқаш Бердияров. Тортінші
Т.Айбергенов

Солдан оңға қарай ортада: 2-ші Әзілхан Нұршайықов,
3-ші Т.Айбергенов

Студенттік шақ: екінші тұрған Үрниса Айбергенова

Солдан оңға қарай Үрниса, Кәмилә

Т. Айбергенов қызы
Салтанатпен

1. Т. Айбергенов; 2. Салтанат Айбергенова;
3. Үрниса Айбергенова; 4. Туысқан Нәзира

Т. Айбергенов

Солдан оңға: 1. Марат Отаралиев,
2. Т. Айбергенов, 3. Мұқағали Мақатаев

Солдан оңға қарай:
1. Өмірзақ Қожамұратов,
2. Зәкір Асабаев,
3. Үрниса, 4. Т. Айбергенов
Институтты бітіріп,
Нокіске үйленіп бара
жатқан сәті. Ташкент
аэропортының алды.

Ташкенттің Низами атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушылары мен студенттері. Жоғарыда (солдан оңға қарай): Арай, Толеген, Үрниса, алтыншы — Ортай Қожамбеков. Төменде (солдан оңға қарай). Әдебиет пәнінің оқытушылары Тұрап Айдаров, Мақаш Бекбергенов, т.б.

Солдан оңға 1. Төлеген, 3. Шәмші

Солдан: Төлеген Айбергенов, Еркінбай Әкімқұлов, Мұхтар Шаханов

Солдан оңға қарай: "Оңтүстік олкесі" газетінің редакторы Құрманбек Сағындықов, көрнекті ақын Асқар Тоқмағамбетов, мемлекет және Қоғам Қайраткері Жұмабек Тәшенов, Төлеген және белгілі ақын Әбділда Тәжібаев

Жазушылардың бірінші өлкелік мәжілісі: Төменгі қатарда (солдан оңға қарай): Толеген, Мұхтар, журналист Уалихан Темірбеков, Нысанбек Торекұлов. Ортада (солдан оңға қарай): үшінші М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев. Жоғары қатарда (солдан оңға қарай): бесінші Жұмабек Тәшенов, сегізінші Қ. Сағындықов

Теледидарда Т. Айбергеновпен сұхбат

Т. Айбергенов
Зәкір Асабаев

Әбу Сәрсенбаев,
Төлеген Айбергенов

Салтанат

Хусни, Салтанат қызы
Тоғжанмен

Солдан оңға: жиендер
Дәуреннің ұлы – Алмат
Салтанаттың ұлы –
Ғалымжан ортада
Хуснидың ұлы Ернар

Дәурен Айбергенов ұлы Алмат, қызы Айданамен

Т. Айбергеновтің күйеу баласы
Бауыржан Жақып
(ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор)

Айғадыр Отсулиев ақынның күйеу баласы М.Шаханов, Асан,
Салтанат, Үрниса, Хорлан, Махаббат.
(Шымкент қаласындағы Ақын атындағы көшеге мемориалдық
тақтаның ашылу салтанатынан кейін университеттегі кездесу)

Астанадағы ақын атындағы мектепте музейдің ашылу салтанаты: ортада Үрниса, Фариза Оңғарсынова, Мәди Артығалиев ақынның балалары, немерелері, әдебиет жанашырлары

Біз сенің өміріңнің жалғасымыз

Біз сенің өміріңнің жалғасымыз

Төлегенді соңғы сапарға шығарып салу сәті: Солдан оңға қарай бірінші Дихан Әбілов, тортінші Әбдікәрім Ахметов, Мұқағали Мақатаев, Нутфолла Шәкенов

Т. Айбергеновтің бейіті

толғауларының бүкіл аттарында жатыр. Бағамдаңыз — кітаптарының аттары: "Арман сапары", "Өмірге саяхат", "Құмдағы мұнаралар". Енді өлеңдерінің есімдерін байқаңыз: "Өсіп келе жатырмын", "тау жолында", "Жолдар, жолдар", "Арал толқындарында", "Қаракалпақ жырлары", "Уақытпен бетпе-бет", "Шабандозбен әңгіме", "Аруана бауыр дүние", "Қазақстан көктемдері", "Революция жалғаса береді", "Ағыстар мен ғасырлар", "Космонавт монологы". Бұлардың қай-қайсысынан да қызу қимылды, мақсат мазасыздығын, көркемдік ой, парасат дамуын, жүрек лүпілі мен сапар сағынышын көреміз. Оған қоса ақынның өсу эволюциясы, шеберлікке жетуі, творчестволық тұрғыдан толысуы және көрінер еді. Иә, бұл айтылған жағдайға басқасын былай қойып, ақынның тамылжыған табиғат достық пен махаббат, тіпті тұмса тыныштықтың тура өзі туралы туындылары дәлел бола алады.

Мысалға ақынның алғашқы туындыларының бірі — табиғат туралы өлеңін алайық:

Күн — бикеш көкжиектен құлап кеткен,
Самал жел сыбырлайды құрақты өпкен.
Сүңгітіп тереңіне жұлдыздарды,
Сақылдап қайнап жатыр бұлақ біткен.
Тосшы сен құлағыңды андай қалып,
Барады кең дүние әнге айналып.
Нар қамыс суылдаса жер бауырлап,
Бақалар тамсанады таңдай қағып...

Мұндағы табиғат әсем қозғалысымен тірі. Таза тұнық сазды, жанды дірілдерді, сұлу тіршілік тынысын тап басқан ақынның көңіл көрегендігі разы етеді. Кейіннен көруге коз, айтуға соз керек — небір кенен керуен-керуен көркемдіктерді тоқып, небір нәзік те сылқым сұлулықтарды нақыштаған ғажап суретші ақын Айбергеновтің бастауы осындай өлеңдерде жатқаны анық.

Ал, Т.Айбергеновтің мына бір тікелей "Жолдар, жолдар" деп аталатын өлеңінде — оның күллі адамдық болмысы, ақындық стихиясы, арман-мұраты мен алдағы күллі өмірінің мән-мағынасы жатыр десек сшбір қателеспейміз:

Жолдар, жолдар, мені алыс апарыңдар,
Апарыңдар, ұзаққа сапарым бар.

Қаламдаймын мен әлі ұшталмаған,
Өткізіңдер шөлдерден құс қонбаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған.
Қайғың болса – тартайын тақсыретін,
Ғұмыр болса – көрейін пәк суретін...
Алысым бар жетпеген, парызым бар,
Қарызым бар, минутпен жарысым бар,
Кел, қиындық менімен алысыңдар!..
Баста, жолдар, жанға арман ұялат та,
Теңізді әкеп сен жаққан құям отқа,
Егер мені бастасаң қиянатқа!

Төлеген Айбергеновтің ақындық сапарында осының бәрі кездесті. Бұл жолдар – себебі, көшенің немесе даланың жолы емес, өмір-өнердің сан тарау жолдары еді. Жолдар бақыт пен қайғыға, қиындық пен қиянатқа, алыспен арманға бастаса бастаған да шығар, бірақ соның бәрінен құламай, жеңіп өткен – ақынның өзі. Тақсірет тартып, қиялменен күресіп, бақыт балын татып, уақытпен жарысып, адал өтті. Азамат болып өтті. Өлеңі арқылы өтті.

Сол жылдар ақынды әлі бастап, ақын тар жол тайғақ кешулі өмір өткелдерінен әлі өтіп келеді.

Осыдан бірнеше жылдар бұрын жап-жас Төлеген ең атақты, ең сүйікті ақындардың бірі болды. Ақынның газетке басылған әрбір жаңа өлеңі желкілдеген қауымға қатты әсер етіп, әдебиетті сүйетін, өздері де өлең өлкесіне талпынып жүрген жастар арасында дүбірлі қозғалыс туғызатын. Әсіресе, ақынның "Қаратау", "Ақ қайындар", "Аттану" сияқты өлеңдерін жаттап алып қана қоймай, жалғастыра жазып, ауызша фольклор үлгісіне айналдыра жаздағанымыз әлі есте.

Шынында да бұл өлеңдердегі солғын сұлулықтар, орман образдар, жарасымы тереңнен тамыр тартқан телегей тебіріністер, түйдек-түйдек толқындардай бірін-бірі қуалап, алға аршындай басқан асқақ ағысты серпін – тек Т.Айбергеновке ғана тән ақындық айрықшылық, өзгеше өрнек-өрімдер болатын.

Есен сау бармысыңдар, армысыңдар,
Армысыңдар, қария қарлы шыңдар!
Төсінен керуен-керуен көш өткен тау,
Сен менің керуен-керуен алғысымды ал.
Сенбісің сияқты орман күй ақтарған,

Ұзатқан қыздың көркі сияқтанған,
Жанында саз қалды ма, наз қалды ма,
Сан тұлпар дүбірлеткен тұяқтардан...

Мұнша мал, мұнша дария, мұнша баумен
Тұрсың сен дүние көзін тұмшалаумен.
О, шіркін, тусам-ау мен биік болып,
Өзіндей жер мен көк боп тұрсам-ау мен!..

Қандай ғажайып құпиясы, не сыры бар екенін зерттеп білу керек шығар; әйтеуір Айбергенов ақынның табаны тиген, қаламы тиген жердің, елдің бәрі ағарып, жапырақтың, жұлдыздың бәрі жарқырап кетеді, жақсарып қазынаға толып сала береді. Міне, біәріміз сан көріп жүрген, рас, кейде жақсы, бірақ кейде сағал-сағал вокзалдар:

Абзал жар, ару ақ залдар,
Ақ залдар, аппақ вокзалдар.
Тілеулес жерге аттандым,
Тілеңдер маған ақ жолдар!

Міне, бәріміз сан көріп жүрген, кейбірі рас, әдемі, бірақ кейбірі шаң-шаң қайыңдар

Аққу мойын, ақ көйлекті қайыңдар,
Дәл сендердей менің де аппақ айым бар.
Бақытымды шулап көкке жайыңдар,
Шулап көкке жайыңдар, ақ қайыңдар.

Бір ғажабы — ақын Т. Айбергенов үшін қиялы, құзды, қиын тақырып жоқ. Ол, мейлі, саяси-әлеуметтік тақырыпқа қалам тербесін, мейлі, халықтар достығын, интернационализмді нысана етсін, мейлі өндіріс пен еңбекті жырласын — өзін аспандағы қырандай, суындағы балықтай еркін сезінеді. Бұлардың қай-қайсысы да Айбергенов поэзиясында тағылымды қасиетке ие болып, тамаша қазынаға толып жүре береді. Оны айтасыз ақша бұлттай жеңілдеп, табиғаттай сұлуланып жастық шақтай базарлы болып сала береді.

Кезім менің!
Жатырсың жырақты ашып,
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып,
Жиырмасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда,
Мұнаралар басына шырақ тасып...

Табанымның астында кара дария,
Тас-төбемде тайгасы мұнараның...
Жер бетінің жақұты – Мұнаралар,
Мандайдағы бақыты – Мұнаралар.
Мұнаралар жарығы сөнбесін деп,
Кірпік ілмей шығады ғұламалар...

Көріп тұрғанымыз – тек құмдағы мұнаралар ғана ма? Жоқ. Бұл жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарының тынысы, Маңғыстау мұнайшыларының замандас оқырманымен жүздесуі. Маржанды өлке перзенттері жер астындағы дарияны жер үстіне жол ашқызып, ақын кеудесінен жыр кенін ашып қана қоймай, аспан астын қаптаған күндерге толтырып жіберген.

Төлеген Айбергенов творчествосында бұлайша бөліп айтып, арнайы талдау тілейтін, тіпті жекелеген пайымдау-мақалалар аздық ететін іс-жырлар, өмір-жырлар жеткілікті. Мәселен, соңғы үшінші жинақ "Құмдағы мұнаралардағы" қайсы бір туынды да осындай ой-орамдар, сыр-шығармалар десек артық айтпаймыз. Бәрібір Абайдың атйқанына бағып, сонда да солардың бар таңдамасын десек, ақынның тағы да үш туындысын айрақша аялап атап, оларды – Айбергенов туралы аз сөз айтайық, көп сөз келтірейік – аттап кету, айтпай өту мүмкін емес деп білеміз. Себебі, оның бірі – "Космонавт монологы" атты көлемді, ғарышқа көтерілген, кемел лирикалық дастаны болса, екіншісі – "Бір жетсе менің ажалым жетеді"... деп басталатын, есті ақынның ендік өмірмен қоштасуы секілді ерекше сезілер өлеңі. Ал, үшіншісі – "Ағыстар мен ғасырлар" аталатын – ақынның жеке басының қысқа ғұмыры емес, күллі адамзат өлімінің мәні мен өмірінің сәні хақында сыр шертетін, жалпы жұмыр Жер жұртшылығына ортақ философия түйіп, ой қозғайтын өмір-өлең. Керек десеңіз, бұл – А.С.Пушкиннің "Ескерткіші", Қасым Аманжоловтың "Өзім туралысы", Мұқағали Мақатаевтың "Жан азасы" секілді өмір-өлең.

Құзар шыңдар таң жалап алқымдарын,
Саркыратып құяды салқын қарын.
Ормандардың бояуы өзгереді,
Дүмпуімен кейінгі толқындардың.

Жетектейді өмірді озған ағын,
Мен де соның жолымен қозғаламын.
Дидарынан зымырап заманалар,
Дидарына көшеді бозбаланың.

Шақтарда да азынап оқ бораған,
Бұл дариянын шабысы тоқтамаған.
Мен өтемін жолдардан әлі талай,
Жүрегімнен дүңкілдеп ақ барабан!

Тағы да жол. Ағыстар мен ғасырлардың арасында, қақпақылына түсіп қалған ақын жаңқаша аға бермейді. Сол ағыстар мен ғасырларды өзі қайта дөңгелетіп, "шумақтап алға қарай лақтырып" жатқандай. "Дидарынан заманалар зымырап бозбаланың дидарына көшіп" жатқанмен, "арулардың жерге түскен бұрымында аналардың ұзарған ғұмыры бар екенін көріп", "шеңберлердің шымылдығын сыпырып", "жүрегінде толассыз ақ барабан дүңкілдеткен" ақын Төлеген Айбергенов Жерге тұгел пайғамбарлық еткендей.

Ол:

– Бір кездері бұл күн де көшер менен? – деп бекер айтады. Себебі, "өз ғасыры өзінің иінінен түспей", жүрегінде ақ барабан дүңкілдеп тұрғанда жолдар оны алысқа – болашаққа бастай береді. Қашанда Айбергеновтей шын ақын сапары – мәңгілік сапар Мәңгілік осындай Ол үлкен жолдың үстінде келеді.

Мылтықбай ЕРІМБЕТОВ, ақын

ҮШ АҚЫН... БІР ТАҒДЫР.

Мәңгілік осындай Ол үлкен жолдың үстінде келеді.

Шойынқұлақтың жаны киіктің ішіндегі сандықта болса, ақындардың жаны өленде деп білем. Ақындық – құр ұйқас пен жылтыр, жауыр, жаттанды, әсемпаз сөздер ғана емес, оған сонымен бірге мағына да керек қой. Мағына болғанда жеңіл-желпі, арзанқол жадағай желең қабаты емес, терең де мазмұндысы кажет. Мен о баста жаңа поэзияны оқуды Төлеген мен Қадірдан бастадым. Содан соң, Мұқағали мен Мұхтарды қостым. Ойшылдарын, пәлсапашылдарын ұнатам. Кейінгілерден Жұматай ұнайды.

Қаранғылықта бар-жоғын білмей өткенше, жанды көбелектей бір жарқ ете алсақ та жақсы екен-ау. Мысалы, Төлеген Айбергенов сияқты.

Ұлы Чеховтың: "Біз бүгінде жаза білу дегенді ақ қағаздың бетін сөйлемдерге толтыра білу деп жүрміз. Ал, шынында, жаза білу дегеніміз – сол сөйлемдердің ішіндегі жарамсыздарын сыза білу" – деген өсиеті бар.

"Уақыт бәрін алып кетеді: жылдар тізбегі есімді де, сыртқы пішінді де, мінез-құлық пен тағдырды да өзгертеді" депті Платон. Жоқ, олай емес, – деп Уақыт туралы ақиқатқа мойынсұнбай алғашқы махаббат сезімін қорғағандай жанұшырып – жас кезде құмартқан жақсылықтарынды қорғағың келеді. Қазақ халқының аяулы ақындарының бірі Төлеген Айбергеновтың тағдыры, өзіміздей жастардың студент кезде жатақхана жарығын сөндірмей, жастық астына сақтап, құмарта оқыған Төлеген тағдыры – найзағай ғұмыры, қысқа өмірі сөнді деуге менің жүрегім келісе қоймайды.

"Ақынның аты өлмейді" дейді халқымыз. **Шынайы талант – мәңгілік ғұмыр.** Төлегеннің өмірден көшкеніне біраз уақыт өтсе де есімі елмен бірге келе жатуы соған дәлел. Оның өлең өлкесіндегі құс жолындай нұрлы соқпағы кейінгі інілерге өшпес өнеге. Жастарды ақын мұралары қашанда қызықтырып, өзіне тартып тұрады. Таланттар туралы әр сөз, олардың әрбір ойы жас жүректерді тербетіп, сезімдерді тәрбилейтіні ақиқат қой. Адал ойға жетелейді. Мынау қым-қуыт заманда адал ой, таза пікірден асқан байлық жоқ, Төлеген айтпай ма:

"Өзгеге қалай көрінетінін білмеймін, мен үшін ойлану мен қиялға берілу бүкіл өмірімнің бас қызығындай саналады. Осы аз өмірімнің ішінде ойланып өткізген уақыттарымды өз міндетін атқарып өткізген, саналы өткен, даңқты өткен уақыт деп есептеймін. Сондықтан да мен ойлар үшін, ойлану үшін қаншама уақытым кеткен болса да, ол үшін өмір бойы өкінбей өтемін ғой деп ойлаймын. Мен үшін өкініштісі сол, арзан күлкі мен болмашы ләззатқа бола жылап кеткен алтын сағаттарым болса керек. Мен осы күнге дейін қанша ойларды қағаз бетіне түсіре бергенде ғой, басқа үшін елеулі дүние болмағанмен, өзіме көп

пайдасын тигізер еді-ау, шіркін!" деп. **Ұлылық жаска қарамайды.** Асқақ ойлы ақынның қаршадай кезіндегі осы ойларының "Талант иелері уақыттарын өзін-өзі болашақ ұрпақ құрмет тұтатындай етіп пайдалануларының керек. Игілігіне ештеңе қалдырмасақ, ұрпақ біз жайлы не ойлайды?" деген Д. Дидроның пікірімен астасып жатқаны таңдандырмай қоймайды. Төлеген өз ойын міндетті түрде құптауға тіпті де ұмтылмайды. Өйткені, ол ақиқатты жұрттың бәрі сырттай болмаса да іштей мойындайтынын жүрегімен сезеді. Төлегеннің "Жұрт не десе о десін, мен адамға бір берілгенде құлай берілгенді құптар ем. Менің ойымша құлай берілу, ессіз сүю шексіз адалдықтың белгісі. Өмірде өзінен басқаға құлай берілмейтіндер достықта, жолдастықта, махабатта қателеспеуі мүмкін, бірақ оның шын адал достарының аз екендігіне, тіпті жоқ екендігіне сенімім кәміл" деген пікіріне қалай келіспессіз. Бірақ адам есейіп барып келетін ойға таланттың қаршадай кезінде жету құдіретін қалай түсіндірер ең?! Ұлы Пушкиннің бала кезіндегі өлеңдерінің ұстаздарынан асып түскені сияқты, бала күнгі Төлегеннің ойлы пікір-толғамдарының өзі де өленге бергісіз жырдай оқылады. Қазақтың көбі ақын Төлегенге өлең арнады.

Жастардың өзіне дейінгі жаман шығарманы оқымаса да, жақсы жазушы, ақынды мойындап оқығаны дұрыс қой. Дегенмен, жүрекке жақсы көру, жек көру сезіміне келгенде әмір жүрмейді. Қазақ әдебиетіне жалынды ақын Төлеген Айбергенов әр жол, әр шумағынан тер иісі мен тіршілік тынысы аңқып тұрған "Құмдағы мұнаралар" атты өлең кітабын алып келді. Біз осы кітап арқылы поэзиядағы бүгінгі оқырман қауым да, әдебиет сарапшылары да кезінде бір ауыздан тың үрдіс, жаңа құбылыс деп қабылдады.

Ол жырлардың әлденеше рет басылып шығуы сол пікірлердің дұрыстығын байқатса керек. Әрине, Төлеген өлеңдеріне Дикан Әбілевтей ағамыздың сәт-сапар тілек-батасы, ал ақынның "Мен саған ғашық едім" кітабына Қуандық Шаңғытбаевтың қоштасу сөзін қинала-қинала, жүрегі езіле жазғаны жадымызда. Төлеген туралы сөз айтқандарға риза болып, жақсылығымды үйіп-төккім келеді де, жазбағандарға "жазыңдар, жақсы

сөздерінді аямандар, кейінгі жастар білсін Төлеген туралы" дегім келеді.

Қазірге жас ақындар бойындағы бір нашар қасиет – өзіне дейінгіні де, кейінгіні де көзге ілмеу, өз өлеңін өзгеден жоғары қоюшылық, кеудеге нан пісушілік, керемет дүние тудыруға кедергі жасайды. "Лениншіл жаста" Мұқағали Ғабит Мүсіреповпен кездескені туралы жазды. Сонда "Аққулар ұйықтағанда" поэмасын мақтағанда ыңғайсызданыпты. Ақын Төлеген туралы Ғабең естелігі де осыған саяды. Ғабит Мүсірепов: "Маған жастардың ішінен маркұм Төлеген Айбергеновтың менмендігі жоқ қарапайым ғана адамдық мінезі қатты ұнаушы еді. Бір күні ойда жоқта екеуіміз жолыға қалдық. Алдында біраз өлеңдерін оқыған едім, солардың өзіме ұнағанын айттым. Байқап тұрмын мақтауымды ол жай сыпайылық үшін ғана қабылдаған сиякты. Айтқандай-ақ сөзімді аяқтаған кезімде:

"Ой, Ғабе, жаңа сіз айтқан жақсылықты да, жаңалықты да мен өзіміздің халық ақындарынан алып жүрмін ғой. Тіпті: сіз Ақан серінің мына бір-ақ өлеңіне еліктеуден туған өлеңімді де байқамадыңыз-ау", – деді күліп. Амал бар ма, біз қазақ әдебиеті екі-үш дарыннан ерте айырылдық. Олар – Абдолла, Баубек, Төлеген".

Шын жақсы ақын әрі қарапайым, әрі талантты.

Төлегеннің ұйқастарда жеткен жетістігі өз алдына, әңгіме етуге тұрарлық дүние. Шәмші Қалдаяқов туралы Қадір Мырзалиевтің "Қайырмадан қайырма тудыратын композитор" дегені бар еді. Төлеген "ұйқастан ұйқас тудыратын ақын -өлеңінің музыканты". Төлегеннің бір мықты ерекшелігі – ол ұйқас қуып кетпейді. Мағынасыздыққа ұрынбайды. Оның зәресі ұшып қорқатыны да сол мағынасыздық, сылдыр сөз. Сұлу тіркес. Қазіргі жас ақындардың көбінде сұлу сөзге құмарлық басым. Олар құр жылтырақ болып, көзге ұрып, ой салмағын мүлдем жеңілдетіп жібереді. Төлегеннің бала кезіндегі өлеңдерінен шарк ұрған ізденіс аңғарылады. Көзі жарқырап, буыршындай бұрқырап тұрып оқитын өлеңі.

Біздің айтпағымыз – Төлегеннің өзіне дейінгі ақындардың шығармаларын түгел оқып, көбісінің өлеңін жатқа білетіндігі.

Біз көрген, естіген ақындардың ішінде Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Ғафу Қайырбеков, Мұқағали Мақатаев өленді нәшіне келтіріп жақсы оқушы еді. Соның бірі Төлеген Айбергенов болды. Оның өленлері түрлік жағынан да өзгеше ғой. Осы өзгешелік ақынның өз аузынан естілгенде құлпырып, құтырып шыға келетін. Төлеген даусын көтере, үзіп, келте қайырар еді. Тағы бір таң қаларлығы — Төлеген өз өленлерін қағазға қарамай, жатқа соғатын.

— Мен өзім шығарған бар өленді басынан аяғына қарай да, аяғынан басына қарай да жатқа оқимын! — деп мақтанушы еді. Төлеген үйге қандай қонақ келсе де, әңгіменің басын өленге тірейді. Бірде ақын Тоқаш Бердияров қонаққа келген. Төлеген екеуі аз ғана әңгімеден кейін өз өленлеріне кезек берді. Бір уақытта Тоқаш ағамыздың қолында Ілиястың кітабы, ал Төлеген "Дала" поэмасын соңынан басына қарай жатқа оқып отыр екен.

— Ол Әбділда ағасының да жырларын жаныңдай жақсы көруші еді. Бір жақсы адам туралы немесе жақсы творчество туралы сөйлегенде Әбекеңнің өленлерін оқып, тыңдаушысына мойындатып отыратын, — дейді жары Үрниса.

Төлегеннің бойындағы тамаша қасиеттің бірі өзгенің қуанышын өз қуанышындай қабылдайтындығында еді. Жақсы бір өлең шықса жаны шаттанып, желпіне оқитын.

Төлеген фольклордан, Абайдан, Ілиястан, шығыс поэзисының алыптарынан жас басымен көп үйреніп, қабылдап қорытып, өзінше жол таба білгендігімен де ерекшеленеді. Бұл отыз жас үшін аз емес.

Ілияс Жансүгіровтің 1960 жылы шыққан шағыармалар жинағының бірінші томындағы "Шаттық жыры" атты өленінің жолдарын оқығанда Төлеген екпіні еске түсетіні несі екен? Кейінгі жас толқында мұндай ұйқастар мазмұнға қызмет етсін, етпесін асып-төгіледі, артығымен табылады. Олардың көбі Төлегенге еліктеуден ғана туып, тура қабылдана салған, әсерден туған ұйқастар. Ал арғы-бергі ұйқастар поэзия інжу-маржандарын іздей оқып, қопара төңкеріп, жақсы-жаманын екшеп-айырып , қорыта жыр жазу әзіргі

жастарда сирек. Мұқағали 1976 жылдың 25 ақпанында былай деп жазыпты: "Фольклорымыздың бай екені даусыз. Оны кез келген халықтың кез келген фольклорымен қатар қоюға болады. Егер фольклорымызды әдебиетімізбен салыстырсақ, онда соңғысы кедей көрінеді. Ол оның әлі жасандылығынан, буыны қатпағандығынан. Жазғыштар көп болғанмен, жазылғаны (мәнді толыққандысы) әлі аз. Біз жазылған нәрсенің санына қарап қарықпыз. Көркем әдебиеттің коллективті еңбек емес екенін ойлайтын уақыт жетпеді ме? Ол мейлінше даралықтан туады. Және белгілі бір уақыттың есебі де, фотографиясы да емес. Ол қоғамның, дәуірдің сынынан өтуге тиіс... егер қадір-қасиетті миллиметрлік қана болса, шақырымға созылған тізімдер әдебиетті құрай алмайды".

Төлеген Айбергенов қазақ поэзиясына бетбұрыс әкелген ірі талант. Оның өлеңдеріндегі әдемі сезім, әсем суреттен бүгінгі жас ақындар көп үйренді, тағлым алды. Төлегеннің ақындық қасиетінің бірі — қарапайым нәрседен селт еткізер ой іздеп тауып, оның өз көңіл-күйіне жалғап, қоғамдық ой биігіне көтере білуі. Мен "Космонавт монологы" лирикалық поэмасының ең мықты бөлімі "Көк үстінде" деп ойлаймын. Төлегенге тән философиялық терендігі, ұйқас екпіні, ой оттылығы осы бөлімде әсіресе шырқау саяси-әлеуметтік биікке көтерілген. Ал Төлеген жырларындағы, көп жазылып жүрген қарақалпақ әуені "Жас бұрымы", "Өмірден менің есімде қалғаны", "Россия" өлеңдерінде анық байқалады. Өзіне дейінгі ақындарды жақсы біліп қана қоймай, жатқа айтатын Төлегеннің бұл ерекшелігіне тандану ретсіз.

— Төлегеннің ішінде бір поэма кетті. Әбден пісіріп, жатқа айтып жүріп, қағазға сосын түсіретін, — дейді ақынның өмірдің қиыншылығы мен қызығын бірге бөліскен жары Үрниса, — "Сен айт, мен жазайын" десем, "қоя тұр" дейтін. Әлі піспеген деп есептеген шығар". "Бір магнитофон алайықшы" деумен кетті...

Төлеген туралы аз жазылған жоқ, бірақ көп те емес. Кейбір әдебиет жанашырларының мақалаларымен үлкен ақындардың сөздерінде аты аталып, мойындалғанымен, оның бүкіл творчествосы жан-жақты талданып, жете зерттелген жоқ, бұл келер күндер еншісіндегі игі іс.

Төлеген Айбергенов өлеңдерін оқығанда ешбір жаландықтың белгісін көре алмайсыз. Мұның басты себебі – оның өзіне қатал да қатаң талап қойып, тек "не айтса да жүрегімен айтуды" қасиетті қағида етіп ұстағандығы деп білеміз. Сағыну арқылы өмір сүретін ақын творчествосының өзегі – сағыныш. Егер Төлегеннің әнші Ғарифоллаға арнаған өлеңін бұрып өзіне арнасақ: "Көкірегінен әсем әннің көк мұхитын шайқаған, сендей саңлақ бұл өмірге келер ме екен қайтадан".

Алпысыншы жылдардағы қазақ поэзисын алып қарайтын болсақ, осы кезге өзіндік ұн, өзгеше жазылған жырларымен келген Төлеген Айбергеновке тоқталмай кете алмаймыз. Қазақ поэзиясындағы Қасымнан кейінгі өзіндік өзгешелігімен дараланған ол жайлы көп айтуға болады...

Өзін-өзі тықпалау, осы әдіспен ұшпаққа жету ақынға жараспайтын қылық. Одан дарын кемімейді, арын кемиді. Өлең – өміршең дүние деуші еді. Сүйегінен өткізетін оның тіліндей ащы тіл ешкімде жоқ – "шөкелеп өмір сүргеннен тік тұрып өлген артық" дейтін.

Төлегеннің ойлы ұйқастарынан көп үйрену керек. Осындай музыкалы, ішкі ұйқастардан үйрену қазіргі жастарда кемшіндеу. Мұны жас ақындардың өлеңдерінен көре алмай жүрміз.

Төлеген көнбіс адам бола алмады. Күнделікті тірліктің айдауынан шығармайтын көнбістікке ақын жүрегімен көне алмады. Басқалар оның басындағы ең үлкен осалдық деп есептеген – тік мінезділігін жеңе алмады. Жеңуге тиіс те емес еді.Ойткені, (шаблонға көнбеген шабыт иесі) ақынды еркін құс деп сезінді мынау өзі сүйген өмірде...

Көптеген әдебиетшілер Төлегенді (жалпы басқа талантты ақындарды да) қайтыс болған соң танылған ақын ретінде көрсетеді. Меніңше бұл қате, ұшқары пікір. Төлеген кітабы шықпай тұрып-ақ әдебиетті түсінетін талайлардың құрметіне бөленіп, жастардың ұстазына (отыз-ақ жаста) айналып үлгергенді. Ол кітап шығаруды емес, өлеңге адалдықты, әдебиетке арлы болуды көбірек діттеген ақын. Өлең аспанында құйрықты жұлдыздай жарқ етіп көрініп, ғайып болған Төлеген атты есімді есіткен сайын жыр құмар қауым әлі де бір елең ете қалары сөзсіз. Жарық дүниемен қоштасқан соң

Қазақстан Ленин Комсомолының сыйлығының лауреаты деген құрметті атаққа ие болған оның әлі де жинақтарына енбей келе жатқан өлеңдері баршылық.

Мен білетін, білмейтін талай азаматтар Төлегенді көзі тірісінде-ақ ақын деп таныған, өзгеге ұқсамас ерекшеліктерін көріп-білген, түйсінген, таңданған. Осы таңданыс-ақынтану сезімдері, естеліктері қағазға түссе Төлегенді танитын адамдар бір игі іс бітірген болар еді.

...Қатыгез ажал Төлегендей қыранды мезгілсіз қағып түсті, арамыздан ерте кетті. Ерекше адамдардың өмірінің ұсақ-түйегіне дейін білудің — жай ғана қызығушылықтан көрі, тәрбиелік мәні күшті. Актерлер, жазушылар, журналистер, ғалымдар, мемлекет қайраткерлері өздерінің жеке қаситеттерімен біздің өмірімізге әсер етеді. Тіпті олар бізден алыста өмір сүріп, еңбек етсе де солай болады.

Орыс әдебиетінің өкілдері Пушкин, Лермонтов, Толстой, Гоголь, Пастернактардың жеке өмірі, мекен-жайлары туралы зерттеулер әлі де тоқтаусыз жарияланууда. Біз де бұл іс — солғын.

Жалпы, сүйікті ақын-жазушылар туралы терең жазып, замандастарының ой-пікірлерін, естеліктерін жинақтауда қазақ әдебиеті өкілдері көп салақтық танытып, кешігіп жүр. Негізгі жастардың тиісті дәрежеде өлеңге қызықпауына жақсы ақын-жазушының кітабына талдау, өмірін зерттеу жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмеуі де басты себеп.

Жырдағы жалғандыққа жаны қас еді Төкеңнің. Поэзияға деген адалдық, тазалыққа құштар еді. Қазір айтыстарда екінің бірі домбыра тарта алмаса да, ұстап шығып, жоқты-барды құрап айтып, сөз қадірін кетіріп жүргенін көргенімде, мұндайда шыдамай кететін поэзия қамқоры Төлеген Айбергенов, біздің — Төкең ойыма оралып, көз алдыма тұра қалады. Отызға дейін терең ой-түйсінігі қалыптасқан ерекше жан еді ғой...

Төлеген туралы қанша жазса да, қанша құрмет көрсетсе де артық емес. Өйткені, Төлегендей ел махаббатына ерекше бөленге шоқтығы биік қазақ ақыны саусақпен санарлық қой...

Не дерсіз?! Уақыт заңы сондай. Бізге беймәлім ұлы Галактиканың мың-сан жұмбағының бірі — мықтылардың рухани әлемі өзара астасып, үндесіп

жататыны да өзгеше бір құбылыс қой. Оны сезінуге кеңістік өлшеміндегі қас-қағым сәттей — адам ғұмыры жетпейтіні өкінішті-ақ...

Түркістан сапары
(ақындар айтысы)

Облыстық ақындар айтысы болатын болып, Төлеген Сарыағаш ауданы атынан айтысатын болды, сөйтіп, Түркістанға барып келді. "Садақтан самсап оқ ұшқан, жаралы болған Түркістан" деп басталатын циклды жазып келді. 21 февраль 1964 жыл. Ақындар айтысы басталды. Арқа, бас босап, зачеттен құтылып, сонда барғанмын. Содан бұрын кездескенде Төлеген "алдыңғы жылдағыдай отырыс ұйымдастырамыз ба?" деп Нармахан екеуіміздің құлағымызды елендетіп қойды.

Комсомолдағы жігіттерге барып солардың бөлмесінде өлең оқыды:

О, қыздар — қаздар алдымнан,
Дүрлігіп ұшып бараткан,—

дегенде мен орнымнан ұшып тұрып, жұрт ду күлді. Студенттердің "Сыр" деген газеті шығатын. Нармахан соған шығарамыз деді. Мен көшіріп алдым. "Түркістан қыздары", "Қарашық", "Қаратау" — үш өлең.

Кеудемнен ақса жұпар жайлап есіп,
Қарайды аймағыңа ай да әуес қып,
Шұбалып жүз бүктеліп, тізбектеліп,
Бабатау, барасың сен қайда көшіп?!

"Қаратау" жинағына кірмей қалған шумақ осы. Біз осы күйінше "Сыр" қабырға газетіне жарияладық.

Автостанцияға Төлегенді шығарып салдық.

— Егер кітап шығарсаңыздар мен рецензия жазатын боламын. Қадырға Мұхтар туралы хат жаздым, — деді бір әңгімесінде. Жазып алып айтысу — өнер емес. Ақындар айтысына қатыспаймын. Мен өз қалпымда қаламын, — деді. Дұрыс дедік, шығарып сап келсем айтыс басталып кетіпті. Түркістан ақыны жоқ ақынмен — "Төлегенмен" айтысып, "Сарыағаш ақыны қайдасың? Неге қашып кеттің?" деп біраз жырлады. Көпбай

Омаровтың, Қалдыбек Әлімқұловты жеңуі де аса әсерлі болды. Енді бүгін ойласам жырдағы жалғандыққа жаны қас Төкеңнің жасанды айтыскер болғысы келмеуі – Поэзияға деген адалдық, тазалық болып көрінеді. Қазір айтыстарда екінің бірі домбыра тарта алмаса да ұстап шығып жоқты – барды құрап айтып, сөз қадірін кетіріп жүргенін көргенімде мұндайда шыдамай кететін поэзия қамқоры Төлеген Айбергенов – біздің Төкең ойыма оралып, көз алдыма тұра қалады. Отызға дейін терең ой-түсінігі қалыптасқан ерекше жан еді ғой...

Төлеген туралы қанша жазса да, қанша құрмет көрсетсе де артық емес. Өйткені, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, жастардың сүйіктісі аталып, Төлегендей ел махаббатына ерекше бөленген шоқтығы биік қазақ ақыны да саусақпен санарлық қой...

Шаймерден ТӨЛЕГЕНҰЛЫ, журналист

КҮНДЕР МЕН ТҮНДЕР

Төлеген ақын артында қалған бес баланы ақын жары Үрниса тәрбиелеп, өсіріп ел қатарына қосты. Біз бүгін Т.Айбергеновтің жұбайы Үрнисаның әңгімесін оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

– Ескі күндер көңілде сайрап тұрған болар, Төлегенмен алғаш қалай таныстыңыз?

– Қайтып оралмайтын сол күндердің несін айтасыз, күні кешегідей көңілімде бәрі сайрап тұр.

Жел айдаған қаңбақтай оқу іздеп мен Бостандық ауданынан, ол алыстағы Қарақалпақстан елінің Қоңырат қаласынан Ташкентте басымыз қосылды. Мақсатымыз орындалып, Низами атындағы Ташкент пединститутының филология факультетіне оқуға түстік. Бұл 1954 жыл болатын. Жас емеспіз бе, оқуға түскеннен кейін бойымызды тіктеп, жан-жағымызға қарайлап театр, кино үйлеріне бара бастадық.Сол жылдың қыркүйек айында Ташкентте Абайға арналған кеш өтті. Қазақ тарихын терең білмейтін адамдар болуы керек, Абай өлеңдерін жатқа соғатын біздер үшін мына кеш өте сылбыр, жұпыны өтті. Ертеңіне лекцияның үзілісінде кешегі болған оқиғаны еске алдып, қисық аяқтың әніне, оның жүріс-тұрысын әңгіме еттік. Кішкентай қара бала –

Төлеген әңгімеге шап-шап араласып өзінің ойын батылдау білдірді. Мен оған ұрлана көз тастап қоямын. Көңілде ұшқын оты жанғандай ма, қалай... Әрине, ол бізді жағалауын қоймады.

Махаббат эпопеясы осылай басталды десейші...

Тағдыр арбасын солай жеккісі келген болар.

— Сол уақыттағы жастар мен қазіргі студенттердің, олардың дүниетанымындағы, оқуындағы айырмашылықты айта аласыз ба?

— Ол кездегі студенттердің қазіргі жастардан айырмашылығы — жер мен көктей десем қателеспеймін. Біз көп оқуға, көп білуге ұмтылдық.

Сол жылдары Американың қызық кинобейнесі жүріп жатқан болатын, ұмытпасам — "Тарзан" еді. Таласа-тармаса жүріп, Киров саябағындағы кинотеатрдан әлгі кинобейнені тамашалағанымыз есімде қалыпты. Ал, Қазақкиносынан "Дала қызы" аншлагпен жүріп жатты. Айтпақшы, Төлеген де бізді андып тұрғандай, өзінен бір курс жоғары оқитын Асабаев Зәкір жерлесімен қылқиып кинодан қалмайтын.

Ал, лекцияға бару, кітапханамен байланыс — жазылмаған заң. Оны орындамасаң өзіңді кінәлі, тіпті күнәһар адамдай сезінесің. Ол оқуға сусағандықтан ба, ұстаз алдындағы парыз ба, әлде алыста қалған әке-шешенің аманатына адал болу ма, әйтеуір біз жібектей есілген жастар едік.

Сөйтіп студенттік өмір "тоқ қала" — Ташкентте өз ырғағымен жүріп жатты.

— Сонымен үйлену тойы қашан болды?

Төлегеннің қарт шешесінен басқа үш әпкесі болды, әкесі ертерек қайтыс болып өмірі шырғаланмен өтіпті. Ол сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін Қоңыраттағы балалар үйіне барады. Қарайласатын адамы жоқтың қалайша айы оңынан тусын, талап пен қайсарлықтың арқасында күн кешкен екен-ау деген ойға қаласың. Осы жағдайда жасырмай, бірде ауылға барғанымда әке-шешеме айттым. Шешем келісімін берді. Әкемнің жүрегі бай адам болатын. Жүрегі бай дейтінім — қолындағы бар дүниесін оңды-солды шашатын, жоқ-жітіктерге көп қарайласатын жаны жомарт жан еді. Ол әрі ойланып, бері ойланып маған ақыл кеңес берді: "Қазір бой тасалай

тұрындар, өзің ұнатсаң болды да, "теңі болса, тегін бер" деген менің қарсылығым жоқ, ал той кейінірек болады". Біз осы жолмен қосылдық, ал әкем болса айтқанын орындап, кейіннен дүркіреген той жасады. Қайран әке, бұл күнде ол өмірде жоқ...

Кішігірім той Төлегеннің елінде болды. Ішін бірнеше жерден тіреп қойған еденсіз, шиферсіз жатаған қоржын тамда басымыз бір жастықта қосылды. Бұл 1959 жылдың жазы еді.

Өмір маған қиындығын сақтап жүр екен. Электр жарығы жоқ, жермай құйған шам пайдаланамыз, көмір түсімізге де кірмейді. Оның үстіне он екі шақырымдағы мектепке есекпен қатынаймыз — екеуімізде екі есек. Есектің әуресі аз болмады. Бір күні оның теріс жағынан мінбекші болып ыңғайлана бергенімде ертоқым ауып кетті де, есек құрғыр айдалаға қашып кетті. "Қырсыққанда қымыран іриді" деген осы шығар. Кейінірек есек оқиғасын айтып сол кезде шәкірт, бұл күнде дырдай азамат — қайныларыммен бір күлісіп аламыз. Қайтеміз, Төлеген жоқ болса да күлеміз. Ұйқы — арсыз, тамақ — арсыз күлкі — арсыз деген ғой, болмаса қай бір күлкі дейсің. Жыл артынан жыл келіп, күндер мен түндер өтіп жатыр...

— Әлі де алғашқы жинақтың ауылы алыс па еді?

Өткен күнде белгі жоқ дегендей ақырындап күндер өтіп жатты. 1962-65 жылдар арасында туған жерге жақындаймыз деген оймен Сарыағашқа (Оңтүстік Қазақстан облысы) көшіп келдік. Төлегенді бірден мектеп директор етіп қойды, өзім де мұғаліммін. Балаларымыз — Махаббат, Дәурен осы жерде дүниеге келді. Сарыағаш бізге құтты мекен болды. Тұңғыш жинақ — "Арман сапары" (1963 ж.) да дүниеге есігін ашты. Одан кейін "Өмірге саяхат" (1965 ж.) шықты да, Қазақстан әдеби қауымын шынын айтқанда, Төкең мойындатты. Ой, құдай-ай! Ойлап отырсам сонда күйеуім отызға да толмапты. Отызға жетпей орда бұзды ғой, жарықтық, шын дарын жаспен өлшенбейді деген осы болар.

Төлегеннің аңсары Алматы болды да тұрды. Мүмкін теңіздей шалқыған жыр ордасына жақындай түскісі келген болар. Мен оны қоштадым, бірақ астанаға мұрнымыз батпады да, Қаскеленге көшіп келдік. Сонда, әлі ұмытпаймын, Киров көшесінің 57 нөмірлі үйінде

тұрдық. Тағы да қиындық кезең басталды. 1965-67 жылдары Төлеген жұмыссыз жүрді... Қыздарым Хұсни мен Қорлан (екеуі егіз болатын) Алатаудың баурайында жарық дүние есігін ашты. Бір қуаныш, бір реніш! Бір жеңіс, бір жеңіліс! Таусылмайтын тізбек. Әрине, жанымызға жан қосылғанына аса қуандық, 1967 жылдың шілде айында Төлегенді Жазушылар одағына жұмысқа алды. Бірақ жұмыс әбден сарғайтып келді, жүйкені мықтап тоздырды. Тамыз айында Төлеген арнайы іссапармен, туған жеріне дін аман кетіп еді, ай аяғында Нөкістен суық хабар естідік... Көрген түстей... Жаназасына М. Мақатаев, С. Сейітхазин барды.

– Қабірі қайда жатыр?

– Нөкістегі Шорша әулиесінде. Басын қарайттым, жалғызаяқ асфальтты жол салынды. Ескерткіш қоямыз деп Жазушылар одағы әрекеттенгесін мен де қарап қалмайын деп 500 сом үлесімді қостым. Істің ақыры құмға құйған судай болып кетті, отызы кем 500 сом ақшамды қайтарып алдым. Қолымнан бар келгені қабірдің басына суретімен бірге ескерткіш – тақта қойдым. Онда:

Көрмеймін деген жоқ ем мен,
Жеткізбей кетті-ау сан қырлар –

деп өзінің сөзін ойып жаздырттым.

– Төкең көзі тірісінде кіммен қарым-қатынаста болды?

– Үйге қонақ ету үшін адамды ажыратпай-ақ, шеніне, лауазымына қарамай-ақ ертіп келе беретін. Айтатыны. "Барды қазанға сала бер!" Осыған күніміз түседі-ау деп арнайы шақырған қонақты білмеймін.

Ағалар Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, Е.Ысмайлов, Ш.Қалдаяқовпен жасының үлкендігіне қарамаста аралас-құралас болды.

Өмірден ерте кететін адамда ерекше қасиет болады ма деймін. Жүрегі елжірейді де тұрады. Менің апайым ауырып қалғанда Ташкенттен дәрі іздеп табанынан таусылды, ал ол қайтыс болғанда, жарымай отырсақ та ақшамызды апарып бердік. Біреудің басына іс түсіп келсе, сол адаммен бірге ауырады, қолынан келгенше көмектесуге әзір. Түрмеге қамалған бір жамағайынға арнап "Сот алдындағы сөз" деген өлеңін жазды.

– Сыралғы достардай екеуіңіз бір институтта бірге

оқыпсыздар, студенттік кезеңінде ұшырасқан Төкеңнің қызық бір мінезі есіңізде ме?

– Неге есімде болмасын. Өзбекстан мақтамен аты шыққан республика ғой, қыркүйек айының аяғына жетер-жетпестен біздерді мақта теруге айдайды. Вокзалға жиналған студенттердің абыр-сабырында біздің группаның бір баласының сөмкесі жоғалды, ішінде ыдыс-аяғы, тамағы бар. Әлқисса, жоғалған сөмке Төлегендікі болып шықты. Сондықтан оны табақ пен қасық қинады. Оның да реті табылған сияқты. Менің әдетім тамаққа кештеу келемін, себебі мақтаны көп теремін де соны өткізіп, жуынып-шайынып келгенше студенттредің алды түскі асын ішіп те болады. Төлеген менің табағыма тамақ құйдырып алып, апыл-ғұпыл ішеді де, мен келе жатқанда ол табақты босатып шайып жатады. Оның ақысына ол сол табақ салулы сөмке қайда тұрса да тасып жүргені. Түскі тамақты үштен-төрттен бірігіп отырып дастархан жаятын орынды, қысқасы көлеңкелі қолайлы жерді Төлеген қарастырады. Өзі күлдіргі, әзіл-оспаққа жақын, әрбір сөзге күлық араластырып күлдіріп жүреді. Бірақ мақтаны өте нашар теретін. Кешке қарай мақталарыңнан бір-бір фартук беріңдерші деп жалынып сұрай бастайды.

– **Төкеңді өзіңізбен жақындастыруға табақтың да себебі болған екен-ау...**

– Ол оқуға алғашқы келген жылымыз ғой, мен бұл оқиғаға онша мән бермеппін. Бірақ оған жаным ашитын жылдарым сәл кейінірек, үшінші курста басталды. Біз мақта туралы әңгіме шертіп отырмыз, мұны кім түсінеді?

– **Айта беріңіз, кейінгілерге сабақ болар.**

– Шіркін мақталық аппақ алаң, мойынға асынып, белінен бір буынған ақ кенеп фартук, ашық аспан астындағы түскі ас! Ойпырмай, сондайда тамақтың бал татитынын-ай!

Мен мақтаны әдетте үш фартукпен теретінмін: екі фартукты өткіз, біреуін өзіңе, біреуін маған жаздыр деп Төлегенді "мақта ыланынан" құтқардым. Па, шіркін, жастық шақ-ай!

– **Ақын ағаның балажандығы қалай еді?**

– Балаларын өте жақсы көрді. Тұңғышымыз Салтанат туғанда оған арнап "Перзент жыры", "Қызым менің" деген өлеңдер жазды.

Шырт ұйқымнан жұлмалап,
Сағындырып оятты үш нәрестем.
Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманның,
Ұшындағы үш-ақ түйір тал өскен.
Баска дүние шығып кеткен бәрі естен

Балалары азамат болды, бәрі жоғары білім алды, алды Салтанат ғылым кандидаты, студенттерге дәріс оқиды. Әкесі балаларының осы қызығын көре алмады...

– Бес баланы қалай өсірдіңіз, қалай тәрбиелеп оқыттыңыз, сізге қол ұшын берген адам болды ма?

– Қиналғанымнан болар, Төлеген қайтыс болған жылдары дүние теп-тегіс өртеніп кеткендей әсерде болдым. Өз-өзіме келгеннен кейін аңғардым: жоқ олай емес екен.

"Лениншіл жас" (қазіргі "Жас алаш") газетінде Төлеген қайтыс болғандығын хабарлағаны үшін редактордың орынбасары Қ.Найманбаев сөгіс алды. "Газет сағаи афиша ма, Т. Айбергенов деген кім өзің деген сол кездегі Орталық Комсомол Комитетіндегі шолақ белсенділерді жата қалып қарғадым. Мен Ө.Жәнібековтің (сол кездегі хатшысы) адал жан екенін білемін, ол ондай арамдыққа бармайды деген ойда болдым. Иә, бізді қашанда шолақ белсенділер құртқан, адал адамдардың түбіне сол сияқты алаяқтар жетті.

Маған қол ұшын берген жазушы Ш. Мұртаза болды. Ол сол уақытта жастар газетінің редакторы болатын. Бір күні үйге маркұм О.Бөкеевті жіберіпті. Әлі ұмытпаймын, газет қызметкері Ф.Шоева декреттік демалысқа кеткен екен, "балаларыңды қайтіп асырайсың, осы жұмысқа орналас" деп Шерхан аға жанашырлық көрсетті. Кейінірек осы газеттің атынан Нөкіске іссапармен Төлегеннің басына да бардым, осы жақсылықты қалай ұмытарсың.

– Ағаймен ренжіскен, жүз шайысқан кездеріңіз болды ма?

– Біз аса тату-тәтті тұрдық. Келін болып түскеннен соң үш айдан кейін өгіз арбамен сексеуілге барғаным есіме түсіп тұр. 60-жылдары Кеңес Одағы не оңып тұр дейсің, біз тұрған Қоңырат та солай өмір кешіп жатты. Бүгінгі күннің қандай жас келіні түсе сала күздің қара суығында отынға бармақ? Айқай, күндер-ай десеңші!

Міне, осындай сүйіспеншілікке бөленген отбасында қайдан ұрыс-керіс болсын. Дегенмен, бір жағдайды айтайын. "Осы сен неге лепіресің де отырасың, кәне, ақын болып кімді асырап жүрсің?" – деп бетіне салып қалғандай әйелдік пенделікпен айтып салғаным бар. Бір күні Шымкентке барғанда бір сахнада ән салған қызды көріп соған арнап өлең жазыпты. Оны жасырмай маған оқып берген-ді. Шындығында өлең өте жақсы еді. Мен: "Төлеген, сен ақынсың, жай емес, нағыз ақынсың" деп бұрынғы ретсіз айтқан пікірімнен қайттым, бұл өзімше кешірім сұрағандық деп ұқтым.

– Жеңеше, кешіріңіз, жастай жесір қалдыңыз, біреудің етегінен ұстамадыңыз ба?

Мен жасырғанмен Құдай біледі, уақытша Ш.Қалдаяқовпен тұрмыс құрдым. Арнайы құжаттаспадық, әменгерліктің жолы ғой...

Батық МӘЖИТҰЛЫ, журналист
Үрниса АЙБЕРГЕНОВА мен сұхбат

"ТӨЛЕГЕННІҢ САҒЫНЫШЫ – ҚҰДІРЕТТІ САҒЫНЫШ"

Жақында қазақтың аса көрнекті ақындарының бірі Төлеген Айбергеновтың асыл жары Үрниса Айбергенова жеңгеміз дүниеден озды. Бұл хабарды естіген кезде, осыдан 33 жыл бұрынғы ол кісімен дидарласу мен әңгімелесудің суреттері, дәл сондағыдай есіме қайта оралғаны. Үрниса жеңгеміз бізді ашық қабақпен, ақынжанды мейіріммен құшақ жайып қарсы алған еді.

ҚазМУ-дың журналистика факультетінің студенттері өздерінің татулығымен ерекшеленетін. Мынау жас, мынау ересек деген жіктелу бұл ортада жоқ, олар әдебиетке деген іңкәрліктері арқылы ғана қауышып, иықтасып жататын.

Жоғарғы курста оқитын Темірхан Әлхановпен екеуімізді жақындастырған да осындай хал. Өйткені, біздер Төлеген ақынның өлеңдерін сүйдік. Маржан жырларды жатқа оқып, өлеңнің отына жылынып, өзара шалқып алатынбыз. Ал, мынау өлеңдердің жадына қонбауы тіпті де мүмкін емес. Оны жазған ақын өлеңді жасап, құрап әуре болмаған сияқты. Сазымен,

ырғағымен, сұлулығымен, тұнықтығымен тұтасқан қалыпта табиғи шеберлікпен өріліп, ғажайып қисындар арқылы сомдалып қалғандай. Ешкімге ұқсамайтын өзіндік мәнерімен дараланып тұрды.

Темірханның Төлеген өлеңдеріне құлағаны соншалық, оған ән шығарып әуелетеді. Әуені мұңлы, ойлы. Дауысын дірілдетіп әсем сазды өзі орындағанда тіптен керемет әсер береді. Таланттың сондай қырын үлкен ағалардың да құлағы шалған болуы керек, жалғыз қазақ теледидары арнасы бойынша Темірхан студент эфирге шықты. Бұл дегеніңіз сөз жоқ, ол кез үшін үлкен жетістік.

1973 жылдың күзі. Темірхан әдеттегідей оқу ғимаратының алдында кездесе қалғаным. Оның жүзі ерекше балбұл жайнайды. Сөйтсек, себебі де жоқ емес екен.

– Саған айтатын ақжолтай жаңалығым бар, – деді ол.

– Өте жақсы. Онда куанышты тезірек бөлісейік, – дедім.

– Кеше Төлеген ақынның жары Үрниса жеңгеміз мені университетке іздеп келді.

Теледидардан берілген концертімді көріпті. Алғысын айтты. Және қонаққа шақырды. Жақын жолдастарың болса ерте кел деді. Сонымен, ақынның үйіне сені өзіммен бірге апарайын деп отырмын. Ұсынысыма қалай қарайсың?

– Теміке, мен үшін мынадан артық жақсылық бола қоймас. Ұйғарымыңа мың рахмет! Өзіміз сүйген ақынның отбасын көріп, жарының өз аузынан әңгіме тыңдау ең үлкен ғанибет, – дедім қуанышымды жасыра алмай.

Сонымен, Алматының 12-микроауданындағы ақын үйіне түскі сағат 15-те келіп, түнгі 3-те жатақханамызға оралдық. Төлеген ақынның болмысының қандай екені бізді сондай қызықтыратын. Сондықтан, жеңгемізге қойған сұрағымыз да аз болған жоқ. Ендеше, жадымнан кетпес сол сұхбатты оқырманмен бөліскеннің сөкеттігі жоқ шығар.

– Үрниса жеңге, Төлеген ағамыздың ақынжандылығын қалай бағаладыңыз?

– Бізді тағдырымыз Ташкенттегі пединститутының филология факультетінде тоғыстырды. Сондағы қазақ бөлімінің студенті атандық.

Төлеген — мен ақын болайын, өлең жазайын, сөйтіп сол арқылы елге танылайын деп жоспарламаған адам. Оны Алла Тағала туғаннан ақын етіп жаратты. Ақын қалпында дүниеден өтті. Сондықтан, оның ақын болмасқа мүмкіндігі жоқ еді. Мынау дүние оған тек өлең болып көрініп, өмірдің бүкіл ырғағы көкірегіне жыр болып құйылатын. Төлегеннің басқа әрекетін шектеуге болатын шығар, бірақ ақындығын тұсаулайтын күштің жоқ екеніне менің көзім анық жетті. Жер басып жүрген әр сәтінде тек өлеңмен сырласқан күйінен ешқашан да жаңылған жоқ.

Жасыратыны не бар, ақынмен ғұмыр кешудің оңай еместігін отау құрған соң көп ұзамай-ақ байқадым. Біз қатарлы жоғарғы оқу орнын бітіргендер ұзамай тұрмысын түзеп, жағдайларын жақсартып алды. Ал, ақынның отбасы өлеңнің арқасында өзінің жұпыны тіршілігінен арылған жоқ.

Жұпыны дегенде, мал таппайтын кержалқау болған екен деп ойлап қалмандар. Еңбек етуден, қызмет істеуден жалықпаймыз. Төкең мектептің директоры. Табысымыз қажетіміздің бәрін өтей алатын деңгейде.

Негізгі "кемшілік" аққөңіл ақынның жүрегінің кендігінде еді. Ол адамды алалауды білмейтін. Үйімізге бас сұққанның бәрі құрметті қонақ. Қой сою, қол қусыру — айнымас дағдымыз. Сондықтан шаңырағымыз келушілерден арылмайды. Тіпті, бірде кең қоныстан өзіміз жататын жер таппай қысылғаным әлі есімде.

"Төлеген, — дедім ақылдасқандай болып, — саған бір өтініш айтайын. Реті келсе, осы өленді қойсаң жақсы болатын еді. Біздің де қабырғамыз майланып, ауқатты өмір сүруге хақымыз бар шығар". Ол ұзақ үнсіздіктен кейін келіскендей сынай танытты. Пенделік қой, мен бұған барынша қуандым.

Таңертең ол жұмысына кетті. Қарасам, үстелдің үстінде ақ парақта жазылған өлең жатыр. Оқыған кездегі маған берген әсері сұмдық! Бір ысып, бір суыдым. Кешке Төлеген үйге келгенде: "Төкең, байымасақ байымайық, бірақ өленді жаза бер" дедім. Ендігі ғұмырда нағыз ақынның сырлы тағдырына ортақтасудан басқа жол қалған жоқ еді.

— Төлеген ағамыздың өзіндік ерекшелігі ретінде қандай мысалды алдыға тартар едіңіз?

– Менің байқағаным, ол кісі ойы мен әсерін ең алдымен басында пісіріп, толық жетілдіріп алып қағазға бір-ақ түсіретін. Бәрі миында өңделетін. Есте сақтау қабілеті өте күшті еді. Өзінің жырларын үтір, нүктесіне дейін жатқа оқитын. Ол тұрмақ, замандас ақындардың шығармаларын айтқанда жаңылып көрген емес.

Бірде Атырау жақтан оңтүстіктегі Төлегенді іздеп бір ақынның келгені бар. Арқасы қозған екеуі бірінен-бірі асып түсіп бәсекелесті. Сол кезде Төлегеннің ІлиясЖансүгіровтың "Дала" поэмасын соңғы шумағынан басына қарай жатқа оқығанын көрдім. Сөз жоқ, бұл қайран қалатын ерекшелік қой.

Төлеген соңғы жылында үлкен поэма жазуға дайындалды. Жоғарыда айтқанымдай, әлгі шығарманың жартысынан астамы оның жадында сайрап тұрды. "Жазып қойсаңшы" дедім. Ол "Бастағы дүние қайда кетеді. Үстемеленіп дами береді. Осылай өрбіген күйде толық бітсін" деді.

Өздерің де білесіңдер, "Қош боп тұр көріскенше ар жұлдызым, Сен енді басқа ағыстан изде мені" деген жолдары бар ғой. Ол сол поэма арқылы қазақ поэзиясына басқа бір ағыс әкелем деп сенген еді. Амал не, дастан оқырманға жетпеген күйі өзімен бақилыққа бірге кетті.

– Ағамыздың өз көңіліне олқы соғатын өлең жазған кездері болды ма?

– Неге болмасын, болды. Бірақ; Төлеген өз өленіне өзі қатал редактордың сыншыл көзімен ғана қарайтын. Тасқа басылмай тұрып өзінікі екенін, ал тасқа басылғаннан кейін ол өлең халықтың мұрасына айналып кететінін білді. Сондықтан қайсыбір шығармалары солғындау жазылды ма, оны дереу жоятын, сақтамайтын. Әлдеқандай себептермен жарияланып кетсе, ақындыққа нұқсан келеді деген түсінікте болады. Меніңше, нағыз ақындар ғана ішінен шыққан туындыларға осылайша жанашырлықпен қарайтын шығар.

– Талантты халықтың мойындауы дегенге қалай қарайсыз?

– Әрбір адамның жүрегінде шалқыған бір саз жүреді. Адам ол сазға қаншалықты тебіренсе де, оны тура сол қалпында, мөлдіреген күйінде қағазға түсіретін

мүмкіндігі де, шеберлігі де болмайтыны рас. Өзі қисындыра алмаған, жеткізе алмаған суретті нағыз ақынның шығармашылық орындауынан кездестіріп, содан кейін талантқа бас иеді. Ол бұйрықпен, нұсқаумен жүзеге асатын дүние емес. Жүректің қалауымен болатын әрекет.

"Құмдағы мұнаралар" жинағын жазарда Төлеген Маңғыстау өңіріне іссапармен барды. Композитор Шәмші Қалдаяқов екеуі жарасымды жұп болды. Сонда Теңіз ауданы орталығында оқырмандармен кездескен.

Бәрі де күні бұрын сценарийімен белгіленетін ежелгі дағдылы кездесулер жергілікті жұртты да жалықтырса керек. Алғашқы күні ықылассыз келген ғой. Төлеген өлең оқыған соң олар сергіп қоя берген. "Ойпырым-ай, ақын деген өзі мынандай болады екен ғой" деп таңданған. Не керек, ақынды үш күн қатарынан жібермей қойған. Әсілі, елдің ықыласына бөленгеннен артық марапат жоқ. Ал, ондай бақыт кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейді.

— Шәмші демекші, Төлеген аға ол кісіні қалай құрметтеуші еді?

— Қазақша айтқанда, Шәкең десе "ішкен асын жерге қоятын". Екеуінің жүректері бір-бірімен үнемі үндесіп тұратын. Мәселен, Төкең дүкеннен костюм алса да, немесе плащ алса да екеуден алатын. Біреуі міндетті түрде Шәмшінікі.

Босқа жұмсалғандай кетіп жатқан ақшаға әйелдік көзқараспен қарап қалай шыдайсың. "Сол Шәмші үйге келгенде ең болмаса екі тал конфет әкелмейді. Сенің мынау жомарттығың жөнсіз" деп ренжимін. Ал, Төкең бәрібір сол дағдысын ешқашан өзгерткен жоқ. "Талантты талант танидың деген міне, осындай болады екен.

— Сағыныштың құдіретіне Төлеген ағамыздың өлеңінен кейінгі тіпті ерекше бас қойдық. Сіз бұған не дейсіз?

— Менің байқағаным, шын сағына алатын ақын ғана тіршіліктің құнын анық таразылайды. Оның адамды сүю махаббатын түсіну үшін үлкен таным керек.

Төлеген әулетінде үш қыз бен бір ұл еді. Аға мен інінің қадірін ол кісіден артық сезінген ешкім жоқ шығар. Солай дегенде, жүрегінен сағыныштың жасы тамшылайтын. "Жалғыздық" деген өлеңінде ол күйдің бәрін кереметтей шертіп толғады ғой.

Менің бесінші сәбиге аяғымның ауыр кезі. Сонда Төкең: "Егер құрсағыңдағы нәреште ұл болса, мынау баспананы сатып, ұлан-асыр той жасаймын" деуші еді. Қаскелең жақта шағын ғана баспанамыз болды. Мен бұл сөзден кереметтей қорықтым. Өйткені, Төкен міндетті түрде айтқанын істемей қоймайды. Сондықтан "Ішімдегі бала қыз болса" екен деп тіледім. Ақын сағынышының шынайы құнын ұға алмаған екенмін ғой. Тағдыр деген сол. Төлегеннің кіндігінен тараған ұрпақ та тура өзі секілді бір ұл, қалғандары қыз болды.

– Ақын дүниеден озардың алдында қандай күйде еді?

– Ол өмірге ғашық көзбен қарайтын. Әр күнді үмітпен, арманмен қарсы алатын. Аз ғана бұрын Жазушылар одағына жұмыска алынатын болды. Бұл ұйғарым оны мүлдем қанаттандырды. Енді өзі туған Қарақалпақ жеріне барып, анасының қабіріне тәу етіп қайтуға жолға шықты. Төбемізден жай түскендей хал кештік. Не дейміз, бәрі Алланың ісі. Төлегенімізге де сол жақтан топырақ бұйырды. Ол небәрі орда бұзар 30-ға толмаған еді. Мұқағали ағасы інісінің қабіріне өз қолымен топырақ салды. Ал, ақын жырының халық мұрасына айнала беретініне мен ешқашан да шүбә келтірмеймін.

– Әңгіменізге рахмет, жеңге!

Салтанат ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ

ӘКЕ, СЕНІ САҒЫНДЫМ...

(Әкем Төлегеннің рухымен сырласу)

Мен сенің қаншалықты аз жасағаныңды, өміріңнің қаншалықты қысқа болғанын өзім отыздан асқаннан соң ғана біліп отырмын.

Сенің өмір сүрген жасың, өмірден өткен уағыңмен пара-пар екен. Мен бірақ сағаң қай кезде де баламын. Сені еске алғанда мен өзімді жас балаша сезінемін, өйткені сен өмірден кеткенде мен жеті ғана жаста едім. Алпыстағы ағаларды көргенде, қазір сен тірі болғанда, осы кісілердей болатыныңды көзіме елестете де алмаймын. Менің көз алдымда сен бұйра шашты, сұңғақ бойлы, әдемі калпынмен калдың. Ойлап

отырсам, отыз жылдың ішінде біздің үйде сен ешқашан өлмепсің. Қашан да үйге келген кісі сенің атымен келеді, сені естіп келеді, сондықтан мен үшін сен күнде тірісің.

Әжем Жібек, сенің анаң, мені бауырына басқандықтан болар, мен сені ерекше жақсы көрем. Әкесі жетелеген балаларды көргенде мен өте қызғанамын. Бірақ сен де мені өмірге рухани жетеледің. Сенің атыңа кір келмеу үшін мен де шамам келгенше тырыстым. Өмірде жасаған ағатықтарым болса, сен жіберген қателік болып қала ма деп қорықтым. Сен өзің өртенген сағынышқа мені орап кеткен секілдісің. Меңдегі сағыныш тек саған деген сағыныш қана.

Әлі есімде, бір күні сен жолсапарға жиналып, кішкентай балеткаңа керектеріңді салып, үйден бәрімізбен қоштасып, бетімізден сүйіп шығып кеттің. Ал мамам үй ақтап жатқан болатын да, мен оған әк құйған шелекшені көтеріп тұрғанмын. Бір кезде сен үйге бір нәрсесін ұмытқан адамдай жүгіріп кірдің. Мен сенің қайтып келіп қалғаныңа қатты қуанып кеттім Ал сен мамама: “Үрниса, қолың қышыса Дәуреніңді ұр, ал менің қызыма тиіспе”, — дедің. Мамам болса: “Ұзақ жолға кетіп бара жатып неге кері қайтасың, жолың болмайды... Қайтып келгендегі айтайын дегенің осы ма?” — деп ұрсып жатыр. Ал мен болсам ішімнен “мамам неге тыңдап алмайды екен?” деп ойлаймын.

Қазір қарасам, баланың үлкені болғандықтан ба, өзің қатты жақсы көргендіктен бе, ол сенің маған, перзентіне деген сезімің екен ғой.

Сен менің айтқан әр сөзімді қызықтап отыратынсың, ол кезде сен келген адамға мен айтқан сөздерді қайтадан айтқызып беріп отыратынсың. Баласын қызықтап отыру әр ата-анаға тән қасиет екен ғой. Оныңды қазір өзім ана болғанда ғана түсіндім.

Біздің үйде “Рекорд” деген кішкене телевизор болатын. Ол укақытта телевизорға біреудің қолы жетіп, біреудің қолы жетпей жатқан шақ болуы керек, біз тұрған жерде бір-екі-ақ үйде ғана болатын. Сондықтанда біздің үйге кинотетрлардың кешкі сеансына келген адамдар сиякты көршілер жиналатын. Әрине, түк түсінбесем де, үйдің еркесі болғандықтан ең алдыңғы сыйлы орын менікі. Барлығының назары теледидарда,

сонда мен одан сөйлеп жатқан адам бізді де көріп, естіп отыр деп ойлайтынмын. Диктордың сәлеміне, әр сөзіне жауап беріп отыратынмын. Бір күні мен: "Папа, бізге телевизор кино, ал біз телевизорға киномыз, ә", — деп едім, сен сөйлеуге шаманң келмей, әбден күлдің, жиналған жұрт та күліп жатыр. Папамның, елдің неге күліп жатқан мен түсінбеймін Бірақ айтқан сөзім өзіме дұрыс сияқты.

Сол кездері есіме алғанда, өзіміз ғана отбасымызбен отырғанымыз көзіме елестей бермейді, өйткені біздің үйде әр күн қонақ болатын. Кей адамдар, мысалы, Тоқаш-аға Бердияров, Шәмші-аға Қалдаяқовтар айлап жататын да, біздің үйдің мүшесі сияқты болатын. Ол сенің жүрегіңдегі адамға, талантқа деген үлкен махаббат екен ғой.

Қонақ келген сайын сен домбырамен ән салатынсың. Көбіне Ғарифолла Құрманғалиевтің мақамымен адуынды әндерді орындайтынсың. Ара-арасында мені шақырасың. Ал мен қандай ойынның қызығына түсіп жатпайын, сенің "Салтан" деген даусыңды ести салысымен жүгіріп келіп, қонақ үйге кіре, екі қолымды жаныма түсіріп, түзу тұра қалып:

"Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы...",

деп, "Менің Қазақстанымды" жұлқынып айтып шығатынмын да, біткен кезімде әртістер құсап басымды изеп, жүгіріп қайтып ойныма кірісіп кететінмін. Ал сен екінші рет шақырсаң, сол әдеппен келе сап:

"Көзіңнен бір ұшқын,
Ұшты ма білмедім",-

деп өз борышымды орындап тұратынмын. Бар-жоғы менің "репертуарымда" сол екі ғана ән болатын.

Кейде өзінің әнші, домбырашыларды үйге алып келіп тындайтынсың, солардың бірі — Шәміл-аға Әбілтаев болатын.

Қай ауылда тұрсаң да, сол жерге концерт қоюға келген әріптестер ылғи кешке біздің үйде қонақта болатын. Сондай әртістердің өнерін жиі қызықтайтынбыз. Бірде бір сиқыршы аға қалпағына жұмыртқа қуырып көрсетті. Әлгі кісі маған бір керемет болып көрінді. Сол керемет сиқыршы аға кешке біздің үйге қонаққа келмесі бар ма? Мен сол кісіні ары да, бері де жағалаймын, іздеп жүргенім

оның сиқырлы қалпағы, бірақ ары қарап, бері қарап таба алмадым. Ойым сол кісі құсап жұмыртқа қуыру. Сен менің не іздеп жүргенімді бірден түсіне қойдың. Сөйттің де сиқыршы ағаға: "Сенің бағанағы цилиндр қалпағың қайда? Менің қызым сені боска жағалап жүрген жоқ. Соны Салтанға сыйлап кетші", – деді. Ал сиқыршы аға: "Жарайды, таңертең тастап кетем", – деді. Түнімен ұйқым келмей, таңды асыға күттім. Бірақ қырсыққанда ұйықтап қалыппын да, әлгі аға кетіп қалыпты. Тұра салып сенен сиқырлы шляпаны сұраймын. Ал сен кінәні өзіме артып, "көп ұйықтамау керек еді", – дейсің.

Тағы да сен маған көбіне стол басында бірдеңе жазып отырған қалпыңмен елестейсің. Сен жазу жазғанда үйдің іші темекінің көк түтіні болатын. Мамама: "Балаларыңның бәрін алып далаға кет", – деп жұмысқа кірісесің. Сонда өзімнің еркелігіме салып жыласам да, мойныңа асылсам да, әйтеуір сенің қасыңда қайтсем де қалып кетуді ойлайтынмын. Көбінесе қасыңда қалдырасың. Сол сәт маған үлкен бір бақыт болатын.

Сен жазу жазасың, мен қасыңда отырамын. Менің қолыма да қалам, қағаз беріп қоясың. Ал өзің маған белгісіз әріптермен тез-тез бірнеше қатар жазып-жазып жібересің де, қаламыңды шүйде жағына тақап біраз ойланып тұрасың, біраздан кейін ара-арасынан бір-екі жолды сызып-сызып жібересің; мен де сенен қалыспай таяқшаларды қатар-қатар сала беремін де, сен ұқсап ойланып тұрып мен де арасынан бір-екі жолды сызып тастаймын. Сен маған қарап күліп қоясың, мен бір үлкен іс тындырғандай болып отырамын. Сенің ол кезде өлең жазып отырғаныңды мен түсіне де бермеймін. Мен жазу деген осы екен деп ойлайтынмын. Сондықтан да болар маған мектепке бармай жатып-ақ бес, алты жасымда әріптер мен санарды үйретіп қойдың.

Бірде, сөйтіп, сені жағалап, айналшықтап қалып кеткен күні терезенің алдынан үйге қарай біреу өтіп кетті де, сен жан ұшыра есікке жүгірдің. (Ол кезде біздің үйдің есігі ешқашан жабылмайтын.) Келген ағаны құшақтап жыладың. Мен саған қарап аң-таңмын. Өйткені іштей "папам да жылайды екен-ау" деп ойлаймын. Сондағы келген аға Мұхтар Шаханов екен. Жыр сүйер қауым жатқа

оқитын "Сағыныш" деген өленіңді де жаздырған сенің сол Мұхтар ағаға деген үлкен ықыласың екен ғой.

Сен менің мектепке барарымды асыға күттің "Мен Салтанды мектепке өзім ертіп барамын. Бірге сабағында отырамын, өңкей лақтардың ішінде өгіз сияқты боламын ғой", – деп мамама күлуші едің. Бірақ ол арманың да орындалған жоқ. Мен мектепке барардан үш күн бұрын о дүниелік болып кете бардың. Мамам да мені ертіп бара алмады. Өйткені ол кезде Дәуренді ертіп Қарақалпақстанға сені жерлеуге кеткен болатын. Содан, мен бірінші класқа қолымда гүлімде жоқ, жасы менен үлкендеу бесінші класта оқитын көрші қызға ілесіп бардым.

Содан бір жарым ай бұрын Қарақалпақстанда қалып жеткен күнің, мен сені соңғы көруім екенін білмеппін ғой. Бірақ сол мезет менің көз алдымда қазірге дейін сурет сияқты сақталып қалды... Сен жолсапардан кездесуге өз туған жеріңе баруың керек болды да, басқа ақын-жазушылардан бұрынырақ бізді, отбасынды, ертіп еліне ертерек кеттің. Ай бойы бәріміз туған-туыскандардың қасында әбден аунап-қуандық. Бір күні нағашы әжем мен атамның қолында қалған Хұсни, Хорлан ауырып қалды деген хабар келгендіктен, біз үйге қайтатын болдық та, сен астанадан кездесуге келетін ақын-жазушыларды күтіп, сол кісілермен бірге болып, соңымыздан мен мектепке барғанға дейін келетін болғансың. Азырақ наукастанып жүргендіктен болуың керек, сен бізбен темір жол станциясының жанында тұратын Оразғали деген жиен ағамыздың үйінде қоштастың. Мамам, Дәурен және шығарып салуға шыққан бір топ адам бәріміз жаяу станцияға қарай беттедік. Сен дарбазаға сүйеніп, қол бұлғап тұрдың. Мен артымда қайта-қайта қараймын, сені қимаймын, мамамдардан да қалуға болмайды, сөйтіп, біраз жер жүргенде сен "Салтан" деп дауыстадың. Мен ізімше саған қарай жүгірдім. Сен мені құшақтап жібермей, әбден иіскелеп, сүйдің. Мамамдар алыстап бара жатқандықтан сенің құшағыңнан бұлқынып шығып жүгіріп кеттім. Бірақ неге сонша асығып кеттім екен деп әлі күнге қиналамын. Егер қалып кеткенімде сені өлімнен арашалап қалатындай боламын да тұрамын.

Алғашқы кезде мен сенсіз ұйықтай да алмайтынмын.

Өйткені сен маған ұйықтар алдында әртүрлі ертегілер айтатынсың. Менің ең жақсы көретін ертегім "Тырна мен түлкі" болатын. Әр жаңа ертегінің соңында сен маған өлеңнің қайырмасы секілді сол ертекті қайталап айтатынсың. Есейе келе мамама: "Папам сондай ертек көп білуші еді ғой", дегенімде, мама: "Ой ол сені таңқалдыру үшін өзі ойынан шығарып айта беретін", — дейтін.

Сен қайтқан кезде біз ешнәрсені түсіне қоймадық, өйткені алды менің өзім — 7 ғана жастамын, Махаббат бесте, Дәурен үште, ал Хұсни, Хорлан болса сегіз-ақ айлық болатын. Ес білетіндеріміз мамамнан: "Папам қашан келеді?" — деп сұрасақ, мамам: "Папаларың алыста қалды ғой жақында пойызбен келеді." — дейтін. Сонда мен бұл не деген ұзақ жүретін пойыз деп ойлайтын едім. Ол кезде үйге келген кісі есіктен дауыстап кіретін. Мамама: "Біздің үйге келген адам неге жылап келеді?" — деп сұрағанда, мамам: "Келгендердің барлығы сенің папаңды сағынып қалды, сондықтан жылайды" — дейтін. Ал үш жарым жасар Дәурен өзіңді сағынғаннан болуы керек, басына сенің шляпаңды, жеңін түргізіп костюмыңды киіп, қолына сенің папкаңды ұстап алып, маған "папам келді" деп алдымнан қуанып жүгіріп шық, деп ойнайтын. Көбінесе мен оның айтқанын істегім келмей, алдынан жүгірмеймін. Ал ол жерге жата қалып жылайтын. Жылауы қатты Дәуренді тоқтату қиын болғандықтан мамам, әжем, үйдегі үлкендердің бәрі маған айтқанын орындай қойшы деп жалынатын, сөйтіп "папам келді" деп жүгіріп шыға қойсам, кәдімгідей сенің жүрісіңді салып, сен болып қоқырайып, арқамнан қағып-қағып қоятын.

Ал сенің бұл өмірде жоқ екеніңді бірінші рет білгенім, бірде мамам дүкенге нанға жұмсады. Мен тор сетканы қолыма ұстап, Мир мен Сәтпаев көшесінің қиылысындағы екі қабатты сары үйдің бұрышындағы дүкенге бардым. Дүкеншіге: "Нан беріңізші", — деп едім, ол кісі: "Сенің папаң ауру емес еді ғой, қалай тез өліп қалды?" — дегені. Онсыз да күмәнданып жүрген маған бұл сөз қатты тиді. Нанды алған жоқпын. Неге екенін білмеймін, тор сетканы басыма киіп алып, жеткенше жылап келдім. Үйге кіргенде мамам: "Сетканы басыңа киіп алғаның не, нан қайда?" — деп, торды жоғары көтеріп қалып, жылаған көзімді көріп қойды да, неге жылағанымды сезіп қойған болуы керек,

мені құшақтап алып, өзі де жылап жіберді. Менде ешнәрсе деуге шама жоқ. "Мама, дүкеншінің айтқаны рас па?" – деп сұрайын десем, мамам "иә" деп қоя ма деп қорқамын. Содан мамам екеуміз ұзақ жыладық. Сол күннен бастап мен мамама: "Папам қашан келеді?" – деген сұрақты қоймайтын да болдым, өйткені қорқатыным – мамамның жауабы. Көңілім босаса, мамама көрсетпей жылайтынмын немесе әр нәрсе деп сылтауратататынмын. Өйткені менің сені сағынып жылағанымды көрсе, мамам қаттырақ жылайтынын бала болсам да білетінмін. Сол кезден мен үшін қиыншылығы мол өмір басталды. Олай дейтін себебім, анам қалай да бізді жылатпаймын деп тамағымды тоқ, киімімізді бүтін еткенімен, орта көңілді ешнәрсемен толтыру мүмкін емес екен ғой. Өзіңнің:

"Сағынған көздің моншағы,
Шашылып жатыр төсекте"–

дегеніндей, сені сағынған "көзімнің моншағы" қаншама рет шашылғанын да айтып та, жазып та жеткізе алмаймын. Мен сенімен ешқашан қоштасқым келмейді, тек саған айтарым, Мұхтар аға айтқандай:

"...Бейнеңе сенің қаншама досын сағынышымен гүл егер,
Сағындым сені, егерде қазір қабірде жатсаң түрегел!"

Салтанат Төлегенқызы Айбергенова,
филология ғылымдарының кандидаты

ҚЫЗАРЫП МӘҢГІ ҚАЛСЫН ДЕП ҚЫРЫНАН ГҮЛ ҮЗБЕГЕН

Ақын жүрегі адами парасаттың үлкен мінберінен үн қатқандай

Ақындар ішінде туған ел, атамекен, туған халқына деген шексіз сүйіспеншілігін, шалқар махаббатын шабыттана жырламағаны кемде-кем болар. Әрбір ақын алдымен өзінің туған жерінен нәр алады, сол жердің суын ішіп, бойына сол жердің қасиетін сіңіреді; алғашқы жүрекжарды өленderін де сол өңірге арнайды.

Ал, өзіне ардақты да қасиетті мекенді, үйреншікті өмірді, қуанышы мен қайғысына куә болған сол ортаны, жерді, суды, қыраты мен белді, барлығын да артқа тастап шығып кету қандай қиын.

Осындай сәтті басынан кешіру Төлеген Айбергенов үлесіне де тиді. Ата бабасының мекені бұрын Қазақстан болса да, тағдырдың салғанына қарай, ол Қарақалпақстан өңірінде дүниеге келді. Бірақ бұл жер де ақынға өте қымбат. Өйткені, ақынның кіндік қаны тамған, өскен жері, әке-шешесі жер ауа көшкенде құшағын кең ашып, пана болып, тұрақ болған мекен. Ақын жүрек екеуін бөле-жара алмайды. Сондықтан да:

Алда қазақ даласы,
Ару қызын гүл басқан,
Артта арал жағасы
Әмуменен сырласқан —

дейді. Ал ақын жүрегі болса тілім-тілім, тарам-тарам. Ақын өзі сүйген елмен, жермен қоштасып бара жатыр. Алда атамекен қалай қарсы алады? Дарындылары да, таланттылары да өзіне жеткілікті Қазақстан оны керек қыла ма, жоқ па, ол жағы белгісіз?! Көкірегінде қауіп те, қорқыныш та, намыс та, қуаныш та бар. Не болса да өмір мен өнердің қиыншылығын еңсесімен көтеруге иығына ауыр жүк артып, "Өленнің қызын ұзатуға" басын жырдың құрбаны етіп, "Қимастық отынан теңселіп кетіп" бара жатыр.

Сенімге мені бөлеген,
Жандардың мынау алдында,
Қадірмен дос ең, о, өлең,
Ұятқа мені қалдырма —

деп өмірінің серігі болған өленге сеніп кетіп бара жатыр.

Бірақ көкірегінде болашшаққа деген үлкен үміт пен сенім де бар. Сондықтан да ақын:

Жолдар, жолдар мені алыс апарыңдар,
Апарыңдар ұзаққа сапарым бар.
Қаламдаймын мен әлі ұшталмаған,
Өткізіңдер жолдардан күс қонбаған,
Сын тақпасын дос түгіл дұшпан маған,

дейді. Бұл ақынның мақсат-мұраты, мән-мағынасы. Әрине мұндағы "Жолдар" тіке ұғымдағы жолдар емес, жеңістерінен жеңілістері басым, қуанышынан қиындықтары басым өмірдің сан тарау тарамдары. Мұны да ақын алдын-ала біліп:

Алысым бар жетпеген, парызым бар,
Қарызым бар жетпеген, парызым бар.
Кел, қиындық, менімен алысыңдар! —

деп тағдырдың салғанына қасқайып қарап тұрып,

Абзал жар, ару ақ залдар,
Ақ залдар аппақ вокзалдар,
Тілеулес жерге аттандым,
Тілеңдер маған ақ жолдар,

дейді.

Аттанып бара жатып екі елдің де амандығын, тұтастығын, татулығын армандайды. Қалай да екі елін де ұятқа қалдырмау үшін:

Жауыңды кескілермін де,
Қас етпен ешкімді ешкіммен.
Бағың боп естілермін де,
Сорың боп естілмеспін мен, —

деп азаматтық үлкен мінбеден тіл қатады, ағынан жарылады. Ақынның жалынды сезімі өленді оқып отырған адамды бей-жай қалдырмайды. Ол екі елдің де бағы болды да, соры болған жоқ.

Филология ғылымдарының докторы Әзиза Нұрмаханова өзінің Төлеген Айбергенов туралы естелігінде де осы жайында былай деді: "Төлеген Қазақстанға кетуге белін мықтап байлаған екен... Қимастық білдіріп, кетпеуін өтіндім. Мен бұл кезде Қарақалпақ Республикасының Оқу министрі болып қызмет атқаратынмын. Төлеген туралы, оның қызметі мен шығармашылығына мүмкіндік туғызу жөнінде біраз ойларым бартын. Күні бүгінге дейін есімде: — Төлеген кіндік қанын тамған жерінді, кіршіксіз мөлдір жырларына арқау болған Аралды, Әмуды, Қарауымбетті, құрбы-құрдастарынды, Мойнақ пен Қоңыраттың ақ жарқын адамдарын қалай қиып тастап кетесің?, — дедім. Ақын үндемей отырды да, терең бір күрсінді. "Шынында да өзі туған өлкеде небір қаймағы

бұзылмаған, төкпе өленделері ел аузында болатын". Расында да осындай қимастық сезімі, қалай болған күнде де атамекеніне барып, табан тіреу арманымен арпалысқа түскен болуы керек. Сондықтан да ақын "Атамекен" деген өленінде:

Түп-түгел құбыламды түстік етіп,
Туған жер, мен сен алған құс түлетіп,
Дүние-ай, қандай жақсы ед табаныңа
Тұрғаны өз топырағыңнан ыстық өтіп,

деп шабыттанады. Алдағы өмірде Қазақстан нық тұрағы боларына сөзсіз сенеді, өз махаббатын қалай ұқтырарын білмей:

Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте
Көленкем түспесін деп тік тұрамын,

дейді.

Бөтен жерде, бөтен елде дүниеге келгендіктен де болар Төлеген Айбергенов жырларында ең өнімді жырланған тақырып — туған жер. Елі туралы жырлағанда ақынның көкірегі мақтанышқа, сол мақтаныш арқылы қуанышқа, сезімнің сан түрлі арпалысына, бірде сап-сары сағынышқа толы.

Атамекен Қазақстанға жеткендігі ақынның шексіз қуанышы мен сезім селі өлшеусіз.

Мен сенің бүгін қойныңа жеттім сабылып ұшып,
туған жер,
Сарғайып ұшып, жүректі тоқсан пәршалап.
Қайғырған жоқпын бараткан қалып малға да,
тіпті басқаға,
Гүл шығады ғой таска да.
Тауға да керек астана, —
Таска да керек астана, —

деп өз ұлтының панасы, астанасы болған Алматыға барып тұрақтануды, тіпті болмаса Қазақстан жеріне табаны тиіп тұруын аңсайды.

Ал ақынның атамекеніне, ата-бабасының, кіндік қаны тамған жерге деген махаббаты оттай ыстық, даладай шексіз, қалтқысыз таза.

Құстарың мәңгі ән салсын деп,
Жат қолға ілгізбедім мен.
Қызарып мәңгі қалсын деп
Қырыңнан гүл де үзбедім мен, —

деген шумақты оқи отырып, еріксіз тамағыңызға өксік тығылып, көзіңізге еріксіз жас үйіріледі. Бұл қуаныш кернеген сезімнен бе, жоқ әлде дәрменсіздіктен бе, ол жағы өзіңізге де түсініксіз.. Ары қарай ақынның "көлді де кешпегенін, тұнығын лайлармын" деп, мәңгілік сая қалсын деп шыр-пыры шығып жүргені көзіңізге елестейді. Қазіргі кезде жерді сатып ата бабадан қалған мол қазынаны талан таражға салып жатқан әбестіктерге қарсы тұрған зиялылардың ақын көңілімен үндес екенін сезінесіз. Сол жандарға іштей риза болып, олардың туған елін, жерін шын сүйетін азаматтар екенін сезесіз, қалтқысыз сенесіз. Сондай азаматтар атынан ақын үлкен мінбеден былай үн қатып тұрғандай болады:

Өмірде ұзақ жасауың үшін болғанымменен қайғың қас,
Туған жер, сен деп қайғыра алмасам
тағдыр да мені бай қылмас.

Өтеген ОРАЛБАЕВ, ақын

ЖЫР ЖҮРЕГІНІҢ ЖАПЫРАҒЫ

Кейде қызық. Өмірде қажеттіліктен гөрі де кездейсоқтық жиі болады деп айтатын бір мұғалім досымның пікіріне қазір оң қолымды көтеремін. Бұл да бір кездейсоқ кездесуден соң туған әсер еді. Ойменен оңаша қалған сәттерде осындай жағдайлар жадыңнан кетпей, бір бүйіріңді бүлкілдетеді де жатады екен.

Өткен жылдың жапырақ жауған күз күндерінің бірітін. Қоңыр күз әуені бар жүректі билеген шақ. Күздің бір ерекшелігі – бұл кезде адам ойын-сауықтан гөрі ойға бейім тұрады. Мұның, тіпті мамандық таңдар жері де жоқ секілді. Күз – қарбалас кез, шаруаның айы.

Ал журналистер қауымы үшін бұл уақыттың өз мазасыз тірлігі, қым-қуыт, қауырт науқаны бар. Сондай шақ болатын. Баспасөзге жазылу науқаны қызу жүріп жатқан кезде тележурналист әріптестеріміз "кіші" экран арқылы көрермендермен сұхбаттасуға шақырды. Жаңалық десе еленделп тұратын әдет бар, қуанып қалдық. Оның үстіне телеэкран арқылы көркінді көрсету тіпті де қызық секілді. Айтылған уақытта телестудия жиналып, ойларымызды ортаға салдық та,

әңгіме пісті-ау дегенде бізді сұңғақ бойлы, қара торы, нәзік те ұяң қарындасымыз келіп, студияға шақырды.

Бір жерде көрген адамым секілді. Қапылыста есіме түсіре алмадым. Оның үстіне әлгінде дайындық кезінде бір-бірімізді ауыздан қағып, қызушылық танытқанмен, қаптаған (бізге, көбімізге беймәлім) аппараттарды көргенде, кәдімгідей-ақ "жынымыз" басылып, байсалды болып қалған едік. Әлгі қарындас та құлағына құлағдар киіп, титр тақтасының жанына келіп тұрды.

Көп кешікпей жарқ етіп жұртшылықтың алдына шыға келейік. Әркім өзіне лайықты рөлін өз әл қадірінше орындап шықты. Мандайдың тері өтелді деген маркайған мамыржай көңілмен манағы кабинетке қайта оралдық.

Адамның кейбір кездері-ай осы. Бір істі бастарда қобалжып, кейде қорқып, тіпті кейде осы қолдан келмейді-ау деп түңілетін сәттерің де болады. Бірақ, сол бекеттен аман-есен, абыройлы өткен соң ол әншейін, жай ғана нәрсе көрініп, түу тәйірі осыны да сын деп, әлдеқандай болып қаламыз. Жүзімізге қан жүгіріп, даурығып-ақ жатырмыз. Тележурналист ағайындардың көңілді жүздерін көріп, демек тәуір деген баға алған екенбіз деп көсіліп-ақ жаттық. Манағы қарындас та әрқайсысымызға келіп, адрестерімізді белгілетіп жатыр.

— Аға, мына бір жеріне қол қойып жіберіңіз, — деді ол өзіне жарасқан ұяң үнмен.

— Айналайын, айыпқа бұйырма, сені бір жерден көрген сияқтымын, бірақ есіме түсіре алмай отырмын, — дедім қағазыма қол қойып жатып. Ол үндемеді. Сәл тұрды да: "Бұрын көрмеген шығарсыз, мені жұрт әкесінен аумай қалған дейді. Мүмкін, папамның суретіне ұқсатып тұрған боларсыз?", — деді сосын ақырын ғана.

— Папаң кім?

— Төлеген Айбергенов.

Оның даусынан мақтаныш лебін байқадым, бірақ ол мақтаныштың артында, оның дауысында бір діріл бар еді. Ол — сағыныш толқыны болатын.

— Махаббат деген қарындасым сен екенсің ғой, — дедім сәл абыржи сөйлеп, байқаусызда оның жанды жеріне тиер сұрақ қойғанымды жуып-шайған үнмен. Ол жай ғана басын изеді де, келесі адамға қарай өтті.

Жігіттер хабар туралы ойларын ортаға салып, қызу талқылап жатты. Күмбірлеп қоңыр домбыра сөйледі.

Бір сәт жыр оқу кезегі басталды. Сол көңілді кешке лайық жырлар тасқындап төгіліп жатты.

Мен ой үстінде едім. Бұдан бірнеше жыл бұрын бір ұстазым айтқан мына бір оқиға есіме қайта-қайта түсе берді. Қадірлі ұстаз оны бізге қынжыла айтқан.

...Профессордың алдына келіп отырған абитуриент жауап береде жаутаңдап жерге қарай береді. Демек, билет сұрақтарын білмей отыр. Осынау қас-қағым сәт екеуі үшін де жауапты еді; егер дұрыс жауап бере алмаса жігіт кінәлі, егер дұрыс бағалай алмаса, ұстаз кінәлі. Ой үстінде отырған оқытушы "амал жоқ" дегендей қабағын шытып, қолын алдында жатқан қағазға қарай созады. Сол сәт қағазға қараған пайымды ұстаз, абитуриенттің жүзіне жалт қарайды.

– Сен белгілі ақын пәленшенің кімі боласың? – дейді сосын назарын тіктеп.

– Ұлымын.

Ұстаз солай ма дегендей қасын кере сәл ойланады да, "жарайды, жауап бере алмадың. Бірақ, ондай ақынның баласын қалай құлатып жіберем. Сен былай істе, – дейді, – әкеңнің бір мықты өлеңін жатқа оқып берші".

Абитуриенттің басы партадан көтерілмейді. Біршама үнсіздіктен кейін, " папамның өлеңдерін оқымаушы едім", – дейді әзер сөйлеп. Ашуын ақылға жеңдірген ұстаз "ақымақ екенсің" деп ақырады да, сәл отырып барып, балаға бәрі-бір бес қойып жібереді. Ертеңіне әлгі ақын ағайды іздеп келіп, "ұлыма менің ақын екенімді мойындатқаныңыз үшін өмір бойы ризамын" деп тебірене алғыс айтады.

Осы ой келген соң, тағы да Махаббатқа қарадым. Төлеген марқұм бір өлеңінде:

Мен жерге түскен жалғыз дән,
Жапырақтардан сөйлеген, – деп жазған еді.

Ақын айтқан сол жапырақ жыр тыңдап, біздің жанымызда отыр еді.

Өз ойымды ірке алмадым. Сөз сұрап, біздің ортамызда атақты ақын Төлеген Айбергеновтің қызы Махаббат отырғанын, егер айып болмаса одан әкесінің бір өлеңін оқып беруін өтіндім. Жұрт тып-тыныш бола қалды.

Сәлден кейін сәл дірілдеген ұяң дауыспен Махаббат өлең оқып тұрды:

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын...
Бірақ,... бірақ
ешкімді де билетпей қайтармаймын.

Оның дауысының дірілі көбейіп, өленінің соңында ол жылап тұрды. Бірақ осынау қуатты да қарапайым өленді ақырына дейін оқып шықты.

Арада үнсіздік орнады. Біреулер бекер болды дегендей сынай танытып, маған кінәлай қарады. Мен оларға Махаббат бақыттан жылады деп айтайын деп айта алмадым. Ақталғандай болмайын дедім. Мүмкін, ол папасын сағынған шығар, бірақ, ақынның перзенті сол күні әке жырының адамдар жүрегінде жапырақ жайғанын тағы да бір көрген еді. Бақыт деген осы!

Рахмет АЯПБЕРГЕНҰЛЫ
филология ғылымдарының кандидаты

РУХЫ– ЖЫР, ҚАРА СӨЗ –ҚҰДІРЕТІ
немесе ақын прозасы туралы кейбір ойлар

Қалың жұрт, жырсүйер қауым Төлеген Айбергеновты ең алдымен арналы да ойлы, адуын да асқақ, терең де теңіздей тебіренген ақын ретінде таниды, құрметтейді, сүйеді. Бұл – әрине заңды нәрсе. Өйткені, Төлеген көп ғасырлық тарихы бар қазақ поэзиясы атты Жыр мұхитына өзгеше екпінмен құйған мөлдір де асау дариялардың бірі ғана емес – бірегейі еді. Амал не?! Өнердің бағын жандырған, өленнің мерейін аспандатқан ақын ғұмыры өте қысқа болды. Алайда, оның қаламынан туған бар-жоғы 1 томдық кітапқа еркін сыйып кетерлік жырлары – әдебиет үшін маңызын мәңгі жоймайтын мәнді шығармалар боп қалды. Сондықтан Төлеген жырлары туралы ойлар, пікірлер, талдаулар баспасөз бетінде осы күнгеше жиі жарияланып келуде. Бұл нәрсе – біріншіден Төлеген жырларына деген халық махаббатын білдірсе, екінші жағынан ақын шығармаларының жылдар өткен сайын жаңа қырлары ашыла беретін асыл дүние екендігін көрсетеді. Сонымен бірге Төлеген Айбергенов қаламынан әр жылдары туған біраз прозалық туындылар бар. Сан жағынан аз

болмағанмен сапа жағынан мықты – көркемдік қуаты мол бұл шығармалар арнайы назар аударып, зерттеуге тұрарлық. Төлегеннің қара сөзбен жазған шығармалары жайлы Орысбай Әбділдаевтың "Өлеңнің қызын ұзатқанң ("Лениншіл жас", 14 июнь, 1988 жыл) деген мақаласы мен Мылтықбай Ерімбетовтың "Аманат" атты ("Қазақстанң баспасы, Алматы, 1991 жыл) кітабында кішкене ғана айтылып өткенін есептемесек, ақын шығармашылығының бұл саладағы еңбегі – өз зерттеушісін күтіп жатқан тың дүние. Біз осы мақаламыз арқылы сол олқылықтың орнын толтыруға деген алғашқы қадам ғана жасап отырмыз.

Төлегеннің сын мақалаларын оқып отырып, оның қырағы да қатал сыншы екенін, очеркін оқып отырып, шебер журналист екеніне, әңгімесін оқып отырып зергер жазушы екеніне көз жеткізуге болады.

Төлегеннің "Қоңыр күз еді" атты мақаласы сол кезде әдебиет әлемінде енді ғана көрініп келе жатқан жас жазушы Қалихан Ысқақовтың 1962-жылы "Жұлдыз" журналының 8-санында жарық көрген "Қоңыр күз еді" деген повесті туралы жазылған. "Қызыл ту" газетінде жарияланған бұл сын мақалада Төлеген аталмыш шығарманың жетістігін де, ойының жүйріктігін, прозалық шығарманың табиғатын терең танитындығын байқата алған. Сыншы сөздерінен мысалдар келтіріп көрейік: "Қасымның Шалым" деп атайтын әкесінің ағасы Ыбырайдай нанымды ерекшелік қандай нанымды. Нағыз қазақ, шектен асқан ақкөңіл, түбі түскен аңқылдақ.

Қалихан тілге шебер. Айтайын деген пікірін бүкпесіз айтып, болар-болмас бір-екі штрихпен адам портретін көз алдыңа әкеле қояды да, онан геройдың ішкі дүниесі де көрініп жатады". Бұл – повестің Төлеген байқаған жетістігі. Бұнда повесть авторының стиль ерекшелігі де әйбергенов назарынан тыс қалмайды. Қалиханның қысқа штрихтардан шебер пайдаланатындығын Төлеген оның стиліне қатысты айтып отыр. Сонымен бірге аталмыш повесті терең ашылмай қалған адам образын да Төлеген әділ сынайды.

Қалихан Ысқақовтың дәл осы повестіне белгілі сыншы-ғалым З. Қабдоловпен бір жылда пікір білдіруі – Төлегеннің сол кездің өзінде-ақ әдебиетті терең түсінген зерделі қаламгер екендігін танытса керек.

Т. Айбергеновтың "Өрнекті өлең – өрісті" ("Жұлдыз" журналы, ғ 10, 1967, 147-149 беттер.) атты мақаласы 60-жылдардағы қазақ поэзисының атмосферасына көз жібере отырып, қазақ жырының өткенін шола келе оның болашағы жайлы ой толғайды.

"Поэзия – адам көкірегінің ең алыс түкпірлеріне дейін шымырлап-жаңғырып, шулап-буырқанып жететін ең сұлу жан сыры, тұтас бір халықтың басынан кешірген рухани өмірінің көркем тарихы. Адамның сол ішкі жан-дүниесінің шынайы адал сыры жайлы бүкпесіз ақтарыла сөйлегендіктен де нағыз поэзияның ғұмыры шексіз". Мақала осындай терең мәнді философиялық ойлармен басталып әрі қарай оқырманмен ақын арасындағы байланыстар жөнінде, оқушы қауымның талап-тірегі мен талғамы жайлы орынды пікірлер айтылады. Сәкен мен Ілиястың өлеңдеріндегі сыңғырлаған музыкалы сөз туралы. Абайдың аудармашылық шеберлігі туралы өте дәлелді пікірлер келтіріп өтеді

Әрепбай ХАЛМҰРАТОВ, балалар ақыны

БЕРДАҚТЫҢ СҮЙГЕН ӨЛКЕСІ...
немесе Айбергенов поэзиясындағы туған жер тақырыбы

Қазіргі қазақ поэзиясының дүлділ ақыны, керемет күшті лиригі Төлеген Айбергеновтың шығармаларына назар салсақ, оның тума дарын, ұшқыр ойлы, ешкімге ұқсамайтын өзгеше ақын, туған жерін жалықпай жырға қосқан алып жүректі жан екендігін байқайсың. Оған ғалым Бақыт Кәрібаеваның мына бір сөзі айқын дәлел болады. "Төлеген іздері қазір қазақ поэзиясында тіпті көп. Өзінің поэзияға тән құштарлығымен, еріп кететін сезім жомарттығымен ақын біткенді маңайына магнитше үйірді. Ол өлеңнің қара дауылын тұрғызып, поэзия теңізін шайқады. Оның асқақ та өршіл рухы лирика айдынында армансыз жүзді".

Төлеген Айбергеновтың өлеңдерін, жақұт жырларын құмарта оқымайтын оқырман жоқ шығар, сірә! Ал оның қаламынан небір алтынға бергісіз шығармалар жаралды. "Арман сапары" – 1963 ж., "Өмірге

саяхат"1965ж, "Мен саған ғашық едім" – 1970 ж., "Құмдағы мұнаралар" – 1968 ж., "Аманат" – 1975 ж., "Бір тойым бар" – 1981 ж. т.б. Сияқты жарық көрген дастандары мен толықтырылған шығармалар мен толықтырылмаған шығармалар жинағы оның нағыз дарын иесі екендігін бүкіл әлемге паш етті.

Сонымен қатар Төлеген Айбергенов – балалар ақыны да. Ақынның балбөбек бүлдіршіндерге арнап жазған "Бақшаға саяхат", орыс тіліндегі "Сад" өлеңдер жинақтары оны осы қырынан айқын көрсетіп тұр. Өз уақытында ақын "Құмдағы мұнаралар" өлең жыр жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері болды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Төлеген Айбергенов өзінің туылып-өскен күнсәулелі Қарақалпақстан өлкесін, оның еңбек сүйгіш, мейірімді мәрт халқын, әсем табиғатын, көл дария байлықтарын өз өлеңдеріне өшпестей арқау етіп, соған беріле, ынтыға жырлағандығын көреміз.

Ақын поэзиясындағы туған жер тақырыбына тоқталайық. Төлегеннің "Бір тойым бар" толық жинағын алып көріңіз. Жинақтың бірінші мұқабасын ашудан-ақ, туған жер туралы тебіренген жыр жолдарына көзіңіз түседі. Мәселен, оның "Кегейлі дәптерінен" деген өлеңінен үзінді келтірейік:

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаным толқып тұр менің,
Бердақтың сүйген өлкесі,
Әжнияз айтқан жыр ма едің?!
Қаһарман мынау халықтың,
Серті де сенің бетіңде,
Еңбекпен өскен алыптың,
Көркі де сенің бетіңде. (7-бетте).

Ақын Кегейлі арқылы бүкіл Қарақалпақстан өлкесін ұшқыр оймен, оның табиғатын өзгеше бір тілмен бере алған. Қарақалпақ халқының қос ұлы Бердақ пен Әжниязды тілге тиек ете отырып, сол арқылы терең мағыналы ұғымды беріп отыр.

Өмірі қысқа, бірақ баршаға нұсқа ақын Төлеген Айбергенов өзінің туған жерінің бай екендігін, бұл өлкенің байлығы тұнып тұрғандығын жырға қосып, оның болашағынан үлкен үміт күтіп былай дейді:

саяхат"1965ж, "Мен саған ғашық едім" – 1970 ж., "Құмдағы мұнаралар" – 1968 ж., "Аманат" – 1975 ж., "Бір тойым бар" – 1981 ж. т.б. Сияқты жарық көрген дастандары мен толықтырылған шығармалар мен толықтырылмаған шығармалар жинағы оның нағыз дарын иесі екендігін бүкіл әлемге паш етті.

Сонымен қатар Төлеген Айбергенов – балалар ақыны да. Ақынның балбобек бүлдіршіндерге арнап жазған "Бақшаға саяхат", орыс тіліндегі "Сад" өлеңдер жинақтары оны осы қырынан айқын көрсетіп тұр. Оз уақытында ақын "Құмдағы мұнаралар" өлең жыр жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегері болды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Төлеген Айбергенов өзінің туылып-өскен күнсәулелі Қарақалпақстан өлкесін, оның еңбек сүйгіш, мейірімді мәрт халқын, әсем табиғатын, көл дария байлықтарын өз өлеңдеріне өшпестей арқау етіп, соған беріле, ынтыға жырлағандығын көреміз.

Ақын поэзиясындағы туған жер тақырыбына тоқталайық. Төлегеннің "Бір тойым бар" толық жинағын алып көріңіз. Жинақтың бірінші мұқабасын ашудан-ақ, туған жер туралы тебіренген жыр жолдарына көзіңіз түседі. Мәселен, оның "Кегейлі дәптерінен" деген өлеңінен үзінді келтірейік:

Кегейлім жердің еркесі,
Жас жаным толқып тұр менің,
Бердақтың сүйген өлкесі,
Әжнияз айтқан жыр ма едің?!
Қаһарман мынау халықтың,
Серті де сенің бетіңде,
Еңбекпен өскен алыптың,
Көркі де сенің бетіңде. (7-бетте).

Ақын Кегейлі арқылы бүкіл Қарақалпақстан өлкесін ұшқыр оймен, оның табиғатын өзгеше бір тілмен бере алған. Қарақалпақ халқының қос ұлы Бердақ пен Әжниязды тілге тиек ете отырып, сол арқылы терең мағыналы ұғымды беріп отыр.

Омірі қысқа, бірақ баршаға нұсқа ақын Төлеген Айбергенов өзінің туған жерінің бай екендігін, бұл өлкенің байлығы тұнып тұрғандығын жырға қосып, оның болашағынан үлкен үміт күтіп былай дейді:

Жанассаң жанда жаз қалар,
Жарқырай түскен жарықтар.
Қазылмай жатқан қазбалар,
Жазылмай жатқан тарихтар. (Бұл да сонда, 8 бет)

Осы бір ғана шумақта қанша мағына, қанша тапқырлық жатыр. Ол осы өлкені мекендейтін халық өкілдерінің қайсы бірімен сөйлессең де, көкірегіндегі ой-пікірін жасырмай айтатын, аңқылдақ, ашық көңіл жандар екендігін алдыңа жайып салады. Бұл өлкеде қаншама байлықтардың барлығын, жазылмай жатқан тарихтың барлығын баса айтады.

Ақынның айтқаны осы күнде дәл келіп отырған жоқ па?! Қол жеткен егемендігіміз арқасында өз жеріміздең шыққан газ, мұнай, түрлі минералдық тыңайтқыштар халқымыздың бүгінгі күндегі игілігіне айналуда.

Көңілге көктем кең кеуде,
Ағаймен пікір алыстым,
Жаз келбет жарқын жеңгейге,
Әзілімді айтып таныстым, —
(Бұл да сонда, 9 бет)

деп қарақалпақ халқының дос боламын деген адамға қашан да құшақ жая қарсы алатын кең пейілдігін айтса, жаз жайдары қызғалдақтай құлпырған сұлу жеңгейлердің әзілқой, тапқыр сөзді екендігін айтады.

Төлеген Айбергеновтың "Арал жырлары" атты өлеңдерінің бірінде мынадай да өлең қатарлары бар:

Шағалаң бейне төбеден,
Әуелеп ұшқан ақ парақ,
Аумағын толы көп өлең,
Айдының фотоаппарат, —

дейді. Расында да, қарақалпақ халқы сонау ерте замандардан-ақ балық аулап, теңіз жағалап, күн көрген. Сондықтан да олар Арал теңізі жағалауын мекен еткен. "аумағы" толы көп өлеңң, деп айналаң ақындарға, жыршы-жырауларға толы, Күнқожа, Бердақ, Әжнияз, Өтеш, Омар сынды аты әйгілі ақындардың бұл өлкеде өмір сүргендігін жырға қосып отыр. Осы классик ақындар Арал теңізінің аумағында өлеңнің туын тіккен болса, олардың ізін ала Аяпберген Мусаев, Тілеуберген Жұмамұратов, Ибрайым Юсупов олардың шығармашылық

жолдарын жалғастырды. Солар қарақалпақ халқын жер жүзіне танытқан табиғи дарын иелері, әне солар Арал аумағын өлең-жырға толтырғандар. Міне, ойшыл, нәзік жанды құдіретті лирик ақын осыларды алдын ала сезіп айтып отыр. Аты үрейлі, күні бүгінге дейін сыры белгісіз тылсым болып келген "Барса келмес" жері ақын назарынан тыс қалмаған. Ақын "Барса келместі" былайша суреттейді:

Сүйдім мен сені туған мекенім деп,
"Соры бар, сор топырақ шекерім боп, –

дейді.

Атынан адам баласы шошитын үрейлі жерді ақын атамекенім деп, тұзы бетіне шығып тұрған ащы да сор топырағын тәтті шекерім деп шекерге балап, жырлайды. Шынында да, осы күні сол тозақ өнір – "Барса келмес" бейішке айналып, онда небір алып ғимараттар бой көтеріп, жылдан-жылға өндіріс ошағы боп барады. Төлеген Айбергеновтың ойшыл әрі сершіл жүрегі әлде қашан-ақ білген еді. Ақынның терең ойлы сершілдігі осыдан-ақ байқалып тұрған жоқ па?!

Ақын Төлеген Айбергенов қайда жүрсе де туған жерін әсте ұмытпаған азамат. Ол өзінің туған жері – Қарақалпақстан жерінің мәртебесін өз мәртебесінен биік қойды. Сондықтан болар ол "Туған жер" атты өлеңінде:

Жауынды кескілермін де,
Қас етпен ешкімді ешкіммен,
Бағың боп естілермін де,
Сорың боп естілмеспін мен, –

деп жырлайды.

Сондықтан да Төлеген Айбергенов тек қазақ поэзиясының алып тұлғалы ақыны ғана болып қалмастан, ол сонымен бірге қарақалпақ халқының да сүйікті перзенті әрі сүйікті ақыны боп саналады. Төлеген Айбергенов өзі арман етіп жырлап өткеніндей, туған жерінің өшпес мәңгі бағы, мақтанышы боп қалды.

Әмірхан БАЛҚЫБЕК

ӨЛЕҢГЕ ЖАС ӨЛШЕМ БЕ?

Ақын десе көз алдыма Парижге асыққан бала Рембо келеді. Тәшкеннен Алматы тарапқа құмарта көз тіккен студент Төлеген Айбергенов елестейді.

Рембо он тоғыз жасында өлең жазуды қойып кетті. Бірақ осы жасына дейін жазған өлеңдері-ақ оған әлемнің ең ұлы ақындарының қатарынан ойып орын алып берген.

Отызында өмірден озған Төлеген де қазақ поэзиясының аспанында мәңгілік шамшырақ болып қалып қойды.

Бас-аяғы бес-он жылдың ішінде оларды ұлылықпен шуағына бөлеп үлгерген сонда не құдірет? Түсінбеймін...

Түсінетінім, толыққанды текті өлең тарыққанда демеушің, адасқанда жол сілтер ақылшың, қысылғанда қолтығыңнан сүйер періштең бола алатындығы.

Рас, ақынға мықты өлең жазуды үйрету мүмкін емес. Бұл астрономды ғарыш нысандарын, миллиондаған жұлдыздардан тұратын алып галактикаларды қолдан жасауға мамандыруға болады дегенмен бірдей бос әурешілік болып шықпақ. Әйтпесе, қолына қалам ұстаған екінің бірі Төлеген, екінің бірі Мұқағали болып кетпес пе еді. Өлеңнен үміткер жанның қайсысы осал ақын болғысы келеді дейсіз. Демек, мықты ақынның өлеңінде кәдуілгі есеп-қисапқа бағына бермейтін әлдебір тылсым сырдың да болғандығы ғой.

Қаншалықты шындық екенін білмеймін, Төлеген (Айбергенов) өлеңдерін аудармақ болған орыс ақынының жұмыс үстінде жүрегі шыдамай жарылып кетіпті деген әңгімені естігенім бар. Шамасы, аудармашы Төлеген өлеңінің ішкі кернеу қуатын игере алмай қалды ма екен. Бәрі мүмкін. Ал, Төлегенге сондай өлеңдер жазу, тудыру үшін қандай жүректің иесі болуы керек еді.

Кеудемде жүрген, зердемде жүрген
Ынтызар ықылас от өріп,
Сен мұны менен бетер ұқ.
Түкпірімдегі дір ете қалғыш
Осынау құйттай жүрекпен,
Келем мен бүгін қасиетті, байтақ
Қазақстанды көтеріп.

Дір ете қалғыш құйттай жүрек көтерген қасиетті, байтақ Қазақстан. Осы сөзді басқа біреу айтса сенбес едіңіз, ал Төлегенге сенесіз. Шынайлығымен, пәктігімен, асқақтығымен сендіреді. Бәлкім, ақын жүрегінің алау болып жануы деген осы шығар. Төлеген өртеніп кетті. Әйтпесе, өмірден отызында озуға асығар

ма еді. Бозбала Рембо болса, өленді тастап кетті. Сауда-саттыққа басыбайлы берілді. Әлдекім айтар, Рембоны көзі тірісінде ешкім мойындамаған жоқ, оның күні өзі бақилық болғаннан кейі ғана туды деп. Айта берсін, білмегесін айтады. Оны Пол Верлен мойындаған-ды. Иә, иә, атақты Верлен. Анатоль Франс:

"Бұл ақынға кәдуілгі пенделерге қарағандай өлшеммен қарауға болмайды... Ол бізде жоқ құқықтарға ие болатын... бізден өлшеусіз биік тұрды. Өлшеусіз төменде болды. Бірақ бір ғасырда жалғыз-ақ рет туылатын ақын еді..." деп баға берген Верлен.

Жасы үлкен болса да сол Верлен тарихта Рембоға ұстаз болуға, ақыл айтуға тырысқан жоқ, керісінше шәкірт көзімен қарады. Соңынан ерді. Тарихта Рембо секілділер аз ба. Бізде жетпісінші жылдары Артығали Ыбыраев деген ақын болған. Жыр сүйер қауым есімін жақсы біледі. Өленderін де. Сол Артығали өмірден өткенде жиырма бірде еді. Жиырма бір кейбіреулер үшін өленге енді келіп жататын жас. Енді-енді мерзімді басылымдарға жарияланатын тұсы. Ал бұл жас Артығали үшін мәңгілікпен тілдесер жас болды. Кешегі Кеңес дәуірінде он бес-жиырма кітап шығарған ағаларымыздың қайсысы қазақ әдебиетінің тарихында қалары белгісіз. Бірақ жиырма бірдегі баламен ешкім таласа алмақ емес. Бернияз, Саттар, Абдолла..., Артығали да солардың бірі, солардың қатарында.

Иә, қазақ поэзиясында өмірмен де, өленімен де, қысқа ғұмырда лапылдап өткен шығармашылық шабытымен де үлгі боларлық ақындар аз болмапты.

Бірақ, амал қанша, әдебиет әлімсақтан кіл талanttардың ғана бас қосатын жері болмаған. Оған талanttарды таңдау құқы берілсе де, ондай еркіндік берілмеген. Блоктың "жаза беру керек дейді, жаза беру керек дейді... Сонда жазу дегеніміз көк сия мен ақ қағазды былғай беру ғана ма екен" деп өкінетініндей бар. Мұндай өкініштен қазақ әдебиеті де алда емес.

... Кейде редакцияға жасы алпыстан асып, жетпісті алқымдаған ақындар келеді. Кезінде ақын болса болған болар, бірақ қазір ақын емес. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Аксиома. Бар айырмашылығы, қайран Мұқағали, ерен Мұқағали жасы қырықтан асқан, тепсе темір үзер шағында "Шабытым шау тартып

барады ма?" деп өз мүмкіндігіне күмән білдіріп қобалжыса, бұлар жетпістің төріне шығып алып та өленнің бәйгесін ешкімге бермейміз деп ойлайды. Олең төңірегіндегі таласы кішкентай балалардың ерегесін еске түсіреді. "Өленімді жарияламай, мені өлтіргілерің келіп жүр. Бірақ, өлтіріп алып мойындайсындар ғой" дейді. Іштей осы да әдебиетке өмірін арнаған ақсақалдың, я ақ шашты апайымыздың аузынан шығатын сөз бе деп өкінесің. Іштей өленге енді келіп жатқан, алыс ауылда жатып алып бір шумақ болса да өленінің (еске Төлеген түседі) "Қазақ әдебиетінің" бетіне шыққанын саруайымданып емес, сарғая сағынып күтетін жас талапкерді ойлайсың. Екі астанадан алыста жүрсе де, қазақ өленінің жоғын жоқтап, олқысын толтырып жүрген Тыныштықбек Әбдікәкімов, Серік Ақсұңқарұлы, Ертай Ашықбаев, Шаһизада Әбдікәрімов, Сабыр Адай, Светқали Нұржановтар еске түседі. Қуандық Шолақовтай ақыны бар ауылды аңсайсың...

Біздің жерлес бір ұлы орыс ақынымыз болған. Павел Васильев деген. Қаны орыс демесең жаны қазақ секілді сезілетін осы ақынды Мәскеудің білгірлері (Пастернак, Луначарский, Горький, т.б.) Сергей Есенинмен терезесі тең ақын санаған. Өзі жиырма сегізінде репрессияның құрбаны болған сол ақын жасы отыздан аскасын өленді қойып, түбегейлі прозаға бет бұруды ойлапты. Ақынның жасы отыз деп ойласа керек. Сол кездегі қазақ ауылының аянышты тағдырынан сыр шертетін "Түз бүлігі" деген поэмасы бар. Азуы алты қарыс Олжастың да тақыр жерден пайда болмағандығын, сол Павелдің шекпенінен шыққанын осы ақын шығармашылығымен таныскан адам байқай алады.

Біз бұл Павел Васильевті бекер ауызға алып отырғанымыз жоқ. Оның шығармашылыққа адалдығын алға тартқымыз келген.

Әзербайжан ҚОНАРБАЕВ

ТӨЛЕГЕН МЕН ШӘМШІ КЕЛІП ТАУШЫҚҚА...

Құйрықты жұлдыздай ағып өтіп, бұл дүниеден қыршын кеткен дархан дарын иесі Төлеген Айбергеновті

бұдан отыз жыл бұрын тағдыр айдап кездестірген еді. Сонда біз нағыз ақын деген халықты тұңғыш рет көргеніміз ақиқат. Әдемі, жылтырақ қызыл сөздерді ұйқастырып, мүмкін "өлең" ұсынуға болар. Ал енді біртуар аруақты ақындардың орны бөлек қой...

1965 жылғы желтоқсан айының 24-і еді. Сол кездегі Маңғыстау ауданының орталығы Таушық деген жерде болатын. Осында атағы жер жарып тұрған композитор Шәмші Қалдаяқов пен жас ақын Төлеген Айбергенов келе қалды. Кешкісін аудандық Мәдениет үйі халыққа аузы мұрнынан шыға толып, сыймағандар үшін есік ашылып қойылды...

Алғашқы сөз кезегі Шәмші алып, өзінің шығармашылық жолы, алдағы атқарылар жоспары жөнінде айтып өтті. Бұдан соң сөз кезегі Төлеген Айбергеновке берілді. Осы сәтте Шәмші сөзге араласып: "Төлеген – күні бүгінге дейін бір мың жол өлең жазған арқалы ақын, атан жілік атақты ақын", – дегенде халық бір дүрлігіп қалды. Айтса айтқандай, Төлеген өзін сәл ғана таныстырып өтті де көпке көз жүгіртті. Содан соң жартастың басындағы қасиетті аркар сияқтанып, қолды оңды-солды сермеп қойып өлеңдерін оқи бастады. Ешқандай қағазға қарамастан жатқа оқыды. Ол өлең оқығанда дүниенің бәрін ұмытып,өзі де аруақтанып кетеді екен. Қыран даусы саңқылдап, бүкіл тұлға бітімі қозғалысқа түсті. Зал іші сілтідей тынып, адам біткен құлақпен тыңдамағандай, ауыздарын ашып қалды. Көп ретте әр шумақ сайын да қол соқты. Оның алғашқы оқығаны "Апаларым" деген өлең еді. Төлегеннің үш апасы бар екен. Мынау соларға арналған жүрекжарды ағыл-тегіл жырлары болып шықты.

Мен ұл ем, сендер ең үш тамаша елік,
Төртеуіміз бір әкенің баласы едік.
Төрт тағдыр қайғысы мен қуанышын,
Өстік біз омыраудан таласа еміп...

деп басталған ақпа-төкпе жыр дариясы:

Бар болған кездеріне сүйінемін,
Жоқ болған күндеріңе күйінемін.
Мен жалпы ақ перзенті болсам керек,
Үміті үзілмейтін дүниенің! –

деп барып аяқталды.

Жұртшылық көпке дейін ортадан жібермей қойды. Маңқыстауға бұдан соң да шалқыған сұңғыла сөз зергері, халықты өзгеше бір тылсым қасиетімен баурап алғандар некен-саяқ болар. Бұдан кейін ол Мұхтар Шахановқа арналған "Сағыныш" атты ұзақ өлеңінен үзінді оқып берді. "Менің республикам" деген өлеңі де көптің айызын қандырды. Ал махаббат тақырыбына арналған өлеңдері жастар жағын бір желпінтіп тастады. Әсіресе, оның өзінің айтуы бойынша бір ақын қызға арналған өлеңі тіптен ерекше болды:

Сен маған дұшар болдың,
Батқанда бақтар сырға.
Мен саған сусар болдым,
Қатқанда қақтар шыңға.
... Деміме мынау алқынған.
Сен енді тоқтарсың ба?
Оралып өткен алдымнан,
Оралдан ұшқан көк қаршыға!..

Қойшы, әйтеуір, сонда қазақтың қара сөзіне мың құлпырып, жан бітті. Адамдар бір жасап қалды. "Құдай Тағала, мына екі жүйрікті қайдан қоса қойған" деп көпшілік қауым таңдайларын қақты.

Сол сапарда Шәмші Төлегеннің өлең сөзіне "Ақ ерке – Ақ Жайық" атты әнін жол-жөнекей Атырау бойында жүріп шығарғанын айтты. Сонда Төлеген қонақ үйде әннің сөзін екі сағатта жазып тастапты. Сол әнді Шәмші, Төлеген және жергілікті әнші Жетібай Жылқышиев деген азамат үшеуі қосылып, алғаш рет орындады. Шәмші мандалиномен қостады. Бұл ән кейіннен бүкіл республикамызға тарап кеткені мәлім.

Осынау ұмытылмас әсерлі де мазмұнды өткен кештен кейін маңқыстаулықтар үлкен той дастарқанын жайып, қадірлі қонақтарға бас тартты.

Ертесіне Шәмші мен Төлеген Таушықтағы орта мектепте болып мұғалімдер мен шәкірттермен жүздесті. Арқалы ақын тағы да жыр бұлағын ағытты. Бұдан соң олар Форт-Шевченко қаласы мен бірқатар шаруашылықтарды аралады. Олар жүрген жер өнер мерекесіне, ұлан-асыр көңілді сәттерге ұласты.

Төлеген үшін бұл сапар сәтсіз болған жоқ. Дүниеге "Құмдағы мұнаралар" атты жыр жинағы келді. Әсіресе, "Жаңарған Маңқыстау", "Шевченко – мұнай ордасы",

"Төстегі жаңғырықтар" атты өлеңдер түлеген түбектің шынайы көрінісін алға тартты. Сонда Төлеген "әттең, мынау бір өзен болса ғой, шіркін, жеруйыққа айналып-ақ кетер еді" деп кетті.

Төлеген отыз жасында яки 1967 жылы Нөкіс қаласында жүріп, кенеттен қайтыс болды ғой. Арынды да, дарынды қазақтың маңдайына біткен арыстарының бірі қыршын кетті.

Бірақ өзі айтқандай:

"Ақ жаңбырлар тоздырған тау сиякты,
Мен өлемін өзімнің биігімде!.."

деп құдай аузына салғандай, ағынан жарылып кейінгілерге аманат қалдырды.

Ал осы ретте Мұхтар Шахановтың: "Төлегеннің ешкімді қайталамайтын қыран даусы жыр құмар қауымның есінде мәңгі қалып қойды", — деген сөзі көңілге орала береді.

Жанар ТҰРМАҒАНБЕТОВА

КӨКЕМНІҢ КӨШІ ТОҚТАМАЙДЫ

Сенің ару жүрегіңді қалайша мен айта алам,
Сендей саңлақ бұл өмірге келер ме екен қайтадан.
(Т. Айбергенов)

Әкеміздің қызмет бабына байланысты облысымыздың бірқатар аудандарына көшуімізге тура келді. Әкем — Бердуәлі Тұрмағанбетов, қай жерде қызметте болса да жора-жолдас, дос арта білгеніне біз әрқашан да қуаныштымыз. Әр досы жайлы ұзақ та, қызықты әңгімелер айтып отыратын. Бір таңқаларлығы — кісіні сыртынан даттамайды, жаратылысынан жұмсақ, біреудің бетіне келмейтін, көңілін қалдырмайтын, даужаранға бауырмал, аққөңіл, сабырлы кісі еді... (Әкем 1995 жылы 25 маусымда дүниеден қайтты).

1964 жылы Бөген ауданы (қазіргі Ордабасы) жаңадан құрылып жатқан. Қызмет бабына байланысты Сарыағаш ауданынан жаңа ауданға көшуге тура келді. Әкемді отбасымен шығарып салуға біраз дос-жарандары жиылып, небір жүректен шыққан жылы сөздерін айтып, қимас сезімдерін білдіріп, ақжол тілепті. Қасиетті Сарыағаш жерінде ақын Төлеген

Айбергеновпен, Тоқаш Бердияровпен табысып, достықтары жарасымды болыпты. Газет қызметкері болғандықтан Төлеген Айбергеновтың алғашқы өлеңдерін Сарыағаш аудандық "Қызыл ту" газетінің (1960-1964 жж.) бетіне жариялауға үлесін қосып, өмірінің соңына дейін ақын поэзиясының тамаша насихатшысы болды. Төлеген ағаның тірісінде-ақ ақын деп танып, өзгеге ұқсамайтын ерекшелігін көріп, тамсанған. Ақынға әкем рухани аға болғанын мақтан тұтамын.

Төлеген аға біздің отбасы қимай, көшпен бірге Сарыағаштан Темірланға дейін еріп, көшірісіп келген. Көшті көліктен, түсіріп, анамыз ас-су қамына кірісіп, дастарқан жайып, тамаққа отырайын десе, Төлеген аға жоқ дейді. Содан бәрі ағаны іздейді. Сөйтсе Төлеген аға жүгерінің арасынан шығып келе жатыр екен.

— Беке, мен бір өлең жаздым, соны тыңдаңызшы, — деп өлеңін зуылдата мәнерлеп оқи жөнелді.

Бұл қазақта жігіттер бар нар қасқа,
Жарқылдаған алмас па
Дейсің-ау, дейсің сен оны,
Айырып кетсе жол басқа...—

деп ұзақ шумақты өлеңін аяғына дейін оқып шығыпты.

Бұл ақынның әкеміздің даркан мінезіне, доска деген кіршіксіз көңіліне риза болып, шабыттан шыққан, жүректен шыққан жыр жолдары еді. Неткен ақ жүректі адам десеңізші... Сол кезде аға небәрі 27-де екен-ау... Қазақ поэзиясының төріне шығар-шықпас, құйрықты жұлдыздай ағып түскен қып-қысқа ғұмырында өзі сүйіп өткен аяулы халқына өшпес, өлмес өмірлік жақұт жырларын беріп кетті.

Өз басым ес білгелі Төлеген ағаның атын есітіп, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жырларына тәнті болып, кластан тыс тәрбие сағаттарына дайындалғанда қажетті өлең шумақтарын Төлеген ағаның жыр жолдарынан табатынмын. Өмірдің барлық сәттеріне қажетті жырларды аз ғұмырында үлгеріп, жазып кеткеніне қайран қаламын.

Адамдар ұлылықты — білімділік, парасаттылық, қарапайымдылық деп жатады. Ал, ағаның шумақтарында

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.
Онсыз сен тіпті, тұлпар да болсаң қосыла алмайсың қатарға...

Дүниедегі ең нәзік, іңкәр сезім – сағыныш. Ал сол ұлылықтың өзін жүректі салмағы да жеңіл Сағыныш арқылы қалай жеткізген десеңізші!

Төлеген аға дүниеден қайтқан соң да екі отбасының арасында қарым-қатынас үзілген емес. Әрдайым хабарласып, амансаулық білісіп, ұл үйлендіріп, қыз ұзатқан кездердің бәрінің куәсі болып жүрдік. 1991 жылы кіші қызы Қорлан Шымкентке келін боп түсті. Сол тойда әкем жастарды жыр-шумақпен құттықтап, Төлеген ағаның үйіндегі Үрниса апамызға (келініне) мынадай арнау айтты:

Қайран Төкең өмірден ерте кетіп,
Сені тағдыр қоймады еркелетіп.
Құсни-Қорлан әкесін көрмей өсті,
Мұңлы көңіл көтертпей еңсені тік.
Талай шегіп қиындық, азапты да
Бес баланы қақтырмай қанаттыға,
Тәрбиелеп өсірдің, сапқа қостың,
"Нұр жауады, – деп жүріп – талаптыға"
Ұстаз болды Салтанат ұлағатты,
Абай тобын Махаббат құрамақшы.
Құсни Жамбыл еліне келін болып,
Шымкент жолын Қорлан ұламақшы.
Өзің төрдің күзетіп әруағын,
Бес баланы он қылдың – бәрі ғалым.
Немерелер асыр сап, үйің думан,
Дәурен – жаның құлатпас шаңырағың.
Кеңіп отыр, мінеки, арқа-басың,
Енді сенің белгілі шаршамасың.
Ұл-қызының қызығын қызықтай бер,
Арман тойы Төкеңнің таркамасын.

Аға жайлы көп айтуға болар еді.... Көсіле жазатын да кез келер. Әзірге айтарым, аға мен үшін ылғи да көшпен бірге келе жатқан сияқты. Ағаның поэзиясының інжу-маржан, жақұтын артқан көші тоқтамайды. Ол көшті біздің ұрпағымыз, ұрпағымыздың ұрпағы да қастерлеп қарсы алады, рухани шөлін қандырады деп сенемін.

Көкемнің көші тоқтамайды, ол бізбен бірге келе жатыр, ағайын!

Ғабидолла ЖӘДІГЕР

АҚ ЖАҢБЫРЛАР ТОЗДЫРҒАН ТАУ СИЯҚТЫ

Талантты ақын – ұлттың болмысы. Оның жырлары да туған халқының өзіндік өмір нақышымен, қаны бойында ойнаған табиғи қасиетімен қосыла өріліп жатады. Оның жырлары қай тілде сөйлесе де ұлттық бояумен үндеседі. Қазақтың талантты ақындарының жырларынан даланың кеңдігі, сәбидің пәктігі, ұлт бойындағы даналық пен даралық есіп жататыны да сондықтан. Сондай ақынның бірі де бірегейі де Төлеген Айергенов. Төлеген жырларынан лапылдаған жастықтың жалыны, мәрттіктің мәртебесі, сыршылдық сезімі сыңарласып өріледі.

Сен менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің.
Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең
Шошыр едің!..

Шынында да ақын бойындағы сол "ғаламат сезім" тамаша жырларды дүниеге әкелді. Сол сезімнің құдіреті арқасында Айбергенов қаламынан туған отты өлеңдер қазақ поэзиясының алтын қорына қосылды. Осыдан кейін тек "ғаламат сезімнен" ғана ғаламат жырлар туса керек деп тұжырым жасауға болады.

Айбергенов бір өлеңі арқылы ғана қазақтың бүкіл ұлттық болмысын бейнелеген. Жыр жолдары арқылы қазақ деген халықтың қандай рухы биік ұлт екенін оқырманға үлкен назар аударып көріңіз.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын...–

деп басталатын Төлеген Айбергеновтің "Бір тойым бар" өлеңі ұлттың бүкіл игі қасиетін жырмен өрнектейді. Ал өлеңнің соңғы қос қатары:

... Кім білсін талай күнгі тілегім ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның, –

деп аяқталады.

Шынында да талантты ақын көрегенділікпен айтқан Төлеген-жырдың тойы өлеңді бағалай білетін, қаситетті

қара өлеңнің құдіретін, қадірін түсінетін жұртымен бірге жалғасу үстінде. Ақынның ғана емес, ол қазақтың, қазақ поэзиясының тойы санатында жалғасып жатыр. Қазақ халқы бар жерде поэзия тойының "мәңгілік тарқамайтыны" тағы мағлұм. Соған сйкес Айбергенов поэзиясы да елімен бірге ертеңге, ғасырлар қойнауына қарай беттеп келеді. Бұл ақынның поэзия әлеміндегі өзінің ешкімге ұқсамайтын жеке-дара қолтаңбасын қалдырғанының арқасы болса керек.

Бір тойының қай күні болатынын тап басып айтпағанымен, ақыннын құдіреттілігі, оның үздіксіз жалғасатынын білгірлікпен болжағанында болар.

Осындай сағыныштар өртінен туған Төлеген Айбергеновтың жыр-қайнарынан қаншама ұрпақ сусындады. Әлі де талай ұрпақтың мейірін қандырып, Төлеген өленделіне тұшына бас қоятыны анық. Ал ақын сағыныштан ғана құдіретті дүние туатынын замандастарына әлдеқашан мойындатып үлгерген. Бүгінде Айбергенов есімі қазақтағы сағыныш ұғымының сыңарына айналғандай.

Ақын Айбергенов тірі болғанда бүгінде алпыстың бесеуіне келер еді. Кейде Жасаған Иемнің кейбіреулердің ұзақ өмір сүрген уақыты ішінде айта алмағанын талланттарға аз ғана ғұмырында айткызатын тағдыр сыйлайтыны бар. "Ақ жаңбырлар тоздырған тау сиякты, мен өлемін өзімнің биігімде" дейтіні де сондықтан ақынның. Аз ғана өмірінде өз шыңын бағындырып өткенін, жыр әлемінде өшпес із қалдырғанын ақын отты жыры арқылы таңбалайды. Найзағай іспетті жарқ-жұрқ етіп, жалындап өте шығу задында ақындар болмысына ғана тән көбінесе, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Төлеген Айбергеновтердің орда бұзар отызға орнығып үлгермей, жарқылдаған күйі мәңгілік поэзияға айналып кетуі осының айғағы. Қысқа ғұмырында жыр әлеміндегі ескерткішін өздері қашап кеткен талланттарға "алда айтатыны көп еді" деп көңіл жұбатудың өзі асылық болар еді...

Бір жетсе менің ажалым жетеді.
Адам қолы жасаған ұяттардан.
Қалыңдығы осынау сиякты орман,
Әйтпесе, пысықтыкка пысқырмайды,
Мендегі куатты арман.

Айбергенов әлемінің шексіз тазалығы мен кіршіксіз пәктігінің көрінісіне осылайша тағы бір мәрте куә боласыз. Жарық дүниеде жағаласып жүріп, талай-талай кесірліктің кескінін сомдайтын тұлғалардың тұшымсыз әрекетіне деген жауап бұл. Ақын жүрегінің нәзіктігі сондай, "адам қолы жасаған ұяттарға" төзімділік таныта алмайды.

Төлеген поэзиясы тұтас бір өзінше тұңғиық әлем іспетті. Әлем болғанда қандай! Кібіртіктемей көңіліндегіні еркін ақтаратын, өршіл рухымен елінің ертеңіне жалғасып жататын ғажайып әлем. Кіршіксіз жырдың құдіреті ә дегеннен-ақ оқушысын тылсым дүниенің тұңғиығына жетелей түседі. Ұзақ-сонар поэзия сапарына бастайды. Сол сапардағы ақынның алғашқы аяқ алысына куә етіп, бағындырған биігіне тамсандырады. Сондықтан да Айбергеновтің алған шыңы қазақ поэзиясында орны бөлек оқшау тұр. Отты жырдан өз күмбезін қондырған ақынның жыр иірімдері оқырманын желпінте түседі. Ал енді бір сәт Төлеген ақынның сол поэзия сапарындағы тірлігімен тыныстап көрелік. Айбергенов жыр әлеміне сапар барысында алдына "досы түгіл дұшпаны сын тақпайтыдай" мақсат қояды.

Қазақтың қасиетті қара өлеңіне бүкіл болмысын, ғұмырын арнаған Төлегеннің поэзия жолындағы сапары шыныда да өзі әулиелікпен айтқандай, "ұзақ сапар". "Досы түгіл дұшпаны" да сүйсіне оқиды ақиық ақынның жырларын. Поэзия кеңістігідегі қиындығы мен тауқыметі мол сапарда Айбергеновтың өз асуын аптықпай алғаны баршаға белгілі. Ал әу басында ақын өзінің жыр әлеміне деген ұмтылысын төмендегінше бастаған-ды.

... Алдымда бозала таң, батпаған ай,
Қаймағы алынбаған аппақ арай.
Мен солай ағып барам
Иә, кәдімгі
Найзағай шатырлайтын жаққа қарай.

Айбергенов әлемінің тазалығы, кіршіксіз пәктігі дегеніміз осы. "Бозала таң", "батпаған ай", "аппақ арай" жыр кеңістігіндегі ақиық ақынның алдан тосқан періште пейілі, таңғы шық іспетті мөлдірлігі деп бағамдауға болады. Ақын поэзия әлеміндегі алдан ататын арайлы таңға қарай "ағып өткенімен" поэзия әлемінде өміршең өлеңдерін қалдырады. Төлеген-жырдың түндігін түрген сайын таңырқай бересің. Жыр сандығындағы жиналған жауһар жырларға деген құштарлығың, ынтызарлығың арта түседі.

Алысты барам арман қып,
Ауырың болса, арт өмір
Жолына жырдың құрбан қып,
Басымды тіктім әйтеуір.

Поэзия әлемін жан-тәнімен сүйетін ақын ғана осылай толғанса керек. Жай айта салу емес, соңғы қос жолда Айбергеновтың поэзия кеңістігіндегі өзіндік тәуекелі, керек десеңіз өмірлік кредосы орныққан. Ақынның жырларының шоқтығын басқалардан биіктеп тұратыны да осы арпалыс ағыны, отты жырдың табанды тегеуріні.

Алыс сапардағы отты жырға шөліркеген ақынның шынайы болмысы бұл. Поэзияға деген шексіз сағынышы оның арманын аскақтата түседі.

Талантты ақын пасықтық пен пысықтықтың алдында әсте бүгежектемегенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Сенгендерді мен жерге қарата алман,
Таң желі боп есемін саратаннан.
Мынау қысқа ғұмырды ғажап етіп,
Тек адамдарға сенгендер жарата алған.

Бұл жыр жауһарын іздеген жұртының, тектілікті ту еткен бабалар дәстүрінің биігінен көрінемін деп ұмтылған ақиық ақынның өмір жолындағы өзіндік байламы еді. Сол байламның арқасында рухы биік ақынның шыныда да өзінің "қысқа ғұмырын ғажап етіп" кеткендігін жыр қадірін білетін түйсігі мол оқырман жан-жақты бағамдайтын болар.

Оның қазақ поэзиясының кеңістігіндегі көшелі орны оқырман қауымның көңіл түкпірінде әлдеқашан орныққан.

Әсем Алматысын жырақта жүріп сағынып өткен Айбергенов рухы енді Астана төрінде аскақтап тұр. Елорданың қақ төрінде қалаға кіре берісте Абылай хан даңғылығынан басталып Кенесары көшесіне ұласқан тұстағы орналасқан ғ 16 мектеп бүгінде ақын Төлеген Айбергенов есімімен аталады. 2001 жылы Үкімет қалалық әкімшіліктің ұсынысымен мектепке ақынның атын беру туралы ұсынысымен мектепке ақынның атын беру туралы қаулы қабылдаған. Мұны қамқор көзқарасы деп қабылдағанымыз жөн болар еді. Бір қызығы, Төлеген Айбергенов атындағы мектеп жанамалай ұлы Абай даңғылымен де иықтасып жатыр.

Сағыныш деген алдында тұрған ақ ала басты
көк заңғар,
Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбағасын
арайсыз,
Өмірде мынау сағынбағандар бақытсыз, бақсыз,
талайсыз,
Қазақтың жыры — Абайсыз, —

деп Төлегеннің өзі жырлағандай, Астана қаласында қос ақынның атындағы даңғыл мен мектептің бір-біріне қолтықтасып жатуы да поэзия әлемінің өзара үндестігі мен заңдылығы іспетті. Данышпан ақын мен отжүректі ақын рухы үнсіз сырласып жатқандай. Қазақ поэзиясының кеңістігіндегі өз орындарын жырлармен мүсіндеген қос ақынның таңғажайып мұрасы әлі талай ұрпақтың азығына айналатыны сөзсіз.

Ақындықтың мақсат-мұраты қандай екенін Төлеген өз өлеңінде үлкен өлшеммен толғанады. Ғұмырын жыр жолына бағыштағандардың бұл мәңгілік ұстанымы, ақындықтың айнымайтын серті іспетті. Айбергеновтің айтуынша, ақындық дегеніміз

Нақақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,
Кес-кестеп барып кеуденді оғына тосу мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені,
Жамау қып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.

Мұның ар жағында жаман жырдың обал-сауабы жатыр. Яки әлсіз өлеңнің әлегіне деген әулетті жауап бар мұнда.Оның үстіне нағыз ақынның "күнәсіз дүниені ұятқа қалдырмау" туралы ұлы мақсаты бар. Туған жер алдындағы ғана емес, күллі әлем алдындағы биік азаматтық парыз бар. Қолына қалам ұстағандағы мүддесінің өзі осындай өрелі ойлармен астасып жатқан ақынның жыры да найзағай сияқты болуы заңдылық емес пе. Өрелі ойдан отты жыр туатыны да заңдылық. Ендеше, Төлеген-жырдың келешегі де ертеңі ұрпақтың қазынасымен еншілес жатыр. Таланттың тойы тарқамайды.

Серік ***ШҰҚЫН,***
Өзбекстан Республикасы

ТӨЛЕГЕН БАСТАҒАН ТОЙ

Төлеген Айбергенов жайлы біздің елде естелік айтушылар көп. Біз солардың ішінен елең еткізерлік бірін ғана жолдап отырмыз.

Елуінші-алпысыншы жылдардағы студенттердің жиі бас қосатын жері Ташкенттегі Низами атындағы пединститутының жатақханасы болатын. 1959 жылы осы оқу орнын бітірген Төлеген кейін де жиі келіп тұрады екен. Бұл туралы сол кездегі студент үнқағазының сарапшысы Полат Бейімбетов былай деді:

Қарақалпакстанда бірер жыл істеген Төкең, 1962 жылы болуы керек, Сарыағашқа көшіп келіп, кешкі мектепке директор болып жұмысқа орналасты. Институтқа жиі келіп тұратын. Біз жақын танысып, араласып кеттік. Ашық, ақжарқын ағаның өшпес бейнесі әлі көз алдымда. Екпіндетіп өлең оқығаны, домбыра шертіп, тамылжыта салған әні қандай ғажап еді. "Амандық болса, Кенимех, Тамды жаққа да барамын, – дейтін. Ал Төлегеннің кенимехтық курстасы Тұрсын Әбілев те оның ұшатын құстай қомданып үнемі асығыс жүретіндігін айтады.

Ал, Төлеген ақын бастаған той – Кенимехтық Жүсіп Наркұлов пен тамдылық ДинаДәрібаеваның үйлену тойы. 1963 жылы Кенимех, Тамды жастары Жаңа Жыл мерекесін күтіп алу үшін дайындық жасай бастайды. Сол ортада Жүсіп пен Дина (екеуі де филфак студенттері) үйленетін болып, Жаңа жыл күні тойды өткізу қамына кіріседі. Тойға студенттер және сол кездегі жоғары партия мектебінде оқып жүрген Мәлік Алдамұратов пен Мәлік Ашбаевтар, ауылдан Қалмырза Қаржауов бастаған бірнеше кісі қатысады. Жастар Төлеген Айбергенов пен Үрниса апайды шақыртып, тойды бастап беруді өтінеді.

Сонда Төлеген Айбергенов төмендегідей тереңнен тебіреніп шырқаған жыр шумақтарымен тойды бастапты:

Рахмет саған, отырған мынау жас қауым,
Күткенің үшін жырымнан менің асқақ үн.
Сенгенің үшін сертінде тұрар дос танып,
Бергенің үшін осынау тойдың бастауын.
Өздерің жақтан айтылған жақсы көп лебіз,
Жанымды менің жандарыңменен өтті егіз.
Сөз келді тілге айтпасына да қоймайтын,
Кез келді жырдан ақтарып құяр көк теңіз.
Армысың, Дина, қызғалдақ гүлі Ақтаудың,
Бармысың, Жүсіп; Кенимех ұлы – мақтаулым.
Қос өзен ендер Әму қоса аққан,
Куәсі болдың Арал боп тұнған шақтардың.
Мінекей, бүгін қанатын қомдап, пәк түлеп,
Екі арман болып ағу да жақсы есіліп

Бір арман болған; әрине одан тәттірек.
Мәңгі айға жолы, сәнді айға қолы ұзарған,
Тоғысты бүгін жігіттік қиял, қыз арман.
Қосылғандарға ұша бастаған қол соғып,
Жанымда менің күмбірлеп жатыр жүз арман.

Төгілген өленді жұртшылық сүйсіне тыңдайды. Кейіннен той ортасында да ақын бірнеше жыр оқиды. Естайдың "Қорлан" әнін шырқайды. Той өте қызықты өтеді.

Дуалы ауыз Төлеген ақын тойын бастаған Жүсіп пен Динаның отауы кейін берекелі шаңыраққа айналып, өнегелі ұрпақ өрбітті. Жүсіп ағай әуелі оқытушылық жұмыс атқарып, соңынан аудандық атқару комитетінің төрағасы Х. Әлімжан атындағы ұжымшар төрағасы ретінде басшылық қызметтер атқарады. Дина апай мектепте, аудандық үнқағаз саралқасында қызмет істеді.

Қазіргі күндері зейнет демалысында.

Мен мұны көз көргендердің айтуымен жадымда тоқып жүргенмін.

Жақында Жүсіп ағаның өзін көріп қалдым. Ол кісі "Менің Төлеген туралы айтарым көп, айналайын. Қазір бір тығыз шаруалармен жүргенмін. Кейін бір кеңірек сөйлесерміз", – деген. Демек, бұл тақырыпқа тағы да оралармыз.

Ал, Төлегеннің бұған дейін еш жерде жарияланбаған, біз назарларыңызға ұсынып отырған өленнің осындай тарихы бар.

Талғат ЕШЕНҰЛЫ

САҒЫНЫШҚА САЯХАТ

"Поэзия – это упоение, трепет, нега страсти, волнение и буря чувств, полнота, восторг наслаждения, сладость грусти, блаженство страдания, ненасытимая жажда слез".

В.Г. Белинский ("Стихотворения М. Лермонтова")

Артық-кем айту – сөз шығындау. Жан-дүниені құлындай шырқыратып, ботадай боздатып, жерге сиғызбай, көкке қимай белгісіздік нүктесіне ләззатымен шегелеп тіліп тастайтын жаңағы түйсіктердің киесі сағыныш шығар. Сағыныш табиғат құбылыстарының үйлесімділігі, химиялық реакциялар мен физика заңдылықтарының лирикалық құпия атауы болар ма!

Сірә бар ғой, біздің туған планетамыздың мың-миллион атомдарға бөлініп, Фаэтондардың талайсыз тағдырын қайталануына мүмкіндік бермей тұрған да — сол. Адамдардың, аңдардың, тастардың, көлдердің — тіршіліктің сағынышы. Төлеген романтикасына еліксең мұндай тәп-тәтті ойлардың тұңғиығына шым батып кете берер едің шомылып. Шыққың келмес еді.

Біз — қарапайым оқырман оларды іздейміз. Олар қазақ ұлттық әдебиетін қозыкөш жерге сүйреді. Қыр асырды. Мұрасына мұқият зер жүгіртсек, олардың тұсындағы әдебиеттің жүрек соғысында ырғақ та, өсу де болғандығын аңғарамыз. Эволюция көз алдыңызда.

Әрине, бүгінгі әдебиет жүгі ауған түйе деуден аулақпыз. Керек десеңіз, қазіргі қазақ өлеңінде қоғам психологиясымен ендеп қиылысатын үлкен ағым қалыптасып та үлгерді. Қалыптасқаны жақсы. Табиғаты қандай: сентименталдық поэзияның элементтеріне сықасқан ағым. Онда, қорқытатыны, музыка сүйылып барады. Мағжанның, Төлегеннің сағыныш сазы естілмейтін болды. Онда сүйегі жаншылып, құр сүлдері қалған рухтың ғана кірпігі қимылдайды. Қорқытатыны, біздің қоғам екі бастан бақытсыз. Бақытсыз, бірақ біздің қоғам. Не шара, өзі ауыр тірлігімізді енді көркем шығармамен ауырлатқанда не табамыз? Мұны күйреуік күй қажытқан шамшылдық айтады.

Жылауық әдебиетті не үшін оқуым қажет? Болмайтын нәрсе. Мен, түсінесіз бе, өз еркіммен қайғының қамытын киғім келмейді. Жаспын ғой, өмір сүруім керек, қуануға тиіспін. Ендеше, тым құрыса, рухани сұранысымызды қанағаттандыру қолымыздан келмесе шақырайық. Тіпті, философия тұра тұрсын. Төлегендерді шақырайық. Міне, "күнтекті" ақындардың емен-жарқын поэзиясына қызығушылық осындайдан туады. Біз аңсаймыз. Қатыбас өмірдің түйілген қабағына да поэзияның жаны болған "лиризмді" іздейміз.

Ақ самалдар, аңқыған ақ жаңбырлар,
Ақ жаңбырлар, толқыған тоғжан қырлар.
Менің қара сабаудай кірпігімнен
Сатырлатып сапырдың маржан қыруар,
Ей, ақ жаңбырлар!

Нөсерге малшынып, Төлегеннің моншақтап құйылған көз жасын — жырларын жұта бересің.

Жұтасың да махаббат, сағыныш мелодиялары расымен отыз жастың еншісіндегі ғажайып екендігін түйсінесің. Малмаңдай су болып тұрып ашқан жаңалығына қол шапалақтап қуанасың.

Шіркін, Тұманбай ағамның да отыздағы өлеңдері-ай. Тетелесінен айырылған ақын мен күймеге парлап жегілген арғымақтар тағдыры ұқсас екен ғой. Бірінсіз бірі сүйкімсіз. Шіркін...

Сүйем мен сені, сүйем мен сені, көкірегі ыстық дүние,
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!
...Егер сен жарық жаңарыңды алсаң қайғы мен мұңға батырып,
Сағынып жүрмегендіктен!

Әне, солай! Мұндайды сыншылар былай дейді: өлеңде де, өлең құрылысының өзінде де халықтық мінез, халықтық форма бар. Ауызекі тілдің өлеңге айналып қанатын қағып-қағып жіберетіндігі әдемілігін көрсеңіз. Төлеген күрделілікті қолдан жасамайды. Түсініксіз болуға тырыспайды. Қарапайым, жария. Кейінгі әдебиет өлкесіне құда түсіп жүрген жас буынның шығармашылығында ең алдымен осы тапшы. Төлеген болса, ботаның көзіндегі гауһар қарашықтай мөлдіреп келді ме, мөлдіреп кетті. Қарашықтан бәрі шіркеусіз көрінеді. Өзің де.

Айбергенов творчествосына баға бергіміз келгенде тағы да орыстың ұлы сыншысының теңеуіне тәу етеміз. Қазақ поэзиясының бақытына "айналасына асау толқын бүріккен Ниагара сарқырамасындай" Қасымнан соң, "жап-жасыл жағасы күлім қаққан тұнық өзен" тәрізді Төлеген, Мұқағали құбылысы келді. Үшеуі де қазақ табиғатының ешбір халыққа ұқсамайтын бұла мінезін, сезім сұлулығын, ішкі әлемін ашты. "Мылқауға тіл бітірді". Бізді оларға, оларды бізге іңкәр еткен де осы себеп.

Туған ай, шыққан күннің астында отырып, бір уақ Төлегенді оқыңыздаршы. Өмір сүру анағұрлым жеңіл болады.

II бөлім

Төлегеннің ізденіп, өзінше жазуға, жаңа ой айтып, өлеңге түйін жасай білуге талпынған талаптары өлеңдерінде сәттілігімен сүйкімді.

Д.Әбілов

Төлегеннің жылы, тартымды лирикалық өлеңдері болашақ өрісін байқатқандай. Жастардың жалынды жігері, достық-махаббаты, ізгі адамгершілік қасиеті оның лирикаларының негізгі идеялық мотиві.

Есмағамбет Ысмайлов

Ой тамшылары

О, адамдар, біргемін мен сендермен!

Төлеген Айергеновтың күнделігінен

Өзгеге қалай көрінетін білмеймін, мен үшін ойлану мен қиялға берілу бүкіл өмірімнің бас қызығындай саналды. Осы аз өмірім ішінде ойланып өткізген уақыттарымды өз міндетін атқарып өткен, саналы өткен, даңқты өткен уақыт деп есептеймін. Сондықтан да мен ойлар үшін, ойлану үшін қанша уақытым кеткен болса да, ол үшін өмір бойы өкінбей өтем ғой деп ойлаймын. Мен үшін өкініштісі сол, арзан күлкі мен болмашы ләззатқа бола жылап кеткен алтын сағаттарым болса керек. Мен осы күнге дейін қанша ойларды ойладым десеңші. Соның бәрін де дер кезінде қағаз бетіне түсіре бергенде ғой — басқа үшін елеулі дүние болмағанмен өзіме көп пайдасын тигізер еді-ау, шіркін.

Отырыстар мен жиындарда қанша қызық сөздер айтылады десеңші. Қожанасыр мен Алдардың, Әпенді мен Сарман құдың, т.б. халықтық тұлғалардың аузын айтылған сан түрлі анекдоттар мен этюдтерді есіткенінде аузын жиылмайды ғой. Бірақ, бір қызығы сол — айтқан кезде бүкіл бір жиын түгелдей күлмей, жарым-жартысы ғана күлетіні бар. Арадан жарым сағаттай уақыт өтіп, көпшілік басқа әңгімеге ауысқанда, оны да аяқтауға жуықтағанда әлгі күлмей қалғандардың біреуі немесе бірнешеуі шек — сілесі қата кеп, үйді төбесіне көтере, дем ала алмай ессіз күледі. Не екенін түсінбесең де, сен де қайта күлуге мәжбүр боласың. Соны анықтасаң былай болып шығады: бағанағы жұрттың көпшілігін тегіс күлдіріп өткен анекдотка бұл дер кезінде түсінбей, күлмейді де, "бұл қалай болды?" деумен ойланады да отырады. Жұрт екі әңгімені аяқтай бергенде оның басына бағанағы сөз енді "жетеді". Әрине, бұлар бір жағынан аңқау, аққөңіл болғанымен ойдан кеш қалған адамдар. Бұл мысалы келтіруімнің себебі: менің де осы ойлар күнделігін жазуыма күнделік туралы, әсіресе, ой күнделігінің қажеттілігі туралы мәселенің енді "жетуі" себеп-түрткі болып отыр. Бірақ мен бұны жалғыз өзім

үшін емес, жолдастарым үшін де, оларға да ой салу мақсатында жазамын:

Сен маған түсіңде көргеніңді айтып, алтын сағаттарыңды құрбан етесің, ал, мен сенің оңіңде көргеніңді де тыңдағым келмейді...

* * *

Кейде жанашыр досына немесе құрбыңа, әлде ғашығыңа мәселені түсініп тұрып әдейі қиқық-қыңыр келесің. Бұндай мезгілде сені түсінген адам — таусылмайтын байлығың мен бақытың.

* * *

Көп алдында құрмет тұтып сені өзімен тең санаған дұшпан, өз алдында абырой төккен достан әлдеқайда артық.

* * *

Кешірімділік — өмір көргендіктің белгісі. Омір көрмеген, адам қадіріне жетпеген адам ешқашан кешірімді бола алмайды.

* * *

Ақкөңілділік пен аңқылдақтық — адалдық нышаны. Арам пікірлі адамдар ақкөңіл де, аңқылдақ та емес.

* * *

Талант сан қырлы. Бір қыры сөйлесіп не жазып отырғанда адамдық ұлы ойларды, дүниелік түбірлі мәселелерді өзің де аңдамай айтып салу ғой деймін. Бұндай жағдайда абайсыз өзіңнің айтып қойғаныңа өзін таңданып, екі-үш күндей ойланып жүретін уақыттар да кездеседі.

* * *

Кей адамдар сенімен алғаш танысарда "құдайдан" құрмет тұтып келеді де, сен онымен бүкпесіз ашық екі-үш сағат сөйлескеннен кейін байыптылықтан өзгермегеніне қарамай, сені "алынған қамал" сияқтандырады да артық сыйласуға заукы болмайды. Кейде тіпті адамдардың құрметі сонымен аяқталады да. Өмірде мұндай адамдар бар. Оны білімсіздігі үшін тек аяу керек.

Өмір — мазақ емес. Оны мазаққа айналдырғандар тек өзін ғана мазақ етеді.

* * *

"Өмірге ән керек" осы бір қанатты сөзді газет-журнал бетінен қанша оқып, адамдардың аузынан қанша есіттім мен. Алайда, өз басынан кешіріп, санаңа жетпесе қиын екен. Кеудемді теңіздей тербеген бір жайға "Ақ қайыңдар" деген өлең жазып, оған ән шығаруды қанша армандадым. Апта бойы басқа ешнәрсемен де айналыспай, соны ғана ойлап, қанша ыңылдасам да, ән-күй аспаптарын қанша қолыма алсам да, түк шықпады. Дарын жоқ — амал жоқ. Қазір мектеп-интернат оқушыларымен апта сайын алыс колхоздарға жұмыска барып жүрміз. Олар бұдан 15-20 жыл бұрын шыққан әндерді қайталаумен болады жолда. Менің жаным ашиды. Дәуіріміздің ұлылығын бейнелейтін "Интернат маршы" қандай керек оларға. Өленін жаздым. Ал әнін шығара алмай көкірегім қарс айрылды. "Өмірге ән керек" екендігін мен енді білген сияқтымын.

* * *

Композитор жолдастар да халық алдында өз борыштарын менше түсінсе ғой...

* * *

Кей адамдар аспаннан түскендей Жермен жұмысы болмай жүреді. Мақұл, оған да келісейік, аспаннан-ақ түссін. Бірақ олар ақыры өз сүйегінің осы Жерде қалатынын сезінсе еді. Онда ол жүрісін де, күлісін де өзгертер еді.

* * *

Көп адам ұлылықты, дарынды даттауға құмар. Өйткені, олар өздерін де "далаға тастағысы" келмейді...

Кейде өмір түзелмейді ме деп те ондағы кездесіп отыратын кемшіліктер құрымай ма деп те ойлайсың. Бұл жағынан алып қарағанда өмірдегі бар кемшіліктерді түзеу деген идеяның өзі де шартты түрде болса керек. Өйткені, өз өмірінде кездескен кемшілік ұрпағында

қайталанбаса екен. Ал ол болса, сен басыңнан кешірген сан қырлы соқпақты жалғастырып емес, қайтадан бастайды ғой. Сен жіберген кемшілікті ол да жіберіп өседі. Онсыз тіпті санасы да қалыптаспайды да.

* * *

Жұрт не десе, о десін, мен адамға бір берілгенде құлай берілгенді құптар едім. Менің ойымша, құлай берілу, ессіз сүю – шексіз адалдықтың белгісі. Өмірде өзінен басқаға құлай берілмейтіндер достықта, жолдастықта, махаббатта қателеспеуі мүмкін, бірақ оның шын адал достарының аз екендігіне, тіпті жоқ та екендігіне сенімім кәміл.

* * *

Мен адамдағы бір ғана мақтанұды – арғы төркінінен көп оқығандығы көрініп тұратын, "Кітабым көп" деп қана мақтануды кешірер ем. Ал басқа мақтанның қандай түрін де тіпті тыңдағым келмейді...

Өмір ғажап қой! Мен адамдағы нағыз шын, адал сенім туралы айтқым келіп тұр.

Адамға шын ықыласыңмен сенсең, сенім ешқашан алдамауы да мүмкін. Менің бір ғалым апамның өзінің ерінің Ұлы Отан соғысына аттанарында оның соғыста өлмей аман, он екі мүшесі түгел қайтатындығына сенгендігін, ақырында ерінің бес рет соғысқа түссе де ешқандай жаракатсыз келгендігін, шексіз берілгендіктен оның өлімі туралы ойдың тіпті өз басына келмегендігі де туралы айтқаны бар. Сенімде, адам сенімінде қыруар қайрат, тіл жетпес ғаламат бар. Менің туған жерімнің шалғайлығына, тұрмыс жағдайыма, реніш-мұңыма қажымастан бәрін де жапыра-қиратып, аңсаған арманыма жетуімнің түпкі негізінде де осы сенім жатыр ғой деймін. Сенім мен еңбек бірікпесінің (қоспасының) беріктігіне тең келер металл әлемде жоқ.

Мен сағаттарының шықылдағанынан қатты қорқамын. Кейде ол маған: "Түк бітірмей тұрғанда тезірек жүрер жолымды жүріп өтіп, осы бір немеден жылдамырақ құтылайын" деп тұрғандай болады. Мен бұл жөнінде өз өлеңімнің біркатарында айттым да.

Уақыттан озу, оған алдан қарау — адамның ұлылығының куәсі. Оған Ленинді, Марксті, Белинскийді мысал етер ем. Олар уақытынан алға қарай қанша озып кетті!..

Адамға шексіз берілу, қалтқысыз махаббат күлкі боларлық жеңілдікке апарып, адамды, оның ұлы тұлғасын мазақ та етеді. Оны басқа түгілі, сол сүйген адамыңның өзі де кешірмеуі де мүмкін. Алайда жаныңды шексіз лиризмге бөлеп, адалдыққа шақыратын рахмет сол махаббатта. Мен оны мәңгі кешіремін.

* * *

Көшеде мас жатыр. Үсті — басы жан түршігерлік. Ай келбетті ару дүниенің ақ жүзіне нақақтан күйе жағып, қасиетті жерді ластаған қасиетсіз де масқара өмір көшеде жатыр...

Образдар:
Сүйем мен тарам-тарам дала жолын,
Ақыры тоғысатын бір құзырға...

Айғыз-айғыз боп тарамдалған дала жолдары бейне сәл нәрсеге өкпелесіп, айрылысып кетіп, қайтымы тездіктен қайта табысып кететететін қазақтың аққөңіл мінезіндей...

Образдар:
Машина жол ұшынан ұстап алып,
Құлаштап шумақтауын жаздырмады.

Міне, мен орман ішінде келем. Аспанмен тілдескен алып қарағайлар мен қайыңдар да, тырбиған шыршалар мен өрік ағаштары да, "орта бойлы" емендер мен елка ағаштары да бар онда. Бір қарағайлар "көзін" тіке бұлтқа қадап "орманның генералындай" қасқиып тұр да, кей шыршалар жер жастанып тырбайып, қисық өскен. Ал кейбіреулері едәуір жерге дейін түзу барып, үшар басына жақындауға аз қалғанша... қисайып кеткен. Ағаштардың көбісінде қисықтық бар. Тек жалғыз-жарым бұтақсыз қарағайлар ғана өзгелердің қисық екенін өзінің түзулігімен дәлелдеп тұр. Маған ой туады: егер өмірде әлгідей жалғыз-жарым түзу қарағайлардың өзі де болмаса, біз сөзсіз қисықтықтың

бәрін де өз ойымызша "түзу" деп түсінер ме едік, қайтер едік? Өмірде қисықтар көп, тек онын қисықтығын тура тұрып қана дәлелдей біл.

Егер, досым, туралы,
Жеңсін десең әлемде.
Қисықтығын басқанын,
Тура тұрып дәлелде.

* * *

Образдар:
Алма тұр жүзі алаулап,
Жігітті сүйген қыздай боп.

* * *

Тепсініп теңіз жатыр жалақтатып,
Жартасқа толқынының жүзін қайрап.

* * *

Тіліне озбыр оттың шыдай алмай,
Құман тұр жаспен жуып омырауын.

* * *

Қоңырат туралы:
Жайғасып жеріңе отыз Люксембург,
Екі жарым Бельгия сыйып кеткен.

* * *

Адамның ойындай азат ғалым...
Топырақ шеңгелдеп терезеннен кеткен терек,
Тамырлары адамның қасиетті миын торлап
Жатқан сансыз қан тамырлары сияқты...

* * *

Адам жасында — туғанда жеңіл болып туады да, жылдар жылжыған сайын ол өмір, дүние салмақтанып отырады ғой. Жылдар салмағы мінген сайын ол өмір, дүние, болашақ туралы тұңғиық ойларға сүңгігіш келеді. Ең ауыр жүк — жылдар жүгі.

* * *

Джодж Гордон Байронның "Чайльд Гарольдтың сапар шегуі" атты шығармасы дүниежүзілік мәселелерді

көтеріп, сол дәуірдегі ең көкейкесті мәселе – бейбітшілікті батырларша қаймықпай сөз қылған керемет дастан. Гарольдтың басындағы жеке қайғыны қоспағанда Байрон оны өз заманының нағыз азаматы етіп қандай шеберлікпен, даналықпен бере алған десеңші. Сондықтан да бұл дастан кең тарап, күні бүгінге дейін жаңарып та жаңғырып, толығып-молығып, адам турасындағы ғажайып музыкадай болып естілсе керек. Тілі неткен көркем. Өз орнын таппай тұрған сөз жоқ. Аударма арқылы бұлай. – Әттең, оны сол аралдың өз тілінде – ағылшын тілінде еркін оқып сусындар ме еді, шіркін.

* * *

Горький турал ой.

Осы кезге дейін мен Горькийді бағаламай келіппін. Бала кезімде оқыған "Менің университеттерім" тұрмыс дәмін татпағандықтан қызықтырмаған екен. Горькийдегі ұлылық пен ерекшелік өз атындай ащы өмір мен зәрлі шындықты адал көңілден ақтара айту арқылы алдыңғы түйдек-түйдек адам тағдырын жайып тастап, "Өмірі сүймегендердің" өзін саған жіпсіз байлап, сүйдіретін қасиет қой деп ойлаймын. Оның шығармалары өмір көргендікке, білгендікке, айтқыштыққа толы. Енді байқасам, ол нағыз пролетариат жазушысы бола алған екен. Ұлылыққа көтерілудің де бірден-бір жолы сол, адамды қандай сүйесің десеңші.

* * *

"Адам" деген атаудың өзі нәзік, жұмсақ деген сөздермен синоним болар еді. Тасжүрек, айтқанды түсінбес адам жоқ. Қандай данқты, толып-тасқан адам бола берсін, ол да сүйе, күле, жылай және ән сала біледі. Бірақ данқтылар сыртқа сырын аз паш ететін болғандықтан жұртта "бұқара жағдайын ол аз біледі" деген пікір айтылған болса керек.

Адам дүниге келгенде жылап келеді ғой. Мен өз ісін жақсы білетін дәрігер досымнан сұрадым. "Медицинаның өсуіне байланысты баланың жыламай туылуын қамтамасыз етуге бола ма?" дегенімде, "ешқандай мүмкіншілігі жоқ" деді ол. Демек, адам баласы жыламай келмейді екен.

"Лениншіл жас", 1988 ж, 23 март.

III бөлім

...Әртүрлі гүлзарларымен, даланың самалымен, жусанның иісі, таудың бұлағымен — өзімен өзі тыныш жатқан поэзиясының қалғымалы тірлігіне кенет көтерілген мұхиттың жал-жал толқындарындай асау ағысты екпінімен әсер еткен Айбергенов поэзиясы қазақ өленінің өресін биікке көтерді.

Фариза Оңғарсынова

...Төлеген, сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант... Т.Айбергенов творчествосы — өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры.

Әбіш Кекілбаев

Арнау өлеңдер

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ

Интервью

Тоғызыншы интервью — тағы да ақынды жерлеп қайтқан ағадан

“Аппақ қардан омбылап,
Көктем іздеп келем мен”.
Деген ақын өленмен,
Деген жоқ қой — өлем мен...

“Көктем іздеп келем мен”
Көктемімді көрем мен.
Көктем жайлы әлі көп,
Өлең жазып берем мен.

Қайда — қайда көктемім
Қайда жасыл кептерім?
Деген ғашық ақынға,
Мың жасаса көп пе еді?

Өмірдің мол өткелі,
Кімдер одан өтпеді,
Көргендер көп көктемін,
Ақын ғана жетпеді...

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ

ТӨЛЕГЕН

Ұшы-қиырын ұсақ жандар көрмеген,
Төлеген-ай, теңіз ең ғой көлбеген, —
Мен Ырғызда, сен Нөкісте өссең де,
Жершіл дейді. Тұрған не бар жерменен?
Ей, Төлеген, жан Төлеген! Төлеген!

Төлеген-ай! Ерте туып көбеген,
Неміз артық адырна мен жебеден?-
Келатқанда маңып мұнар мұхитта,
Кенет неге кеттің қарғып кемеден,
Эх, Төлеген! Төлеген-ай! Төлеген!
Төлеген-ай! Төлеген ең не деген,

Кім бар сені тірі кезде елеген?!
Енді, міне, заңғар залда замғайды,
Өлендегі өлмес сенің өнеген,
Ө, Төлеген! Төлегенім! Төлеген.

Зейнолла ШҮКІРОВ

Төлеген Айбергеновке

Сол жігіт ақын еді-ау, ақын еді.
Жалындай жанып келе жатыр еді.
Кейде ерке, кейде ұрыншақ ақын мінез,
Талайдың таңдайына татып еді.

Ақынның тимей кетті тақымы атқа,
Гүл түгіл үзбей кетті жапырақ та.
Кеменгер жырын ұйып тыңдаған жұрт,
Сыртынан санап жүрді ақымаққа.

Жақсының өзі ардақты қазағына,
Жақсы жыр тастайды тентек жүрек,
Төгіп-төгіп тастайды тентек жүрек,
Жыр байғұс жазықты ма, жазалы ма?

Көрдім мен тентек жүрек тоқтағанын,
Көрдім мен сонда жұрттың жоқтағанын.
Табытқа басын иіп тұрғандардың,
Жүзіне шындық іздеп көп қарадым.

Тарқады жәрмеңкенің базары да,
Мұң тұрды қайтқан жұрттың назарында.
Тіріде бір пенденің қадірі жоқ,
Құрметтеп гүл қоямыз мазарына...

Мұқағали МАҚАТАЕВ

Төлегенге

I

Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай – өлең шырылдап бара жатты,
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.
Торғай – өлең өлмеді, аман қалды,
Әкетті ажал...

Жыр емес, адамды алды,
Бір өмірдің дастаны басталда да,
Шорт үзілді.
Шоп-шолақ тәмамдалды.

Қаралы лек.
Бозғыл шаң шұбатылды.
Бара жатыр жерлеуге шын ақынды.
Маржан жырдың мөп-мөлдір бір түйірі,
Құмға түсіп кетті де, уатылды.

Тұңғыш көрдім қайтқанын шын ақынның,
Қаталы-ай жыл дейтін сұрапылдың!
Сұңқар-төсі томпиып
қарсы қарап,
Қаршығадай қылшылдап тұратын кім?
Енді жоқ азаматым, аймандайым,
Жоқ болды құмға сіңген айрандайын.
Асығыс, ылғи жортып жүруші еді,
Бетбақтан су іздеген жайрандайын...

II

Бармаңдар ақынды жұрт жерлегенде,
Көрмеңдер көрдің аузы жабылғанын.
Көтеріп сендер оны келмегенде,
Көмусіз қалмайды ғой бауырларым!
Көмбеңдер!
Топырақты тастамаңдар!
Жабыла толтырыңдар құмды ұраны.
Ақынды көмсін білмес басқа жандар.
Басына бармандар да, құрбылары!

Ет жүректің езілмес кезі ме бұл...
Жылай білсең, шын жыла!
Жасыма тек,
Кезек күтіп тұрғандай сезіне біл,
Алдыңдағы апанның басына кеп!

Жұмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

Триптих

1. Жыр оқыды бір ақын
2. Тағы біреу оқыды.
(үзінді)

Мен сендерге көрсетермін тұра-тұр –
Деп бастады жырын тағы бір ақын.
Шын жарыған жанмын деді ол арқалы
Жазғанда тек бостау екен арқауы.

Ширатыла оқығанда – сұрапыл:
Самарқау ел – қазақ елі деген ел:
Түссе дағы осы қазір төбеден
Хаттың өзі екі аяғы салбырап, –
Танымайды, таңданбайды
Ал бірақ
Ақын болды Айбергенов Төлеген
Кетті айтылмай сол жыршының ішінде ой,
Айтылмаған қор еттіңдер түсінбей...

Өтежан НҰРҒАЛИЕВ

Қаратас

Бір тау бар аталатын дәл осылай,
Кемедей алып жүзген денесін жай.
Сол тауда естідім мен хабарынды,
О дүниелік болыпсың, Төлешім-ай.

Кеуденде жазылмайтын жара тас көп,
Замандар емдесе де дара төстеп.
Қайғысын қара таска соққан біреу,
Атынды қойды ма екен "Қаратас" деп.

Мені де көп болды ғой "Қаратасым",
Төлеген, о, Төлеген бала Қасым.
Жартастың жарылған бір жақпарындай,
Кеудемнен құлап кетіп баратасың!..
Әйтеуір, айналамда бала бауыр,
Әйтеуір, соқты сол түн қара дауыл –
Серпе алмай қара түнді білтелі шам,
Нұрлар мен мұз кірпікті жанады ауыр.

Күй шертші, күңірентіп, сүйенішім,
Күйші дос Төлегенді білемісің.
Ол менің, кеудемдегі қаратас қой,
Ұр күйді, Қаратастың жүрегі үшін!

Түн қоршап Қаракұстай төңіректі,
Аркадан оқтын — оқтын жел үдетті.
Төрт бауырым Қаратаста назаланған.
Домбыра дейтін талды еңіретті.

Мұңды күй, қойлы ауылда, бір шалғайда,
Уыстап касіретіңе у салмайма?
Күй шертетін Қаратас қайда кеттің?
Саусағыңнан бұлақтай жыр саулай ма?

Шыққанда ботасы өлген күй еңіреп,
Сезімге саулы інгендей тие, білді
Қайық тас, аруанадай домбыралар,
"Төкенімң, "Төкенімң деп жиі егілді.

Кеудемді жылғалардай жылатады,
Ішімде арман үндер гүл атады.
Абсолют чемпиондай бес минутта,
Қайғымды ақ киізге құлатады.

Сол бауырым күй дегенді ұнатып ед,
Қайғысы сол бауырдың жылатып ед.
Көңіл айтқан кейуана — домбыралар,
Сіздерге сексен толғау рахмет!

Сендермен шам құлатқан нұрды өлшедім,
Кеудемде Жамбыл айтқан жырды өлшедім.
Кеудемдегі домбыра ішегінен
Құлаттың Қаратастың бір бөлшегін...

Бесік қып сол тастарға бөленем бе,
Әлде оны сілкіп тастап жөнелем бе?
Қаратаста кездессе қайғылыдан,
Барсаң, сәлем айта бар Төлегенге!

Тербелгіш, тебіренгіш теңізінен,
Жапанда жалғыздықтан белі үзілген.
Бір ішегі босаған домбырадай,
Сәлем айт бір сыңары егізінен.

Кеудесін бұл жақтағы абат аспан
Күй менен ақ боранға қабат ашқан.
Сәлем айт, екі боран соққан кезде,
Тебіреніп балқып кеткен Қаратастан!

Сәлем де: болашақта аты шығар,
Өлді деуге қай жанның дәті шыдар?
Сен оны өлді деме; Қаратастың,
Күй тыңдап, қалғып кеткен сәті шығар!

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ

Сен дос едің көктемменен, гүлменен,
Ақ жарқын едің ашуды мүлдем білмеген.
Сен қас едің тоғышарларға жердегі,
Біреудің барын күндеген.

Сен өзің де жаңа ашылған гүл едің,
Адамға мәңгі саулық пен бақыт тіледің.
Жаманшылық тілемейтін ең ешкімге,
Жақсы еді сенің жүрегің.

Өліпті деді суық бір хабар келді де,
Осыған сенбей отырмын үнсіз мен міне!
Азамат ерте өлуге тиіс емес қой,
Елжіреп сүйген елді де, туған жерді де.
Сенбедім сенің өліміне мен, міне.

Сенбедім сені осынау бір құмда қалды деп,
Көзімнен менің бір моншақ жас болып тамды деп.
Қызықтай бердім, қызықтай бердім әлі де.
Көгінде жырдың жаңа бір жұлдыз жанды деп.

Демін бар сенің, зымырап өткен көп күнде,
Аяулым бауырым, арманды қуып жеттің бе?
Еліне барып, елеусіз жүруді ойлап сен,
Соңғы бір кезде жыр жазбай әлде кеттің бе?

Мендекеш САТЫБАЛДИЕВ

Дарын

Мен сені ылғи кемерден асып, тасығанында тыңдағам,
Сол бақыттың баянсыздығына — Қайғырып, әлі мұңданам.
Ертерек жанып, ертерек кеттің көз жұмып,

Жайсаңым менің, жырлары көзін жұмбаған.
Көп болды-ау сенің қош айтысқаныңа көктеммен,
Қара ормандар да қайғырады ғой, — күндерге сенсіз өткерген.
Сендей-ақ шығар көкжалмын дейтін жігіттер —
Қасастықтар мен бақастықтарды бөктерген.
Көбіміз көтере алмаған өлеңнің жалын ұстаған,
Сен күркірегенінде — найзағайлардан да үстем ең!
Тебіренген сені көргендей болам мен әлі,
Теңізді көрсем — деңгейден төмен түспеген.
Маңқыстау жаққа омырауыңды ашып келмесең;
Маған да арын бітер ме еді — арындылығыңды көрмесем?
Қайқы қылыштай қайқиып шыға келдің-ау,
Мінәжәт қылып, Махамбет жатқан жерге сен.
Содан соң сенің естігенмін сонау Ертістен ескен даусыңды,
Сен жүрген жерлер жаңғырығып жатты тау сынды.
Кешікпей бірақ қара өлең қара жамылып,
Қап-қара топырақ сені қаусырды.
Сезімді ылғи бұраң белдердей бұралтып мың сан билеткен,
Дарынды сендей көріп те жүрмін-ау сирек мен...
"Болам" деп туып, бола алмай кеткен боздағым,
Өзгенің емес, өзінің биігін алып шығуды үйреткен.
Жүзіңді алғаш көргенде-ақ біткен бір сенім —
О бастан оқшау жыр тіге, келген жыршы едің!
Сен кеткен кезде көп жоқтап жүрміз өзіңді —
Өлмеске аяқ басқаның шығар бұл сенің.

М. ОТАРАЛИЕВ

Қай жаққа кеттің бүгін сен?

Төріне еркін шығатын,
Дос едім, шалқып жүруші ем.
Едің ғой, ғажап бір ақын,
Қай жаққа кеттің бүгін сен?
Ақын ең отты, екпінді ең,
Дос едің, жұртқа сыйлы едің.
Қасыңнан неге кеттім мен,
Неге мен саған ұшпадым,
Достықты еске түсіріп.

Күз келді тағы құстарын,
Оңтүстік жаққа ұшырып.
Жұлдызсың түскен бір ағып,
Құлдырап түскен қаздайсың.
Қуанып, кейде мұңайып,
Енді сен жырлар жазбайсың.
Өзгелер сені жыр қылса,
Кеуделе шабыт теңіз боп.
Аяулы жарың Үрниса,
Сағынады ғой, сені іздеп.
Көгілдір отқа малынған,
Күлімдеп қайта таң да атты.
Сөгілді-ау бірақ қабырғам,
Арманда кетіп ардақтым.
Кеуденнен әсем жыр құлап,
Бармайсың ба енді бақтарға.
Шынымен енді бір бұлақ,
Сыңғырлап тұрып ақпай ма?
Сен жазған әр шумақтың арасынан,
Көремін найзағайдың жарқылын мен.
Іңінде аян сенің алау күйің,
Қош жерден сол жарқылға қарау қиын.
Сен, аға, өз алдыңа бір теңеусің.
Өзгеге, сені, сірә балау қиын.
Сен сөйтіп, өзгеше боп жаратылдың,
Өзіңнің биігінде дара тудың.
Мен дағы шырқау шынды аңсап келем,
Қаншалық биіктерін қанатымның?

Мақсұт НИЕТАЛИЕВ

Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов

Партшколдың сабағы зеріктірді,
Сондай сәтте жігіттер келіп тұрды.
Бірде кештеу біреу кеп есік қақты,
Аштым. Оған бір жігіт еріп кірді.
Маған таяп келді де сұстылауы,
Қол ұсынды. Бейтаныс ұсқыны әлі.
— Ниеталиев сенбісің? ,— деп сұрады,
Сүйді сосын бетімнен, күшты-дағы.
— Ақынсың ғой! Ақынға таңсық емен.

Таңсық емен және де іңіге мен.
Келіп тұрған алдыңа – Айбергенов,
Мына тұрған Шымкенттік Шәмші деген.

Сол күні құрметіне асыл достың,
Жігіттерді шақырып; басын қостым.
Түнімен сыр шертіліп, жыр оқылды,
Ән-күйге бұрдым кейде көштің басын.
Жарқылдап патша-сөздің алдаспаны,
Аяғы ән мен күйге жалғасты әрі.
Төлеген өлеңдерін жатқа соқты,
Ал Шәмші ара-тұра ән басталды.

"Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.
Сен берген құстардың
Қанатын самғаған,
Балалық құштарым
Өзіңе, арналған..."
Қол соғып мәз болыстық күліп тегі,
Жігіттің көбі өнерден үмітті еді.
Сөйткенше "Сыр сұлуын" кетті шырқап,
Қосылып Сыр бойының жігіттері.

"Жайрандап жазда ағатын еді,
Есімде қайран сыр сұлу.
Таңертең сонда баратын еді,
Толқынға құмар бір сұлу..."
Аңсатса Сыр өңірі,
Ән тербетер жүрегімді.
Өзіңнен туған ұлың айналсын!
Жайқалған ақ күрішің
Жаралған шаттық үшін,
Қайран сол Сыр сұлуы, қайдасың?"

Күй шалқып, ара-тұра шай басуға,
Келгендер орын тауып жайғасуда.
Серілер қызып алған тындасын ба?
Шырқалды "Қайықта" мен "Қайдасың" да.

Құрметіне Төлеген,

Шәмші ағаның –
Деді – дағы – мен де бір ән саламын!
Танаш көшті Қашаған термесіне,
Ұмытты жұрт өзінің шаршағанын.
Ұйқы келді, оны біз соз етпедік,
Мезгілді жібердік тез өткеріп.

Ара-тұра тартып аялдадым,
Төлегенге тағы да кезек беріп:

– Бәріміз бүршігіміз бір бұтаның,
Тең келмес бізге, шорт-морт, күл-құтаның! –
Деді де екі шұмақ өлең жазып,
Ұсынды інім маған жыр кітабын:

"Жомарттығына бола алмайтын жыр олшем;
Мен сүйген жалпақ даланың ұлы ең сен.
Маңғыстаулардың мұнарасы болып, сен болып,
Тулайды теңіз кеудемде менің күңіренсем.

Ұлы ең сен жердің ақ маржан атқан, күй атқан,
Бәрі де менің жанымда қалар сияқты ән.
Қашан да болса сендей бір ұл туу керек еді ғой
Тұлпардан қалған тұяқтан!.."

Түн еді. СХИ-дағы қара қыз келіп...
Бір жігіт барып келді, шарап іздеп.
Ертемен қос бауырым қош айтысты,
Ақ ерке Ақ Жайыққа барамыз

Ақын еді...

Талант па ол биікке еккен шынар,
Сынса тек намыс пенен кектен сынар.
Деуші едік ортамызда отырған жоқ,
Бір жаққа жолаушылап кеткен шығар.
Қатыгез тағдыр мына кеткен шұбар,
Тағы бір құлап түсті еккен шынар.
Жоқ дейміз! Ақ бұлақпен тасып
Теңізге құю үшін кеткен шығар.
Талай күн жарқындатып батқан шығар.
Адасқан үйірінен қоңыр қаздай
Қаңқылдап ұшып бара жатқан шығар.

Ол өзі талант еді-ау, туа біткен,
Өмірге келді ақындық куәлікпен,
Кең залда дүркіретіп жыр оқыса,
Әлеумет туынушы еді қуанып кеп.

Ол өзі туа біткен дарын еді,
Алып та үлгермеді барын еді.
Дос болсаң, аяландар, ұмытпаңдар,
Қадірлеп баласы мен жарын енді!

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ

Төлегенге

Мен айтсам деп,
Айтсам деп сөзін көктің,
Мұнараға ішек тағып,
Безілдеттің,
Бірінші боп үлгермей өлең-жырда,
Бірінші боп арадан өзің кеттің.

Батыр едің ешкімге бермес кегін,
Ақын едің,
Өнерде төрлес едің.
Бақытсызбыз, біз сені жерлеп қайттық,
Бақыттысың — ешкімді жерлеспедің.

Керек еді — бел емес,
Тау асқаның,
Жарқыратып жырладың дала аспанын.
Бақытсызбыз — біз мүше бөлісе алмай,
Бақыттысың — ешкіммен таласпадың.

Әрине, аз! Тіптен аз бұл бергенің!
Бір-ақ күндей болмады жыл көргенің,
Бақытсызбыз — көп жаннан көңіл қалды,
Бақыттысың — алданып үлгермедің.

Ұстаз тұтқан, пір тұтқан Қасекеңді,
Болатынбыз бәріміз жас әпенді,
Бақытсызбыз — біз іштей егесеміз,
Бақыттысың — көрмедің бәсекеңді.

Ел ұмытпас ерінің дұрыс ісін,
Бір буынның бірегей ірісісің,
Бақытсызбыз — тірідей өлгендер көп,

Бақыттысың — өлінің тірісісің.
Қалды айтылмай бір сөзің тойындағы,
Кетті өзіңмен жырларың ойындағы.
Тірі болсаң
Тіресіп жүрер ме едік,
Өлгеннен соң амалсыз мойындады!

Тірі болсаң бірақ та,
Дауылды оттай
Жанар едің.
Жанар ең дамыл таппай...
Ақын ұлы болмайды,
Ұлы өмірдің
Ашысы мен тұщысын түгел татпай!

Жүсіп ҚЫДЫРОВ

Бір алапат аруақ билеп дененді,
Арқырап-сарқырап оқитын едің-ау өленді.
Қалатын сонда қауым жұрт аузы ашылып,
Таңдайын қағып, тамсана бағып өнерді.
(Сол Төлегенді отырмын іздеп мен енді...)

Жүруші ең дәйім жасуды білмей жарқылдап,
Адалдық болып-көрінген жанға аңқылдап.
Жүруші ең дәйім көріктей кеудең лапылдап.
Шумақ та шумақ жырларыңмен жалтылдап.

Жауға шың едің басында қары бораған,
Доскa ой едің төсінде талдар таранған.
Жаманға мәрт ең атыңды берген жараған.
Жақсыға жақсы ең берген жүрек алаған.

Отыз жаста жаныма батты сынғаның,
Қаптаған шала болсайшы сенің құрбаның.
Дауылды селдей қайда өлең оқып тұрғаның!
Жетім боп қалды, жаутаңдап қалды жырларың.
(Сол Төлегенді іздеп отыр ғой бұл жаным)

***

Төлегенге хат
Хат тасушыға ескерту:

Осы хатты табыс ет Төлегенге,

(Беретін —ді бар жанын ол өлеңге.
Өртеніп кетті-ау деймін отына оның
Дүниеден сонша ерте жөнегенде)
Төлегенге табыс ет осы хатты,
Сағынды де досы мен қасы қатты.
Қазақтың өлеңінің әр бетінде
Мөлдіреп есіл ердің жасы қапты.

Қолына бер ұмытпа, шырақ, тегі,
Сәлем айтты дегейсің бұлақ, көлі.
Адресі ме?
Адресі оңай оның:
О дүние. Жыр бағы. Жұмақ төрі.

***

Данқ
(әуелгі хат)

Сен кеттің у-ду тірліктен,
Қызығын татпай ғұмырдың.
Жорғалап жерде құр біткен,
Соны ойлап әлде түңілдің.

Сен кеттің түн мен күндізден,
Алмасып жұртты жұбатқан.
Шаттықтан кеттің күлгізген,
Қайғыдан кеттің жылатқан.

Сен үзіп кеттің жолынды,
Кінәлап не етем онынды.
Данқ деген сайқал келгенмен,
Сыйпап бір қалды орнынды.

Сен талақ еттің барлығын,
Арайлап атқан таң нұрын.
Жоқ, жоқ, жоқ! Қате-менікі,
Өмірдің сүйдің бар мінін.

Шөлдерін, қызын, құрайын,
Көгалын, желін, су, лайын.
Кеуденді жатты күйдіріп,

Өленің өрт боп тудайын.
Сол өртті кеше көрді жұрт,
(Кеттің бе әлде торығып?)
Атағың шықты аспанға
Туған бір айдай көрініп.

Жанады жалын лапылдап,—
Адамға біткен ақын-бақ.
Әттең-ай, отыр орнында
Даңқ — сайқал күліп сақылдап.

Құттықтау
(екінші хат)

Туған күнің құтты болсын, құрдасым,
Сыры бірге сырласым,
Жыры бірге жырласым,
Сен ол жақта тойла бүгін тойынды,
От жүрегің дүрсілдесін, тынбасын.
Мен бұл жақта тойлайын,
Дұшпаныңның арасында,
Досым, сағың сынбасын!

Сен ол жақта,
Мен бұл жақта көтерейік бокалды,
Әттең, әттең, соғыстыра алмаймыз.
Тойлы күні біз шырқатып от әнді,
Соның бәрін саған ғана арнаймыз.

Өзің құрдас, балаң аттас баламмен,
Баланды мен иіскедім маңдайдан.
Сен бұл жаққа жалтақ-жалтақ қараумен
Өлең жолдап жатырсың ба шалғайдан.

Жүрегіңнің есітеміз дүрсілін,
Кітабыңның парағында тулаған.
Сонда жатыр бар өмірің, шын сырың,
Кең жалғанға сыймаған.

Сені өлтіре алмады ғой бұл өлім,
Тәнің кетті,
Қалды мәңгі жүрегің.
Денсаулығың үшін ішем бұл тосты,

Ол жақта да жайнап жүрсін реңін.

Құтты болсын туған күнің, құрдасым,
Дақ түспесін ақын туған арыңа.
Жаманшылық көрмесінші бір басың,
Соны айтамыз біз күлкіңді, жанарыңды,
дауысыңды сағына!

Лауреат болған күніне
(Төлегенге төртінші хат)

Лауреат болдың, досым, есіттің бе,
Өлген соң бітпегені несіптің де,
Тырмысқан тірілерді таң қалдырып,
Барасың тұлғаланып, өсіп күнде.

Жырыңа білдірген боп ырзашылық,
Ұсынды сағаң сыйды мырзасынып.
Білмеймін қуандың ба, жыладың ба, —
Бетіңді сары топырақ тұр жасырып.

Жүргендер көзің барда сені "атып",
Жатыр-ау жұрт қатарлы енді ұнатып.
Кей пысық тірі жүрмесе ала алмайтын
Абыройды алдың, досым, өліп жатып.

Келдім де мен басына ошағыңның,
Құттықтап қолын алдым қосағыңның,
Құттықтап қолын алдым Дәуреніңнің,
Шіркін сен осы тойда болсаң бүгін!

Көрер ең аз досыңның мықтылығын,
Көрер ең көп досыңның осалдығын.

Құтты болсын лауреат атанғаның,
Құттықтайды жақсы інің, қатарларың.
Ән сап, билеп, той тойлап қайтамыз біз
Сендей лаулап өртеніп батарда күн.

Тынышбай РАХИМОВ

Сағыныш

Шабыт шарапқа мас едің ғой сен,
жас едің ғой сен өрімдей,
Қыран мінезді қырдың түлегі,
қай аспанға ұштың көрінбей?!
Қараймын биік заңғарларға мен,
зарыққан жанар мұңымен,
Шалынбайсың сен, қызғалдақтар қапты
қыз -қойнауларда терілмей!

Өзіңнің өзек – жанындай көрген,
сынар сүйгенін тоспас кім,
Сөнбейтұғын бір шоқ болып қалдың,
жүректерінде дос, қастың...
"Аруана – бауыр – дүниенің", мынау,
абызы едің ғой бір тума,
Қызулы үніңмен, қызыл гүліңмен
тым ерте неге қоштастың?!.

Көктем де өтіп, жаркын жазда өтіп,
жеткенде тағы қоңыр күз,–
Оңтүстік жақтан қайтқан құстарға
караймын үнсіз, көңілсіз.
Жетеді бір үн сұңқылдап ұшқан сынар аққудан
– ақ қанат,
Кетеді сонда кеудемнен менің өрт борап!

Саркырамалардың сарыны сіңген,
арынды сенің жырыңды,
Өзі жазғандай жатка соғатын, тындасаңшы
кеп ініңді.
Серілерді күткен сегіз қанат үйлер,
саздауытқа сан тігілді.
Сағындырдың – ау сабасы күрп- күрп
сары қымыз тектес үніңді!
Алапат жырды ағылтып еркін адуын нөпір
арынмен,
Көкжиек жаққа көсілуші ең ғой Құлагер
армандарынмен!
Өмірді мынау өлердей сүйген көкірегі ыстық
бауырым,
Қаншама кеудені күйдіріп кеттің
өршіген алау жанынмен?!

Қаршадайыңнан қалай көтердің
Баба жыраулар дарынын,
Келсеңші, тағы тыңдағысы кеп
Дала үнсіз жатыр әлі күн...
Таңдардан күткен,
Арманнан күткен өзіңнің Сағынышыңмен,
Мендей ме екен бар Інің?!.

Бердібек ТҰРҒЫНБАЕВ

Үш саңлақ

Мұқағали, Шәмші және Төлеген!
Рухы кезсе, медет беріп төбеден.
Сүйеді де, күйеді де ел-жұрты,
Есіне алса, үш саңлағын көреген.

Құдайымның жөндеп алар бір өзі,
Әркімнің бар өзіне тән мінезі.
Ішінен адам көпшілікке жақпаған,
Көкейіне жетпеген де мұң сөзі

Үш саңлақты түсініп кей саналы,
Қуаттады олар сүйген саланы.
Анасындай мандайынан сипады,
Кең даламның жанға жайлы самалы.

Дәмдерден жеп, шарап ішіп тойғанша,
"Бір тойыммен..." өтіп жатыр той канша!
Үш саңлақ та өлең айтып билеген,
Өкшесімен жерді теуіп ойғанша.

Тірісінде өсек қылып даттадық,
Бұл дүниеден өтіп кетсе мақтадық.
Біле тұрып табынғанын музаға,
Үш саңлақтың ала арқанын аттадық.

Өмір-өзен аққандай бір далаға,
Ұшыраттың ішсе, бәле-жалаға!
Сырт жағынан есікті де жаптырдық,
Жақындатпай өзі сүйген салаға.

Шытырманның шырмауына шатылды,
Көзін ілмей қызыл танды атырды.
Дос боп жүріп көре алмаған білгіштер,
Ақ жүрегін көк мұз қылып қатырды.

Арқаласа құдай берген дарынды,
Тіршіліктің шоғына да қарылды.
Қинағанда шабытының толғағы,
Көңіл-күйін көтергенде жарылды.

Шабыт келсе, тұла бойы кернеген,
Жаңа ой іздеп ақ маңдайы терлеген.
Көңіл құсы шарықтады аспанда,
Жақсы ән шықса, күмбірлеген пернеден.

Айдын көлде ескеші дәл есетін,
Ханды үкімге әділ соттап кесетін.
Оқтай қылып айтқан кезде шын сөзді,
Жүректің қақ ортасынан тесетін.

Сөз бен сазы өнеге өрсе қамшы боп,
Іргенде тұрса асығы алшы боп.
Арамызда мәңгі бірге жасайды,
Мұқағали, Төлеген мен Шәмші боп!

Ілияс АЙЫНОВ

Арман тойы

Қанатты тілек-арман: "Бір тойым бар",
Айтылып дүйім жұрттың жүр тойында әр.
Төлеген де жүреді сол тойларда,
Жас ақынсыз өткен бе күлкі-ойындар.

Төлегенше сөйлейді асабалар,
(Әр тойда олар да бір жасап алар)
Көзіне жас алады жас апалар,
Еске түсіп қауіпті Қосабалар.

Құттықтап киелі, алтын босағаны,
Әр қонақ тілек айтып, тост алады.
Төлегеннің жырлары кезек алып,
Жастықтың жалын атып, тасады әні.

Өлең-өмір өзгерді, бар маң түлеп,
Сағынышқа айналды арман-тілек.
Дүрліктіріп келеді жұрт санасын,
Отызында арман боп қалған түлек.

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

Қаймақтай қара дауыл, қыс қарынан,
Қоңыраттай Алатауға ұшқан ұлан.
Нөкістегі Шоршада аяқталған,
Жас қыранның сапары қысқа, бұраң.

Тырнасын тыраулатып сары ала қыр,
Төлеген деп қағады дала дабыл.
Ақжайықты, Қоңырат, Сарыағашты,
Ақын рухы бүгінде аралап жүр.

Сүйетұғын Мамырды, Маусымды айқын.
Ақ жүзін жай шындайтын.
Төлегеннің басталды ұлы тойы
Мәңгі-бақи, толастап, таусылмайтын.

Нармахан БЕГАЛИЕВ

Ақынның соңғы монологтары

Қалам қайда жазайыншы бүгін бір,
Мүмкін менің ең ақырғы жырым бұл.
Сонда саған да ризамын, ей, ажал,
Буындырсаң сұлулықпен буындыр.

Көзден ұшты — ау тіршіліктің оттары,
Жол тауысып, күнге ұқсап батпадым.
Ажал мені сұлулықпен тұншықтыр
Сұлулық қой менің қимай жатқаным.

Қатал тағдыр, ақ арманға қойдың өрт,
Бір ажалға беріспей тұр бір шыдам.
Шөлдедім ғой, сусын болшы соңғы рет,
Айлы түнгі сынап сәуле сусынған.

Ақбауыр жол есігіме тірелген,
Кетіп жатсың кең дүниеге шегініп,
Сапарымды сенен бастап жүр ем мен,
Сеніменен
Жерлеуге де апара ма мені жұрт?

Айналайын әсем үні торғайдың,
Мен өзіңді сағынумен сарғайдым.
Өзіңе ұқсап шырылдайды арманым,
Тірілермен оны қалай жалғаймын?

Көкірегімде нұрлы сезім — ән барда.
Сұңқар болып самғаушы едім заңғарға.
Мүмкін болса
Тілеулестер жүруі үшін қайғырмай,
Айналмай — ақ қояр едім мәрмәрға.

Жаутаңдап жырға толы белес қалды...
Қалайда мына өлім емес заңды.
Отызға жаңа ғана толған шақта,
Жатырмын көзбен ішіп көк аспанды.

Дүние-ай, арсыз ажал арсыз тіпті,
Ақынның ақ арманын ақыр жұтты...
Ақындық өлмес еді-ау тірі жүрсем,
Тірілер өлтірмеңдер ақындықты.

Бигали АБДРАХМАНОВ

Төлеген Айбергеновке!

Қасында жүрдім аз-ақ күн,
Қас қағым қалмай ағалап,
Ақынын нағыз — Қазақтың,
Ағамдай сыйлап сағалап.

Бал дәурен күнге балаған,
Есімде жалын — жас шағын.
Тәлім ап сіздей ағадан,
Әншілік өнер бастадым.

Бір жүрдік өнер жолында,
Әнге де едің майталман.
Үкілі домбыра қолында,
Ғарифоллаша қайтарған.

Өленің өрге қаркындар
Өрендеріне жалғасып.
Айбергеновтей ақындар,
Архивте қалмас шаң басып.

Қиялға жырын бөлеген,
Қияға қағып қанатын.
Биігінде жүр Төлеген,
Қайталай алмас сан ақын.

Жоқтайтын шығар өзінді,
Ақ Жайық, Әму, Сыр бойы.
Төкенді демен "Көз ілді",
Тойланар талай "Бір тойы"!

Өлген жоқ!
Тұлпар сүрінді.
Жыр-мұраң мәңгі халықта.
Жатқа айтса жастар жырыңды,
Жарасар сіздей алыпқа!

Өмір бұл әсте зыр еткен,
Алқынып аққан төзімсіз.
"Бір тойыңның" жыр еткен
Өтуі-ай, шіркін, өзіңсіз?!

Санаусыз жылжып жыл-айы,
Сан күндер өтті "құнарсыз",
Сағыныштарды шынайы,
Сіз алып кеткен шығарсыз!

Жарасқан ӘБДІРАШЕВ

Ақын кетіп барады

Ақын кетіп барады көшеменен,
Екпініннен бір дауыл еседі ерен.
Жанарында найзағай семсер сілтеп,
Кеудесінде қара бұлт көшеді өлең.

Жөн-жосықсыз достары даттады ма?
Жөн-жосықсыз дұшпаны мақтады ма?
Әлде жардың қылығы жақпады ма,
Бас сауғалап барар жер таппады ма.

Біреулердің бетке айтып сарандығын,
Біреулердің бетке айтып арамдығын.
Қызуына көңілдің зарықты ма,
Қызығынан өмірдің жалықты ма?

Ақын кетіп барады көшеменен,
Екпініннен бір дауыл еседі ерен.
Жанарында найзағай еседі ерен,
Кеудесінен қара бұлт көшеді өлең.

Жүрсін ЕРМАНОВ

Төлеген Айбергеновке

Жүруші ең келесі ғасырға күнара қонып,
Сен болсаң тұрмаспа еді мына ара толып.
Қараймын Маңғыстау жаққа көзімді сүзіп, -
Шаншылып қалмады ма деп мұнара болып!

Кеуденді кемерлеп жатқан барында аскақ үн,
Сен қашан құрбына керім жанынды ашпадың,
Мөлтілдеп қалмадың ба деп қос тамшы болып,
Қараймын көзіне ұзақ қарындастардың...

Сен жаның бейуақ шақта ілсін деп пе ең?
Сағынып көгала күндерге көзін сүзбеп пе ең.
Сен бізді сағынғалы ұзап кетті ғой деуші ем,
Келді ғой тағы аңырап тағы өзіңсіз көктем!

Бір сезім өзіңді жоқтап ақты денемде,
Сенбеймін созылып сені жатты дегенге,
Мен білсем гүр етіп жанып кеттің-ау сен
Айналып өміріңмен де ақтық өлеңге!

* * *

Уақыт, ойхой,
Сағыныш жырын қозғасын,
Сағыныштан ғана өлермін өлсем өз басым.
Келдің бе көктем,
Аруана болып аңырап
Ағыл да тегіл ағызып нөсер көз жасын!
Аспаным толы, жас жаным толы сазды әуен,
Самғатып жүр — ау керуен,
Лек — лек қазды әуем.
Қаздармен бірге келіп ең,
Енді қаңқылдап
Қаздармен бірге қайтасың ба екен, жаз дәурен?!.

Асқар ЕГЕУБАЕВ

Қызғалдақ дәурен

(Алматы, Айбергенов, абитуриент ақындар. Қыз Жібек пен Төлеген, Бекежан...)

Нұр болып ұшып, ніл болып сіңген көктемдер,
Ғажап қой өмір, ғажап қой аспан көкпеңбек.
Көзімнің жәуі — көк ала үйрек жоғалған,
Көкжиектегі көгілжіп түсті бөктерлер.

Көгілдір күндер — бөктерлей ұшқан кептерлер,
Мұлгиді таулар, батырдай сынды шешкен бел,
Аққу бұлттардың қанаттарының лебіндей,
Алма гүлінің жұпарын сеуіп ескен жел.

Ертөстіктердің етігі тозған жолдарда,
Аэропорттарда, құрыш жүйкелі вокзалда.
Сағыныштарын сыймаған миға, томдарға,
Уыстап шашып қауышқан ыстық қолдарға...

Аэропорттарға, вокзалға сыймай бұрқырап,
Көктемнің көкжал сел толқындарындай жыр құлап.
Тоғысты келіп, табысты келіп даланың,
Бала ақындары бала құстардай шұрқырап.

Тоғысты дейсің тербелісті аулап дір еткен,
Періште пейіл, періште тілді жүректер...
Оқиды түгел жарысып Айбергеновты,
Тай ақындарым бірінен жүйрік бірі өткен.

Бастаса бірі, желпініп бірі табанда,
Ақынның жанын жаяды жалпақ ғаламға.
Толқиды бірге Аруана — бауыр дүние,
Сынсиды бірге құмдағы мұнаралар да.

Инженерлерің, юристерің өрімдей,
Жөнелгенде оқып, шыдарсың қалай төгілмей.
Кереметтей бір сағыныш кернеп
Күмбез көк
Күмбірлеп барып, қалады шақ-шақ сөгілмей...

Ғаламат сұлу Сағыныш кернеп ғаламды,
Сағынасың бір Сағынышпенен адамды.
Сағынасың бір көрмеген көркем күндерді,
Сағынасың кеп сырласын сынды қаланды.

Сағыныш толы тіршілік қандай нұрлы еді,
Тіл ашып жатыр бала талдардың бүрлері,

Жүректен кіріп, қуалап бойлы жалғайды
Жалғанмен мынау әнші құстардың үндері.

Дүниені жалған үйіндей көріп кіреміз,
Өйткені, біздер Айбергеновты білеміз.
“Көкесі” де жоқ,
“Көк тиыны” жоқ ... көген көз,
Меккеге жеткен дәуріш сынды жүреміз.

“Ақынға” ғалам құшағын ашпай байқасын!
Шайқаса – шайқап! Шайқалсаң жайнап қайтасың.
Жатырқамайды, жалықтырмайды шат қала,
Өйткені, жатқа Айбергеновты айтасың!

“Туысың” да сол, “танысың” да сол “демейтін”,
Ару қаланың аруағы сынды жебейтін.
Шарықтап жүріп қарағымыз жоқ ешкімге,
Көрінбейді ешкім ескеріп бізді, елейтін!

Ей, ару қыздар, бермеген жанға маза тым,
Ақ теректерде жазылып талай қалды атың.
Ақ теректерің көрінеді ыстық, Алматым,
Жүрегім сынды берішке батып қалғасын.

Ақын Төлеген...
Аттанған екен...
Көрмедік.
Түп-тұнық жырдан тамсанған сайын шөлдедік.
Тамсанған сайын өрекпіп көңіл – Өр де едік!

Ертегі қала, ертектей шілде, гүлді шақ,
Оянып таңы, жаяды жұмақ түн құшақ.
Ұмытсаң дағы, ұмытпайды екен, бек жүрек,
Сезімнің туған күніндей жарық күнді шат!..

“Қыз Жібегімен” Алматы сонсоң ауырды,
Махаббат деген сұлуландырады қауымды.
Ауылдан – ауыл әуелеп ұшқан алты қаз,
Оятты мың-мың Сансызбай сынды бауырды.

Қыз Жібек, содан Меруерт қызға айналды,
Батыр Төлеген Жібегін алып жайланды...
Бекзадалықпен Бекежандардың Асекең...
Еңсесін жазып, бітірді мәңгі майданы.

Жас жүрек біздің желегін жаңа жайғанды,
Ақын Төлеген мезгілсіз мұң боп байланды.
Бала ақындардың ақ бесігіне балаймын,
Жұлдызы жарық, аспаны биік айларды.

Ертегі дәуірен! Ертектің бұлар басы екен.
Тірліктің жолы бірде гүл, бірде тас екен.
Қозы мен Баян, Қыз Жібек пенен Төлеген,
Ғажайып шақтың үзіліп түскен жасы екен.

Нұр болып ұшып, ніл болып шөпке жүгірген,
Гүл болып солып, күн жуып күнде тірілген,
Балғын сезімнің,
Пірлері Төлегендерді
Сағынып, аңсап, іздеймін, достар, бүгін мен!
Жабығып, жар сап іздеймін, достар, бүгін мен!

Аспан жарығы,
Жұлдызды тербеп қиырдан,
Нұр болып көкке, нұр болып жанға құйылған.
Сиқырлы ғалам — Көктемнің кәусар тұнығы,
Жалғанға — жылап,
Адамға бір сәт бұйырған!!!

Есенгали РАУШАНОВ

Ташкент

Т. Айбергеновты еске алу

Бас почта. Әсем хауыз шүлпілдеген,
Әріде палаухана түтіндеген.
Қағілез қара балаң жүрді осында
Газетін Алматының күтуменен.

Әлінше әркімдер де аулап көрген
Қара өлең — топ киік қой саулап келген.
Немесе, бауыры бұлақ бір кез мая,
Ол соның ботасы еді аулақта өрген.

Жараған арғымақтай қарап алға,
Шаһардың гүлзарларын араларда
Дүние көз алдында нұрланатын,
Өйткені, ол ғашық еді бір адамға.

Шыршықтың шық тұнған шақ шалғынында,
Шомылып жан дүниесі таңғы нұрға.
Қайырып ыңғай төкпе Қашағаннан,
Қайтарып сал Құтбайға салды мұнда.

Кейде өзін кішісіне балап елдің,
Кейде өзін пірі тұтты бар әлемнің,
"Жаңғыртты даусы талай ақ залдарды", —
Ол дауыс — дауысы еді қара өленнің!

Бас почта. Әсем хауыз шүлпілдеген,
Әріде палаухана түтіндеген.
Қағылез қара бала жүр осында
Газеттен бір жаңалық күтуменен.

Ибрагим ИСАЕВ

Аңсау

Төлеген Айбергеновке

Сен ұл ең өлең үшін дара туған,
Тек қана сағыныштан жаратылған.
Жарқ етіп поэзия әлемінде,
Қалды тек қайталанбас дара тұлғаң.

Тағдырдан болса дағы бір қателік,
Есейтті сені өмір жырға теліп,
Бастадың қатарының ұлы көшін,
Өзіңнің өр шыңынды бір көтеріп.

Жоқ еді жырларында шаршау деген,
Жүруші ең болашақты аңсауменен.
Сапарың кетті бірақ басқа болып,
Мәңгі өлмей сендей ақын қалса-ау деп ем.

Жандардың шуаққа орап күзгі реңін,
Жырларың тербеуші еді қыз жүрегін.
Тағдырдың Бекежаны тап болды да,
Артында қалды өленің — Қыз Жібегің.

Жырладың табиғаттың наз қылығын,
Жырладың аққулар мен қаздың үнін.

Қаншама сұңқар жырлар туар ма еді,
Әттең-ай, үлгертпеді аз ғұмырың

Соншама шабыт кернеп, жыр тулаған,
Шақтарда кеудең қалай жыртылмаған.
Ойпырмай, осыншама сағынышпен,
Қайранмын, сені қалай бір туды анаң.

Болғанмен өлең жайлы мың күн егес,
Жазбаса нағыз ақын жыр тұлемес.
Әйтеуір тап сендегі сағынышқа,
Өртеніп өлмеу әсте мүмкін емес!

Байбота СЕРІКБАЕВ

Ақтұма бұлақ

Қайран, ақтұма бұлақ,
Қоңырау қағып таулардан ақтыма құлап?!
Жатты ма жылап,
қайран, ақтұма бұлақ?!
Қайран, ақтұма бұлақ.
Самал жел ескенде көктемнің бұлты сыбырлап,
Күлегеш қыздың сыңғырлы күлкісін ұрлап.
қайран, ақтұма бұлақ,
қоңырау тағып,
таулардан аптыға құлап.
маржандай тісін көрсетіп күлетін еді,
Сағағын иіп,
Сүйші деп гүл өтінеді.
Орманға барса үріккен елік ішетін,
Бетпаққа барса бөкендер келіп ішетін,
Болмайтын еді осынау қырда су шегі.
Даланы кезіп,
киікпен сырласушы еді,
Ақтұма бұлақ сонан соң рахаттанып,
Кететін еді сол жерден бір — ақ аттанып.
Құямын дейтін көгілдір теңізге барып,
жүретін еді, ей мұрат сені іздеп арып!
Асаудай еді алқынған бір құрық көрмей,
ағатын еді талпынған жырға ырық бермей.
Қағатын еді бұлдырап бұлдырық керней,

асаудай еді алқынған бір құрық көрмей,
Ақтұма бұлақ құба жон құлыншақтай-тын,
Кісінейтұғын,
Күмбірлі үнін сақтайтын,
Шуақ алатын сиқырлы шын ғашық таңнан,
Туа қалатын ай болып шыңға сұқтанған.
Ындыны кепкен құмайт қыр қанып ішпеген,
Ақтұма бұлақ еді бір сағынышты өлең.

Қайран ақтұма бұлақ,
Қоңырау тағып таулардан ақтыма құлап.
Қайран ақтұма бұлақ,

Ақтұма бұлақ!
Ол – менің мұндасым еді,
Сенбес ем біреу десе егер құмға сіңеді.
Ақтұма бұлақ жоқ бүгін шынға сұқтанған
Ақтұма бұлақ арнасын құм басып қалған...
құм басып қалған...
мен енді ақпасын білем,
білемін енді даласын жаппасын кілем.
Бұл маңда бүгін құлпырып гүлдер өспейді,
ғашықтар салған әдемі үндер еспейді.
... Қаншама келер жаз, көктем, аш боран еді,
Кеппейді бірақ бұлттардың жасты орамалы...

Әбубәкір ***ҚАЙРАНОВ***

Құйын

Құйындарды құйын емес дер ем мен,
Құдірет-деп айтса біреу сенем мен,
Бұл құйынның...
Бұзықтығын кешірем –
Құйғытпаса құйын болар несімен.

Көк аспанның тіреуіндей шаншылып,
Құйын жүрер күміс күнге талпынып.
Табаны – жер,
Төбесі – көк,
Көшпелі,
Дала ұлдары әркашанда өстеді.

Жеткізбестен барша арман барша үміт,
Құлын — құйын құласа егер алқынып,
Қайғырамын,
Қиналамын, мен де шын,
Бұл сөзіме сенбегендер сенбесін.

Себебі оның,
Құйын болып өткен бір
Қыршын аға көкейімде көптен жүр.
Сұрасаңдар,
Оның аты — Төлеген,
Жүрегі оның өшпей тұрған өр өлең.

Құйындарға сыйын, мейлі сиынба,
Құйын болу —
Құлаш ұру қиынға
Құйын көрсем, бір ой тұрар,
Ал менің,
Үміт толы жүрегімде миымда

Ақын жаны жүрген шығар құйын боп,
Әлдеқандай, әлдеқандай қиырда.
...Құйындарды құйын емес дер ем мен.
Құдірет — деп айтса біреу сенем мен.

Мұрат БЕКЕЙҰЛЫ

Төлеген Айбергеновті еске алу

"Арадағы достықтың, ұлы аруақтың,
Құдіретін өзіндей ұға алмақ кім?
Сенің жырың тұғырға мінген күні,
Мен үйімде шаттықтан жылап жаттым".
М.Шаханов "Төлеген Айбергеновке ескерткіш"

Жанартау — жүрек атқылап ерен,
аққанда лава — жырларың,
Жанында жойқын ырғақтар тербеп,
толқыса дария — нұрлы ағын,
Ауылына мынау, қозғала марғау,
несібе терген тірліктің,
Атыңның басын бұрмадың.
Жырларың қанат қаққанда көкке,
найзағай — ойдың жарқылы

Аспаннан аққан құйрықты жұлдыз
сәулесі жанды шарпыды.
Бүкіл әлемдік тартылыстардың,
ұқтым мен, аға, қуатын,
Сенің жырларың арқылы,

Туған жерді аңсап, алқынып ұшқан,
тырнаны көрсем төбемнен,
Өрнектей алсам сағыныш сазын
сұңғыла сырлы өленмен,
Жаныңнан туған сезімтал жырға
жүрегім мәңгі қарыздар.
Сағына білсем егер мен.

Алғанмын сенен — тіл қатпа менен
адал достыққа құштар ұн,
Сезінсем егер бойымда менің ізгілік
атты күш барын.
Не деген бақыт — достыққа деген
мендегі қайсар сенімнен,
Үрейленсе егер дұшпаным.

Алыбым менің!
Қабаттап жырға сенімнің жүгін
көтерген,
Қалғыса сезім — сезгендей өзін,
шығады отым шекемнен.
Мендегі мынау мерейі үстем мейірім
үшін өзіңе
Басымды иіп өтем мен!

Мұрат БЕКЕЙҰЛЫ

Арман сапары

(поэма-эссе)

Төлеген АЙБЕРГЕНОВ рухына бағышталады

"Амал бар ма, біз қазақ әдебиеті екі үш дарыннан ерте айрылдық. Олар Абдолла, Баубек, Төлеген".

Әбит Мүсірепов.

І. О, құдірет!
Санамда жарқылдаған

Жасын — ойға сәтім жоқ шарпылмаған.
Жанымның қойнауынан құлап аққан
Бір ғажайып бұлақ бар саркылмаған,
Бір пенде бар жағада салқындаған,
Бір керуен бар әлі жүк артылмаған,
Бір қарт бар қыр басында қалтылдаған.
Бір сәби жүр жанары жаутаңдаған,
Бір сұлуға жан сырын айта алмаған
Бір іні жүр жасқанып, жалтаңдаған,
Өң бе, түс пе, әйтеуір, түсіне алмай
Осынау бей-жай күйдің артын бағам.

Поэзия шыңынан санқылдаған,
Ағаны аңсап күнім жоқ алқынбаған.
Тұлпар — жыры жүйткитін болашаққа
Жазбай бір үдеуінен қаркындаған.
"Біресе әлем одан ән тындаған,
Біресе дүние одан зар тыңлаған".
Әлдекашан қонған ол биік таққа —
Жанымның сарайында алтындаған.
Мен оның нөкерімін жауға салар,
Бойында бес қаруы сартылдаған
Қорамсақта самсаған жыр-жебесі,
Әлі кек садағында тартылмаған.

Түйелері жол аңсап баркылдаған,
Төбеттері жан салып арсылдаған,
Керуеніме неге жүк артылмаған?
Анау қарт қыр басында қалтылдаған
Көкжиектен не көрді жалқындаған?
Мына бұлақ бір жаққа асыға ма,
Пенде қайда жағада салқындаған?

Сәби де жоқ жанары жаутаңдаған,
Іні де сүйгеніне қосылған ба —
Кеше ғана жасқанып, жалтаңдаған?
Жар салып бүкіл дүние көшкендей ме —
Мен осы немененің артын бағам?!
Бір сырды неге айтпаймын айтылмаған,
Неге бір күй тартпаймын тартылмаған
Жыр — тәңірі, сыйлашы ағалардың
Өр сенімді баулыған салтын маған?!

II. Арман сапары
Жан-дүниеңді баурап бір сенім ерек,
Еңбегіңді тұрғанда елің елеп,
Туып-өскен аяулы ауылыңнан
Жыр қуып аттанудың жөні бөлек.

Жөні бөлек аналық ақ тілектің,
Жөні бөлек бұлғанған ақ білектің,
Жөні бөлек — қимаған жанардағы
Жүрегіңді шарпыған отты лептің.

Шабыт қуып қанша түн кіл күрсіндім,
Бәрін толғап сезімнің үлгірсін кім?
Аттанып барам ұлы сапарға мен,
Сағынышын аркалап бүлдіршіннің.

Барам бүгін аркалап ел сенімін,
Сол сеніммен арылам төнсе мұңым.
Қандай бақыт — ансаумен оралғанда
Ырзалықпен ұлына берсе гүлін.

Кеудемде бір сағыныш дараланып,
Бір асыл нұр денеме тарады анық.
Ақ басты заңғарлардың арасымен,
Астанаға көк пойыз барады алып.

Сұлулықтар жүрекке орнайды ерен,
Атамекен, көркіңе тоймай келем.
Неге ертелеу келмедім бауырына
Дегенді ойлай берем, ойлай берем.

Сенсем де мені аялай құшарына,
Көндім-ау күйбең тірлік тұсауына!
Бүгін мен нұрға іңкәр жүрегіммен
Қойып кеттім көктемнің құшағына.

Ғажапсың көктемдегі көгілдір қыр,
Шертесің жыр-домбыра шегін бір-бір.
Таптырмайды бір тыным жас балаша
Толастамай толқыған сезім құрғыр.

Көкпеңбек боп шалқыса күй реңі,
Шәрбат-ауа діліңді үйіреді.
Тербетілген баулардың әлдилеген
Тербеді ғой бір әсем жыры мені.

Ақтарамын жап-жасыл қыратқа сыр,
Көз тігемін мұнарлы жыраққа кіл.
Сәлем саған — әр бұта түбі сайын,
Бүлкілдейтін мөп-мөлдір бұлақты өңір!

Қыс кеткен, бауырына сыздар қатқан,
Көкжиекке сәулемен сызғанда ақ таң.
Жанарымда жалындап қалып жатыр,
Шоқтар сынды самсаған қызғалдақтар.

Мейірімге шуақтап Анаға тән,
Мені терең сыр тербеп барады Отан!
Көк белдеуге отарын мамырлатса,
Иесіндей даланың бала шопан.

Көкіректің жыр кернер тұс арнасын,
Келгенде шабыт тұлпар тұсалмасын.
Құштарлықпен жанарым аймаласын,
Асқақ анау шыңдардың ұшар басын.

Ата арманы — шын демеу емес пе ерге,
Атажұртты аңсасам — өрескел ме?
Бабалардың төсінде ізі қалған,
Терезеден тігілем белестерге.

Баурады ғой жанымды сезімдер тын,
Туды, міне, жұртым-ау, сені іздер күн.
Қыранша шыңдарыңды бетке аламын
Аққу едім жүзетін теңізге еркін.

Кетіп бара жатқам жоқ симай, далам,
Сағынышты мен әлі жырға айналам.
Ақ теректер бұрала қиылады,
Жаутаңдайды көлдерім қимай маған.

Шетсіз-шексіз алдымнан көлбеген кең,
Далама айналармын өргенде өлең.
Түлеп ұшқан төсіңнен қуат алып,
Алысқа шырқарыма сенгенде мен.

Құшағыңа аңсаумен қайта оралам,
Қалды сенде тойларым таркамаған.
Сен мені мұңмен тербер сағыныш ең,
Тілек қос, оттан ыстық ортам маған!

Алғыс айтып шабытым мол шақтарға,
Толқынына тағдырдың қарсы аққанда,
Үмітімді арманға желкен етіп,
Жолығармын бауырға аңсатқанда.

Табынбай сағымына жүлделердің,
Өлеңім — өмірім деп жүрген ермін.
Поэзия қанымда —
Себебі мен,
Өленменен өмірге бірге келдім.

Сапарында арманның қалғымаппын,
Тау суынша тастардан қарғып ақтым.
Зәм-зәм болып тарармын тамырына
Өлең жырдан нәрленген сәнді бақтың.

Аңсатты көз ілдірмей жыр-құшағы,
Жырға айналып жүрегім нұр құшады.
Жалауындай, жастықтың желбіреген,
Іңкәр сезім менімен бірге ұшады.

Жанарымнан ырғыса жаңа ұшқындар,
Бала жастан жүректе таныс мұң бар.
Көз ұшында қалуда дөңгеленіп,
Төлегенді тербеген алыс қырлар.

Шымырлатып беймаза санамды мұң,
Дұға сынды қайталап ағам жырын,
Өлең-жырдың аяулы ордасына
Мен де самғап арманмен барам бүгін.

III. Жол ойлары
Өтіпті-ау, көз ілмеген ұзақ таңдар,
Үздіктіріп самғапты-ау жырақта арман.
Бірақ әлі кеудемде көз ашпаған,
Ағар күнді аңсаған бұлақтар бар.

Кеудемде алаулаған сағыныш бар,
Сөндірмеген шаршаулар, жабығыстар.

От-жүрек бар кеудемде өмірге іңкәр,
Өнерге іңкәр тілекпен алып ұшқан.

Өр қиял бар өрлеуден шаршамаған,
Қуат алдым сезімге алсам одан.
Қанат екен қиялы —
Алыстардан
Ұшса арман дидарын аңсап адам.

Өмірде мәңгі жастық әні барда,
Үмітсіздік санама дарыған ба?
Жан қайрағы екен ғой қиял деген,
Отқа айналар сезімдер жаныққанда.

Күнде ойын, думан құрған жас қауыммен
Жастық шағым, осылай қас-қағым ба ең?
Шалалықтар көп өткен сол күндерден
Даналықтың іздеймін бастауын мен.

Бар ма екен сол күлкіден күлкі артылған,
Бар ма екен одан әсем күй тартылған.
Бақытты бабалықтың армандары
Екен ғой мені өмірге іңкәр қылған.

Бала-қиял кезбеген жықпыл бар ма?
Сол бір кез қиялшылдық жұқтырған да.
Сұлу жырлар жаттаған дәуірлерім
Ұлылардың қадірін ұқтырған да.

Жаңбырда жаланаяқ сызған адым,
Шақтардан біліппін бе із қаларын?
Кемпірқосақ — армандар шұғыласын
Өзге түгіл өзімнен қызғанамын.

Шабытпенен кезгенде жыр аламын,
Ұмытып мен өмір-жол бұралаңын,
Мейірлене сүйемін бар адамды
Мейірімін сезінсем бір ағаның.

Мейірім атты мынау дүниені,
Сезінсе жан жадырап, сүйінеді.
Мейірленем оған жыр арнағанда,
Баурағандай ізгілік күйі мені.
Жетімдіктен жанында жара бардың,

Қайғысымен мен талай дара қалдым.
Мейірленем бастарын сипағанда,
Мейірлі алақаны ағалардың.

Сенбеймін мен басқаға шөлдегенге,
Қаламымнан жыр-нөсер селдегенде,
Өмірдің шым-шытырық сокпағында,
Мейірімге шөлдедім шөлдегенде.

Ақын боп туғаныма жазықты емен,
Алады кәусар жырдан азық денем.
Ар әмірін көшіріп ақ қағазға
Жүректің жаз дегенін жазып келем.

Көңіл көгін тымырсық торласа мұң,
Тұлпар – шабыт жалына жармасамын.
Ағалардың – жүрегі ел деп соққан,
Өміріне өлеңмен жалғамасын.

Аспанында алаулап күн тұрғанда,
Тарамаған, елім-ау, бұлтың бар ма?
Сағынып аққуларың жетті міне,
Көгілдір көлдеріңнен сұңқылдауға.

Уақыт емдемеген жара бар ма?
Мейірім атты мынау жағалауға
Қалай мен иірмеймін жырларымды
Айбынымдай алдымда аға барда?

IV. Атамекен

Ақтарылмай алдында тынбақ емен,
Сарайына жаңының жырлап енем.
Аңсатқан Атамекен құшағында
Елім, бүгін ерен сыр тында менен.

Болашақтан аңсатқан алшақ мекен,
Құшағына қашан да шаршап жетем.
Мен сиякты сағынып топырағын
Менше тағы перзенті аңсап па екен?!

Балалықтың балауса армандары,
Армандардан жанымның алған нәрі,
Темірқанат балапан түлеп ұшқан

Алтын бесік...
Есімде қалған бәрі.

Ұшқан ұя, қайтейін, қымбат маған,
Қымбат маған...
Барымша жырлап бағам.
Мен ұшқанда төсінен Арал толқып,
Қарауымбет қасарып үн қатпаған.

Шалқып аққан Әмуім,
Жейхун – жырым,
Сені ойласам жанарда қалқиды мұң,
Мен кеткенде толқынын жуасытып
Үнсіз аққан ұмытып жойқындығын.

Атамекен, төсіне келіп тұрмын,
Сөйлей алар хәлде емен – толып тұрмын,
Бауырға айқара ашық көңілдерден
Бауырмал сезімдерді жолықтырдым.

Арайындай мәңгілік сөнбес нұрдың,
Ажарындай мәңгілік өлмес жырдың.
Ақ арындай аяулы аналардың,
Ақжарқын пейілдерді кездестірдім.

Көрдім одан арманның алуан нұрын,
Көрдім одан үміттің жарған бүрін.
Ұқтым сырын шақтардың көңіл көгі
Төгіп-төгіп ашылған ақ жаңбырын.

Бір болғанмен аспаным, көкжиегім,
Сағынышты жасымнан еншіледім.
Даламның топырағын иіскегенде,
Езіліп ет-бауырым, елжіредім.

Қасиетті бабамның нұры сіңген,
Топырақтың аңсағам иісін мен.
Алшақ қырдың төсінде күн кешсем де,
Жасадым осы елдің тынысымен.

Арнасын шабытымның тасытқан кең,
Әр адамын құшайын ғашық жанмен,
Бүгін ғана жетістім дидарына,
Қаншама алабұртып, асыққанмен.

Жанбырындай толассыз өлараның,
Сағыныштың жабырқау салам әнін.
Өкініштер өртеген өзегіммен,
Кезегіммен мен бүгін сөз аламын.

Армандардың ырғалтып жаңа бағын,
Жанарған дәуірменен жанарамын.
Ізгілік жасаған жауынгер боп,
Мен көзсіз ерліктерге бара аламын.

Сағынышын сарғайтып мынау елдің,
Ерен жырдың арнасын бұра келдім.
Қасиетті салт болса — мұрагермін,
Жыр — бәйгеге баптаса — Құлагермін.

Келешек көкжиегі қызарғанда,
Бір үміт сәуле шашып тұрар ма алда?
Жылытамын жанымды шуағына
Жаңа жыр жаңа күннен нұр алғанда.

Сендегінің бәрі ыстық, қымбат бәрі,
Саған іңкәр жүректің тулап қаны,
Тереңімнен шиыршық атты-ау бүгін
Жазылмаған дастанның шумақтары!

Ыстықсың жазыңмен де, күзіңмен де,
Ақ қарларың, суығың, сызыңмен де.
Алабөтен ыстықсың көктем келіп,
Аспанына тырналар тізілгенде.

Түн пердесі таңменен түрілгенде,
Сезімнен бола көрме жырым кенде.
Ыстықсың сен аңқыған жусан иісін
Көкірегім қанбастан сіміргенде.

Арман-ән қалықтап сан қиырларға,
Нұр-шапағат кеудеме құйылғанда,
Айтшы аға, қалайша мен қорынамын.
Осындай берекелі үйім барда?!

Тағдыр жанға силаған тегін нені?
Борыш жүгін сүйредім мен ілгері.
Бір кәдеңе жарармын деген үлкен
Келеді, елім, жетелеп сенім мені.

V. Төлеген – Мұхтар

Төлеген:
Мен бүгін сонау көгілдір көлге
сағынып ұшып барамын.
Бірге қақ қанат қасымнан қалмай,
Сағынып көрген қарағым.
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің
Жабылып кетсем егер мен
Ғұлама – жылдар судырлатқанда парағын.

Мұхтар:
Шын достықтың қашанда арманы асыл,
Асыл ниет қалайша самғамасын.
Сен бар жердің бәрінде мен жүрмін
Мен бар жердің бәрінде сен боласың.

Қызықтап астананың гүл-реңін,
Сұлулықтың алдына жүгінемін.
Топ ішінен біреуді іздегендей,
Адамдардың жүзіне үңілемін.

Аландаймын, қараймын жан-жағыма
Сонда ағадан еш белгі қалмады ма?!
Сұрасам ба –
Ақ шашты мына ағай
Төлегенмен сұхбаттас болмады ма?

Газетке де барамын,
Журналға да
Қалдырам өлеңімді жылдам ғана.
Дәл осылай жырын ап қалар ма еді,
Төлегеннің өзі кеп тұрғанда да?

Сан сұрақ тірелгенін жанарға кеп,
Қайдан сезсін?
Жұмыс көп, алаң да көп,
"Қарақалпақстан", – деп қадап айтам
Төлегенді есіне алар ма деп.

Қалжыраймын, қайтамын тұрағыма,
Қиялдан жауап іздеп сұрағыма.
Көз ілсем-ақ аяулы ағалардың
Сырласқан үні келер құлағыма:

Мұхтар:
О, ағажан!
Сенің аскақ арманыңа сүйіне,
Күй қосамын сағыныштың күйіне
Бұдан аскан бар ма інкәрлік ұлға тон,
Ансатканда нұрлы Отан,
Оралыпты-ау еліне
Аруана — бауыр дүние!
Есіл ерім,
Есілген нұр,
Ерен жыр!
Сен көріп тиді-ау, көкке төбем бір.

Аскар тауым арманымен қауышып,
Заңғарынан бұлт арылар кезең бұл!
Антықтырған келесі бір күнге таң —
Нұрын аңсап сабылумен түн қатам.
Ағатайым!
Сен аңсаған ұрпактың
Ақ дидарлы арманынан үн қатам.
Ақын жаны-ай!
Табынатын сезімге.
Сені алғаш кездестірген кезімде
— Егізіндей жолықтырған сынарын,
Толқығаным есімде.
Қияндарға жетеледі жыр бізді,
Қуандым мен жүректегі нұрға ізгі.
Келешекке деген қайсар бір сенім
Бізді әйтеуір, бір сокпақпен жүргізді.
Баста қиын көрінбеген жол да аса,
Қадам бастық біз ілгері қолдаса.
Білмейтінбіз шалдығуды, шаршауды,
Кейде аздаған іркілістер болмаса...
Иықтарды аскар шыңға тенеген
Үміт барда демеген.
Алау жастық арың нені елеген?
Ең құрметті орын алған үйімдегі сөреден
Асыл жырлар — менің аскақ өнегем.
Сендер сынды перзенттерін
Қашан да
Ел арына тенеген,
Қарызым мол...
Сол қарызды елге мен

Өлеңменен қайтарамын деген ем.
Сол үшін де мен әрқашан сергекпін.
Алу қанша жеңіл болса,
Қиыны мол бермектің.
Қызығымен азабы мол еңбектің
Жайлы ұйқы көрмеппін,
Жанға тыным бермеппін.
Тірі жүрсем Ана-Жердің төсінде,
Ақын атты қасиетті есімге
Көкірекке арзан сезім ұялап,
Етсем қылдай қиянат-
Өтінемін кешірме!

Төлеген:
Тынбай кезген Алматының бақтарын,
Иә, ол менің ең аяулы шақтарым.
Қою мақпал түндерде көз ілмегем,
Жырмен қарсы ап Алатаудың ақ таңын.

Талай жылдар сағыныш боп тербеген,
Атамекен дидарына шөлдегем.
Құшағына неге ертерек келмегем.
Неткен ыстық, неткен ыстық ел деген!

Кеудем менің ойларға толып тың,
Асқақ арман заңғарына қоныппын.
Аға дейсің – сонау нұрлы шақтарда
Шын дос болып, сырлас болып жолықтың.

Ризамын, төбедегі жарық Күн!
Меңдеп кеткен дерт біткеннен сауықтым
Жалғыз едім.
Тағдыр айдап елімнен
Бауырымды, сыңарымды тауыппын.

Жүрегіме сиып тұр ғой кең өлкем,
Сендік ыстық сезімге не келер тең?
Көкіректен тынбай аршып өлең-кен,
Енді оны өнеріме кенелтем.

Алаулады жүректегі шоқ бүгін,
Бықсуменен жаңа алмаған өтті күн.
Елге деген махаббатың,
Достықтың

Өлеңіммен биіктетем шоқтығын!
Мұхтар:
Ілестім бе ізінен ұлы көштің?
Құттықтап; ұсынбады гүлін ешкім.
Әлде мен алдарқатып өзімді-өзім
Жүрмін бе жетегінде құр – елестің?
Алғыс айтып шабытым мол күндерге
Бұйырар ма саңқылдар күн мінберде?
...Жүйріктерге тамсанған дулы көптің
Ішінде бос далақтап жүрмін бе әлде.

Мен әлде армандардың қанатының,
Астында аңсап жырдың дара шыңын,
Білем бе жанымдағы өр екпіннің
Мені алып биіктерге баратынын?

Төлеген:
Сен мойысаң мен қайыспай тұра алман,
Ақындарға серік әркез ұлы арман.
Күн де келер ағыл-тегіл жырменен
Сыр ақтарып шығатын бір құмардан.

Шапағатты шалқыса таң нұры алдан,
Арылар шың басындағы мұнардан.
Қиындықтан қайрала түс –
Өленді
Алмас тектес – жанжар үшін шығарған.

Алғыс айтып кездестірген күнге мың,
Көңілімде шуақты күн жүр менің.
Ізгілікпен алатұғын бір демін
Сағынышты сәттеріңмен біргемін.

Кедергі емес шетіректе жүргенім,
Хатыңды алсам көңілімді бірледім.
Білесің бе,
Мұңға батқан шақтардың
Өзінде де бар жұбаныш бір керім.

Жаным содан сан тамаша ән тыңдар,
Бұлт торласа – найзағай бар жарқылдар.
Қазақпын ғой,
Сауықпенен бір түнеп,
Күйлерменен кісен ашқан салтым бар.

Жанынды әркез тәрік етпесін ұлы арман.
Ұлы арманнан ақын жаны нұр алған.
Қинағанда жол сілтемей ой-орман,
Қол бұлғасын асқақ үміт шыңы алдан.
Мұхтар:
Қиялменен кезбеген соқпақ бар ма?
Ойлар бір сәт сапарын тоқтатқанда,
Жолдар бізді тынымсыз шақырады
Өмір қиын сұрағын көп тартты алға.

Шақырады тынымсыз жолдар бізді,
Жырларымды ертеңге жолдар ма ізгі?
Мен кешпеген өмірде
Әлі талай
Өткелдердің барлығын ойға алғызды.
Ағын жырлар арнасын жаңалады,
Енді дүние санамда жаңарады.
Заманалар іздерін қалдырғанмен
Біздер жүрер соқпақтың жаңа бәрі...

VI. Сынымен бетпе-бет

"Бұл да қызық шақ шығар,
Сүлгі айтса ту жайлы
Күн де өлмейді жақсылар
Жаман күнде тумайды.

Сөйледі деп бір шірік
Керегі не күрсініп.
Жаман емес тіршілік,
Жаман емес тіршілік!"

Жұмекен Нәжімеденов "Қадырға"

Келешекке жанынан тойған адам,
Тектен-текке өлең-хат жолдамаған.
Тектен текке ақындар күңіреніп
Тектен-текке алмайды қолға қалам.

Ғайбаттандар, өсектеп дүрлігіңдер,
Кешірмейді сан ауыр сынды кімдер?
Бәрін де салмақтайды безбен-уақыт,
Түнегінді ысырар нұрлы күндер.

Шыдамдымын, төзімді тастан жаным,
Арымасын жанымнан басты арманым.

Ақ тілеуін аямай асқарларым,
Жылға болып шыңдардан басталғамын.

Теңіздерге қосылар — қосылмасым,
Белгісіз, жырым қанша жосылмасын.
Бірақ анық қым-қиғаш тірлігімде,
Қарау жанның алдына бас ұрмасым.

Келіп тұр-ау дарынды тұсаулағын,
Көне ме тұсауыңа асау-дарын?
Қолдан жасап ақынды ала алмассың,
Мейлі, қанша төңкені қашаулағын.

Қанат берсе өлеңін жебеп тәңір,
Ақын жанын тек ақын-жүрек таныр.
Ақын сенің сыймайды өлшеміңе
Күш жоқ оны бұғаулар жыр етсе әмір.

Көрінсе жыр шыңынан арыс дара
Оны өз өлшеміңмен қарыстама!
Ақын жаны — шектеусіз Галактика
Қиялға өлшем болар ғарыш қана.

Тірлігінде арай болса бір ғажап,
Ақын жаны қашан да сол нұрға жақ.
Дірілімен титтей, нәзік жүректің
Жырлаймыз біз соны ғана жырласақ.

Жан болғанда жаның ынтық нұрға сен,
Таныр едің, бағалар ең жырды әсем
Базаршыдай — келіспеген саудасы
Бақырменен есептесіп тұрмас ең.

Шалқып шабыт, айдыны асып тұрғанда,
Нағыз ақын үйір емес жылманға
Жыр елінің жуындысы жетер деп,
Жіберген бе сені әкеліп бұл маңға?!

О, жалған-ай, бұйырмаған несіптің,
Алған екен құпиясын шешіп кім?
Өлеңіме пікір айтқан сабаздың
Келмей кетті-ау, қойыртпағын есіткім!

Сұм хабар, Мұқағали

Түңғыш көрдім өлгенін шын ақынның,
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты,
Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

Ет-жүректің езілмес кезі ме бұл?
Жылай білсең шын жыла,
Жасыма тек.
Кезек күтіп тұрғандай сезіне біл
Алдыңдағы апанның басына кеп
(Мұқағали "Төлеген өліміне").

Ұлылықты ұғар тек ұлы жүрек.
Бірі мақтап пенденің, бірі мінеп
Жатқанымен қыр-сыры ұлылықтың
Бағасынан олардың биігірек.

Ұлылық құпиясын ұға алған кім?
Асқақтатар ақынның шынар-даңқын
Адамға деген ұлы махаббатың
Шуақты шапағаты шығар бәлкім?

Биігінен ұсақтар жасқанатын,
Қыран даңқы шыңдардан басталатын.
Мұқағали, Төлеген – дегенде мен
Ұғам қазақ жырының қос қанатын.

Елестетсем сағына, зарығып тым,
Ақындық мейірімге табыныппын.
Төлегеннің өлгенін айтқандағы
Қайран Мұқағалидың хәлін ұқтым.

Мұқағали:
Не дейсің?!
Өлді.
Арғысын есітпедім...
О дүниеден келгендей есіктегі үн.
Керең болғыр құлағым, шыңылдап ең
Осы екен ғой ендігі есітпегің!
Қайда өлгі?..
Мен осы неге отырмын...

Неге отырмын?!
Орнымнан өре тұрдым.
Тысқа атылдым...
Япырау, өлді дей ме?
Көп екен-ау әлі де көретінім!

Тұншығамын, бейне дем жетпегендей,
Уақыт та тоқтап қалған,
Өтпегендей...
Өз үйімде өзім кеп жатсыраймын,
Жетім бала жасқанып, шеттегендей.

Асығам да бір жаққа жаным қалмай,
Тоқтай қалам жолымнан жаңылғандай.
Қинайды қай-қайдағы азапты арман
Өмір бойы жүретін орындалмай.

Тандай кеуіп, ернім кезереді,
Үн тіреліп көмейге, бөгеледі
Жас еді ғой, құдай-ау, қыршын еді,
Жалын еді Төлеген...
Неге өледі?!

Ажал-дағы...
Сенбеймін. Сене алмаймын.
Тұмшалады санамды ерен қайғым
Жалған, жалған дегенге — осындай да
Жалған боп па?
Мен бұған көне алмаймын!

Қайран Төлеш!
Жолықтың қайда ғана,
Сұм ажал сені алғаннан пайда ала ма?
Өмірге іңкәр, нұрға іңкәр асыл бейнең
Енді мәңгі елеске айнала ма?!

Сенсіз де әсем әндер шырқала ма?
Сенсіз де аспаныма нұр тола ма?
Қалай қиып барасың
Сүюші ең ғой,
Жаутаң қағып иесіз жыр қала ма?

Атырабым танадай құлаққа ұрған.
Нәр алмаймын самал — шуақ, нұрдан

Күйін кешем сәбидің көшедегі
Жоғалтып ап анасын жылап тұрған.

Тірлігімнің тарыдай қалмай мәні,
Алданған сағымдарға шалғайдағы —
Менің жаным — бақтардай үсік шалған
Көктемде бүршігін жармай бәрі.

Қалыңдатып екі елі сорын мандай,
Жаным күйкі тірліктен қорынғандай.
Берекесіз, бедерсіз тірлік кешем
Үйреншікті қаламға қолым бармай.

Жұлдыздармен сырласып, жерге түспей,
Сезімдерің, жүрмейтін дүрлігіспей,
Сөне ме енді, япырмау, жоғала ма
Ұмытылып таң алды көрген түстей?!

Арыла алмай алғашқы әсерімнен,
Қия алмай інімді кеше жүрген,
"Мүмкін емес" — деп іштей күбірлеймін,
"Мүмкін емес" — деймін мен бәсең үнмен.

Мүмкін емес!
Сан рет қайталадым.
Естисің бе —
Айқайлап қайтарамын.
Жасадың сен жанымды нұрландырып,
Жасайсың сен мәңгілік, байтақ әнім!

VII. Өлгеннен соң

Батыр едің ешкімге бермес көгін,
Ақын едің,
Өнерде төрлес те едің.
Бақытсызбыз — біз сені жерлеп қайттық
Бақыттысың — ешкімді жерлеспедің.
Қадыр Мырзалиев "Төлегенге".

Қалай қарай жасасаң да бұрылыс,
Тағдырыңды реттейді ұлы күш.
Тірлігінде ұстатады жағаңды,
Талай-талай таңғажайып құбылыс.

Күпірліктің ақыныңа жат әні,
Мына жағдай бірақ жанға батады
Тірлігінде байқамаған құрмет,
Рухыңа көрсетіліп жатады.

Тірлігінде бұрқыраса сенде жыр,
Мінгендейсің қалтылдаған сеңге бір.
Мойындамас санқылдасаң мінбеден
Мойындатам десең егер көрге кір.

Жалғыздықтан налынумен өтер күн,
Қиындықтың жүгін жалғыз көтердің.
Өлген күні толар халық
Шыбынша,
Ұсағына үймелеген шекердің.
Көгермейтін шырмауына шаталсаң,
Бақ астықтың сызы жанға батар сан
Тірлігінде "бұзық" болып,
Өлгенде
Ұлылардың қатарында аталсаң.

Тірлігінде іздеп осал тұсынды,
Жатырқаумен жырдың құтын ұшырды.
Өлгеннен соң тамсанудан тиылмай,
Өлгеннен соң сыйлықтарға ұсынды.

Күшінде өлең —
Сиын мейлің, сиынба.
Мүсіркеме, қажет емес сыйың да,
Өкінбей-ақ өлер едің,
Дегенмен,
Өлгесін жыр жазбайтының қиын да!

VIII. Ақын ініге сыр

Тәңірі — қазы
Тас таразы.
Абай.

Тіл қататын кеңістік көлемінен,
Ұлы сезім дүниесін көре білген,
Күтеміз сенің асқақ жырларыңды,
Меруерт — сыр теретін тереңінен.

Жыр — айдын,
Аққуы ұшса — қазы қонар
Саз қосады жанымның сазына олар.
Жүрегінде әлі де жазылмаған,
Ашылмаған қаншама қазына бар.

Жабықпашы дарынды тұсап дара,
Дүниеге таң нұры құсап тара.
Сұлулыққа тас атар тасырларға
Күндейді деп жүдеме, ұсақтама.

Төзбейді олар нұрға да күннен тарар,
Ала алмайды жайнаған гүлден де нәр.
Құзғындар күнжиысар өлексеге,
Қырандар қияға өрлеп, шыңға қонар.

Қайтеміз жаратқанға болып асы,
Қарау жанда иман жоқ —
Сол расы.
Олар тірі дарынды мойындамас,
Мойындалмадым-ау, деп мойымашы!

Шығарады ел қалайша асылды естен,
Танытқанша асылын ғасыр көшкен.
Табына ма?!..
Ханына жағынам деп,
Қапыда Махамабеттің басын кескен.

Надандық шырмауына шаталса елі,
(Еріп көшкен жанымның қатар сеңі)
Әлі күнге айдынмен сырласады.
Құлагерін жоқтаумен Ақан сері.

Бүгін қалай, жүрегім, мұңлы ән салдың?
Шегі бар ма теренде тұнған зардың —
Адамдық армандардың жыршысындай
Ұқпадық махаббатын Біржан салдың.

Ғазиз жүрек қалайша жыламайды?
Жылатпастан қоя ма мына қайғы —
Зұлымдықтың қамшысы — Оразбай боп
Сабаса әділетті —
Ұлы Абайды?!

Қалайша ұмытарсың әнін өктем,
Асқақ үнін шыңдарға әлдилеткен,
“Сайынан сайғақ құрлы пана таппай”,
Дүние-ай, қайғыменен Мәди де өткен.

Мұқатуды озғанды талап қылдық,
Тектілерді тентекке санап күлдік.
Сәкенді, Ілияс, Мағжан, Бейімбетті
Өлімге аттандырып, қарап тұрдық.

Шығармаған өленді жасық ұлға,
Тік ұста келбетіңді, жасырынба!
Ақын атын шығарған астанада
Тимесе де баспана Қасымына.

О, ұлы Мұқағали!
Қарсы алдымнан
Аққуларың мұңлы ән салса айдыннан,
“Жетім көлде” жүрегім жетімсіреп,
Қасіреттен көкірек қарс айырылған.

Бақастықсыз қалатын жүрмей қаны,
Дандайсыған ортаның біз мейманы.
Жарты ғалам таныды Лермонтовты
Төлегенін көп қазақ білмейді әлі.

Арыңменен әрдайым біргесің бе?
Бірге болсаң келерсің бір кесімге —
Білмес едік Қайраттай ақын барын
Өлмегенде асылып түрмесінде.

Қалдырсаң мол қазына артыңа шын,
Жаныңды үмітсіздік шарпымасын.
Сенеміз біз зиялы келешекке,
Танымаса асылын — халқыңа сын.

Ізгіліктер жанында алаулаған,
Адамдардың аузында адал бағаң.
Жырларыңның бағасы дәуірлерде,
Аялаумен сүйетін адамды — адам.

IX. Өмір мәні жайлы толғаныстар

Эпилог орнына.
Қарлы шыңдар...
Қалпында міз бақпаған.
Дала сол — аңызағы жүз қақтаған.
Өзен, құм, ормандар да қаз қалпында
Аяндаймын сүрлеумен із қаптаған.

Татқызып тағдыр дәмін мына көрмек,
Жалғанның пенделерін қыла ма ермек?
Құлпырады табиғат баяғыша
Ертең-дағы осылай тұра бермек.

Тында мені, о, Ана, — жаратылыс,
Силамапсың ешкімге дара тыныс.
Соққанынша, әйтсе де сағатымыз,
Шарық ұрамыз қалмастан тағатымыз.

Айрылдық деп ұлыдан, сан асылдан
Адамзат қасіретін таң асырған.
Ал сен сол қалпындасың,
Міз бақпайсың
Мысқылдаумен пенденді данасыған.

Қалжыраймыз, шаршатып жұмыс талай,
Бүгін келіп арқаның құрысқаны-ай!
Қолыңнан түсіп қалам кеткендей ме
Сезінгенде өзіңді құмырсқадай?!

Жо-жоқ, дүние!
Мен саған құмырска емен.
Ұсақтықпен ешқашан туыспап ем.
Биігінен сананың тіл қатқанда,
Кететіндей сиып бір уысқа әлем.

Ой мұхитын тұңғиық
Кешіп келем.
Сыр ақтарам сен әлі есітпеген.
Бақыт маған кешігіп қол созбаған,
Менде жырдың қойнына кешікпегем.

Жүрегімде биігін,
Байтағың да.

Терендікті жырымнан байқадың ба?
Бір күрсініп аламын сол жүрекпен
Адамзатқа сырымды айтарымда.

Құдіреті адамның — санасында,
Санасында үйлесім, жарасым да.
Ғажайыптар жасаумен өтеді Адам
Туылу мен өлудің арасында.

Құштарлықпен өмірге әр таңында,
Сыйға бөлеп жасын да, картаңын да,
Әлінің жеткенінше қосады үлес,
Қалған ісі жалғасар ұрпағында.

Қажетті не осыдан асқан бақтың?
Шабытпен кетер кейде аспандап тым.
Ұрпақ сайын бір түлеп,
Өмір дейтін
Аттайды бір сатысын баспалдақтың.

Әр жүрек — бір-бір әлем арынымен,
Ізгіліктен тұратын әні кілең.
Зұлымдықтар өз басын жеп жатады,
Табиғаттың ежелгі тәлімімен.

Бабалары қашаса тастан пышақ,
Ұрпақтары ұшырды аспанға ұшақ,
Жалғасады тіршілік жер бетінде
Таусылмайтын мәңгілік дастан құсап.
Тамсантса да жұлдыздар келбетіне,
Жете ме туып-өскен елге, түге!
Космостық кеңістікті шарлағандар
Оралады аңсаумен Жер бетіне.

Самғап бір қиял жетер тұсқа әні,
Адамдықтың заңдарын ұстанады,
Даналық, ізгіліктің өмірі ұзақ.
Өзгесінің болғанмен қысқа бәрі.

Асылының бағасын береді елі,
Ер еңбегі қашан да еленеді.
Пайғамбардай сиынар рухына
Қыршынында қиылса Төлегені.

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

Күрсінемін?!
Иә, мен күрсінемін.
Күрсінем де ағытам жыр шідерін,
Ағытамын — нұр саулап жанарлардан.
Дұға-жырды күбірлеп тұрсын ерін.

Мұра бар ма ізгілік мұрасындай?
Ақиқат иіліпті, сірә, сынбай.
Жырлар бар-ау жұртымның жүрегінде
Қайталайтын әр таңда дұғасындай.

Бар әндер бір тынбаған биіктеуден,
Бар күйлер, тұратұғын иіп кеуден.
Бар мұңдар шемен болып қатып қалған
Зар илеткен ұжданды күйіктерден.

Үздік-создық тірліктің көшіндегі,
Ел ертеңге үмітін өшірмеді.
Ойып жазған мәңгіге зердесіне
Жарқырайды ерлердің есімдері.

Көп іздерді құм жапты, көмді
Мейлі —
Іздері жоғалғанды "өлді" дейді
Адамдардың ғұмырын "өлім" емес
Ұрпақтардың зердесі белгілейді.
Алауымен жандағы тасқан оттың,

Келеді зұлымдықты жасқап өткім.
Сондықтан да ардақты ұлдарының
Сезімдерін еліме дастан еттім.

Бауыржан УСЕНОВ

Төлегенді білмеген жігітке

Шынынды айтшы, сол жерде кімге айналдың,
Сол жай мені мазалап, күнде ойландым.
Айбергенов Төлеген кім дегенде,
Төбеңнен жай ұрғандай, білмей қалдың.

Біреу күліп, ал біреу мұңданар-ақ,
Қайда өскенсің, досым-ай, кімге қарап.

Мына сенен кем бе екен, артық па екен,
Ақындарды жүргендер шыңға балап.

Қып-қызыл боп ұяты бетке шығып,
Тоқтау салған құрбысын шетке ысырып.
Жылырман боп қарындас, тоқтамастан
Тарс жауып есікті кетті шығып.

Көр кеудеге тап болған мөлдірлік-ау
Сеніп қалды-ау түріңе көлгір мынау.
Сен жыр құмар арудың, топастықпен,
Оттан ыстық намысын жер қылдың-ау.

Ақын кетті өмірге сия алмастан,
Тірілерге бұл күнде қиял, дастан.
Нар ақынды білместен, құрбыласым,
Жігітпін деп жүрсің-ау ұялмастан.

Бауыржан ЖАҚЫПОВ

Ақын рухымен сырласу...

Бар сырын жайып салып, ақтарды әлем,
Алыстан арман қуып аттанған ең,
Қазақтың қалың жұрты дүр сілкінді
Қанатын Қоңыраттан қаққанда өлең.

Халқынның сөйлемек боп мәңгі атынан,
Шабыттың қанып іштің шәрбатынан,
Жүрдің сен Қаскеленде жыр боратып,
Ой толғап, шықтың бір күн Алматыдан.

Сәлделі Алатаумен сәлемдесіп,
Өттің сен өн-бойыңнан өлең көшіп.
Төгілте жыр оқысаң қарады жұрт
"Төлеген, Төлеген!" — деп еленделесіп.

Дәл солай тәтті арманын іздеді кім?
Сұм тағдыр сол ақынның үзді өмірін.
Жырыңды оқимыз да табынамыз
"Төлеген, Төлеген!" — деп біз де бүгін.

Алқызыл алаулаған тулар алып,
Кең даланқ құлпырады, нұрға оранып.

Әмудың арнасында толқын болып,
Барады шумақтарың тулап ағып.

Көкейге өзің жазған жырды сақтап,
Ұшып жүр көкірегімде бір құс аппақ.
...Көктемнің айы келді, тойына енді,
Қыраттар асығады, гүл құшақтап.

Светқали НҰРЖАНОВ

Ақын рухымен сырласу

Ойы — Өзен, арманы — шын, қиялы — құм,
Әлемге аппақ нұрын құяды күн.
Төлеген шашыраған бір ұшқын.
Тұлпардың тасқа тиген тұяғының.
Еліне болашақтың арғымақ — ән,
Барады құстай ұшып
Қалғыма маң!
Көзімен Төлегеннің болашаққа
Қарар ма ед жалғыз сәтке барлық адам?!
Сыңсыған сағыныштың пернелерін,
Тап басқан, күйші — ғұмыр, зергер — елім:
Қайтадан тәңірі мені жаратса егер,
Тағдырын Төлегеннің бер дер едім...
Келтірер таң нұрындай тау шырайын,
Келтірер ақ самалдай таң шырайын, —
Өмірден ағып өтсем арманым жоқ!..
Жұмбақсың, шешсем шештім оннан бірін,
Жүр мені соның өзі толғандырып.
Жұмбақсың, жырларынан сезілердей,
Бір сәтке жүрегіне қонған діріл.
Еліне болашақтың батыл ауған,
Жырына табынумен жатыр — ау маң.
Жүз жырын жатталып тұр Семейіңнен,
Жүз жырын мақталып тұр Атыраудан!
Кемел ой, адуын жыр, сырбаз дарын,
Бұл тағдыр сенен бәрін қызғанбады.
Жырыңнан атойлап тұр Махамбеттер,
Жырыңнан күй шертіп тұр Құрманғазы.

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Төлеген Айбергенов

Бауырынан жаратып Өлең-Керді,
Ықыласына ел – жұрттың бөленген-ді.
Жібек – жырдың дауысын естігесін
Ақ Жайыққа асығыс жөнелді енді.

Ақбозға ер салғанда жылып өңі,
Бір сайтан, тәңір атқыр, күліп еді...
Жанына еретін дос таппағасын,
Елінен бұл да жалғыз шығып еді.

Тәңір тегін жаратпас есті де өр ғып,
Мінеки, Жібегі бар көшті көрдік...
– Апыр ай , бұл қай ер?! – деп жалт қарасты
Дүбірін ақбоз аттың естіген жұрт.

Жалған ай, екі айналып келмес, түге
Адымын сөз... кесті ме,көз... кесті ме?
Түбінде Қособаның бұл да қалды,
Тағдыры Бекежан боп кездесті де...

Содан соң атқа мінген мен бір ермін,
Дүние, жанарында мөлдірермін.
...Жесірін іздеп шыққан Сансызбай ем,
Жеңге – өлең, сені ыркыма көндірермін.

Жалғасбай ШАЙҚҰШОВ

Төлегендер

Ұрпағына сый қалдырған мұратын,
Екі батыр, бір ақын.
Қазақ жайлы сөз болғанда ойымда,
Ең алдымен үш Төлеген тұратын.
Жалауындай дәстүрі мен салтының,
Бір Төлеген бүкіл қазақ халқының.
Ерлігі мен ұлылығын паш еткен,
Қыз Жібекке махаббаты арқылы,
Артында елі, туған жері, бақ қалып,

Тас түйініп, қан майданға аттанып.
Дүйім жұртқа батырлығын қазақтың,
Танытқан-ды бір Төлеген, Тоқтаров
Қазақ елін жыр бесікке бөлеген,
Отты өлеңдер не деген.
Бір халықтың сағынышын, арманын,
Жазып кетті Айбергенов Төлеген.
Екі батыр, бір ақын,
Жалау болып тұратын.
Үш Төлеген — тарихтың үш парағы,
Ей, келешек —
Ерлердің біл атын.

***

Кездеспей кеткен бір бейне

Тамыз ба еді, сол күндер шілде ме еді,
Ортаймайтын, әйтеуір, күн кемері.
Тоғызыншы класта, оқитынмын,
Елеңдетті жаңалық бірде мені.

“Сескенбеген, айтарын жасқамаған,
Отты өлеңін жанынан тастамаған.
- Аулымызға кепті, — деп нән ақындар,
Алматыдан, түу, сонау астанадан”.
Көретінмін тәп-тәуір мен өленді,
(Бозбала шақ, қайсысын елегем-ді).
Тілші-ұстаз Базаров Алдамұрат
Атап еді айырып Төлегенді...
Бәлкім ойға өлеңі қонғандықтан,
Бәлкім жерлес Төлеген болғандықтан,
Шартарапқа шарқ ұрған кез емес пе,
Кездесуді шынымен арман тұтқам.
Алып-ұшып, кейіппен батылданған,
Ертеректеу клубқа жақын барғам.
Бірақ, бір сәт түнектей суық хабар,
Бұрын жетті келетін ақындардан...
Болмай қойды жиынды ғайбат көріп,
Кетпей қойды не түрлі ойлар келіп,
Құлағымда жаңғырып тұрып алды:
“Қайтыс болты Төлеген Айбергенов!”

Содан бері бұл уақыт тоқтамаған,
Ширек ғасыр зуылдап өтті арадан.
Есіме алып болмаған кездесуді
Ұлы ақынды кей-кейде жоқтап алам.
Қойған елді сөзіне тәнті қылып,
Қайткенде де ақынның ерлігі нық.
Пендешілік емес пе,
Жатырмыз-ау
Жоғалтудың салмағын енді біліп!
Бәлкім ойға өлеңі қонғандықтан,
Бәлкім жерлес Төлеген болғандықтан,
... Кітаптардан ұлы ақын сыр айтады,
Кездесуді мен бір кез тұтқан арман.

М. НҰРХАНОВ

Алуан ойлар, айдарлы ойлар — ну орман,
Көгершін сезім, аққудай әсем ақ ойлар.
Кеуденнен, Төке, ақ қардай борап жатушы ед.
Өмірдің барша шұғыласына оранған.

Жырдағы тұлпар өзің ең, аға, ақ берен,
Жүрегің — дала, жататын толқып ақ терең.
Тыңдаса менің шерімді мынау қара жер,
"Ақыным қайда? Жылатпай мені тап!" деп ем.

Сөйлете білген өмірдің әнін мың тілмен.
Жүректің бағын жайлаған жайсаң бұлбұл ең.
Мінезі дархан даласына тартқан әр ұлдың
Ғұмыры мұнша қысқа боларын кім білген?

Рахмет АЯПБЕРГЕНОВ

Төлеген Айбергенов және сен, немесе қарт акын

Ыза, өкініш көкірекке сыймайды,
Олар саған төбені де қимайды.
Төлегенді сыйламаған адамдар,
Қарағым-ау сені қалай сыйлайды?

Байқа, байқа түгің де жоқ ісінер,
Сені де олар қақпанына түсірер.

Төлегенді түсінбеген адамдар,
Қарағым-ау сені қалай түсінер?

Ондай дарын өмірде бір туады,
Сан ғасырға сәуле шашар шуағы.
Төлегенді қуғандар бар осында,
Қарағым-ай, сені де ертең қуады!

Мың айтқанмен оларға ақыл қонбайды,
Таланттарын білмеймін кім қорғайды?
Төлегенді қор еткендер бар мұнда,
Қарағым-ай, сені де әлі қорлайды!

Қайран ақын, тендесі жоқ ер еді,
Оның орны көркем сөздің төрі еді.
Сол талантты, қаңғыртқандар тұрғанда,
Бүгін саған қандай жұмыс береді?

Ардағым менің

Сені еске алсам көз алдымда жатады шексіз кеңістік,
Өзіңе міне, арналар бүгін ініңнің сөзі ең ыстық.
Нар тәуекел деп сен жайлы аз кем қалам тартуды жөн көрдім,
Әруағын, аға, кешірер ме екен сөзімде болса кемістік?

Ақиық па едің, ұстатпай кетер қойса да дұшпан тор құрып,
Тұлпар ма ең әлде жүрген жеріңді кететін дәйім ән қылып?!
Құлын күнінде-ақ жорға жүрісін таныткан қазақ еліне
Адуын асқақ жырларың көз жетпес жерден тұр күліп!
Жолаушы ма ең қайда барса да сапардан сәтті оралған,
Қайта тірілген Қасым ба ең әлде тек өлең үшін жаралған.

Әттең-ай әттең, өлең сүйетін баршаға қара жамылтып,
Өзің мен бірге жаңа алмай кетті-ау сан арман.

Мұндай да терең болады екен ғой қауырсын қанат жас адам,
Ардағым менің өмірдің мына отыз ақ жасын жасаған.
Жырларын өзің жатқа соғатын қай жерде мейлі жүрсең де,
Ақ батасын берген бе саған ақ нөсер ақын Қашаған.

Қанша жыл өтсін ұмытпас сені туған жер алтын бесігің,
Күлімдеп келіп ашасың әлі сан ғасырлардың есігін.
Өленде мынау өз биігі бар Төлеген атты алыптың.
Халқыңмен бірге жасайды мәңгі есімің!

Баян АНАРБЕКОВА

Бір — Төлеген
Жүректе тұнған жазылмай кеті-ау жырларың,
Түн бойы тынбай жылдардың отын ұрладың.
Мандайға сыймай маздаған махаббатымен,
Кітапқа сыймай жалындап өтті бір дарын.

Сендегі сылқым сырларға қанбай қалды жұрт,
Сендегі сырға жалтақтауменен қалды үміт.
Осынау белдің сағымын қуып кеттің бе?
Соңынан көптің жанарын ғана талдырып.

Тал түске жетпей, сәскеде өткен жыршы жан,
Сен деген көзден мөлдір жас көрдім ыршыған.
Жаныма мәңгі қонақтап қалған жырларды
Қайталап үйге бір кірем, айтып, бір шығам.

Айтақын ӘБДІҚАЛЫҚОВ

Сағындым, аға!

Ойламап едім, мен сені мәңгі қоштасып кетер деп,
Өзіңе қарап кейде мен болушы едім жырдан от өрмек.

Кеуден бір толған сағыныш еді тірінде,
Сол сағынышты қара жер қалай көтермек?!

Сен өзің едің шындардан құлап бастаған.
Жарық жұлдыз едің, нұр шашқаннан сонау
аспаннан.
Жарқ ете түстің жұлдыздай болып ақ таңда,
Жаңадан басталған жақсы арман.

Ойламап едім мен сені қоштасып елмен кетер деп,
Нөсер боп төгіп өтер деп.
Ініге керек өзіндей аяулы ағалар,
Тұрмай ма шынды мекендеп,
Қалайша кеттің бөтен боп?

Сен қыран едің қанатты неге қақпадың?
Құлап едің. Жылады елің.
Содан мен сені таппадым.
Нағыз ағатын кезінде,
Бұл қалай сұлық жатқанын?

Көктемдер қалды алдында қырмызы гүлдер
көктеген,
Шашуың қалды-ау кеуденде қуаныштарға төкпеген.
Сағыныштарың таласқан заңғар көкпенен,
Сәлемің қалды сағынғандарға жетпеген.

Сағындым, аға, мен сені, жүрмедің неге жарқылдап,
Көкірегің еді-ау алтын бақ.
Сағыныш толы жарқылдап тұрған жүрегің,
Қалғаны ма мәңгі салқындап?

Құлпытасың тұр сағынышпен қарап далаға,
Сағынып қарап қалаға, сағындың ба? – деп балаңа?
Сағынып келдім тіл қатпайсың ба, жан аға?
Қарашы мына сағыныш толы далаға.

Ақбасты таулар жаныңды сенің жаңғыртып кетіп барады,
Сенің жаныңның көзінен мөлдір моншақтар
Құлпытасыңа сағыныш болып тамады.

Мәңгі бітпейтін өлең ғой деп ем мен сені,
Өзіңе деген сағынышым менің көк теңіз.
Ал мына жырым сағыныштың титтей бөлшегі,
Таңдағы жалғыз жұлдыз көрсем де еске алам, аға,мен сені.

Қияда тұрса қыраңдар биік жартасты мекендеп,
Қараймын сағаң қызығып, Айберген ұлы ма екен деп?
Күркіреп ақса тау суы құлақты түріп тыңдаймын,
Төлеген даусы ма екен деп?

Шәмші НИЯЗИ

Ақынға

От едің лаулап өршіген,
Атылып шыққан көкке тік.
Мәңгілік сені өшірген,
Өмірді бірақ сөкпелік.
Жайраңдап күліп жүретін,
Шақ қайда бірге желіккен.
О, тағдыр — ақын жүрегін,
Сөндірдің ерте неліктен?
Ойпырмай бұл бір ғазал мұң,
Ащы ғой қайғы тамшысы.
Ақындар десе ажалдың,
Өткір-ақ екен қамшысы.

Ұлықбек УМБЕТОВ

Қазақтың дара ұлы, дарын нағыз,
Сен жайлы айтылады балаға аңыз.
"Құмдағы мұнараңды", "Бір тойыңды"
Әлі де сан бәйгеге жаратамыз.

Өшпейді сенің мәңгі дара тұлған,
Жырыңнан жылаған жас бала тынған.
Мінің жоқ пирамида секілденіп,
Жырларың алтын сөздер жаратылған.

Өлеңнің құдіретін сезіндіріп,
Кеттің-ау қайталанбас көзінде үміт
Қасиетті, киелі жырларыңнан,
Таппақ болды біреулер кезінде ілік.

Әзәзілмен, араммен қолдаспадың,
Түнеріп, сені жоқтап қалды аспаның.
Ұрпағын тамаша ғып өткереді,
Төлаға, "Бір тойыңның" жалғастарын.

Баяділла ТҰРҒАНБАЕВ

Төлеген ақынның монологы

Дәл отыз жаста жұлдыздай ағып түстім де,
Кенеттен қаусап, тұлғама біткен күш мүлде.
Металдай қатты қап-қара таска айналдым,
Қоңырат жақта, туған жерімнің үстінде.

Сол тұсқа, яки Нөкіске қойды мүрдемді.
Шойындай қара таспенен қымтап іргемді.
Бір белгім болса халқыма жырым жарады,
Шойын тас маған халқым қойған бір белгі.

Туған жер сірә, қашан да қашан тозбаған,
Шер-шеменімді бұзылған сеңдей қозғаған.
Қаншалық сүйіп, тебірене алсаң, тер төгіп,
Артпақшы сонша өз бағаң.

Киелі мынау жерімді құшып жатырмын.
Киелі жерім қозғалтар емес, ақылды.
Жыр болсын саған ақырғы демім деуші едім,
Неліктен ерте құшуға мені шақырдың?

Елімнен кеттім, жеріне жеттім Қос-жаннын,
Қия алмай кеттім, сүйе алмай кеттім бәрін
достардың.
Шашылып кетті жұлдыз боп көкке қиял жыр,
Жасырып кеттің, қара жер, арман — Асқарлым.

Жатсам да бүгін тоң болып, мәңгі сіресіп,
Жырым жүр желіп, жалғандықтармен күресіп.
Тұрған да шығар арнаған әріптесімнің,
Мүрдемнің үстінде жаңадан жазған жыр есіп.

Жан-жайлауына еселеп ылғи өнер-нұр.
Қашанда қайсар, қызыл емендей ер ел бір.
Қайтейін енді, артымда қалып қойдың-ау,
Өр мінезімнен айнымай қалған өлең-жыр!

...Шүкірлік, тағдыр, бұған да.
Артымда қалды аумаған менен ұлдар да,
Шыңдардан асып, ұшатын көкке қырандар.
Тіріле, енді жалғастыр ойдың үздігін,
Тың жерді түлет, бөбекке сыйлап жүзімін,
Әлемді әнге,
өлеңге, гүлге, баққа орап,
Аналар көрсін, бабалар көрсін қызығын.
Жалғастыр меңдік ашылау ойдың үздігін,
Лапылдап бойда тұрғанда қанық, қызуын.

Қанығбек САРЫБАЕВ

Нөсер

Өлеңнің жас ардагері,
Көкке сіңген қыран дарын!
Досың болу арман еді,
Жолдас боп та жүре алмадым...
Айтқаным жоқ мұны өзіңе,
Айыпты оған пендешілік.
Сенің көктем мінезіңе
Құмартыппын мен кешігіп.
Және іздедім... және қақтым,
Уақыттың мұзын қалап.
Арасымен келе жаттың,
Азынаған музыканың.
Құлағыма айқайлады,
Құлап түскен бір шын өмір.
Пластинкадай қайта ойнады,
Ерте үзілген қыршын өмір.

... Нажағайша сарт атылып,
Ақ төсінен сүйді, көктің,
Ақша бұлтша тарқатылып,
Ағыл-тегіл құйдың, кеттің.
Шайқатылды шаңырақтар,
Шапқын салып жер қаһарлы.
Азан-қазан маңырап мал,
Сел қаптады жер жаһанды.

Тәжіғали ТЕМІРҚҰЛОВ

Көңілінде жұрттың тасасын
Алаулы жырын оқыған жұртты құмартып,
Сөздерің маржан, жаттаған жастар құмартып.
Бет алған биік шыңына жырдың құдірет,
Ақынды бүгін жатқа алам, елге жыры артық.
Отыз жасында қыршыннан кеткен боздақты,
Өлді деп, естіп, ой-қырда қазақ боздапты.
Есітем осы жақсыға деген көз қатты.

Жағасы Каспий, толқынға тұрған таңданып,
Жыр туып, жырдан қара сөз кеткен жаңданып.
Бес қалаң бесік, тербеліп әсем өленге,
Жанарын тіккен Алатау жаққа панданып.
Қолына берген ұмтыл деп алға от қалам,
Кеудеде жырдың алтын бір дәнін топтаған.
Есімде әлі, есімнен ғұмыр кетпейді,
Қоңырат жері ақынын асыл жоқтаған.
Кетіпті-ау тізіліп талай жылдар да,
Дүниеге келмей керемет небір жырлар да.
"Бес қалаң енді болар ма жерік о, тоба,
Төлеген сынды дарынды ақын ұлдарға.
Қызғанып емес, бақылдық ойдан аулақпын,
Мен дағы талай ақ шортан жырды аунаттым.
Шығатын самғап биігім де әлі белгісіз,
Қолымнан келсе Төлеген бұлт болып
жаумақпын.
Жақсыны еске ал, жақсының аты жасасын,

Есті адам болса, жаманды көріп қашасың,
Жақсы боп тудың, жақсы боп өлдің Төлеген,
Жырыңмен сан жыл көңілінде жұрттың
тасасың.

Абатбай КІРҚАБАҚОВ

Тірісінде сыйлағанға не жетсін?

Кітаптарын томдап жинап сөреге,
Өлгеннен соң көтереміз төбеге.
Тірісінде қадірлемей талантты,
Өлгеннен соң мақтаймыз кеп, о неге?

Тірісінде азап шекті Төлеген.
Тірісінде жәбір көрді Жұмекен.
Шырқырады Мұқағали жүрегі,
Ұлылардың тағдыры да бір екен.

Талант-қылыш қын түбінде жатпайды,
Сермеледі — қас-қабақты бақпайды.
Ақиқатқа түседі деп араша,
Пысықтардың тобырына жатпайды.

У ішумен еткен жоқ па Абай да?
Мыңмен жалғыз...
Оңай емес қалай да
Арамза атқан ақымақ оққа бәрібір.
Пушкиніңді неғылсын ол қарай ма?

Ұлылардың бар ма өзі керегі?
Керек болса неге “жанып” өледі?
Жақсылардың тірісінде пір тұтып,
Ардақтайтын заман қашан келеді?

Жұмабек МҰҚАНОВ

Арман

Жай түсті соры пенденің,
Өлеңнің ақ боз үйіне.

Күмбірлеп тұрған кеуденің
Шертілмей қалды күйі де.
Мақсатың, аға, әр қилы,
Арманың – дағы кеппеді.
Денемді жалын шарпиды,
Жырларың неткен отты еді.
Саялы жырың бұтағын,
Екен-ау бәрі, бәрі ізгі.
Қолыма алсам кітабын
Ыстық бір жалын тәрізді.
Қайырылмай кеттің өкінем,
Жарқылдап жүрер шағында.
"Бір тойым барң... деп кетіп ең,
Есімің елдің жанында.
Қасында сенің болғам жоқ,
Келеді-ау ойлар не түрлі.
Қабірің сенің вулкан боп,
Жыр атып жатқан секілді.
Арманы бар ма іниңнің,
Сен өткен сыңнан өте алса,
Үзіліп қалған үниңнің,
Жалғасы боп кете алса...

Қайырқожа Амангүл

Қанша күн болды, қаламым қисық, қағазым мықтап бүктелген.
Жауыр денеме шытырман жұмыс жүктелген.
Жабайы тірлік, жағал ғұмыр әрленіп
Асқарды биік күткенмен.
Ыр тойы бар,
Төлеген шақырады.
Бескала, түгел түбек атырабы.
Астана аруанадай боздап барған
Қазаннан қайнаған ет татырады.
Мұхиттың қақ төсінде бәйге ойнатып,
Еменнің еленделп тұр жапырағы.
Тізілген көз алдында Маңғыстаудың
Мұнайы Мұнараны батырады.

Той күтіп
Төбешікке бата оқиды
Іштің де іркілдеп тұр запыраны
Қоңырат — туған жері Төлегеннің,
Өз биігінде өлетін көрегеннің
Қызыл таң құбыладан атырады.

Жырлары жайлы жерге түскен
Таңгедей күміс сыңғырлап
Байланып қалған біріне —бірі шынжыр — бақ.
Табынтар төкпе болар едің-ау әлде де,
Барымта — тағдыр кетпегенінде мәңгі ұрлап
Отызға салып білекті,
Қайрылмас
Қара ауылдың жұлдызын таққан жүрекке.
Тартылған сымдай, қырмұрын жігіт сәулелі,
Шарпылған оттай ақындық ғұмыр дәурені
Сілекей боп аққан сиядан
Сөзінің нәзік, жібіді тіптен дәу тегі.
Сен жазған анау алтындай
"Сағынышң жыры санамда мықтап жатталып
Қаркуардай көрмейді ешбір жақ талып,
Отыздың мен де малтығып келем алдына
Көкірегімде от жанып.
Түстерден түнгі текемет тоқып күндері
Көрейін басып ілгері
Біресе құт боп, біресе жұт боп соғады маған
күп демі.
Елесің келіп, баурайды мені шырақтай,
Жын-пері ме деп жүрем ұнатпай.
Тұла-бойды жырмен түртетін.
Елеспен күрес,
Орыстың ұлы — Блоктай

Талай бір сәтті кезінен,
Ажалдың серпіп қармағын,
Үнімді жырмен жалғадым.
Кереге түрік, найзасыз
Жібектей ғұмыр — арманым.

Бөлекбаев Ардақ 11-класс оқушысы
Т.Айбергеновке арнау

Төлеген рухына тағзым

Жаралдым мен жалынды арманымнан,
Нұр тосамын арайлы таңдарымнан
Төлеген поэзиясын жалғастырмақ,
Келеді дүниеге жаңа бір ән.
Иірімін сезімнің жырларынан,
Бойласам тереңіне бір күй ұғам.
Жалғасын өз бойымнан тапсын деймін,
Сіздегі жалындаған асқақ арман.
Жыр болып жүрегімнен ақтарылам,
Табылатын поэзия бақтарынан.
Өмірді кестелеген жырларыңның,
Жүрегім жылу алды оттарынан.
Мен әлі – жаңа дастан төгілмеген,
Жаңа буын, бұраң жыр өрілмеген.
Төлегеннің тұлғасын бермек үшін,
Жаңа әріп менде көп терілмеген.
Ақ сұңқары халқымның біртуары,
Поэзия символы шамшырағы.
Сен туралы төгілмек жаңа дастан,
Тербеліп жүрегімде тың тұр әлі.
Сен тұлпардың оза шапқан дүбірісің,
Күй шерткен домбырамның күмбірісің.
Басына шарықтаған қыран жетер,
Сен Гималай; Хан-Тәңірі биігісің.
Поэзия – домбыра сен тиегісің.
Әттең – әттең сәл ұзақ жасарма едің,
Осыны ойлап кей мезет күйеді ішім.
Қазақтың мен екінші Төлегені,
Жүрегі от жалынды сөйлегені.
Асқақ рухты жалынды жалғастырсам,
Төлегеннің қайтадан тірілгені.

Айман Найзабаева,
мектеп оқушысы

Төлеген Айбергеновке

Өшпес алау болғанымен сендегі от.
Тағдырдың өзі біз ойлағаннан келтерек,
Ғаламат, сырлы өлеңін орап сезімге
Бәйшешек ғұмыр өмірден озды ертерек.

Жұпар даланың сағынып өткен қырларын.
Қыран даусың жаңғыртып кетті жыр бағын
Сендегі көлдің тамшысына да татымас,
Бұлыңғыр тартқан жұпыны менің жырларым.

Өмірге ғашық өршіл бейнең бе деп қалам,
Тұңғиық терең ой толғағанда кең ғалам.
Қайталанбайтын аяулы аппақ жүректен
"Нұр түсер жақтан қарайсың" күнде сен маған.

Биікке қонған қастерлі ақсұңқарымыз
Сен айтқан әнді келеміз шырқап әлі біз.
Іздедім сені, ешбір қайнардан қанбаған,
Қайдасың ерке, мөп-мөлдір, ыстық сағыныш?!

Сағыныш.

Ақын жанның тербеген әуенбісің,
Сыр ашпаған тылсым бір әлембісің?
Бөгей алмас асқар асу, құзар шың,
Жыр жүректің батырлығы шығарсың?
Ғасырды асып бола берер мәңгі есен,
Сыр сезіммен егізбісің әлде сен?
Сексен сырлы сезімдермен қаттасып,
Теңеуімді таба амадым тап басып.
Жо-жоқ таптым!
Мен қалайша білмегем?
Адамзаттың ұлылығы бұл деген.

Төлеген Айбергенов туралы естеліктер

Жүрек төрін жарып шығар өр өлең,
Сағыныш деген — Төлеген!
Ұлы ақынның — асқақ шыңның биігі,
Жырларында мәңгі өшпес шоқ бардай.
Дала даңқы ақынның ақиығы,
Жыр келеді көңіліме тоқталмай.

Аруанадай туған жерін көксеген,
Жырға қостың өткір ойдың желегін.
Тіршілікте титтей ғана жетсе дем,
Жырларыңның гауһар тасын теремін.

Данасың сен, жыры-жауһар, сөзі ұлы,
Кештің ғұмыр келте әрі мәнді ғып.
Қайсар таулар сағынғандай өр ұлын,
Қайталайды атыңды айтып, жаңғырып.

Аскар таулар, шатқал, шыңдар шырқаған,
Таңырқаймын, танданам да жырыңа.
Торғай-өлең үзілмейтін байтақ ән
Асқақтаған Айбергенов шыңында!

МАЗМҰНЫ

Алтын қанжар 3

І бөлім

С. Мәуленов. ӨЛЕҢНЕН ЖАРАЛҒАН ЖАН 14
Ә. Кекілбаев. Көктемнің жазға ұласар жайсаң шағы 15
Ы. Юсупов. АРМАН БҰЛАҒЫ 25
Ә. Нұрмаханова. ОҚЫМАЙТЫН... ӨЛЕҢІН ЖАТҚА АЙТАТЫН 28
С. Сейтхазин. ҚАРАЛЫ САПАР 34
Қ. Мырзалиев. ЖҮРЕК ТАЗА БОЛСЫН 44
З. Асабаев. АЛЫСТА ҚАЛДЫ-АУ СОЛ КҮНДЕР "Достық бітті..." 46
Полковник Төлегеннің қалжыңы 50
"Қолдан адам жасаған Құдай құсап..." 50
БОЗБАЛА ШАҚ – БАЛ ДӘУРЕН 51
М. Шаханов. ОНЫҢ ТОЙЫ ТАРҚАМАЙДЫ 59
С. Оспан. ҚҰЙМА ЖЫРДЫҢ КИЕСІНДЕЙ АҚЫН 63
Б. Әбдіразақов. ЖҮРЕГІ ТОЛЫ САҒЫНЫШ 79
С. Елубай. "МЕН МАРТТАҒЫ НАЙЗАҒАЙ КҮРКІРІМІН..." 84
Т. Иманбеков. САҒЫНЫП КЕЛІП, САҒЫНТЫП КЕТКЕН ЕР ЕДІ... 93
Қ. Сейданов. ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН ЖАС ҒҰМЫР..... 95
Б. Сембина. АЙЛАДЫР ӨТЕЛИЕВТІҢ ТӨЛЕГЕН ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕРІ 101
Т. Рахим. САҒЫНЫШ 110
Қ. Сәрсенбаев. "САҒЫНДЫМ СІЗДІ "САҒЫНЫШ" 118
О. Сәрсенбаев. ЖЫРЫҢА ҮҢІЛ, ЖАС АҚЫН 123
Б. Сарбалаев. ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ ҮСТІНДЕ 124
М. Ерімбетов. ҮШ АҚЫН... БІР ТАҒДЫР. 133
Ш. Төлегенұлы. КҮНДЕР МЕН ТҮНДЕР 142
Б. Мәжитұлы, Ү. Айбергенова "ТӨЛЕГЕННІҢ САҒЫНЫШЫ – ҚҰДІРЕТТІ САҒЫНЫШ" 148
С. Төлегенқызы. ӘКЕ, СЕНІ САҒЫНДЫМ... 153

С. Айбергенова. ҚЫЗАРЫП МӘҢГІ ҚАЛСЫН ДЕП ҚЫРЫНАН ГҮЛ ҮЗБЕГЕН 159
Ө. Оралбаев. ЖЫР ЖҮРЕГІНІҢ ЖАПЫРАҒЫ 163
Р. Аяпбергенұлы. РУХЫ– ЖЫР, ҚАРА СӨЗ –ҚҰДІРЕТІ 166
Ә. Халмұратов. БЕРДАҚТЫҢ СҮЙГЕН ӨЛКЕСІ... 168
Ә. Балқыбек. ӨЛЕҢГЕ ЖАС ӨЛШЕМ БЕ? 171
Ә. Қонарбаев. ТӨЛЕГЕН МЕН ШӘМШІ КЕЛІП ТАУШЫҚҚА... 174
Ж. Тұрмағанбетова. КӨКЕМНІҢ КӨШІ ТОҚТАМАЙДЫ 177
F. Жәдігер. АҚ ЖАҢБЫРЛАР ТОЗДЫРҒАН ТАУ СИЯҚТЫ 180
С. Шұқын. ТӨЛЕГЕН БАСТАҒАН ТОЙ 184
Т. Ешенұлы. САҒЫНЫШҚА САЯХАТ 186

II бөлім

Ой тамшылары 190

III бөлім

Арнау өлеңдер 198
Ә. Тәжібаев. Интервью 198
Қ. Шақғытбаев. ТӨЛЕГЕН 198
З. Шүкіров. Төлеген Айбергеновке 199
М. Мақатаев. Төлегенге 199
Ж. Нәжімеденов. Триптих 200
Ө. Нұрғалиев. Қаратас 201
М. Сатыбалдиев. Дарын 203
М. Отаралиев. Қай жаққа кеттің бүгін сен? 204
М. Ниеталиев. Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов 205
Ақын еді... 207
Қ. Мырзалиев. Төлегенге 208
Ж. Қыдыров. Төлегенге хат
Хат тасушыға ескерту: 209
Данк 210
Құттықтау 211
Лауреат болған күніңе 212
Т. Рахимов. Сағыныш 213
Б. Тұрғынбаев. Үш саңлақ 214
І. Айынов. Арман тойы 215
Н. Бегалиев. Ақынның соңғы монологтары 216
Б. Абдрахманов. Төлеген Айбергеновке! 217
Ж. Әбдірашев. Ақын кетіп барады 218
Ж. Ерманов. Төлеген Айбергеновке 219
А. Егеубаев. Қызғалдақ дәурен 219
Е. Раушанов. Ташкент 222
И. Исаев. Аңсау 223

Б. Серікбаев. Ақтұма бұлақ 224
Ә. Қайранов. Құйын 225
М. Бекейұлы. Төлеген Айбергеновті еске алу 226
Арман сапары 227
Сұм хабар, Мұқағали 242
Б. Үсенов. Төлегенді білмеген жігітке 250
Б. Жақыпов. Ақын рухымен сырласу... 251
С. Нұржанов. Ақын рухымен сырласу 252
Б. Бабажанұлы. Төлеген Айбергенов 253
Ж. Шайқұшов. Төлегендер 253
Кездеспей кеткен бір бейне 254
Р. Аяпбергенов. Төлеген Айбергенов және сен, немесе карт ақын 255
Ардағым менің 256
А. Әбдіқалықов. Сағындым, аға! 257
Ш. Ниязин. Ақынға 259
Қ. Сарыбаев. Нөсер 261
А. Кіркабақов. Тірісінде сыйлағанға не жетсін? 263
Ж. Мұқанов. Арман 263
А. Найзабаева. Төлеген Айбергеновке 267
Сағыныш. 267

ISBN 9965-09-500-0

9 789965 095009

Жарылқасын Нұсқабайұлы —
Баспаның директоры

Құрастырған — Салтанат Айбергенова

**ЖАН ЕДІ ӨЛЕҢ ҮШІН
ДАРА ТУҒАН**

**Төлеген Айбергенов
туралы естеліктер**

Кітапты шығарушылар:
Редактор – Ә.Кемелбекова
Техникалық редактор – Г.Дәуітбекқызы
Компьютерде қалыптаған – Н. Гайдобрусова
Компьютерде терген – Ә.Тіленшиева,
Корректорлары – Д.Секер, Г.Сұлтанқұлова

Басуға қол 26.11.07ж. қойылды. Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Times/Kazakh".
Шартты баспа табағы 20,8.
Есептік баспа табағы 17,0+1,75 б.т. суреттер.
Таралымы 2000. Тапсырыс №1160.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

"Білім" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
Тел: 277-89-84, 243-48-11. E-mail: bilim05@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Атамұра корпорациясы" ЖШС-нің Полиграфкомбинатында басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.